

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Ж.Е. ЖАПАСОВ

**XVI-XVIII ғғ. ҚАЗАҚ-ОРЫС
ҚАРЫМ – ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ
ТАРИХЫ**

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»

2011

ББК 63.2

Ж 21

**Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық
және жаратылыстану ғылымдар мамандықтары
Секция мәжілісі шешімімен ұсынылған
(№1 хаттама 28 қаңтар 2011 ж.)**

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **Т.Ә. Төлебаев**
тарих ғылымдарының докторы, профессор **Х.А. Сүтеева**
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент **М.Т. Жұмаділ**

Ж 21

Ж.Е. Жаппасов

XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. - 147 б.

ISBN 9965-791-58-9

Бұл оқу құралы XVI-XVIII ғғ. Қазақ хандығының маңызды кезеңін зерттеуге арналады. Онда қазақ-орыс елдері арасындағы саяси, елшілік, сауда-экономикалық қарым-қатынас тарихы көптеген жазбаша және ауызша деректер мен зерттеу еңбектерінің негізінде жан-жақты талданған. Сонымен қатар, студенттерге қазақ-орыс байланыстарын зерттеу мен талдау методикалары мен тәсілдері көрсетіліп, жас зерттеушілерге тарихи талдау әдістемесін тез үйренудің тиімді жолдары ұсынылған.

Оқу құралы тарих факультеттерінің студенттеріне, магистрларға және басқа да қазақ тарихын зерттеу ісімен айналысушыларға арналған.

ББК 63.2

ISBN 9965-791-58-9

©Жаппасов Ж.Е., 2011

АЛҒЫ СӨЗ

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы бірнеше ғасырларға созылған отаршылдық бұғауынан арылып, өз тәуелсіздігіне қол жеткізіп, егеменді ел ретінде дүниежүзіне танымал болды. Осыдан бастап дербес мемлекет ретінде қазақ халқы өзінің төл тарихына үңіліп, ата-бабаларының сан ғасырлар бойы жүріп өткен жолын зерттеуге деген құштарлығы артып, қызығушылығы мен сұранысы өсті. Сондықтан да Отандық тарихты объективті тұрғыдан қайта қарап, зерттелмеген беттерін қайта жазу, ашылмай келген көмескі тұстарын тереңірек зерттеу – бүгінгі таңда тарихшылардың алдында тұрған кезек күттірмес өзекті мәселелердің бірі.

Қазақстан тарихында ең бір өзекті де күрделі, қарама-қайшылықтарға толы мәселе - XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары. Өйткені, XVI-XVIII ғғ. қазақ елі мен орыстар арасындағы байланыстардың тарихын жан-жақты, бүгінгі күнгі талаптарға сай зерттеп, оның зерделенуіндегі жетістіктер мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндіктер туғызатын тарихнамалық ізденістердің қажеттілігі туындап отыр. Сондай-ақ, өзінің дамуында ұзақ әрі ауыр, күрделі де өзіндік ерекшеліктерге толы болған қазақ-орыс қарым-қатынастары төл тарихнамамызда объективті тұрғыдан зерделеніп, тиісті бағасын ала алған жоқ. Дегенмен, біздің зерттеу объектіміз болып отырған Қазақ хандығының орыс елімен байланыстарын бүгінгі жаңарған тарих ғылымының сұранысына орай терең зерттеудің қажеттілігін академик М.Қ. Қозыбаев: «...бізде зерттелмей келе жатқан мәселе – ұлтаралық, мемлекетаралық қатынас, өркениеттер ықпалы, мәмлелерлік тарихы», - деп, атап көрсеткен еді.

Әртүрлі саяси оқиғаларды басынан кешірген қазақ халқының тарихында XVI-XVIII ғасырлар аралығы ерекше кезеңдердің бірі болып табылады. Өйткені, осы кезеңде қазіргі Тәуелсіз Қазақстан Республикасының іргетасы – Қазақ хандығы тарих сахнасына шығып, қазақ елі халық болып қалыптасып, ішкі және сыртқы саясатын белсенділікпен жүргізе бастады.

XVI-XVIII ғғ. аралығындағы Қазақ хандығының көрші мемлекеттермен, соның ішінде іргелес орыс елімен жасаған қарым-қатынасын зерттеудің бүгінгі таңда маңызы зор. Әрине, осы уақытқа дейін Қазақ хандығының көрші орыс елімен қарым-қатынас тарихы көптеген ғылыми зерттеулерде қарастырылған мәселелердің бірі болғанымен, төл тарихнамамызда объективті зерттелініп, бір арнаға түсе алмай немесе Кеңес дәуірі тұсындағы зерттеушілердің еңбектерінде маркстік-лениндік идеологияның үстемдік етуімен бір жақты, үстірт қарастырылып келген тақырыптардың бірі болғанына көзіміз жетіп отыр.

Бүгінде XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс байланыстары мәселесін ашып көрсететін тарихи еңбектерді терең зерттеу Қазақстанның тарихнама ғылымының дамуында ерекше маңызға ие. Қазіргі таңда тарих ғылымындағы жаңа теориялық-концептуалдық тұрғының қалыптасуы және оны зерттеулерде пайдалану, біз қарастырып отырған XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарының маңызды мәселелерін анықтауға және оның жаңа қырларын айқындап, ашуға көмектеседі. Бұл мәселеге қатысты зерттеушілердің ғылыми-

тарихи көзқарастарына баса назар аударып, ондағы ғылыми пікірлер мен дәйекті тұжырымдарды қайта ой елегінен өткізіп, жаңа концептуалдық тұрғыда қарастыру, Отандық тарих ғылымында дер кезінде орын алған құбылыс. Кешенді дерек көздерін талдау, оларды пайдалану арқылы өткеннің шынайы көрінісін қалпына келтіріп көрсету тарих ғылымының дамуындағы ең бір қажетті шарттардың бірі.

Қазірде өзекті міндеттерді шешуде өткенді қайта қарап, одан тарихи сабақ пен тәжірибе алудың маңызы аса зор, ал онымен тарих ғылымы ғана емес, тарих ғылымының тарихы да айналысады.

XVI-XVIII ғғ. Қазақ хандығы мен көршілес орыс елі арасындағы қарым-қатынастар мәселесі төңкеріске дейін де, Кеңес өкіметі тұсында да, тәуелсіздігімізді алғаннан кейін де тарихшылар мен зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған күрделі тақырыптардың бірі екендігі айқындалды.

Қазақстанның геосаяси жағдайы, халықтың көп ұлтты болуы, ұлттық идеяның дамуы қазақ мемлекеттілігінің тарихын қарастырғанда абстрактілі және жеңіл-желпі тұрғыда қараудан бас тартуды, керісінше терең де жан-жақты зерттеуді қажет етуде. XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс байланыстарының сипаты мен барысын, тарихын зерттеген зерттеушілердің пікірлерін талдау Қазақ мемлекетінің Ресей елінің отарына айналу мәселесінің алғышарттарын айқындап беруімен де құнды.

Сонымен қатар, бұл мәселе таза тарихи ғана емес, саяси да өзекті проблемалардың бірі. Өйткені, халықтардың қарым-қатынас пен байланыстар тарихын зерттеу бүгінгі таңда маңызды мәселелердің бірі. Олар ертеңгі ауқымды өзгерістер мен бүгінгі тарихтың жолын айқындап, болашаққа сабақ болады. Бұл ретте Т.А. Мансұровтың: «Халықтарымыздың өткенін оқып үйрену қазіргі кезді жақсырақ түсінуге, тіпті болашақ шымылдығын түре түсуге көмектеседі»¹, - деген сөзі өте орынды.

Әрине, тарихтың не бір аумалы-төкпелі кезеңдеріне карамастан, көрші Ресей елімен Қазақстан қашанда жарқын тату достық қарым-қатынаста өмір сүретіндігі ақиқат. Бұл ретте ел басымыз Н.Ә. Назарбаев: «Для обеспечения своей независимости и территориальной целостности мы должны быть сильным государством и иметь надежные и дружественные отношения с соседями. Поэтому мы будем развивать и укреплять доверительные и равноправные отношения с нашим ближайшим исторически дружественным соседом – Россией»², – деген сөзін келтіріп отырмыз.

Пәнді оқытудың мақсаты – XVI-XVIII ғғ. Қазақ хандығы мен орыс мемлекеті арасындағы саяси, сауда-экономикалық, мәдени, дипломатиялық қарым-қатынас тарихын жан-жақты саралап, тақырыптың отандық және шетелдік тарихнамада пайымдалуын, оның негізгі бағыттарын, тақырыптық аясын, мазмұны мен көзқарастар эволюциясын, жетістіктері мен кемшіліктерін

¹ Мансұров Т.А. Қазақстан және Ресей: егемендену, кірігу, стратегиялық әріптестік тәжірибесі. - Алматы: Қазақстан, 1999. - 344 б.

² Президент Нурсултан Назарбаев. Стратегия вечной дружбы Казахстан-Россия. – М., 2002. – С. 408.

анықтап, студенттерге нақты тарихи дерек көздерін оқып, пайдалану әдістерін меңгерту болып табылады.

Пәнді оқытудың міндеттері:

– XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қатынастар тарихының зерттелу деңгейін анықтау;

– XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қатынастарының негізгі бағыттарын, елшілік байланыстарды тарихи еңбектер мен деректердің негізінде жан-жақты зерттеу;

– XVIII ғасырдағы Қазақстанды отарлау тарихын жаңа концептуалды тұрғыда талдап, кемшіліктері мен жетістіктерін айқындау;

– Зерттеулер мен ауызша тарих айту дәстүрінде қазақ-орыс қатынастарындағы сыртқы қауіп факторын талдау арқылы, зерттелмеген мәселелер шеңберін анықтау;

– Қазақ-орыс елдері арасындағы сауда-экономикалық байланыстарын тарихи деректер мен еңбектердің негізінде жан-жақты талдау;

– Қазақстан мен Ресей арасындағы XVI-XVIII ғғ. мәдени және экономикалық байланыстар тарихын жаңа тұрғыда талдап, мүлдем зерттелмеген немесе әлі де толықтыруды қажет ететін мәселелерді анықтау.

Оқу құралы тарих, халықаралық қатынастар факультеттерінің студенттері мен магистрлеріне, жас зерттеушілерге арналған. Онда XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарының бағыты, сипаты, кезеңдері жан-жақты талданған. Сонымен қатар, онда көптеген деректер мен ғылыми зерттеулер, ауызша тарихи деректер кеңінен пайдаланылып, мәселе жаңаша концептуалдық тұрғыда зерделенген. Тарихи фактілер мен оларды талдау әдістемесі де ұсынылған.

Оқу құралы ҚР Білім және Ғылым министрлігі бекіткен «Тарих» мамандықтары бойынша университет студенттеріне арналған «Қазақстанның ортағасырлардағы тарихы» пәнінің типтік бағдарламасына сәйкес дайындалған.

1 XVI-XVIII ҒҒ. ҚАЗАҚ-ОРЫС ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ЕЛШІЛІКТЕР ТАРИХЫ

1.1 Қазақ-орыс қатынастарының тарихнамасы

Қазіргі кезеңдегі қазақ мемлекеттілігінің жағдайы жүйелі қайта құру үрдісімен сипатталады. Осыған сай, бұл қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихын зерттеу маңызды орынды иеленді. Мемлекетаралық байланыстар тарихының қалыптасуы, отарлауға дейінгі даму эволюциясын ретроспективті талдау, содан кейін Ресейдің империялық саясатының белсендеуіне қатысты, қазақ жерлерін отарлау есебінен территориясын кеңейту, Ресей империясының құрамына кіруі ғылыми және саяси маңызға ие. Ол қазақ-орыс қатынастар тарихын зерттеуге қатысты бұрынғы прогрестік ойлау, бір бағыттық еліктеушілік(стереотиптер) пен догмалардан тәуелсіз, жаңа тұрғылардың қалыптасуы, тарихи білімнің мазмұны мен деректік базасын, тарихнаманың болашақта дамуы мүддесі үшін қажет.

Соңғы он жылдықта XVI-XVIII ғасырлар кезеңіндегі қазақ-орыс байланыстарына арналған бірнеше еңбектер жарияланды, олар Қазақстанды төмендету мен Ресейдің ролін дәріптеуге негізделген бұрынғы методологиялық тұрғыларды қайта ой елегінен өткізу тұрғысынан жазылған. Бүгінде отарлық тәуелділік пен бағыныштылық идеологиясынан арылу Қазақстандық ғалымдардың көзқарастары мен пікірлерінің алуан түрлілігіне, кейде түбегейлі бір-біріне қарама-қарсы болуына алып келді. Бірқатар еңбектерде ұлттық экономиканың ұйысуы, ұлттық тәуелсіздігіміздің жойылуы, ұлттық мәдениетіміздің кедейленуі тек қана Ресейдің осы аймақта нықталып қалуының салдарынан болғандығы негізделіп, біржақты бағаланады. Сондықтан да бұл мәселені жаңа концептуалдық тұрғыдан, жан-жақты зерттеу қажет.

XVI-XVIII ғасыр Қазақстан тарихында негізгі кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл қазақ мемлекеттілігінің күшеюі мен нығаю кезеңі. Ғасыр басында Қазақ хандығы көрші елдермен тығыз байланыстар орнатып, әскери-саяси, сауда-экономикалық, рухани-мәдени салада белсенділік көрсетті. Қазақ хандығының нығаюы және оның күшеюі мемлекеттік беделін арттырып, сыртқы саясат пен дипломатиялық қарым-қатынас саласында белгілі табыстарға қол жеткізді. Қазақ елі өз кезегінде өмір сүрген Орта Азия хандықтарымен, Еділ бойындағы елдермен, батыс Сібір хандығы мен орыс мемлекетімен саяси, сауда-саттық және дипломатиялық қарым-қатынастар орнатты.

Қазақ хандығы батыстағы көршісі Мәскеу мемлекетімен қарым-қатынасқа түсу тарихы қаншалықты күрделі болса, соншалықты жүйеге толық түспеген мәселелердің бірі. Тарихи материализмге негізделген маркстік-лениндік идеология мен методологияның тоқырауы қазақстандық тарих ғылымының алдында XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары тарихнамасының теориялық-методологиялық жаңа негізін жасау мәселесін тудырды. Теориялық және методологиялық мәселелерді жаңа көзқараспен негіздеу үшін тарихнамалық ой-пікірлер мен тұжырымдарды анықтап қана қоймай, болашақта тәуелсіз Қазақстан тарихы қандай бағыттарда зерделеніп, зерттелуі керектігін де анықтауымыз керек. Онсыз тәуелсіз тарих ғылымы да, тарихнама да алға баспайды.

Қазақстанның тәуелсіздік алуы өз елінің тарихын қайта қарап, бұрын соңды маркстік-лениндік идеологияға сай жазылған мәселелерді қайта ой елегінен өткізіп, салиқалы да салмақты зерттеулерді жазуға негіз берді. Біз қарастырып отырған XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарын зерттеу осы кезеңде де өзінің жалғасын тауып, жаңа концептуалдық негізде, «өркениеттілік», «ұлттық» идеяны басшылыққа алып әртүрлі қырынан зерттеліне бастады.

Қазақстанның отарлық кезеңінің тарихына, әсіресе оның түйінді мәселелеріне отандық тарих негізінен еліміз тәуелсіздік алғаннан соң, яғни 1991 жылдан кейін баса назар аудара бастады. Бұл түсінікті де, өйткені, шет аймақ халықтарының сол кезде отар елдер халықтары аталатынындай, жабайылар тарихы мәселелері өткен кездерде империялық өктемдіктің және марксизмнің қасаң қағидасы, тоталитаризм, жеке адамға табынушылық идеологиясының ықпалымен көрінеу бұрмалаушылыққа ұшыратылды.

XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары мәселесі хақында көптеген зерттеулер баршылық. Алайда жарияланған еңбектер бір жүйеге келтіріліп, сараланбаған, яғни екі ел арасындағы түрлі байланыстар туралы арнайы жазылған іргелі тарихи және тарихнамалық зерттеулер жоқтың қасы.

Зерттеуші Н. Алдабек³ өзінің ғылыми монографиясында Орталық Азиядағы халықаралық қатынастардың қалыптасу тарихы Қытай мен Ресейдің осы аймақтағы жүргізген саясатына тікелей байланысты деп атап өткен. Қытай мемлекеті Орталық Азиядағы халықаралық қатынастарға сонау көне замандардан, б. з. дейінгі бірінші мың жылдықтан бастап, яғни, өзінің Ұлы қабырғасын сала бастаған кезеңнен бері араласа бастаса, Ресей өзінің бұл аймақтағы империялық шекараларын Қытаймен жақындастырған кезеңнен, яғни, ХҮІІІ ғасырдан бастап қана кіріскені мәлім. Бұл екі елдің үш жүз жылдан астам уақыттан бері келе жатқан Орталық Азиядағы геосаяси бәсекелестігінің тарихына қазіргі заман заңдылықтары тұрғысынан көз жүгіртіп, олардың арасындағы мемлекетаралық қатынастарының қалыптасу, даму мәселелеріне жаңаша көзқараспен қарап, объективті баға беруді қажет ететіні сөзсіз. Патшалық Ресей Орталық Азиядағы халықтар мен елдерге қатысты мемлекетаралық саясатының қыр-сырына тереңірек үңілу бұл мәселені жүйелі зерттеуде жаңа ғылыми методологиялық негіздерге сүйенуге мәжбүр етеді. Себебі осы күнге дейін, Ресей мен Қазақстан арасындағы өзара байланыстардың тарихын сараптауда қолданылып келген әдістер екі елдің арасындағы қатынастардың нағыз объективті сипатын ашуға, оның кейбір маңызды аспектілерінің қырларын шынайы себептерімен қоса көрсетуге жеткілікті болмай шықты. Ресейлік және Қазақстан зерттеушілері осы тарихи байланыстардың сипатын айқындауда көбінесе біржақты саяси көзқарас тұрғысынан аса алмай, бір-бірінің саясатын сыңаржақ бағалаумен шектеліп отыр.

³ Алдабек Н. Тарихы талқыға толы Шыңжаң. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 432 б.

Біз бұл оқу құралында тарихи методология және тарихи әдістермен қатар халықаралық қатынастар теориясының концепцияларына методологиялық негіз ретінде назар аударғанды орынды деп санадық. Әлемдік ғылымда, соның ішінде халықаралық қатынастар теориясында мемлекетаралық қатынастардың мазмұны мен сипатын анықтауда мемлекеттер арасындағы қоғамдық, ұлттық және мемлекеттік мүдделердің мазмұнын айқындау, олардың бір-бірімен түйісуі, тоғысуы, сәйкес келуі немесе қайшы келуі сияқты жағдайларының себебін талдау үлкен маңызға ие болуда.

Кез келген мемлекет немесе қоғам өзінің қоғамдық, ұлттық және мемлекеттік мүдделерін саясат арқылы іске асыратыны белгілі. Яғни саясат осы мүдделердің көрінісі, оны іске асырудың бірден-бір жолы болып табылады. Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын негізгі үш факторлар тобы айқындайды: объективтік тарихи, геосаяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар. Әрбір мемлекет өзінің сыртқы саясатын ұлттық немесе мемлекеттік мүддені сақтау және оны жүзеге асыру барысында халықаралық қатынастардың әрқилы факторларын есепке ала отырып іске асыратыны белгілі. Осы факторлардың кешенін айқындайтын географиялық, саяси, геосаяси, әлеуметтік-экономикалық, сауда қатынастары, отаршылдық саясат, қысқа мерзімдік қалыптасқан халықаралық жағдайлар немесе өте ұзақ мерзімге бағытталған халықаралық қатынастар тәрізді факторлар мемлекеттердің сыртқы саясатындағы, қазіргі кездегі халықаралық қатынастар теориясындағы жиі қолданылып жүрген, «ұлттық мүддесі» немесе «мемлекеттік мүдде» концепцияларының мазмұнын айқындауға негіз болып отыр.

Мемлекеттер арасындағы мүдделердің бір-бірімен қайшылыққа келуі халықаралық қатынастар теориясындағы сыртқы саясатта әрекет етуші объективті жағдай мен субъектілердің де атқаратын роліне байланысты болады. Қазақ хандығы да, Орыс елі де халықаралық қатынастарда әрқайсысы жеке дербес субъектілер болғандықтан, олардың сыртқы саясаттағы ұлттық-мемлекеттік мүдделерінің өзіне тән ерекшеліктері мен айырмашылықтары болады.

Ұлттық-мемлекеттік мүдделердің сыртқы саясатта түрліше көрініс табуы, оларды іске асырушы мемлекеттік тұлғаларға да байланысты болады. Мысалы жеке тұлғалар мемлекеттер арасындағы саясатта ерекше роль атқарып, мемлекеттік мүдделерді қалыптастыруды өз қолдарына алатындықтан, тұлғалар арасындағы келіспеушілік немесе өзара татулық мүдделердің де өзгеруіне әкеліп отырады.

Кез келген екі елдің сыртқы саясатын қалыптастыруда ішкі және сыртқы объективтік, субъективтік факторлар шешуші және тұрақты роль атқарады, олардың арасындағы мүдделер тоғысуы немесе қайшы келу сипатын айқындау да шешуші маңызға ие. Бұл факторларды талдау арқылы мемлекеттердің арасындағы олардың мүдделерінің сақталу немесе бұзылу жолдары айқындалып, елдердің жеке-жеке мақсат-міндеттері анықталады.

Сонымен қатар, қазақ-орыс қатынастарына қатысты зерттеулерді талдау барысында тарих ғылымына тән және жалпы ғылыми методтар мен теориялар,

тұрғылар мен қағидалар, концепциялар мен тәсілдер мүмкіндігінше кеңінен пайдаланылды.

XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары мәселесін зерттеуде пайдаланылған деректерді шартты түрде төрт топқа бөліп қарастыруға болады. Оның ішінде бірінші топқа – тарихнамалық деректердің ішінде: қазақ-орыс қатынастары, елшілік, сауда-экономикалық байланыстар туралы мәліметтер беретін төңкеріске дейінгі зерттеушілердің жарияланған еңбектері; маркстік-лениндік идеологияға сай жазылып, бірақ біздің тақырыпқа сәйкес біршама мағлұматтар беретін Кеңес зерттеушілерінің еңбектері; тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде жарияланған еңбектер кіреді. Бұл тарихнамалық деректердің өзін 2 кішігірім топшаларға бөлуге болады:

- төңкеріске дейінгі мерзімді басылымдар, хабарлар мен есептер және т.б.;
- ғылыми еңбектер мен зерттеулер.

Деректердің 2-тобын XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қатынастарын зерттеуге көмектесетін мұрағат қорларындағы құжаттарды жатқызуымызға болады. Олар «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында (2004 ж 12 ақпан №171 нұсқау) Ресейдің ежелгі актілер мұрағатынан екіжақты келісім шарттың негізінде Қазақстанға қайтарылды. Бұл қорларда сақталған құжаттардың хронологиялық шегі 1585-1876 жж. Ол қорлар ҚР ОММ жинақталды, олар: Преображенский приказ о тайной канцелярии; Сибирский приказ об управлении Сибирью; Сношения России с Бухарой; Зюнгарские дела; Калмыцкие дела; Киргиз-кайсацкие дела; Мунгальские дела; Сибирские дела және т.б.

Деректердің үшінші тобына жарияланған құжаттар мен деректер жинақтары жатады. Олардың ішінде «Полное собрание законов Российской империй», «Свод законов Российской империй», «Сборник узаконений о киргизах степных областей», «Казахско-русские отношения XVI-XVIII веках» 2 томы, «Материалы по истории политического строя Казахстана», «Материалы по истории Казахского ханства XV-XVIII вв.», «Прошлое Казахстана в источниках и материалах»⁴, «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында «Дайк-Пресс» баспасынан жарық көрген «История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков»⁵ сериясымен 2005-2007 жж. шығарылған 10 томдық және т.б. құрайды. Бұл 10 томдық деректердің әр томы ерекше, ал ең бастысы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламаның аясында 2005-2007 жж. жинақталып, жарияланған болатын. Деректі жариялауға ҚР БЖҒМ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының «Тарих және этнография» секциясы, М.Қ. Қойгелдиев, К.С. Алдажұманов, С.Ф. Мажитов, И.В. Ерофеева, А.И. Исин және т.б. ғалымдар ұжымы атсалысты.

⁴ Сборник узаконений о киргизах степных областей. / Состав.: И.И. Крафт. – Оренбург, 1898. – С. 532.; Материалы по истории политического строя Казахстана. – Т. 1. – Алма-Ата: АН Каз ССР, 1960. – С. 441.; Материалы по истории Казахского ханства XV-XVIII веков. (извлечение из персидских и тюркских сочинений). – Алма-Ата: АН КазССР, 1969. - С. 651.; Прошлое Казахстана в источниках и материалах. (Под. ред. Асфендиярова С.Д., Кунте П.А.). – Ч. 2. – Алматы: Казахстан, 1997. – С. 350.;

⁵ История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. - Т. 1-10. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005-2007.

Жалпы көне тарихымыздан белгілі, Ресей елі қазақтардың тарихи көршісі. Сондықтан да, әлі күнге дейін толығымен зерттелмеген XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынастары, елшіліктер мен дипломатиялық, сауда-экономикалық, саяси байланыстардың тарихы мен тарихнамасын зерттеудің маңызы зор. Бұл мәселені зерттеу, әрине, көптеген деректер мен зерттеу еңбектерін қамтуды қажет етеді. Ал «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламаның аясында шығарылған 10 томдық деректің әрқайсысының ғылыми маңызы мен орны ерекше. Олардың әр бір томында жеке-жеке деректер мен құжаттардың мәтіні, оларға берілген ғылыми комментарийлер, кіріспе іспеттес тарихнамалық очерк, пайдаланылған әдебиеттер мен қысқартулар тізімі, есімдер мен географиялық атаулар көрсеткіштері берілген. Томдардың көбісінде оригинал деректердің фото көшірмелері тұңғыш рет беріліп отыр. Ғылыми айналымға жаңа деректердің қосылуы тарихи оқиғаларды толық және тереңірек зерттеуге мүмкіндіктер береді.

«Посольские материалы русского государства (XVI-XVIII вв.)» 2005 жылы жарық көрген деректің 1-ші томында 1481-1697 жылдарға дейінгі 268 тарихи құжаттар енгізілген. Кітаптың алғысөзін «История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков» сериясының меңгерушісі И.В. Ерофеева мен А.И. Исин жазып, дайындады. Бұл құжаттар Мәскеу мен Санкт-Петербург қалаларындағы мұрағаттар мен сирек кездесетін қолжазбалар қорлары мен кітапханалардан алынған болатын. Ол құжаттардың барлығында Қазақ хандығының XVI-XVII ғғ. саяси тарихы, қазақтардың көршілермен қарым-қатынастары, көші-қондары, тарихи тұлғалардың жеке өмірлері мен саяси қызметі туралы көптеген мәліметтер бар.

«Русские летописи и официальные материалы XVI- первой трети XVIII в. о народах Казахстана» 2005 ж. жарыққа шыққан 2-ші томында XVI-XVII ғғ. орыс жылнамаларының Сібір тарихы жөніндегі мәтіндер, Сыртқы істер коллегиясы мен шекаралық Қазан, Астрахань, Сібір губерниялық кеңселерде сақталған қазақ-орыс қатынастарына арналған құжаттар жарияланған. Әсіресе, Есипов жылнамасының Сычев, Ундольск, Абрам, Румянцев, Погодин, Бузуновск, Спасск, Толстовск, Миревич тізімдерінің тарихи дерек көзі ретіндегі маңызы зор. Олар ресми құжаттарды толықтыратын бірден-бір құнды мәліметтерді бойына сақтаған. 1715-1730 жж. аралығын қамтитын 59 дипломатиялық құжаттардың әрқайсысының ғылыми құндылығы жоғары.

«Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759 гг.)» 2005 жылы шығарылған 3-ші томы да құндылығы жоғары деректерден тұрады. Онда XVIII ғ. I-жартысындағы қазақ даласының саяси жағдайы мен этнографиялық тарихына қатысты Ресей елінің дипломаты, көрнекті аудармашы Құтлымұхаммед Тевкелевтің 1732-1759 жж. дейінгі жазылған қызметтік материалдары енген болатын. Мұнда сонымен қатар, сол кезеңде өмір сүрген тарихи тұлғалар мен билеушілердің өмірі, қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті, этнографиясы туралы мәліметтер сақталынған.

«Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век» атты 4-ші том мен «Первые историко-этнографические описания

казахских земель. Первая половина XIX века» атты 5-ші том 2007 жылы жарияланды. Онда XVIII-XIX ғғ. алғашқы қазақ жері туралы тарихи-этнографиялық сипаттама жасаған зерттеушілердің еңбектеріндегі маңызды мәліметтері берілген. Әсіресе, 5-томда Ресей императоры нөкерлерінің квартирмейстерлік бөлімінің поручигі Я.П. Гавердовскийдің Бұхара хандығындағы елшілікке барғанда жазған «Қырғыз-қайсақ даласына шолу» деген атпен жарияланған қолжазбасының маңызы зор. Онда қазақ даласының көшпенді халқының шаруашылығы, табиғаты, әлеуметтік өмірі, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері туралы бірегей мәліметтер жүйелі баяндалған.

«Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным степям. XVIII-XIX века» 2007 ж. 6-шы том Ресей елшілерінің жолжазба күнделіктеріндегі Оңтүстік Қазақстанға арналған деректері шоғырланған. Мұндағы көптеген материалдар бұрын соңды ғылыми айналымға түспеген, баспа бетін көрмеген, тіпті біраз тарихшылардың өзіне беймәлім болып келген. 1737-1738 жж, 1742-1743 жж. Жоңғар хандығына барған елші Карл Миллердің жолжазба журналдары, татар көпесі Шұбай Арслановтың 1742 жылғы Ташкентке барған сапары туралы хабарламасы және т.б. жарық көрген.

Бұдан басқа да «Г.Н. Потанин. Исследования и материалы» 2006 ж. 7-ші томның тарихи құндылығы жоғары. «О почетнейших и влиятельнейших ордынцах» 2006 ж. 8-ші том мен «Народные предания об исторических событиях и выдающихся людях казахской степи (XIX-XX вв.)» 2007 ж 9-шы томы, «История отечества в судьбах его граждан: сборник автобиографий. 1922-1960 годы» 2005 жылғы 10-шы томы маңызды деректер жинағы болып есептеледі. Жалпы «Мәдени мұра» бағдарламасының бірінші кезеңі сәтті аяқталды деп айтуымызға болады. Өйткені, құнды-құнды деректер іздестіріліп-табылды, олар аударылып, түзетіліп халық алдында жарияланды

Төртінші топқа халқымыздың ауызша тарих айту дәстүрінің тамаша үлгілері, яғни фольклорлық туындыларды жатқызамыз. Оған Қожаберген жыраудың «Елім-ай», «Шора батыр» жыры, Асанқайғы, Ақтамберді, Бұхар жырау және т.б. халықтың ауыздан-ауызға сан ғасырлардан кейін жеткен туындыларды жатқызамыз.

Тақырыпқа қатысты осы уақытқа дейін жинақталып қалған тарихи зерттеулер мен тарихнамалық зерттеулерді талдаған кезде хронологиялық тұрғыдан оларды үш кезеңге бөлуге болады. Алғашқысы төңкеріске дейінгі, одан кейінгі кеңес үкіметі тұсында, ал соңғысы бүгінгі тәуелсіз тарихи және тарихнамалық ой-пікірлердің қалыптасқан кезеңі жатады.

XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс байланыстарының төңкеріске дейінгі тарихы орыс тарихнамасында шашыраңқы, жүйесіз баяндалуымен де ерекшеленеді. Дегенмен, бұл уақыттағы тарихи еңбектер екі ел арасындағы байланыстардың қыр-сыры мен бағыттарын айқындауға көмектесері анық.

Төңкеріске дейінгі зерттеулердің қатарында Сібір шептерін салуға қатынасқан И.Г. Андреевтің, Орынбор өлкесінде көп жылдар қызмет еткен П.И. Рычков, екінші Академиялық экспедицияның (1768-1769 жж.) мүшелері

П. Паллас, И. Георги, И. Фальк⁶ т.б. ғалымдардың тарихи-этнографиялық суреттеуге толы еңбектері қазақ-орыс қатынастарын зерттеуде маңызы зор. Сондай-ақ, XIX ғ. А.И. Левшин, И.Ф. Бларамберг, С.Б. Броневскийдің⁷ еңбектерінде қазақ өмірінің ішкі және сыртқы жағдайы, географиясы, рулық құрылымы, билеушілері мен қоғамдық өмір тынысы жайында шынайы мағлұматтар баршылық. Бұл зерттеушілер жұмыстарында мұрағат, археологиялық материалдар мен өз көздерімен көрген-білгендерін жазды. Алайда, бұл еңбектердің өзі ресейдің империялық саясатының аясынан шыға алмады.

Қазақстан тарихының ортағасырлық проблемалары бойынша ізденістер академиялық шығыстану мектебінің жетістіктері мен оның белгілі өкілдері В.В. Вельяминов-Зернов, В.В. Григорьев, И.Н. Березин, В.В. Бартольд⁸ есімдерімен тығыз байланысты. Олардың жалпы тарихқа қосқан үлесі кезінде өз замандастары тарапынан да, кейінгі уақыттағы Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы мен сыртқы саяси мәселелерімен айналысқан зерттеушілер тарапынан да жоғары бағаға ие болды.

XX ғ. басында қазақ ұлтының зиялы қауым өкілдері Ә.Н. Бөкейханов, М. Дулатов, Ш. Құдайбердиевтердің еңбектерінде қазақ-орыс қатынастары, әсіресе, қазақтардың Ресей империясының отарына айналу процесі мейлінше толық және тұтас көрініс тапты. Бұл мәселені тәуелсіз тарихнамада Ш.Т. Омарбеков өзінің еңбегінде жан-жақты талдап көрсеткен болатын⁹.

Кеңестік биліктің орнаған алғашқы кезеңінде зерттеліп отырған қазақ-орыс қатынастары арнайы зерттеу объектісіне айналмады. Тек зерттеушілердің тарихи еңбектерінде жалпылама қарастырылған болатын. Олардың ішінде А.П. Чулошников, Г.Е. Грум-Гржимайло, С.Д. Асфендияров, В. Лебедев, М.П. Вяткиннің еңбектерін ерекше атап өтуге болады¹⁰.

Алғашқы қазақ-орыс байланыстары мақсатты түрде зерттеуші Г.Ф. Бутлердің 1945 жылы қорғаған «Русско-казахские отношения в восточном

⁶ Андреев И.Г. Описание средней орды киргиз-кайсаков. – Алматы: Ғылым, 1998. – С. 234.; Рычков П.И. История Оренбургская. 1730 – 1750 гг. / под ред. Н.М. Гутьяра. – Оренбург: Тип. – лит. И.И. Евфимовского – Мировицкого, 1896. – С. 95.; Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. – Оренбург, 1887. – С. 405.; Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российского государства. – Ч. I. – СПб., 1773. – С. 657.; Георги И.Г. Описание всех обитающих в Российском государстве народов, их житейских обрядов, обыкновений, одежд, жилищ, упражнений, забав, вероисповеданий и др. достопамятностей. – Ч. II. – СПб., 1799. – м-ф.; Фальк И.П. Полное собрание учёных-путешественников по России. Записки академика Фалька. – Т. V. – СПб., 1824. – м-ф.

⁷ Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – СПб.: Тип. К. Крайла, 1832. – С. 654.; Бларамберг И.Ф. Военно-статистическое описание земли киргиз-кайсаков Внутренней (Букеевской) и Зауральской (Малой) орды, Оренбургского ведомства // Военно-статистическое обозрение Российской империи. – Т. 14. – Ч. 3. – СПб., 1848. – С. 149.

⁸ Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. – Ч. II. – СПб., 1864. – С. 498.; Вельяминов-Зернов В.В. Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России со Средней Азией со времени кончины Абулхаир-хана. 1748 – 1765 гг. - Уфа: Губерн. тип., 1853. – Т. 2. мик-ф.; Григорьев В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. - Москва: Типография Бахметева, 1863. – С. 141.

⁹ Омарбеков Ш.Т. XX ғасырдың 20-30-шы жылдарында саяси қуғындалған қазақ зиялыларының тарихи көзқарасы. Тарих ғыл. канд. дис. автореф. - Алматы, 2002. – 29 б.

¹⁰ Чулошников А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. - Оренбург, 1924.- С. 291.; Грум-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. - Т. II. - Москва-Ленинград, 1926. – С. 896.; Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). - Т. I. – Москва, - Алма-Ата: Казахстанское краевое изд., 1935. – С. 262.; Лебедев В. Из истории сношения казахов с царской Россией в XVIII в. // Красный архив. – 1936. - № 5 (78). – м-ф.; Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. Москва: ОГИЗ, 1941. – С. 438.

Казахстане в XVIII в и первой половине XIX веке»¹¹ тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында қарастырылды. Диссертацияда автор маркстік-лениндік-сталиндік методологияны қатаң ұстағандығын тілге тиек етіп, бұл ретте автор Алаш қайраткерлерінің қазақ-орыс байланыстарына қатысты көзқарастарын қатаң сынға алып, оларды айыптаған болатын. Мәселен, «Особенно способствовала запутыванию и искажению правильного понимания русско-казахских отношений контрреволюционная группа казахской националистической буржуазии и феодальной знати «Алаш-орда». Алаш-ордынцы отрицали какую-бы то ни было прогрессивно-историческую роль России в Казахстане и стремились оторвать Казахстан от России с тем, чтобы даже ценой подчинения его любому феодально-отсталому государству, сохранить свое господство, сохранить возможность эксплуатации казахского народа», - деген пікірін білдірген болатын. Әрине, бүгінгі таңда бұл пікірден біз қазақ зиялыларының көрегендігін байқаймыз. Шын мәнінде олардың қазақ-орыс байланыстарын Ресейдің отарлау саясатының астарында жүргізгендігін көрсете білуі сол уақыттағы большевиктер партиясының қағидаларына қайшы келгендіктен, олар Алаш көсемдерін барынша қазақ халқына қарсы адамдар ретінде көрсетуге тырысты.

XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарын ғылыми тұрғыда саралаған Э.А. Масановтың ой-пікірлері кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйе тұсында айтыла тұрса да біз бұлардың бүгінгі тарихнамалық ой-пікірдің қалыптасуына үлкен ықпал жасағанын мойындаймыз. Оның «Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР»¹² атты 1966 жылы жарық көрген монографиясы төңкеріске дейінгі және кеңес өкіметі кезеңіндегі қазақтардың этнографиясын зерттеудің тарихнамасына арналған. Бұл еңбекте автор қазақтар туралы этнографиялық мәліметтердің орыс зерттеулерінің негізінде талдап, біршама қазақ-орыс байланыстарының тарихнамасын жүйеге түсіреді.

Зерттеуші А. Сабырханов 1965 жылы қорғаған «Казахско-русские отношения в 50-х–90-х годах XVIII в.»¹³ тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында қазақ-орыс қатынастарының алғышарттарының тарихнамасына біршама тоқталған болатын.

Кеңестік дәуірде алғашқылардың бірі болып қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихы мен тарихнамасын зерттеген В.Я. Басин болды. Ол 1975 жылы «Русско-казахские отношения в XVI-XVIII вв.»¹⁴ тақырыбында докторлық диссертациясын қорғаған болатын. Оның бірінші тарауы «Проблема и задачи исследования. Литература и источники» деп аталады. Онда автор осы

¹¹ Бутлер Г.Ф. Русско-казахские отношения в восточном Казахстане в XVIII в и первой половине XIX веке. - Дис. канд. истор. наук. Москва, 1945. – С. 301.

¹² Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. - Алма-Ата: Наука КазССР, 1966. – С. 322.

¹³ Сабырханов А. Казахско-русские отношения в 50-х–90-х годах XVIII в. - Дис. канд. истор. наук. – Алма-Ата, 1965. – С. 205.

¹⁴ Басин В.Я. Русско-казахские отношения в XVI-XVIII вв. Автореф. дисс. докт. истор. наук. – Алма-Ата, 1975. – С. 524.

мәселеге қатысты әдебиеттерді шартты түрде бес топқа бөліп қарастырады. Олар:

– XVI-XVII ғғ. алғашқы қазақтар туралы орыс және Еуропа әдебиеттеріндегі мәліметтері. Оған Данил Губин, елші Сигизмунд Герберштейн, италияндық Павел Иови Новокамский, орыс елшілері Семен Мальцов, Третьяк Чебуков, Борис Доможиров, Вельямин Степанов, ноғай мырзасы Юсуф, ағылшын көпесі Антони Дженкинсонның қазақтар туралы берген мәліметтерінен құралады.

– екінші топқа XVIII ғасырдағы зерттеушілердің еңбектерін жатқызады. Ол кезеңде П.И. Рычков, П.С. Паллас, И. Фальк, Н.П. Рычков, К. Миллердің тарихи еңбектерін жатқызады.

– үшінші топқа XIX ғ. соңы-XX ғ. басындағы зерттеулерді кіргізеді. Оның өзін В.Я. Басин ресми және демократиялық тарихнама деп бөліп қарастырады. Осы кезеңнің ресми тарихнамасы патша өкіметінің отарлау саясатын мадақтап, қолдағандар болды (М.А. Тереньтев, М. Венюков, Ю. Кологринов, А. Тылзин, Н.Г. Павлов және т.б.). Сонымен қатар қазақ сахарасында болып, қазақтардың тұрмысы мен өмірінен хабардар болған А. Левшин, А. Добросмысловтың ғылыми еңбектері мен Л. Мейер, М. Красовский, М. Словцов, В.Н. Витевский, Ф. Лобысевичтерді атап өтуге болады. Ал шығыстанушы, көптеген деректерді аударушы медиевист ғалымдар В.В. Вельяминов-Зернов, В.В. Григорьев, В.В. Бартольдтардың еңбектерін ерекше атап, жоғары бағалап, маңызын көрсетеді. Демократиялық бағыттағы еңбектерге В.И. Даль, Е.П. Ковалевский, Н.А. Северцов, В.П. Васильев, П.П. Семенов-Тянь-Шанский, Г.И. Данилевский, А.И. Макшеев, А.И. Бутаков, П.И. Небольсин және т.б. жатқызған болатын. Бұл бағыттағы зерттеулерге тән ерекшеліктерді олардың қазақтардың мәдениеті мен тұрмысын шынайы түрде көрсетіп, қазіргі жағдайына деген жанашырлық пен тұрмыстық жағдайын жақсартуға шақыру орын алды деп сипаттайды В. Басин.

– төртінші топқа революционер-демократтардың еңбектері жатады: В.Г. Белинский, А.И. Герцен, Н.А. Добролюбов, Н.Г. Чернышевский. Олардың еңбектерінен нәр алған Ш.Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтарды да шет қалдырмаған.

– бесінші топқа төңкерістен кейінгі жарияланған әдебиеттерді кіргізеді. Бұл кезеңнің алғашқы уақытында пайда болған М.Н. Покровский, А.П. Чулошников, Г.Е. Грум-Гржимайло, С.Д. Асфендияров, М.П. Вяткиннің зерттеулерін атап өтіп, олар кеңестік қазақстанды танудағы алғашқы қадам болғандығын тілге тиек етеді.

Кеңестік тарихнамада, әсіресе саяси конъюктураның үстемдік еткен кеңестік режимнің соңғы он жылдығында, патша үкіметінің әскери экспансиялық, тонаушылық, отарлау саясаты туралы көп жазылмай, бұл мәселеде үнсіздік бағыты айқын көрініс тапты. XX ғ. 50-80-ші жж. түрлі жиындар мен мерейтойлық салтанаттарда «халықтардың Ресейдің құрамына өз еркімен кіргені» туралы көп айтылып, жазылды. Бұл ретте 1981 жылы «250 лет

добровольного присоединения Казахстана к России»¹⁵ атты шағын кітапшада Қазақстанның Ресей отарына айналғанына 250 жыл толғанын мерейтоймен атап өтіп, оны барынша прогрессивті екендігін көрсетуге бағытталғандығы анық байқалады. Авторы белгісіз бұл еңбекте «Добровольное присоединение Казахстана к России – важное событие в истории русского и казахского народов, в истории всей нашей многонациональной Родины. Оно имело объективные экономические, социальные и культурные предпосылки», – деп Қазақстанның Ресейдің құрамына өз еркімен кіруін объективті алғышарттармен негіздейді. Сонымен қатар кеңес тарихшылары империяның Орта Азияны жаулап алу әрекеттері өз еркімен жүзеге аспағандығын, жергілікті халықтың оған қарсылық білдіргенін дәлелдейтін көптеген мәліметтерді мақсатты түрде әдейі жасырып, бұрмалады.

Тоталитарлық әкімшіл-әміршіл жүйенің тұсында көптеген тарихнамалық еңбектердің жарияланғанын жасыруға болмайды. Алайда, олардың көпшілігі кеңестік кезең зерттеулерінің тарихнамасын талдауға арналып, таптық-тенденциялық сипат алды.

Кеңестік тарихнамадағы XVI-XVIII ғғ. Қазақстанның сыртқы саясатын қарастырған Р.Б. Сүлейменовтың 1983 жылы жарық көрген «Внешнеполитические связи Казахстана XVI-XVIII вв. в советской историографии» ғылыми мақаласында автор алғаш рет Қазақ хандығының көрші елдерімен байланыстарының тарихнамасын жазды¹⁶. Ол туралы автор: «... к сожалению, до настоящего времени не предпринималось даже попыток проанализировать историографию внешней политики казахских ханств, показать степень изученности этой проблемы, вскрыть имеющиеся трудности и пути их преодоления», – деп өзінің зерттеуі алғашқы арнайы тарихнамалық еңбек екендігін тілге тиек еткен. Бірақта бұл тарихнамалық талдауда қазақ-орыс байланыстары жалпы көрші елдерімен қатынастары аясында талданады. Жұмыстың бағыт-бағдар берерлік мүмкіндігі зор. Сонымен қатар мақала авторы талдап отырған еңбектерін хронологиялық және территориялық белгілеріне қарап топтарға сыныптап, жүйелеп, талдайды.

Сондай-ақ, Г.Ф. Дахшлейгер, Е. Бекмаханов, Н.Г. Аполлова, С.Е. Толыбеков, С.З. Зиманов, В.А. Моисеев, И.Я. Златкиннің еңбектерінде қазақ-орыс қатынастарының саяси-құқықтық және сауда-экономикалық, халықаралық қатынастар мәселелері аясында біршама қарастырылған¹⁷.

Қазақ-орыс қарым-қатынастарының құжаттар жинағына енбеген, жаңадан ғылыми айналымға ене бастаған тарихшы А. Исиннің Мәскеу мұрағатынан алған деректері біз қарастырып отырған мәселеге жаңаша тұжырымдар жасауға

¹⁵ Казахское общество дружбы и культурной связи с зарубежными странами. 250 лет добровольного присоединения Казахстана к России. - Алма-Ата, 1981. – С. 10.

¹⁶ Сүлейменов Р.Б. Внешнеполитические связи Казахстана XVI-XVIII вв. в советской историографии // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв. – Алма-Ата: Наука, 1983. – С. 192.

¹⁷ Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII-начале XIX в. – Москва: АН СССР, 1960. – С. 456.; Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи: XVII-XVIII вв. – Алма-Ата: Наука, 1991. – С. 237.; Златкин И.Я. История джунгарского ханства (1685-1758). – Москва, 1983. – С. 245.

маңызы зор. Мәскеу (Центральный Государственный архив древних актов СССР немесе РГАДА) мұрағатындағы „елшілік кітаптарынан” алынған тың мәліметтерді тарихшы А. Исин талдап, өзінің қазақ–ноғай қарым-қатынастарына арналған зерттеу еңбегіне пайдаланған. Мұнда Мәскеу саясаткерлерінің елшілік қатынастары туралы мәліметтері, мемлекет билеушілерінің бір–біріне жолдаған хат мәтіндері, шет елден келген адамдардың әңгімелері, елшілік есептер мен елшілерге берілген арнаулы нұсқаулары тіркелген. Сонымен қатар, А. Исин орыс мемлекетінің Ноғай ордасымен, Қырым, Түркиямен байланыс құжаттарын қарастырып, қазақтар мен Қазақ хандығы туралы, оның сыртқы саясатының кейбір белгісіз тұстарын ашып көрсетті. А. Исиннің пікірінше қазақ–орыс қарым-қатынастары сонау ХҮІ ғасырдың басында–ақ бастау алған. Өйткені, Қасым хан тұсында Қазақ хандығы күшті мемлекетке айналып, күллі Еуропа мен Ресейге танымал болды. Сондықтан да Қазақ хандығы мен Ресей арасындағы елшілік байланыстар болмауы мүмкін емес. Бұл екі ел арасындағы елшіліктер сол кезеңдегі елшілік кітаптарында тіркелген және ХҮІ ғасырдың соңына дейін Мәскеуде сақталған еді. Бірақта, 1626 жылғы Мәскеудегі өрттен кейін ол кітап аталмайды дейді А. Исин¹⁸. Сондай–ақ, елшілік бұйрығының мұрағатында сақталған деректерде Қазақтың ханы Қасым ханның 1521 жылы қыста дүниеден өткенін хабарлайды.

Қазақ жерлерін отарлау сонау ХҮІ ғасырдың соңында әскери казактардан бастау алатынын дәлелдеген тарихшы М. Әбдіровтің ғылыми еңбегі бізге қазақ–орыс байланыстарынан құнды мәліметтер береді. «Ресей империясының отарлауы, Қазақстанның Ресейге қосылу процесінің алғышарты ХҮІ ғасырдың 80-ші жылдарынан – ХҮІІІ ғ. алғашқы онжылдықтары аралығында»¹⁹, - деп пікір айтқан М. Әбдіровтың «Қазақстанды әскери казактық отарлау» атты диссертациялық зерттеуі қазақ–орыс қарым – қатынастарына жаңа тұжырымдар жасауға жол ашады. М. Әбдіров өз зерттеуінде Ресей патшалығының Қазақстан мен Сібірді жаулап алу саясатының қол шоқпары болған казактардың ХҮІ ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап орыс патшасының жазалаушы экспедицияларына қатысқанын айта келіп, ХҮІ ғасырдың 80-ші жылдары казактардың Ермак бастаған бір бөлігін Батыс Сібірге келуі орыс патшасының Қазақстандағы отарлау саясатының бастауы болған дейді. Қазақстанды «әскери-казактық» отарлау түсінігін М. Әбдіров, біріншіден, «әскери отарлау» – патшалық Ресейдің тек әскери күшті қалайтындығы және бұл мемлекеттің милитаристік сипаты туралы мағына берсе, екіншіден, «әскери отарлау» – абсолюттік монархияның әскери–феодалдық басып алушылық саясатының алғы шебінде әрдайым казактардың жүргендігі туралы мағына береді деп нақты және дәл ашып береді. Сөйтіп, Патшалық Ресейдің Батыс Сібірдің (Көшім хандығы) оңтүстігі мен солтүстік Қазақстандағы казак атаманы Ермактың

¹⁸ Исин А. Казахское ханство и Ногайская Орда во второй половине XV-XVI вв. - Семипалатинск, 2002. – С. 203.

¹⁹ Абдиров М. Военно-казачье колонизация Казахстана (конец XVI - начало XX вв.). Опыт историко-эволюционного анализа. - Автореф. дис. докт. истор. наук. - Алматы, 1997. - С. 47.

басшылығымен жасалған агрессияны М. Әбдіров қазақ халқына да бағытталған агрессия деп түсіну керек дейді. Яғни, мұның өзі қазақ–орыс қарым–қатынастарының бұрын айтылмаған қырларын ашуға мол үлесін қосады. Сонымен қатар, М. Әбдіровтың Сібір хандығының билеушісі Көшім хан туралы, оның өмірі мен орыс мемлекеті арасындағы байланыстары, әртүрлі дипломатиялық әрекеттері туралы құнды еңбегі жарық көрген. Бұл еңбек орыс елі мен Сібір хандығы арасындағы қарым–қатынастар жайында мәліметтерді көп береді және түсіндіру барысында Қазақ ханы Тәуекелдің немере інісі Ораз Мұхаммедтің Мәскеудегі қызметіне тоқталады²⁰.

Сондай–ақ Т.И. Сұлтанов, М.Қ. Әбусейтованың²¹ еңбектерінде қазақ–орыс қарым–қатынастарының кейбір қырлары егжей–тегжейлі қарастырылған.

XVIII ғасырлардағы қазақ–орыс қарым–қатынастары, елшіліктер мен әскери қақтығыстар, дипломатиялық байланыстарды тарихшы ғалымдар М.Қ. Қозыбаев, Д.И. Дулатованың, Т.О. Омарбеков, К.Л. Есмағамбетов, Ж.Қ. Қасымбаев, С.М. Мәшімбаев, Ж.Б. Құндақбаева, К. Мамырұлы және т.б. зерттеу еңбектерінде қарастырылған²².

Қазақ–орыс қатынастарының зерттелу мәселелері Э.Т. Телеуова, А.М. Әбділдабекова, Г.Е. Сабденова, Ф.М. Шәмшиденова, С.А. Едильханова, Ш.Ж. Нартбаевтың кандидаттық диссертацияларында біршама талданған²³.

Тарихшы А.М. Әбділдабекованың 2000 жылы қорғаған «Историография присоединения Казахстана к России» кандидаттық диссертациясында жаңа концептуалдық тұрғыда талданған. Осы тақырыптың негізінде тарихнамашы 2004 жылы «Россия и Казахстан (XVIII - начало XX века): Вопросы историографии», ал 2007 жылы «XVIII - XX ғасыр басындағы Қазақстан мен Ресей қарым–қатынасы: тарихнама мәселелері» атты оқу құралдарын жарыққа шығарды. Көпшілікке арналған ғылыми еңбектің жас мамандарға бағыт–бағдар берерлік маңызы зор²⁴.

Қазақ хандығының жоңғарлармен қарым–қатынасының тарихнамасын қарастырған С.А. Едильханованың 2003 жылы қорғаған «Взаимоотношения

²⁰ Абдиров М. Хан Кучум: известный и неизвестный. – Алматы: Жалын, 1996. - С. 170.

²¹ Султанов Т.И. Россия и Казахстан: история и проблемы взаимодействия (XVI – начало XX века) // Россия, Запад и мусульманский Восток в колониальную эпоху. - СПб, 1996. – С. 163.; Әбусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв. (история, политика, дипломатия). – Алматы: Дайк-Пресс, 1998. - С. 268.

²² Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.; Есмағамбетов К.Л. Что писали о нас на западе? – Алма-Ата, 1992. – С. 152.; Қасымбаев Ж. Государственные деятели казахских ханств (XVIII век). – Алматы: Білім, 1999. – С. 288; Мәшімбаев С.М. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. (Оқулық). – Алматы: Санат, 1994. – 136 б.; Құндақбаева Ж.Б. Политика Российской империи в отношении народов Северного Прикаспия в XVIII веке: историография проблемы и источники изучения. - Москва: АИРО-XXI, 2005. – С. 128.; Мамырұлы К. Қазақ халқының жоңғарларға қарсы азаттық күресі және оның саяси астарлары. Тарих. ғыл. докт. дис. – Алматы, 1998. – 234 б.

²³ Телеуова Э.Д. Тәуке (Тәуекел–Мұхаммед Батыр хан) тұсындағы Қазақ хандығының саяси, әлеуметтік және экономикалық ахуалы. Тарих. ғыл. канд. дис. автореф. - Алматы, 1999. – 32 б.; Шәмшиденова Ф.М. Сібір жылнамалары бойынша XVI-XVII ғғ. Қазақстан тарихының проблемалары. – тарих ғыл. канд. дис. автореф. - Алматы, 1997. - 25 б.

²⁴ Абдильдабекова А.М. Историография присоединения Казахстана к России. – Дис. канд. истор. наук. - Алматы, 2000. – С. 152.; Абдильдабекова А.М. Россия и Казахстан (XVIII - начало XX века): Вопросы историографии. - Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – С. 123.; Әбділдабекова А.М. XVIII-XX ғасыр басындағы Қазақстан мен Ресей қарым–қатынасы: Тарихнама мәселелері: Оқу құралы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 160 б.

казахов и джунгар в XVII-XVIII вв. Историография проблемы»²⁵ атты кандидаттық жұмысында автор қазақ-жоңғар байланыстарындағы орыстардың ұстанған саясатын да көрсетуге тырысқан.

Қазақ хандығының тарихнамасымен шұғылданған зерттеуші Г.Е. Сабденованың кандидаттық диссертациясы мен бірқатар ғылыми мақалалары тәуелсіз тарихи ойды қалыптастыруда маңызды орынға ие. Автор «Кеңестік дәуірдегі Қазақ хандығының көршілес елдермен байланыстарының тарихнамасы» атты тезистік мақаласында 1957 жылға дейін ұжымдық еңбектердің деректік қоры жеткіліксіз болғандықтан Қазақ хандығының сыртқы байланысы тиянақты көрсетілмегендігін атап өткен. Онда «XV-XVIII ғғ. қазақ-орыс қатынастарынан хабар беретін құжаттар мен материалдар жинақтары да жасалды. Кеңестік дәуірде осы екі халық арасы әсерлене, күшейтіле көрсетілген еді», - деп өзіндік тарихнамалық бағасын береді. Сонымен қатар бұл мақалада автор қазақтардың Ноғай Ордасы, Моғолстан мемлекеті, Шайбани және Аштархани әулеттерімен, Цин империясы, жоңғар, қарақалпақ, башқұрт, орыстармен байланыстарының тарихнамасына жалпылама шолу жасаған²⁶.

«Қазақстанда тәуелсіз тарихи және тарихнамалық ой-пікірлердің қалыптасуы» тақырыбында Ш.Ж. Нартбаевтың 2004 жылы қорғаған кандидаттық диссертациясында қазақ-орыс қатынастарының кейбір өзекті мәселелеріне қатысты жаңаша тұрғыда пікір білдіреді. Онда автор бүгінгі таңдағы қазақ-орыс қатынастары тарихындағы өзекті мәселелерді біршама талдап көрсетеді.

Ауызша тарихи деректердегі қазақ-орыс қатынастары мәселесі арнайы түрде зерттелмеген, маңызды тақырыптардың бірі болып табылады. Тек осы мәселені үзіп-кесіп, әртүрлі еңбектер мен зерттеулерден, жарияланған ауызша деректерден жинастырып, жалпы тақырыпты ашуға тырыстық. Осы мәселені талдауда Е. Бекмаханов, Ә. Диваев, С. Қасқабасов, А. Сейдімбек, Г. Жүгенбаева, Р. Айтбаева, А. Әбділдабекова және т.б. еңбектерін пайдаландық.

Қорыта келгенде, XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихнамасы түбегейлі және арнайы зерттелмегендігі айқындалды. Зерттеушілер қазақ-орыс қатынастарын зерттеуде тек саяси, экономикалық, сауда, елшіліктер тарихын талдаумен ғана шектеліп, сол тақырыптың көлемінде ғана тоқталып өтеді. Мұның өзі бұл мәселені арнайы, кешенді түрде тарихи талдаудан өткізу қажеттілігін негіздейді. Сонымен қатар, әлі де зерттеуді қажет ететін мәселелер бар екендігі анықталды.

Студенттің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

²⁵ Едилханова С.А. Взаимоотношения казахов и джунгар в XVII-XVIII вв. Историография проблемы. - Дис. канд. истор. наук. - Алматы, 2003. - С. 133.

²⁶ Сабденова Г.Е. Кеңестік дәуірдегі Қазақ хандығының көршілес елдермен байланыстарының тарихнамасы // Тарих ғылымы XXI ғасырда атты халықаралық Бекмаханов оқуларының материалдары. - Алматы, 2001. - 2-бөлім. - 66-70 бб.

1. Қазақ-орыс қарым-қатынастарының бағыты.
2. XV-XVIII ғғ. қазақ-орыс байланыстарының тарихнамасы.
3. Төңкеріске дейінгі зерттеулердің маңызы мен ерекшеліктері.
4. Кеңес үкіметі кезеңдегі қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихнамасының бағыты.
5. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ-орыс қарым-қатынастарының зерттелуі.
6. XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс байланыстары туралы тарихи деректер.
7. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков» сериясымен 2005-2007 жж. шығарылған 10 томдық еңбектің құндылығы мен ерекшелігі.
8. Қазақ хандығының көрші елдермен қарым-қатынастарының тарихын зерттеген зерттеушілер.

1.2 XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс елдері арасындағы дәстүрлі елшілік байланыстар тарихы

Қазақ хандарының ХҮІ-ХҮІІІ ғасырлардағы сыртқы саясатында халықаралық даулы мәселелерді шешу үшін түрлі келісім шарт жасап, сондай-ақ елшілер, арнайы өкілдер, жаушылар мен тәржімешілерді өкілеттілік тұрғысында жіберіп, оларға үлкен жауапкершілік жүктеген. Қазақстан дипломатиясының тарихына үнілер болсақ, бұлар алуан түрлі болды.

Қазақ-орыс қарым-қатынастары ХҮІ ғасырдың басында, яғни, Қасым, Хақназар хандар тұсында басталғанымен, ресми елшіліктер ХҮІ ғасырдың соңында Тәуекел хан тұсында жанданды. Дегенмен де қазақ ханы Қасым хан (1511-1521 жж.) тұсында қазақ-орыс елі арасында байланыстар ХҮІ ғасырдың басында басталғаны туралы болжамдар бар. Зерттеуші В. Басин қазақ этно-саяси одақтың құрылуымен-ақ екі ел арасында саяси және шаруашылық, дипломатиялық байланыстар орнады дей келе: «Жәнібектің ұлы Қасым ханның (1511-1523 жж.) тұсында, Қазақ хандығының бірінші рет гүлдену кезеңінде, Қазақстан мен Ресей арасында дипломатиялық байланыстар орныққан еді. Оның дәлелі патша мұрағатының (1575-1584 жж.) құжаттарында сақталған 38-ші жәшікте «Қасым хан тұсындағы қазақтардың кітабы мен тізімі» деген жазудың болуы», – дейді. Сондай-ақ, автор Қасым ханнан кейін де орыстардың Қазақстанға деген қызығушылығы жойылмағанын жазады.

Қазақстан мен Россия арасындағы ең алғашқы саяси байланыстар дәл осы кезеңде жасала бастады. Осындай дипломатиялық қатынастардың болғандығын 1575-1584 жылдары жүргізілген патша мұрағатының тізімдерінде былай көрсетіледі: «38-жәшікте Қасым ханның тұсындағы қазақ кітаптарымен көшірмелері бар». Бұлар Қасым ханның патша үкіметімен дипломатиялық хат жазысулары болса керек. Мұрағат материалдарының табылмауы салдарынан орыс мемлекеті және қазақ хандығының алғашқы келіссөздері қандай мәселелер жайында болғандығы және олардың немен аяқталғаны осы күнге

дейін беймәлім. Қасым хан дүниеден өткеннен кейін де орыс елі Қазақ хандығының ішкі және сыртқы жағдайын бақылауын тоқтатпаған.

Орыс елі Орта Азия және шығыс мемлекеттерімен сауда-саттық жасайтын керуен жолдарының қауіп-қатерсіз болуына көп көңіл бөлетін. Шығыс елдеріне бағытталған бұл керуен жолдарының көпшілігі Қазақстан территориясы арқылы өтетін. Сондықтан да орыс мемлекетінің Қазақстанмен достық қарым – қатынаста болуға тырысушылығы табиғи құбылыс еді. Оның үстіне патша үкіметі шығыс елдеріне жіберілген өз елшілеріне Қазақ хандығының Орта Азия хандықтарымен қарым-қатынасын, оның ішкі жағдайын тексеруді арнайы түрде талап ететін. Мұның өзі орыс елшілерінің өз миссиялары жөніндегі күнделіктерінде, Қазақ хандығының көршілес елдерімен байланысы, әскери жағдай туралы жазылған мәліметтерінен көрінеді. Мәселен, А. Сабырханов: «1534 жылы ноғайларға жіберілген орыс елшісі Данилл Губин қазақ жасақтарының күштілігі, олардың Ташкент қаласы үшін соғысып, жеңіске жеткендігі туралы патша IV Иванға хабарлаған. Сол елшінің мәліметіне қарағанда, Қазақ хандығының Сібір хандығы тарапынан болып жатқан шабуылдарды қару күшімен болса да тоқтатуға әзір екендігін атап көрсеткен»²⁷. Ал зерттеуші В. Басин орыс елінің Ноғай мырзаларынан, өз көпестері мен елшілерінен жинаған мәліметтерінің негізінде XVI ғ. 50 ж. Қазақ хандығының күшейгендігін көрсете отырып, оның көрші елдер тарапынан үнемі шапқыншылыққа ұшырап отырғанын атап өтеді. Бұл жағдай қазақтардың күшті әрі сенімді одақтас іздеуге мәжбүр етті. Даладағы оқиғалар қазақтарға сондай одақтас солтүстік-батысындағы көршісі – Ресей ғана бола алатынына көздерін жеткізді деп көрсетеді. Мұнда, біріншіден, Қазақ хандығы XVI ғ. II - жартысында қайта өрлеп, көршілес Ноғай, Сібірдегі Көшім хандығына қорқыныш пен үрей тудыртып, Бұхара ханымен одақтасып отырса, ол неге одақтасты солтүстік-батыстағы Ресейден іздеуі керек. Екіншіден, мұнда Ресейдің мемлекет ретінде тарихтағы алаты рөлін тым жоғарылатып жібереді де, IV Иванның тұсында ғана Ресей саяси бірігуін аяқтайды дейді.

Қазақ хандығының Ноғай ордасымен қарым-қатынастары туралы, осы екі елдің арасында болған соғыстар, қақтығысулар жөнінде орыс елшілері Семен Мальцев, Борис Доможировтар өз үкіметіне, орыс еліне тәптіштеп жеткізген.

Орыс мемлекетінің Қазақ мемлекетінің сыртқы саяси жағдайына соншалықты назар аударуының мәні мынада болатын:

- Біріншіден, сауда жүргізетін керуен жолдарының тыныштығын көздесе;
- Екіншіден, Қазан хандығының Сібір хандығымен наразылығын пайдаланып, оларды бір-біріне айдап салу болатын.

Бұл ретте орыс үкіметінің ойынша, Қазақ хандығымен әскери одақ құрып, Сібір хандығына екі жақтан соққы беру – сол тарихи кезең үшін таптырмас амал болатын.

²⁷ Сабырханов А. Қазақстан мен Россияның XVIII ғасырдағы қарым-қатынастары (қазақтың кіші жүзіне қатысты мәліметтер негізінде). – Алма-Ата: ҚазССР-ң «Ғылым» баспасы, 1970. – 9-28 бб.

Қазақ хандығы мен орыс елі арасындағы елшілік қатынастар ХҮІ ғасырдың екінші жартысынан бастап жандана бастады. Осы кезде орыс мемлекеті Қазан хандығы мен Астрахан хандығын жаулап алып, Сібір патшалығын өз қол астына қаратқан болатын. Екінші жағынан, Хақназар билеген Қазақ хандығының да территориясы ұлғайып, Ресей мен Қазақстанның шекарасы жақындай түсіп, екі мемлекеттің экономикалық және саяси байланыстарының күшеюіне жағдай жасала бастағанды. Хақназар тұсындағы Қазақ хандығының территориясының батысқа қарай ұлғаюына Ноғай Ордасының іштей әлсіреуі, Астрахань хандығының құлауы себеп болды. ХҮІ ғасырдың 50-ші жылдарында қатты күйзелушілікке ұшыраған Ноғай Ордасы ағылшын көпесі, әрі Москва үкіметінің агенті Дженкинсонға қаңыраған елсіз дала сияқты көрінген. Ноғайлардың мұндай шаруашылық және саяси жағынан күйреуін 1558 жылы Ноғай ордасына жіберілген орыс елшісі де растайды. Ноғай елшісін билеушілер, бір-бірімен өзара жауласқан екі партияға бөлінген болатын. Ысмайыл бастаған бір ноғай ұлықтарының Москваға қосылуын жақтаса, Ысмайылдың туған інісі Жүсіп бастаған екінші партия қазақтарға, өзбектерге қосылуға ұмтылды. Сөйтіп 1557 жылы Астрахан құлағаннан кейін Жүсіп мырза Ысмайылмен байланысын біржолата үзеді де, көп ұзамай ол өз ағасымен болған күресте қаза болады. Осыдан соң оның қарамағындағы ауылдар Жайықтан өтіп, қазақтарға келіп қосылады. Нәтижесінде Қазақ хандығының шекарасы батысқа қарай созыла түседі.

Кейбір авторлардың айтуынша Хақназар башқұртстанның оңтүстік-шығыс аудандарына үстемдік жүргізген. Біздіңше, бұл башқұртстанның оңтүстік-шығыс жақтарында көшіп жүрген, солармен көршілес Ноғай қауымдарына Хақназардың басшылық еткені туралы деректермен байланысты мәліметтер болса керек. Мұның барлығы Хақназар тұсындағы Қазақ хандығының халықаралық жағдайының жақсарып, оның саяси беделінің арта түскендігін көрсетеді. Сол себепті көршілері Қазақ хандығымен жақсы қарым-қатынастарда болуды құптаған.

1573 жылы орыс патшасы Иван Грозный Қазақ ханы Хақназарға өзінің Третьяк Чебуков бастаған елшілігін жібереді. Орыс елшісінің алдына Қазақ хандығымен тығыз байланыс жасау міндеті ғана емес, сонымен бірге Қазақ ханы Хақназарды Сібір хандығының ханы Көшімге қарсы әскери одақ жасауға көндіру мақсаты да қойылған болатын. Бірақ бұл елшілік сәтсіз аяқталды. Себебі, орыс елшісі Третьяк Чебуковты Көшім ханның туысқаны Мәметқұл тұтқынға алып, Қазақ хандығына өткізбей қояды. Өйткені, Сібір ханы Көшім Хақназардың орыс мемлекетімен одақ құрып, күшейіп кетуінен қауіптенетін. Бұл туралы В. Басин: «Өкінішке орай, Третьяк Чебуков бастаған елшілік көздеген мақсатына жетпеді. Қазақтар мен орыстардың одақтасуынан қорыққан Көшім бұл елшілікті қазақ жеріне жібермеді. Оның інісі Мәметқұл 1573 ж. шілдеде Тобольск маңында елшілікті ұстап алып, жойды», - дейді.

Сөйтіп, Қазақстан мен Ресейдің әскери одақ құрудағы бірінші дипломатиялық қадамы ешбір нәтижесіз аяқталады. Алайда, ХҮІ ғасырдағы алғашқы орыс елшілігінің бірінші сәтсіздігі Қазақстан мен Ресей арасындағы дипломатиялық қатынастарды тоқтата алмайды.

Жоғарыда Орта Азия хандықтары және шығыс мемлекеттерімен саудасаттық жасауда Қазақстан территориясының патша үкіметі үшін тиімді екенін айтқан едік. Орта Азиямен сауда жасау туралы мәселе Москва үкіметінің саясатында елеулі орын алды. ХҮІ ғасырдың 50-ші жылдарында бұл мәселе англияның сауда компаниясының артықшылықтарын келіссөзде де атап өткен болатын.

XVI-XVIII ғғ. Қазақ хандығы мен Ресей империясы арасындағы байланыстар профессор Ж.Қ. Қасымбаевтың еңбектерінде кең түрде қарастырылған мәселелердің бірі. Автор 1986 жылы жарыққа шыққан еңбегінде: «XVIII ғ. Ямышевск, Железнинск, Семей, Өскемен және т.б. бекіністердің салыну тарихын көптеген жылдарға созылған орыс-қазақ қарым-қатынасының дамуы мен Қазақстанның Ресейге қосылу тарихымен бөлшектеусіз байланысты. Орыс мемлекеті XV ғасырдың өзінде көрші Қазақстанға үлкен қызығушылықпен қараған. Оның өзі Ресей мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуымен байланысты терең себептерге негізделді», - дейді. Ж.Қ. Қасымбаев одан әрі: «Көшім хандығының жойылуы және Ресейге батыс Сібірдің, Қазан, Астраханның қосылуы, Сібір және қазақ даласына баратын Кам сауда жолының құрылуы қазақ-орыс қарым-қатынасының дамуына қолайлы жағдайлар туғызды. Орыс мемлекетінің Қазақстанға қызығушылығы әсіресе, XVI ғасырда ұлғаяды. Өйткені, Ресей ортаазиялық хандықтарымен сауда және дипломатиялық қарым-қатынастарды орнатқаннан кейін қазақ даласы арқылы Хиуа мен Бұхара орталықтарындағы қала қолөнершілерімен транзиттік сауда жүргізді. XVI ғ. соңы - XVII ғ. қазақ даласы арқылы Бұхара мен Хиуадан Ресейге 44 елшілік және Ресейден 9 елшілік ортаазиялық хандықтарға өтеді. Оларда көп тауар мен адамдар болды. Орта Азиядан шыққан сауда керуендері қазақ даласы арқылы Астрахан, Еділдің жоғарғы ағысымен Саратов, Самара, Қазан және т.б. орыс қалаларына бағыт алады. Сонымен қатар, ол сауда керуендері қазақ даласы арқылы Сібірге де – Бұхарадан Сырдария, Түркістан, Сарысу, Ұлытау, Есілдің жоғарғы ағысымен Ертіске, одан Тобылға дейін барды. Орыс мемлекеті бұл транзиттік сауданың дамуына қатты қызықты және ортаазиялық хандықтардың сауда керуендеріне, көпестерге қазақ даласы арқылы өткенде қауіпсіздікті қамтамасыз етуі үшін қазақ хандығының саяси жағдайымен және олардың көрші елдермен қарым-қатынасына терең үніле бастады», - дейді.

Орыс мемлекетінің Қазақстанмен берік байланыс жасауы Орта Азия мен шығыс елдеріне әрі төте, әрі қауіпсіз жолды ашты. Мұның өзі Россияның Қазақ хандығымен де тікелей екіжаққа тиімді сауда жүргізуіне қолайлы жағдай туғызды. Мәселен, 1574 жылы орыс патшасы ІҮ Иван Кама бойының біраз жерлерін билеген Строгоновтар дейтін ағалы-інілі ірі феодалдарына қазақтармен емін-еркін сауда жасауға грамота береді. Бұл құжаттың мәліметтеріне қарағанда қазақ саудасының басты саласы жылқы болған. Строгоновтарға берілген грамотада Қазақ жерінен, Бұқарадан келген саудагерлермен олардың баж салығынсыз сауда жасалуына патшаның ризалығы мен рұқсаты берілген. Ресей мен Қазақстанның сауда-саттық байланысы түзелгеннен кейін екі елдің арасындағы саяси байланыстары да

жақсара бастаған. ХҮІ ғасырдың 70-жылдардың аяғында Қазақ ханы Хақназар өзінің «патшамен, ұлы князьбен тату екенін» айтқан²⁸.

Бірақ осы сауда және саяси қарым-қатынастардың одан әрі өркендеуіне Сібір хандығы көп тосқауыл жасады. ХҮІ ғасырдың 70 - жылдарында Россия мен Сібір хандығының өзара қатынастары шиеленісе түскен кезең болатын. Сондықтан да орыс үкіметі Сібір хадығына қарсы күресте сенімді одақтас іздей бастады. Дәл осындай одақтас, орыс үкіметінің ойлауынша, Қазақ хандығы болатын. В. Басиннің айтуынша: «Ресейге батыстағы Сібірдің қосылуы қазақ-орыс дипломатиялық байланыстарының нығаюы мен дамуы үшін маңызды роль атқарды. Өйткені, ХҮІІ ғ. басында Қазақстанның батысында алғаш орыс мемлекеті пайда болған еді», - дейді. Әрине, бұл тұста Сібірдің Ресейге өз еркімен қосылмағанын оның Көшім ханмен қаншама жылдар бойы соғыстары дәлел бола алады.

Кеңестік зерттеу еңбектерінде Қазақ ханы Тәуекел де (1586 – 1598 жж.) Мәскеу үкіметімен достық қарым-қатынаста болуды жақтады деп көрсетеді. ХҮІ ғасырдың 90-жылдарында, патша Федор Ивановичтің тұсында орыс мемлекетімен Қазақ хандығының бұрынғыдан да гөрі саяси жақындаса түсуіне қолайлы жағдай туды. 1588 жылы Сібірде Тәуке ханның немере інісі Ораз-Мұхаммед сұлтан тұтқынға алынып, Мәскеуге жөнелтілді. Мәскеу үкіметі Қазақстанмен жақындасуда Ораз-Мұхаммедтің бұл жағдайынан ұтатындығын жақсы түсінген патша оған сый-құрмет көрсетеді. Ол кейінірек ХҮ ғасырдың орта шенінде құрылған орталығы Ока өзені бойындағы Қасым патшалығының басшысы, ханзадасы етіп қойылды. Бұл туралы М. Вяткин 1588 жылы Қазақ ханы Тәуекелдің інісі Ораз Мұхамметті орыстардың тұтқындағаны туралы және сол үшін 1594 жылы орыс патшасына Тәуекел ханның елші жібергендігін жазады. Автордың айтқанындай: «Шын мәнінде Құл Мұхамметтің келуінің себебі сұлтан Ораз Мұхамметті тұтқыннан босату еді», - деп, екі ел арасындағы дипломатиялық байланыстың сыртқы саясаттағы ірі оқиға екендігін атап өтеді. Сондай-ақ автордың пайымдауынша Тәуке хан тұсында қазақ-орыс байланыстары жандана түседі. Автор бұл еңбекте қазақ-орыс байланыстары Қазақ елінің қажеттілігі дей келе, мұндағы орыс елінің қазақ жерін шығысқа кілт пен қақпа ретінде қарағандығын ескермейді.

«Мәскеу үкіметінің қазақ сұлтаны Ораз-Мұхаммедке артқан үміті ақталады. 1594 жылы Мәскеуге Тәуекелдің елшілері де келеді. Оған Қазақ хандығының Бұқарамен күресінің шиеленісіп, екі мемлекеттің ортасындағы саяси қарым-қатынастардың нашарлай бастауы себеп болды. Сондықтан қазақтың ханы Тәуекел Мәскеуге өз елшісі Құл Мұхаммедті жіберіп, Бұхар ханы Абдолла және Сібір патшасы Көшіммен күресте орыс мемлекетінің әскери көмек беруін сұрады. Оның үстіне Тәуекел өз елшісі арқылы Мәскеу үкіметінен Қазақ хандығын Ресейдің қол астына алуын өтінген. Бірақ қазақ елшісі Құл Мұхаммедтің Мәскеуде жүргізген келіссөздеріне қарағанда, Қазақ

²⁸ Сабырханов А. Қазақстан мен Россияның ХҮІІІ ғасырдағы қарым-қатынастары (қазақтың кіші жүзіне қатысты мәліметтер негізінде). – Алма-Ата: ҚазССР-ң «Ғылым» баспасы, 1970. – 22 б.

ханы Тәуекел Ресей қол астына алуды өтінгенде, Қазақ хандығының саяси тәуелсіздігін мүлдем жою деп түсінбеген. Ресейдің қол астына алуын сұрағандағы оның негізгі мақсаты - Бұқар және Сібір хандықтарына қарсы күресте Қазақстан мен Ресей арасындағы одағын құру мақсаты болған», - деп атап өтеді А. Сабырханов. Зерттеуші Г.К. Сатыбекова Айқап журналын зерттей келіп, Айқаптың 1913 жылдың 13- нөмірінде «Қазақтардың жағдайы туралы» деп аталатын мақалада 1594 жылы Қазақ ханы Тәуекел бұхар ханы Абдолламен күресу үшін әскери көмек сұрап, өзінің орыс мемлекетінің боданы болуға ынтасы бар екенін білдіріп Мәскеуге өз елшілерін жібереді делінген. Мұнда Айқап журналы Қазақ ханы Тәуекелдің інісі Ораз Мұхаммет туралы, оның орыс елінде Қасым хандығында өмірінің соңын өткізгені жайлы және бұл жағдайдың қазақ-орыс байланыстарына әсері туралы бір ауыз сөз айтпайды. Одан әрі қарай Тәуекел хан бұл бодандықты Бұхарамең күрестегі әскери одақ ретінде қарастырғанын атап өтеді де, алыстағы Ресей Қазақ ханына реалды көмекті көрсете алмады дейді. Тарихымызға, деректерге үнілсек, біріншіден, Қазақ хандығы әскери одақ жасасқан елдердің боданы болыпты дегенді тарихта естімедік. Екіншіден, 1594 жылғы елшіліктен кейін небәрі 4 жылдан кейін Қазақ ханы Тәуекел Бұхаралық II Абдолла ханды жеңеді. Егерде 1594 жылы Тәуекелдің күші жетпеген болса 4 жылдан соң ол қалайша Мауреннахр билеушісін өз күшімен жеңе алды. Үшіншіден, бұл кезде орыс елі Сібірді бағындырып, Қазақстан шекарасынан алшақ емес еді, Ресейді алыста жатып Қазақ хандығына көмектесе алмады деп ақтау да орынсыз. Оның саяси астарын аңғаруымыз қажет-ақ.

Құжаттарға қарағанда Мәскеу мемлекеті Қазақ хандығының Ресей қол астына қарау туралы өтінішіне ризашылықпен қарап, оған әскери көмек көрсетуге әзір екендігін білдірген. Дегенмен Ресей ол уақытта Қазақ хандығына әскери көмек көрсетпеді.

Тәуекелдің елшілері сол Мәскеуде жүрген кезінде, онда Иран шахының елшілері де келіп жатқанын естиді. Қазақтар мен Ирандықтардың сол кездегі ортақ жауы Бұқар ханы Абдолла болатын. Сондықтан қазақ елшісі Құл Мұхаммед орыс патшасынан Иран елшілерін орыс елшілерімен бірге Тәуекелге жіберілуін сұраған. Қазақ елшілерінің бұл өтініші қабылданған. Ол туралы №6 құжатта: «Да как пришел к нашему царьскому величеству посол твой Кулмагмет, а в то ж время прислал к нашему царьскому величеству кизылбашской Аббас-шах посла своего Гадибека о дружбе и о любви и о ссылке для доброго дела, и бил челом нашего царьского величества шурина слуге и конюшему боярину и воеводе дворовому и содержателю великих государств царства Казанского и Астораханского Борису Федоровичу Годунову посол твой Кулмагмет о том, чтоб ему позволить видеться с кизылбашским послом. И нашего царьского величества шурина Борис Федорович Годунов до нашего царьского величества доносил и нам о том печаловался, и мы, великий государь, царь и великий князь Федор Иванович всеа Руси самодержец, позволили послу твоему Кулмагметю с кизылбашским послом видетца и людьми сослатца. Кизылбашской посол послал человека своего с твоим послом к тебе, к Тевкелю-царю, и к царевичем, а твой посол

Кулмагмет послал своего товарища с кизылбашским послом к кизылбашскому Аббас-шаху. И как у тебя Аббасшахов человек будет и тебе б тово шахова человека отпустить к шаху и сам бы еси с шахом сослался о всяком добре», - делінген.

1595 жылы 14 наурызда бояр думасының шешімі бойынша қазақ хандығына Вельямин Степанов бастаған орыс елшілігі жіберілетін болып белгіленді. Бұл шешім туралы патша Федор Иванович 18 наурыз күні Ораз Мұхаммедтен Тәуекел ханға:

- Біріншіден, орыс елшілігінің басшысы В. Степанов барлық келісілетін мәселелер бойынша орыс өкіметінің атынан сөйлейді, сондықтан да оның айтқанына сенімсіздік тудырмауы керек;

- Екіншіден, орыс елшілігіне ешқандай қысым көрсетілмей, өз миссиясын атқарғаннан кейін Мәскеуге жедел қайтарылуы қажеттігін айтқан болатын.

Сонымен, 1595 жылы 28 наурыз күні патша Федор Иванович елшілік басшысы В. Степанов үшін жазылған грамотаға қол қойған. Бұл грамотада елшінің қайсы жолдармен және қандай көліктермен жүруі туралы да айтылған. Елшілік құрамында В. Степановтан басқа Тәуекелдің елшісі Құл Мұхаммед, Иран шахы Аббастың өкілі Дервиш-Мұхамед, бұларға ерген үш татар және елшілікке қызмет ететін тілмаш Гриша Мельников болған.

Әдеттегідей, елшілікке берілген нұсқау егжей-тегжейлі болатын. Мұнда елшінің өзін-өзі қалай ұстау керектігі, Тәуекел ханға айтатын жауабы, тіпті ханға деген сыйлықтарын қашан және қалай тапсыру керектігіне дейін көрсетілген. Нұсқау бойынша орыс елшісі келіссөздерді тілмаш арқылы Тәуекел ханмен жеке отырып жүргізуі керек. Сол кездегі дипломатиялық салт жоралары бойынша патша жіберген грамотаны хан өз қолымен қабылдайтын болған.

Орыс елшісі В. Степановтың Тәуекел ханмен жүргізген келіссөздері, негізінен, екі мәселенің төңірегінде болды. Бірінші - қазақ-орыс әскери одағын құру, екінші - Қазақ хандығының Ресей қол астына қарауы туралы. Орыс патшасының жіберген грамотасында: «егер Тәуекел хан мен сұлтандар орыс мемлекетінің қол астына қараса, орыс патшасы олардың өз жауларына қарсы күресінде әскери көмек беруден бас тартпайды» деп көрсетілген.

Ал, Тәуекелдің немере інісі Ораз-Мұхаммед сұлтанды елге қайтаруды өтінген тілегіне патша оның орнына Тәуекел өз баласын аманатқа жіберген жағдайда ғана босата алатынын білдірген. Сонымен, патша үкіметі Ораз-Мұхаммед сұлтанды Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынастарды нығайтуға жәрдем етеді деп санаған.

Қазақ ханымен келіссөздер жүргізуден басқа орыс елшісі В. Степанов қазақтардың санын, олардың негізгі кәсібін, әскерінің құрамы мен қару-жарақтарын, қалмақтар және басқа да көршілес мемлекеттермен қарым-қатынастарын біліп, осылар жөнінде патша үкіметіне түгелдей мәлімет беруге тиісті болатын. Бұл секілді мәліметтер Ресейдің басқа елдермен ара қатынастарын орнатуда аса қажетті деп есептелінетін.

Әрі ұзақ, әрі қиын жолдармен сапар шеккен орыс елшілері, Тәуекел ханның ордасына жетіп, мұнда екі ай аялдады. 1595 жылы 30 мамырынан 30 шілдеге дейін қазақ жерінде болған В. Степанов бастаған орыс елшілігі сол жылдың қыркүйек айында Самараға, ал қазанның бас кезінде Мәскеуге қайта оралады.

Бұл елшілік келіссөздер нәтижесінде Қазақ хандығы мен орыс мемлекетінің арасында берік әскери одақ құрылмаса да, екі елдің ара қатынастарын жақындастырып, олардың достық, тату жағдайда тұруларына өз әсерін тигізбей қойған жоқ²⁹.

Осы елшілікке байланысты материалдармен танысу Қазақ хандығы мен орыс мемлекетінің арасындағы қажетті саяси қарым-қатынастардың үздіксіз болып тұрғанын аңғартады. В. Степанов елшілігінің маршруты бұл қатынастардың қай пункттер арқылы болғанын да көрсетеді. Осы елшілікке қатысты 11 құжатты кітаптың соңында қосымша ретінде беріп отырмыз. Оны өздеріңіз оқып, танысып шығуларыңызға болады.

Қазақ хандығы мен Ресей арасын байланыстырып тұрған жол Қазаннан басталатын. Содан әрі Кама өзеніне жетіп Башкирия өлкесі арқылы Жайық өзенінің жоғарғы салаларына тіреліп, бұл өзенді қазіргі Орынбор қаласының маңынан кесіп өтетін. Бұдан әрі ол Ырғыз өзеніне шығып, қазақ даласымен Сарысу өзенінің басталар жерінен Талас Алатауына келіп тірелетін. Осы қашықтық В. Степановтың айтуына қарағанда 9 аптаға жуық уақыт алған. Бұл жолдың көпшілігі сусыз даланың оң бойымен өтетін.

Әрине, бұл жол Қазақ хандығы мен Ресейді байланыстырып тұрған ХҮІ ғасырдағы негізгі жолдардың бірі болатын. Бұдан басқа қазақ даласын Сібір қалалары Тары, Түмен, Тобольскімен байланыстыратын жолдың болғаны да мәлім.

Орыс елшісі В. Степановпен бірге Тәуекел хан өз баласы Мұрат сұлтанды, елшісі Құл Мұхаммедті және оларға қосып үш адамды Ресейге жіберген. Қазақ ханының бұл елшілігі туралы мәліметтер сақталмағандықтан, оның қандай мәселелер жөнінде Мәскеуде келіссөздер жүргізіп, нендей нәтижелерге қол жеткенін айту қиын. Тәуекелдің орыс елшісін жақсы қабылдап, оған сый-құрмет көрсетуі және орыс мемлекетіне тағы да елшісін жіберуі оның Ресеймен саяси қатынастарды жақсартуға, екі ел ортасында бұрыннан келе жатқан дәстүрлі достықты одан әрі жалғастыра беруге үмтылғанын көрсетеді, деп қорытындылаған зерттеуші А. Сабырханов.

1594 жылы орыс мемлекеті Қазақстан арқылы Сібірмен байланыс жасау әрекеттеріне кірісе бастады. Осы мезгілде Ертістің саласы Тары өзенінің бойында оңтүстікке көшіп кеткен Көшім ханның Тобольск бекінісіне жасаған шабуылдарын тоқтату мақсатымен Тары қаласы салынған болатын. Бұл уақыттан әлдеқайда бұрын орыстар Ертіс өзенін бойлап едәуір алға жылжығанды. Олардың Ямыш көліне дейін келіп, кішкене кемелермен тұз алып кететіні

²⁹ Сабырханов А. Қазақстан мен Россияның XVIII ғасырдағы қарым-қатынастары (қазақтың кіші жүзіне қатысты мәліметтер негізінде). – Алма-Ата: ҚазССР-ң «Ғылым» баспасы, 1970. – 23-28 бб.

кәдуілгі іске айналғанды. Тарихи зерттеулерге қарағанда, орыстардың кішкене қайықтардан құралған керуендері Ертіспен жоғары өрлеп Қазақстанға, ал Орта Азия елдерінің сауда керуендері қазақ далалары арқылы Ресейдің Астрахань, Самара т.б. қалаларына қатынап тұрған. Бұқардан шыққан сауда керуендері Ертіс бойын жағалап Сібірге барып, бұл жерде олар өздерімен бірге алып келген мата, кептірілген жеміс т.б. товарларын астыққа, аң терілеріне айырбастап кейін қайтатын болған. Ал, Тобольскіден шығатын сауда жолы Орта Азияға қарай Ертіс, Есіл өзендері арқылы өтіп, одан әрі Ұлытаудан Сарысу өзенін бойлап Түркістан қаласына дейін баратын. Бұл жерден Сырдария өзені арқылы Бұқараға барып тірелетін. Орта Азия хандықтарымен тиімді сауда байланыстарын одан әрі кеңейтуде, сауда керуендерінің қауіп-қатерсіз қатынап тұруында Қазақстанның шешуші роль атқаратынын жақсы түсінетін орыс үкіметі Қазақстанмен тату тұруға тырысатын.

Бұл ретте Қазақстан мен орыс мемлекетінің саяси-экономикалық және шаруашылық қатынастарын зерттеушілер үшін өте қынжыларлық мына бір жайды айта кеткіміз келеді. ХҮІ ғасырдың 90-жылдарынан ХҮІІ ғасырдың 60-жылдарына дейінгі мерзім ішінде болған қазақ-орыс саяси қатынастарын жалпы сипаттайтын, соның ішінде елшілік қатынастары туралы мәліметтер алатын тарихи құжаттар сақталмаған. Егер осындай құжаттар болған деп есептелінгенмен осы кезге дейін зерттеушілер оларды таба алмай жүр. Соның салдарынан бір ғасыр шамасы уақыт ішіндегі қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихы әзірге дейін жазылмай келеді. ХҮІ ғасырдың аяғы мен ХҮІІ ғасырдың басында Қазақстан мен орыс мемлекетінің арасындағы саяси, дипломатиялық және басқа да қарым-қатынастардың біраз әлсіреуін байқауға болады. Себебі, ХҮІІ ғасырдың бас кезіндегі Ресей мемлекетінің ішкі жағдайына байланысты болды. Ол өте шиеленіскен болатын. Ал, Қазақ хандығы болса, бүкіл ХҮІІ ғасырдың өнбойында Жоңғария шапқыншылықтарына ұшырап отырды. Сөйтіп өздерінің ішкі жағдайының қамын жеген екі мемлекет те белгілі бір уақыт ішінде сыртқы саяси байланыстарға баса көңіл аудара алмаған болуы ықтимал. Дегенмен, Қазақстан мен Ресейдің саяси қатынастарының әлсіреуін тек осы фактімен түсіндіру дұрыс емес еді.

Бұл қатынастардың әлсіреуіне, екінші жағынан, торғауыт қалмақтардың батысқа қарай жылжуы да көп әсерін тигізген. Олардың жайлаулары жаздыгүні Ырғыз, Елек және Жем өзендерінің бойларында болатын. Ал, қыс айларында Жайық өзенінен өтіп үлкен және кіші өзен мен Самара өзенінің жоғарғы жақтарына барып қыстайтын. Осы жерлерді қалмақтардың басып алуы себепті құрғақ жолдың жабылуы, сөз жоқ, қазақ-орыс елшілік қатынастарының одан әрі нығаюына уақытша болса да кедергі жасаған.

Торғауыт-қалмақтардың осы жерлерді иемденуінің нәтижесінде Ресей мен Орта Азия мемлекеттерінің арасындағы сауда-саттық, елшілік қатынастардың әлсірегенін көрсететін архив материалдары көп-ақ. Мәселен, мұны Хиуа ханы Испендиардың 1641 жылы орыс патшасы Михаил Федоровичке жазған грамота қағазынан да анық байқауға болады. Хиуа ханы Ресей мен Хиуа хандығы арасындағы жолды қалмақтардың жауып тастағанын, олардың екі ел ортасында

жүрген саудагерлерді өткізбей, малын талап алатынын айта келіп, торғауыт-қалмақтарға қарсы бірігіп күрес жүргізу жөнінде ұсыныс жасаған. Сонымен бірге Хиуа ханы Испендиар орыс патшасынан Жем өзені бойына қала салып, бұл жерге әскери күш жіберуін де өтінген.

Дегенмен, осындай қиын қыстау кедергілерге қарамастан ХҮІІ ғ. өнбойында да сонау көне заманнан басталған қазақ-орыс қарым-қатынастары жалғаса бергенін көптеген деректер толығымен растайды.

Ресей үкіметінің Қазақ хандығымен саяси одақ құру және сауда-саттық қатынастарын ұлғайтуға бағытталған шараларын Тобольск воеводасы И.С. Куракиннің 1616 жылы посол приказымен хат жазысуларынан байқауға болады. Мұнда келтірілген құжаттарға қарағанда, орыс патшасы И.С. Куракиннің атына хат жазып, онда Сауранды билеп тұрған қазақ сұлтаны Аблаймен (орыс құжаттарында Аблайхан) байланыс жасауды тапсырған. Тобольск воеводасы Аблаймен екі мәселе бойынша келіссөздер жүргізуге тиісті болған.

- Біріншіден, сол кезде Сібірдегі орыс қорғаныс қамалдарына шабуылдар жасап тұрған қалмақтарға қарсы бірігіп күресу үшін соғыс одағын құру;

- Екіншіден, сұлтан Аблай қол астындағы жерлерде орыс көпестерінің емін-еркін сауда жасауына мүмкіндік туғызу және қазақтарды Сібір қалаларындағы сауда-саттыққа тарту еді.

Бірақ, Бұқар ханы Имамқұлдың Қазақ хандығына жасаған шабуылының нәтижесінде Аблай Сауранды тастап қашуға мәжбүр болды. Сондықтан орыс үкіметінің Қазақстанмен саяси және сауда қатынастарын орнатудағы бұл жолғы дипломатиялық шарасы жүзеге аспай қалған³⁰.

Солай болғанмен де Ресей үкіметі Қазақ хандығының саяси, халықаралық және ішкі жағдайымен айналысуға ықыласын кеміткен жоқ, қайта Ресей Қазақстанның географиялық орны, халқы, алып жатқан территориясы жөнінде мәліметтер жинауға кіріскен еді.

Мұны «Үлкен сурет кітабында» («Книга большему чертежу») келтірілген мәліметтерден анық байқауға болады. Бұл кітап ХҮІІ ғасырдың І-ширегінде дәлірек айтқанда 1627 жылы жасалған. Мұнда орыс мемлекетінің жерлері сипаттамасынан басқа, осы елмен шектесе жатқан халықтардың территориясы туралы да құнды мәліметтер бар. Бұл мәліметтер тарих үшін таптырмайтын, өте сирек кездесетін мағлұматтармен құнды. Кітап жазылардың алдында осыған кірген елдердің географиялық жағдайын зерттеу жөнінде орасан зор жұмыс істелінген. Әлбетте, бұл мәліметтер аз уақыттың ішінде жиналуы мүмкін емес. «Үлкен сурет кітабының» шығуы - орыс халқының көптеген жер зерттеушілерінің, елшілерінің, патша қызметінде болған басқа да адамдардың еңбегінің нәтижесі. Кітап ХҮІІ ғасырдың өн бойында басқа елдерге сапар шеккен орыс мемлекеті өкілдерінің іс жүзінде қолданатын құралы есебінде болған.

³⁰ Сабырханов А. Қазақстан мен Россияның ХVІІІ ғасырдағы қарым-қатынастары (қазақтың кіші жүзіне қатысты мәліметтер негізінде). – Алма-Ата: ҚазССР-ң «Ғылым» баспасы, 1970. – 27-28 бб.

Сонымен, «Үлкен сурет кітабында» қазақтар және Орта Азия тұрғындары жөнінде келтірілген жинақты мәліметтер орыс мемлекетінің осы халықтармен ғасырлар бойы жүргізен экономикалық және шаруашылық қарым-қатынастарының негізінде келіп шыққан. Осы байланыстардың нәтижесінде «Үлкен сурет кітабына» енген географиялық білім қоры бірте-бірте жинақталып, ХҮІІ ғасырдың І-ширегінде өз сипаттамасын тапты деуге болады. Келтірілген мәліметтердің жиналу процесін қадағалау өте қиын. Ал, бұл деректердің қолжазбалардан, Орта Азия мен Қазақстанда болған орыс елшілерінің күнделіктерінен және саудагерлердің ауыз екі берген жауаптарынан алынғаны сөзсіз.

Мұрағат қазыналарынан осы уақытқа дейін Қазақстан мен Ресей арасындағы ХҮІ ғасырдың аяғынан келесі ғасырдың 60-шы жылдарына дейін болған елшілік қатынастар туралы баяндайтын мәліметтердің табылмауына қарамастан, «Үлкен сурет кітабында» келтірілген деректерге сүйене отырып, біз мұндай байланыстар мүлдем тоқтап қалған екен деген қорытындыға келе алмаймыз.

Патша үкіметі Орта Азия қалаларымен Сібір ортасындағы керуен жолдарды билеп тұрған Қазақ ханы Тәукемен байланысты күшейтуге әрекет жасаған. Тәуке де орыс мемлекетімен достық қарым-қатынастарда болуды тілеген. Өйткені қазақ билеушілері Орта Азия хандықтарымен Сібір ортасындағы Түркістан және Сауран сияқты керуен жолдарындағы маңызы күшті қалаларды билеп, одан көп пайда түсіріп отырған. Оның үстіне қазақтардың сататын малы үшін Сібір таптырмайтын айырбас сауда орны болып есептелінетін.

Тәуке хан Ресеймен елшілік қатынастарды нығайта беру мақсатымен 1669 жылы өз елшісінен орыс патшасына сыйлық ретінде 1 ат беріп жіберген. Қазақ елшісі құрметпен қабылданып, орыс елшілері Онюшка Шапошников және Назир Надировпен бірге қайта оралады. Орыс елшілері Түркістанға тоқтап, Тәуке ханға кездесуге және орыс патшасының оған жіберген грамота қағазымен сыйлығын тапсыруға тиісті болады. Олар осы тапсырманы орындағаннан кейін Қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласынан Бұқараға аттанады.

Біз бұл орыс елшілерінің Тәукемен нендей мәселелер жөнінде келіссөздер жүргізгеннен ашып айта алмаймыз. Себебі, келіссөздер тақырыбы туралы сақталған мәліметтер жоқ. Дегенмен, орыс патшасы өз елшілері арқылы Қазақстанмен елшілік және сауда қатынастарын жасап тұруға ұсыныс жасағаны ықтимал.

Шапошников пен Надиров Бұқарда екі айдай уақыт болып, Түркістанға қайта оралғанда Тәуке өзінің Тұғынай, Қарашай деген елшілерін оларға қосып, Сібірге аттандырған. Қазақ елшілері орыс патшасының атына жазылған хат және оған арналған садақ, жібек, кездеме т.б. сыйлықтар алып барады.

Қазақ елшілері 1670 жылдың қазанында Тобольскіге келіп, одан әрі Мәскеуге барған. Бұл елшілердің Мәскеуде жүргізген келіссөздері және оның нәтижесі немен тынғаны жөнінде мұрағат материалдары әлі күнге дейін

табылған жоқ. Сондықтан қазақ-орыс елшілерінің Мәскеудегі қызметі, нәтижелері жөнінде біз әзірше ашып айта алмаймыз.

Жоғарыда айтылғандай, Қазақстан Тәуке ханның (1680-1718жж.) тұсында да Жоңғариямен күресін тоқтатқан жоқ. Өзінің хандық құруының алғашқы күндерінен бастап-ақ Тәуке хан барлық күшін Қазақ хандығының саяси бірлігін нығайтуға және оның саяси тәуелсіздігін сақтап қалуға жұмсады. Тәукенің хан билігін күшейтудегі ниетін орыс елшілері Федор Скибин мен Михаил Трошинге айтқан мына сөздерінен де байқауға болады: «Түрік сұлтанының немесе Иран шахының Тәуке ханнан несі артық? Олар да оның өзіндей!»

Көп жылдарға созылған Жоңғариямен күрес Қазақ хандығының Ресеймен жақындасуын тездетті. ХҮІІ ғасырдың аяқ шенінде солтүстікте, Сібірде қазақ қоныстары орыс мемлекетінің шекарасымен іргелесіп қона бастады. Мұның өзі Ресей мен Қазақстанның сауда және саяси қатынастарын нығайтуға қолайлы жағдай туғызды. Сөзімізді дәлелдеу үшін Тәуке ханның 1691 жылы орыс патшасына жазған хатына тоқтала кетейік: «сіздің бабаларыңыз бен әкеңіз сол кездерде (ХҮІІ ғасырдың 30-60 жылдары туралы айтылып отыр.) өз адамдарын бізге жіберіп, ал біздің елшілер сіздерге барып тұратын-ды. Екі елдің арасындағы сауда адамдары бір-бірімен кенесте болып, достық қатынаста болатын». Келтірілген үзіндіге қарағанда екі мемлекеттің арасындағы саяси-дипломатиялық қарым-қатынастардың бірден-бір өлшемі болып есептелетін сауда байланыстарының ХҮІІ ғасырдың 30-60 жылдарында да үзілмегендігі байқалады.

Сауда-саттық қатынастарын бұдан былай да үзбей, жалғастыра беірудің қажет екендігін екі елдің де мемлекеттік қайраткерлері жақсы түсінген. Мысалы, Тәуке хан 1694 жылдың қазан айында өз елшісі Қолтубай Аталықов арқылы орыс патшасы І Петрге Ресеймен достық қарым-қатынасты қалпына келтіру туралы хабарлаған. Сол кездегі елшілердің өзі бір жағынан, сауда-саттықпен айналысқанын Қ. Аталықов бастаған елшілік қызметінен-ақ анық байқауға болады. Басқаша айтқанда, мұндай елшіліктерді кіші-гірім сауда керуені десе де болғандай. Мәселен, осы ретте қазақ елшісімен бірге Түркістандық саудагер Елсейіт Шүкіров те келген. Бұл екеуі алып келген төрт тең сауда жүктің ішінде бұқаралық маталар және әр түрлі кездемелер болған. Жалпы сол кездегі елшіліктерге сауда керуендерінің ілесе жүруі де жиі кездеседі. Бұл салт сол елшілікті жіберген елдің көршісі мен достық қарым-қатынаста екендігін растайтын белгісі болса керек. Елші Қолтубай Аталықов Тәуке ханның бұл бағытта қандай келісімдерге болса да баратыны жөнінде және өткен кездердегі достық қарым-қатынастарды қайтадан жандандыруға дайындығын орыс үкіметіне жеткізген.

Елші Қолтубай Аталықовқа Тәуке ханның екінші тапсырмасы ХҮІІ ғасырдың 80-ші жылдарында қазақ феодалдарының Сібір селендеріне жасаған бір шабуылы кезінде орыстар қазақтың Келді деген атақты мырзасын тұтқынға алып қалған болатын-ды. Тұтқыннан Келдіні босату үшін қазақ шонжарлары біраз әрекеттер жасағанымен, нәтижесіз қалған-ды. Енді Тәуке хан Келді жөнінде орыс патшасы І Петрге арнай хат жазып, оның босатылуын сұраған. Қазақ-орыс қатынастарына арналған №12 құжатта «А ныне Казыя-салтана имя

особой малой владелец ездил с воровскими людьми с своих урочищ на ваших людей, и я к ним ездил месяц, и тот салтан ездил к русским сторонам с каракалпаки вместе для сесветного последнего худова дела, и я их за такое худое дело крепко бранил, и в стыд привел, и говорил я им, чтоб они здравствовали на своих государствах, а мы бы здесь. И мы такому худому воровству и недоброму делу не рады, и не надобно, и не любим, что меж царствами такие дурости чинятся.», - деп жазылған. Қазақ елшісінің сөзіне қарағанда, Тәуке хан өз сұлтандары мен билерін талай рет жинап алып, оларға орыс шекараларына тұтқиылдан шабуыл жасауларын тиюды талап еткен. Екі елдің арасында анда-санда болып тұратын осындай тиімсіз қатынастар туралы айта келіп, Тәуке хан олардың екі жағы үшін де «қайырымсыз іс» екенін, бұдан былай оларға жол бермеу керектігін көрсеткен.

Бірақ Тәуке ханның бұл талаптарына қарамастан, қазақтың ру басылары орыстың бекіністері тым жақын болғандықтан Ресейге онша сене қоймайтын. Дегенмен, жоңғарияның қауіп төндіруі және онымен күресу орыс мемлекетімен қалайда жақындасуды талап етті. Жоңғар отрядтарының орыстың Сібіріндегі селендеріне шабуылын тоқтатпауы Сібірдегі орыс әкімшілігінің де мазасын алып, енді Қазақстан мен Ресей арасындағы одақ екі жаққа да табиғи нәрсе болып көріне бастады. Оның үстіне, патша үкіметі қазақ жерлерін шығыстың бай елдеріне - Орта Азия мен Үндістанға өтетін қақпа деп танып, Қазақстанмен арақатынасты бұзбауға тырысты. Сондықтан да орыс үкіметі 1694 жылы өз елшілерін жіберіп, екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды нығайтуға тағы да бір адым жақындағандай болды. Орыс елшілігін Федор Скибин мен Матвей Трошиндер басқарған. Олар екі жарым мың километрдей жол жүріп, Тәуке ханның ордасы Түркістан қаласында болып, онымен келіссөздер жүргізген. Бұл келіссөздердің мақсаты – Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынастарын жақсарту және екі елдің арасындағы дипломатиялық байланыстарды одан әрі нығайту болатын. Орыс үкіметі өз елшілері арқылы Тәуке ханнан қазақ феодалдарының орыс мекендеріне шабуыл жасауын тию туралы талап қойғанда, Тәуке хан орыс селендеріне шабуыл жасап жүргендердің хан ордасынан алыстағы өкілдері екендігін, оларға тиым салу қолынан келмейтіндігін айтқан. Ал енді орыс мемлекетімен алдағы болатын қарым-қатынас мәселесін Тәуке хан билердің кеңесіне салғанда, олардың көпшілігі Ресеймен соғысуды қолдап шыққан. Қазақ шонжарларының Ресеймен бейбіт қатынаста болуы екі ел үшін де тиімділігін түсінбегендіктен, орыс елшілері Ф. Скибин мен М. Трошинді соғыс тұтқындары ретінде Түркістан қаласында қалдырған. Тәуке хан бұл істің қолайсыздығын түсінген болуы керек, әйтпесе Трошин мен Скибиннің оп-оңай Бұхараға қашып кетуін түсіндіру қиын-ақ. Олар 1697 жылы аман-есен Тобольск қаласына қайта оралған³¹.

Жоғарыда айтылған елшіліктің Қазақстан мен Ресей арасында болған дипломатиялық қатынастар тарихынан айтарлықтай орын алатынын

³¹ Сабырханов А. Қазақстан мен Россияның XVIII ғасырдағы қарым-қатынастары (қазақтың кіші жүзіне қатысты мәліметтер негізінде). – Алма-Ата: ҚазССР-ң «Ғылым» баспасы, 1970. – 27-28 бб.

айтпағанның өзінде, оның ХҮІІ ғасырдағы Қазақ хандығының экономикалық, шаруашылық тарихын зерттеудегі маңызы да үлкен. Мәселен, Скибин мен Трошиннің келтірген мәліметтеріне қарағанда, қазақтар тек қана көшпелі мал шаруашылығымен емес, сонымен бірге егін шаруашылығымен де айналысқан, отырықшылық тұрмыста болған. Бұлардың айтуына қарағанда, сол кездегі Қазақстанның ұлан-байтақ жерінде қалалық аудандар да болған, бұлардың бәрі Түркістанмен іргелес жатқан. «Қазақ ордасының қалалары Түркістанның төңірегінде, олардың бірі екіншісіне көрініп тұрады», - дейді Скибин. Мұның айтуынша, Қазақстанның территориясында сол кездің өзінде 20-дан 32-ге дейін қала болған.

Осы мәліметтерді тағы бір орыс елшісі Василий Кобяков та растайды. Бұл елші Тәуке ханға қазақ феодалдарының орыс селендеріне жасаған шабуылдарының себебін білуге жіберілген-ді. Оның айтуынша, Тәуке ханның қол астында 20 қала болған, олардың бәрі күйдірілмеген кірпіштен салынған. В. Кобяков Тәуке ханның әскері 80 мың шамасындай екенін және мұның үстіне алты мыңдай қарақалпақ қолының қосылатыны жөнінде айтады. Соған қарағанда, қарақалпақтардың Тәуке ханнан тәуелді болғанын аңғару қиын емес.

Василий Кобяков қазақтардың бидай, арпа және тары өсірумен айналысатыны туралы да деректер келтіреді. Қазақтарда ірі қара малдың VIIІжөқтың қасы екенін, қой мен жылқының көп екендігін орыс елшісі дұрыс байқаған.

Сонымен, Қазақстанда болған орыс елшілерінің тарихын зерттеуде тек олардың саяси қарым-қатынастарды нығайтудағы роліне ғана тоқталу жеткіліксіз. Қазақстанда болған кезіндегі олардың байқауларында, мәліметтерінде қазақ тарихы үшін аса құнды және сирек кездесетін деректер бар. Осы жағына да баса көңіл аударған жөн.

В. Кобяковтың деректері Қазақ хандығы мен Орта Азия хандықтарының арасындағы тығыз сауда қатынастары, Түркістан қаласының Ресеймен Бұқар, Хиуа ортасындағы елеулі транзиттік ролі, қазақ шонжарларының осы сауданы бақылап, одан түсіретін пайдасы және басқа көптеген мәселелер туралы құнды мәліметтер береді. Сонымен қатар орыс елшісінің Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы туралы бақылаулары, оның жасаған кейбір қонымды, әрі сенімді жобалаулары, әсіресе, өз көзімен көрген уақиғаларды тәптіштеп баяндауы, міне, осылардың бәрі ортағасыр дәуіріндегі Қазақстан тарихының кейбір басты мәселелері бойынша таптырмайтын тарихи материалдар болып есептеледі. Сондықтан елшілік тарихын зерттегенде жалпы қазақ тарихының сол дәуірдегі басқа да мәселелерімен байланыстыра сөз етсе, әрі ұтымды, әрі татымды болар еді демекпіз³².

ХҮІІ ғасырдың бастапқы кезіне дейін болған қазақ-орыс елшілік қатынастар тарихын зерттеудің қажеттілігі, кезек күттірмейтін мәселе екендігі

³² Сабырханов А. Қазақстан мен Россияның XVIII ғасырдағы қарым-қатынастары (қазақтың кіші жүзіне қатысты мәліметтер негізінде). – Алма-Ата: ҚазССР-ң «Ғылым» баспасы, 1970. – 27-28 бб.

тек жоғарыда айтылғандармен шектелмейді. Осы қарым-қатынастардың нәтижесінде Қазақстан Ресейге ғана емес, басқа Европа елдеріне де мәлім болып, тарих беттерінде мәңгі із қалдырды.

Қазақстанды географиялық зерттеу ісінде орыс елшілерінің атқарған қызметі айтарлықтай. Мәселен, Федор Скибин мен М. Трошиннің мәліметтеріне сүйеніп, ХҮІІ ғасырдың соңында карта жасалынды. Бұл картаға Скибин мен Трошин бастаған елшіліктің Тобольскіден Түркістанға дейін жүрген жолы кірген. Осы картаның негізінде 1701 жылы Семен Ремезов өзінің «Сібірдің сурет кітабы» («Чертежная книга сибиря») атты еңбегін жасады. Бұл кітапта қазақтың үш жүзінің де территориясы да көрсетілген.

ХҮІІ ғасырдың аяғына дейін болған қазақ-орыс елшілік қатынастарының жалпы шолуын бере отырып, одан шығатын негізгі қорытындыларға тоқтала кетейік.

- Біріншіден, Қазақстан мен Ресей арасындағы тарихи қатынастар ілгеріден басталып, олар дипломатиялық, шаруашылық немесе сауда-саттық түрінде болсын барлық жағдайда, әр кезеңде үзілместен жалғасып отырған.

- Екіншіден, ХҮІІ ғасырдағы елшілік қатынастар Қазақстан мен Ресейдің саяси, экономикалық байланыстарының нығаюына ықпал етіп, екі ел бірін-бірі шаруашылық, саяси-әлеуметтік және географиялық жағынан таныған.

- Үшіншіден, Ресейдің Қазақ хандығына деген қызығушылығы әр кезеңде нақты деректердің негізінде айқын байқалады.

Студенттің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. XVI ғ. алғашқы елшіліктердің мақсаты мен нәтижелері.
2. XVI-XVIII ғғ. Қазақ хандығы мен Ресей империясы арасындағы саяси қарым-қатынастар.
3. XVI-XVIII ғғ. саяси қарым-қатынастардың негізгі бағыттары.
4. Алғашқы елшіліктердің тарихи маңызы.
5. Екі ел арасындағы елшілік-дипломатиялық миссиялар.
6. Т. Чебуков бастаған елшіліктің сәтсіздігі.
7. В. Степанов бастаған елшіліктің басты мақсат-міндеті мен тарихи маңызы.
8. Қасым хандығында хан болған Ораз-Мұхаммед сұлтанның өмірі мен қызметі.
9. Ф. Скибин мен М. Трошин елшіліктері.
10. Қ. Аталықов бастаған елшіліктің қызметі.
11. В. Кобяков бастаған елшіліктің тарихи маңызы.

XVI-XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ-ОРЫС САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

2.1 XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс саяси қарым-қатынастарының негізгі бағыттары

Сібір хандығының құрамында солтүстік Қазақстанның болғанын және онда көптеген қазақ тайпаларының өмір сүргенін ескеретін болсақ, онда Сібір хандығының тарихы қазақтардың тарихының құрамдас бір бөлігі екендігі анықталады.

Ресей империясының Сібір жеріне жасақтаған бірінші академиялық экспедициясының (1733-1743 жж.) мүшесі Г.Ф. Миллердің (1705-1783 жж.) «История Сибири» деген 1750 жылы жарық көрген еңбегі осы өңір туралы ең алғаш жазылған іргелі зерттеуі екендігін атап өту қажет. Бұл еңбекті Сібір тарихымен айналысқан зерттеушілердің барлығы дерлік пайдаланған. Автордың осы туындысының құндылығын С.В. Бахрушин, А.И. Андреев, Э.А. Масанов және т.б. зерттеушілер ерекше атап өтіп, Г.Ф. Миллерді тіл маманы, этнограф, тарихшы деп бағалаған.

Автордың «История Сибири» еңбегінің бес тарауы 1750, 1787, ал 1937, 1941 жылдары 1-томы екі рет жарық көрген болатын, кейіннен 1999 жылы

толықтырылған нұсқасы қайта басылып шықты. Академиялық еңбектің әр ғасырда басылуы оның фактілік маңызы мен қажеттілігін айғақтап тұрғандай. Г. Миллер өз еңбегінде мұрағат деректеріндегі ресми құжаттарды пайдаланып, арнайы көшірмесін жасатып алған. Сонымен қатар Сібір жылнамаларының мәліметтерін жазып алып отырған. Онда мұрағаттардан алынған түпнұсқа құжаттардың көшірмесі зерттеудегі мәліметтердің құндылығын жоғарылатады, өйткені автор жұмыс жасаған мұрағаттар кейіннен өртеніп, ондағы құжаттар жойылып кетеді. Зерттеушілердің біразы Г. Миллерді өз дәуірінің империялық қыспағының шеңберінен шыға алмаған зерттеуші деп, оның еңбегін таза фактология, онда өзіндік ой-тұжырымдар жоқ дегенді айтқанымен, автордың 10 жылдан астам жинаған деректері қайталанбас туындыға жатады.

«История Сибири» еңбегінде XVI ғ. тарихи оқиғалары тізбектеліп, әсіресе Сібір билеушілері, Көшім хан, қарақшы Ермак, Мәскеудің казактар арқылы отарлау тарихы анық баяндалған. Онда осы кезеңдегі қазақ-орыс қатынастарының кейбір тұстарын ашуға көмектесетін фактілер де баршылық. Мәселен, мұнда 1574 жылы 30 мамырда Иван Васильевичтің Алтын Орда дәуірінен танымалы фамилия Строгоновтардың ұрпақтары Яков және Григори Строгоновтарға 20 жыл бойы алым-салықтан босатуы туралы грамотасы жарияланған. Мұнда Мәскеу патшасы: «... коли наши послы или посланники поедут с Москвы в Сибирь или в Казацкую орду или из Сибири и из Казацкие орды к Москве мимо ту их крепость, и Якову да Григорью и их слобожаном нашим Сибирским и Казатцким послом и всяким нашим посланникам в те их льготные 20-ть лет подвод и проводников и корму не давати; а хлеб и соль и всякой запос послом и гонцам и проезжим людям и дорожным покупать по цене как там меж себя купят и продают; а проезжие люди всякие подводы и суды и гребцы и кормщики наймуют по тамошнему обычаю, как пригоже», - делінген. Бұдан көретініміз сол кезеңнің өзінде қазақ-орыс елшілігі орнаған, бірақта ресми құжаттардың жоқ немесе сақталмауынан нақты байланыстар туралы зерттеушілер тек болжамдар жасайды.

Сібір тарихын зерттеген Г. Миллер Ораз Мұхаммедті Қазақ ордасының сұлтаны деп атаған. Бұл сұлтанның Қараша мырзамен бірігіп, Сібір қаласын билеген Сейдекке келіп қосылуы, оны едәуір күшейткенін баяндайды.

Патша әкімшілігінде қызметте тұрған шенеуніктер қазақ халқының тарихын зертеулерін жалғастырды. А.И. Добромислов 1755 жылғы Батырша басқарған көтеріліс кезіндегі қазақ пен башқұрттардың қарым-қатынасын талдап, И.И. Неплюевтың ұйымдастырушылық қасиеттерін атап көрсетті.

Ресейдің Қазақ хандығына қатысты өркениеттілік миссиясы С.М. Соловьевтың (1820-1879) еңбегінде айқын көрніс тапқан. Оның көзқарастары орыс тарихнамасында кеңінен таралған. Осы зерттеуші өзінің «История России» және басқа да еңбектерінде тағылықтың өркениеттілікпен алмасу тұрғысында тарихи процестің даму заңдылығы мәселесін көтеріп, оны орыс тарихын зерттеуде қолдануға тырысты. С.М. Соловьев І Петрдің парсы жорығындағы қызметін бағалау барысында, «бедный русский народ, если [Россия] станет посредником в торговом отношении между Европою и Азиею» деп оның баюға деген талпынысын айтты. Бұл жерде Соловьев Ресейдің өзге

елдердің халқын өркениеттілікке тартуға емес, ашық түрде пайдакүнемдік мақсаттарды көздегенін көрсетті. Қазақстандағы XIX ғасырдың екінші жартысында қоғамдық ойдың ірі өкілдерінің бірі, еңбектері сол кездегі зерттеулердің ішінде маңызды орынға ие ғалым және ағартушы Ш.Ш. Уәлиханов (1835-1865) болды. Оның шығармаларында біз нақты қорытындылар, тікелей бақылаулар және халықтың жадында сақталған оқиғалардан мәліметтер табамыз. Халықтың дәстүрі мен аңыздарын, сонымен қатар көптеген құжаттық материалдарды білуі XVIII ғасырдағы Қазақстан тарихының қайғылы сәттерін, әсіресе жоңғар шапқыншылығы мен оның қазақ халқына тигізген салдарына байланысты Қазақстанның Ресейге қосылу себебтерін ауқымды және терең ашуға мүмкіндік берді.

Төңкеріске дейінгі XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарын қарастырған авторлардың еңбектерін саралай келіп, біз төмендегідей қорытындыларға келдік:

- Қазақ хандығы қай ғасырда да орыстарды қатты қызықтырған;
- Орыстар қазақ-орыс қатынастарын көбінесе Қазанды, Сібірді, Орта Азияны отарлау тарихының шеңберінде қарастырған;
- Зерттеушілердің басым көпшілігі Ресейдің империялық саясатына мойынұсынған;
- Сол кезеңде жазылған еңбектердің көбісі бірін-бірі қайталау мен қазақтарды орыс елі құтқарушы, прогресс әкелуші, дамытушы ретінде көрсетуге тырысқан.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін қазақ-орыс қатынастары ерекше назарда болды. Көптеген зерттеушілер осы мәселенің әртүрлі қырларын зерттеуге кірісті.

«Из истории сношений казахов с царской Россией в XVIII в.» атты В. Лебедевтің мақаласы алғаш рет XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қатынастарын талдауға арналған. Онда автор Ресей империясының отарлау, тонау саясатын барынша ашып көрсетуге тырысады. Автор «грабительская сущность колониальной политики царизма» деп патша империясының отарлау саясатын ашықтан ашық әшкерелейді. Ол І Петрдің: «через многих изволил уведомиться об оной орде, ... всем азиатским странам и землям оная де орда ключ и врата и той ради причины оная де орда потребна под российской протекцией быть, чтобы только чрез их во всех странах комоникацию иметь и к российской стороне полезные способные меры взять», - деген сөзін келтіріп, отарлау саясатының мақсатын батыл көрсеткен болатын.

М.П. Вяткин 1941 жылы жарияланған «Очерки по истории Казахской ССР» еңбегінде қазақ-орыс қатынастары, қазақ-ойрат байланыстарының тарихы біршама объективті баяндалған.

Тікелей қазақ-орыс қатынастарына арналмағанымен тарихшы А. Миллердің «Международное положение Казахстана во второй половине XVI века» атты ғылыми мақаласында екі ел арасындағы байланыстар біршама талданады. Автор қазақтардың көрші ноғайлар мен шайбанилермен Хакназар, Шығай, Тәуекел хандар тұсындағы халықаралық қатынастарын зерттей келіп, 1594-1595 жж. қазақ-орыс қатынастарын талдап, ол кезеңде алшақта жатқан

Ресей қазақтарға шынайы көмек көрсете алмағанын атап өтеді. Автор 1594-1595 жылдарғы қазақ-орыс қарым-қатынастарының уақытша аяқталуына байланысты А.П. Чулошниковтың пікірінен өзгеше, Тәуекелдің орыс елінің қол астына кіргісі келмегенімен түсіндіреді. Әрине, мақалада сол кезеңдегі саясатқа жат, хандардың тарихи тұлғасы мен олардың қазақ халқының басын құру үшін жүргізген күресі тоталитарлық режимнің идеологиясына қарама-қайшы келді, оның 1943 жылғы басылымға қатысты дау-дамайлардан да көрініс тапқаны тарихта белгілі.

А. Миллердің мақаласына Р.Б. Сүлейменов: «Деректік қорымен, ғылыми әдебиеттерде де бұл мәселенің шектеулігі, мақаланың аз көлемде болуы бұл кезеңге байланысты Қазақстанның халықаралық байланыстарын ашып көрсете алмады», - деп баға берді.

1945 жылы қорғалған Г.Ф. Бутлердің «Русско-казахские отношения в восточном Казахстане в XVIII в. и первой половине XIX века» атты кандидаттық диссертациясында алғаш рет қазақ-орыс байланыстары арнайы зерттелген болатын. Бұл диссертация Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханасының сирек қорында сақталған. Оны осы күнге дейін қазақ-орыс байланыстары мәселесімен айналысқан бірде-бір зерттеуші пайдаланбаған секілді. Бұл 301 беттік еңбек таза маркстік-лениндік идеологияның негізінде жазылғандығын бірінші бетінен-ақ аңғаруға болады.

Диссертацияның «Русско-казахские отношения в освещении исторической литературы и некоторые новые данные на основании архивных материалов» деп аталатын кіріспеден кейінгі 2-тарауында автор бұл мәселені Маркстік, Энгельстік, Лениндік, Сталиндік көзқараспен зерттеу қажеттігін атап өтіп «...казахские националисты, стремясь оторвать казахский народ от русского, обособить его, чтобы сохранить свою власть над ним, чтобы попрежнему эксплуатировать его, осуждали все русское, видели в присоединении Казахстана к России абсолютное зло, отрицали прогрессивно-цивилизующую роль России в Казахстане», - деп қазақ зиялыларына қарсы пікірлер білдіреді.

Автор қазақ-орыс байланыстарын қарастыра отырып, орыс халқын қазақтарды XVI ғ. басында Сібір ханы Көшімнің (Көшімді қазақтың Шайбани тегінен шыққан деп көрсетеді) қыспағынан айырған халық ретінде көрсетеді. Ол тарихи фактілерді барынша бұрмалап, төңкеріске дейінгі әдебиеттердегі пікірлермен де көбінесе санаспайды.

1946 жылы ғылым академиясының хабаршысында жарияланған «К вопросу о казахско-русских отношениях в XVI веке» деп аталатын В.Б. Кобринның қысқа мақаласы жарық көрді. Мұнда автор XVI ғасырда қазақ-орыс елшілік, саяси, сауда-экономикалық қатынастарына, дипломатиялық байланыстарға негіз болған Ораз Мұхаммедке де тоқталады. В. Кобрин «В работах, появившихся в советское время, этот вопрос специально не разбирался, а лишь косвенно затрагивался в связи с общими вопросами истории России и Казахстана», - деп автор бірқатар кемшіліктерге жол береді. Автор сол кезеңдегі дипломатиялық байланыстардың деректері мұрағатта сақталғандығын айта келіп, олардың жарияланбағанын, онымен танысу мүмкін болмағанын, тек

А. Левшин, В.В. Вельяминов-Зернов, А. Миллердің зерттеулерімен шектелгендігін баяндайды.

38-ші жәшікте сақталған Қасым хан тұсындағы екі ел арасындағы байланыстардың тізімдемесін 37-ші жәшік деп шатастырғанын айтпағанда, орыстар Тәуекел ханға от қару берді деген жалған фактілерді келтіреді де, «В марте 1595 г. Московское правительство дало ответ. Оно принимало Тевеккеля в русское подданство и даже посылало ему «снаряд огнестрельный», т.е. пушку. Однако Московское правительство соглашалось освободить Ураз Мухаммеда лишь с тем условием, чтобы Тавеккель дал взамен другого заложника – своего сына Хуссейн-султана», - делінген. 1595 жылы В. Степановтың елшілігіндегі Тәуекел ханға жіберілген Федор патшаның грамотасында: «А только ваша к нам прямая правда и служба будет и Усейна-царевича к нам пришлеш, и мы брата вашего Уразмагмета-царевича...и со всем его родством, пожаловав своим великим жалованьем, к вам отпустить велим и с ним вместе многую рать свою с вогненным боем в Сомару послати велим» деген мәліметтерден ол кезде, кейін де орыстар от қаруды қазақтарға бермегенін көреміз. Құжаттарда Тәуекел хан Степанов елшілігіне қосып Мәскеуге Мұрат деген баласын жібереді. Неге екені белгісіз, ол туралы сол кезеңде де, кейін де зерттеушілер ауыз ашпайды.

Қорыта келгенде, алғашқы большевиктер партиясы билікке келген уақытта XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары арнайы түрде, жүйелі зерттелмеді. Оған себеп:

- деректер мен фактілердің шектеулігі;
- мұрағат құжаттарымен танысуға мүмкіндіктердің болмауы.

Зерттеулерді талдай келіп, еңбектерде көбіне бірін-бірі қайталау, одан қалса А. Левшин мен В.В. Вельяминов-Зерновтан көшіру орын алған. Кейде тарихи мәліметтер бұрмаланғанын да байқаймыз. Дегенмен, біз сол кезеңдегі зерттеушілердің барлығына топырақ шашудан аулақпыз, тек ақ-қарасын ажыратып, объективті түрде тарих ғылымының даму тенденцияларын айқындап, жана ізденістерге жол ашпақпыз.

Кеңестік тарихнамада XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары мәселесі көбінесе екі ел арасындағы достық қатынастар, елшіліктер алмасуы және дипломатиялық миссиялар, сауда-экономикалық қатынастар деп көрсетуге, қазақ-орыс елшілік байланыстарын қазақ хандарының Ресей боданы болуының алғышарты ретінде көрсетуге негізделген сипаттау түрінде жазылған зерттеулерден тұратын. Оларда көпшілікке белгілі фактілер, әсіресе елшіліктерге байланысты, бірін-бірі қайталау басым еді. Сондай-ақ, XVI ғасырда басталған Ресейдің отарлау саясаты бүркемеленіп, ашық жазылмайтын.

Тәуелсіздік тұсында жазылған зерттеуші Г.Е. Сабденованың 2001 жылғы «Кеңестік дәуірдегі Қазақ хандығының көршілес елдермен байланыстарының тарихнамасы» тақырыбындағы мақаласында автор: «1943, 1949, 1957 жылдардағы ұжымдық еңбектердің деректемелік қоры жеткіліксіздеу болғандықтан Қазақ хандығының сыртқы байланысы тиянақты көрсетіле қойған жоқ», - деп сол кезеңдегі мұрағат материалдары мен жазба деректердің ғылыми айналымға қосылмағанына баса назар аударып, тек көрші елдермен

байланыстарын зерттеу бағыттарында алғашқы қадамдарды ұлттық интеллигенция өкілдерінің еңбектерінде және зерттеулерінде көрініс тапқандығын атап өткен болатын.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, 1924 жылы жарық көрген зерттеуші А.П. Чулошниковтың «Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен» атты еңбегінде автор Қазақстан тарихынан, этногенезі мен саяси жағдайынан, оның ішінде қазақ-орыс қатынастарына байланысты мәселелерді қарастырады. Б. Сүлейменов А.П. Чулошниковтың еңбегі маркстік тарихнамадан алыс, онда буржуазиялық тарихнамада жинақталған мұрағат деректері мен фактілері көрініс тапты дейді.

А.П. Чулошников өз еңбегінде Хақназар хан тұсындағы қазақтар туралы ноғайлардың ежелгі Ресей мұрағатында сақталған мәліметтердің негізінде орыстар, қазақтар туралы үнемі біліп отырғанын айтады. Онда орыс елінің сол кезде-ақ Қазақ хандығымен байланыс орнатқысы келгендігін атап өтеді. Сондай-ақ автор орыс патшасы 1573 жылы саудагер ағайынды Строгоновтардың өтінуімен сауда-экономикалық мүддеде Третьяк Чебуковтың елшілігі келді дейді. Бұл елшілікті Көшімнің жиені Мәметқұл тұтқындап, елшілік нәтижесіз болды. А.П. Чулошников бұл тұста орыс елінің қазақтармен Сібір ханы Көшімге қарсы одақ құру мақсатында 1573 жылы елшілікті жібергенін атап көрсетпейді. Автордың оқиғаны тізбектеу желісі мен біздің логикалық жүйелеуіміз бойынша орыс елінің мақсаты - әскери одақ екендігі көрініп-ақ тұр. Ал елшінің ұсталуының өзі соның дәлелі. Мұнда А.П. Чулошников орыс елінің Сібірлік Көшімге қарсы әскери одақты Қазақ елінен іздегенін мойындағысы келмеген сияқты.

Сонымен қатар, А.П. Чулошников 1594 жылы Тәуекел хан тұсындағы Қазақ хандығының Мәскеумен байланысқа түсуінің басты себебі ханның немере інісі Ораз Мұхаммедті қайтару болды және ол мақсатқа жету үшін қандай болмасын шартқа көнуге мәжбүр болды деген тұжырымға келеді. Сондай-ақ, 1594-1595 жылдардағы қарым-қатынастар нәтижесіз болды деп, оған Тәуекел ханның орыстарға қатысты саясатын кілт өзгертуі себеп болғанын айтады. Бұл ретте автор қателесті, өйткені, Тәуекел хан орыс елшілеріне қосып ұлы Мұрат сұлтанды жіберген болатын. Ал орыстар өз сөзінде тұрмай, ханның немере інісін еліне қайтармайды. Әрине, Федор патшаның жіберген 1595 жылғы В. Степановтың елшілігі Тәуекел ханға орыстардың саясатын ашып берді. Сондықтан да, Қазақ ханы Тәуекел орыстар жіберуге уәделескен Ораз Мұхаммедті де, «от қаруды» да бермейтініне көзі жетті.

Зерттеушілік дәстүрдің жалғасы М. Тынышпаевтың, С. Асфандияровтың және т.б. қазақ зерттеушілердің еңбектерінде жүзеге асырылды. Қазақ-орыс қарым-қатынастары жайлы түсінікті және оның Қазақстан үшін маңызын көп жағынан тереңдеп ашқан М. Тынышпаевтың 1925 жылы жарық көрген «Материалы к истории казахского народа» аты еңбегі болды. Бұл іргелі еңбек Орталық Азияның зерттеушілерін әлі күнге дейін аса қызығушылығын тудырады.

М. Тынышпаев А.П. Чулошниковтың еңбегіне пікір жазып, сынаған болатын. Ол өзін тек инженер ретінде емес, сонымен қатар қазақ тарихы мен мәдениетін терең білетінін көрсете білді. Мұхаметжан Тынышпаев А.П. Чулошниковтың еңбегінде Қасым хан тұсындағы Мәскеу елімен дипломатиялық байланыстарын дәлелдейтін мәліметтер түгелімен В.В. Вельяминов-Зерновтан көшірілгенін айтады.

М. Тынышпаевтың қазақ халқының тарихына деген үлкен қызығушылығы мен ғылыми эрудициясы А.П. Чулошниковтың кітабындағы жіберілген бұрмалаушылықтарды әділетті сынға алған. М. Тынышпаев бұл кітаптың ғылыми дәйексіздігін атап өтіп, былай жазады: «В предисловии автор говорит, что он задался целью «подвести научный итог ко всей проделанной, до сих работе по киргизскому прошлому», «оттенить промахи и пробелы предшествующей историографии», которую нужно было «исправить и дополнить», в то же время оговаривается (введение XII), что работал в «глухой провинции, вдали от культурных центров», «с большим трудом и даже случайно добывал нужные книги и исторические материалы, не нашел ни одного лица, сведущего и опытного».

Жалпы М. Тынышпаев А.П. Чулошниковтың еңбегіне мынадай қорытынды шығарады: «1) Не менее j книги не имеет отношения к казахам. 2) Автор не разобрался в главнейших исторических событиях, неверно представляет себе происхождение киргиз-казахов, не разобрался в родовых делениях, во взаимоотношениях их друг к другу; смешивает историю династий с историей народа (все казахи с джаныбековцами, все узбеки с шейбанидами), много места отвел фактам несущественным, пропуская в тоже время главнейшие события, немалым недостаткам является незнание языка, неумелое пользование преданиями, бесцеремонные обращения с терминами (народность, племя, род), с эпитетами и т.д.

3) Исторические события то старается выводить из материалистического миропонимания, то рассматривает как результат деятельности отдельных личностей.

4) Большую часть примечаний, выносок, отдельных мыслей приводит так, как будто они взяты непосредственно из первоисточников (мусульманские историки, русские архивы), и что будто отдельные сличения пройзведены самим автором, тогда как они большею частью переписаны из книги 2 Вельяминова-Зернова». Осыған байланысты М. Тынышпаев Чулошниковтың монографиясын объективті және адал ниетті тарихи зерттеуге жатпайтындығын көрсетеді. Демек, кейіннен даусыз деп есептелген көптеген қағидалары шын мәнінде ондай болып табылмайды.

Қазақ зерттеушілері қазақ жүздерінің Ресейге қосылуын прогрессивті деп есептемеген, олардың ойлары бойынша бұл амалсыздықтан болған, және қазақтардың мүддесіне жауап бермегендіктен де отаршылдық саясатқа қарсы көптеген көтерілістер жасағандығын атап өту керек. Бұл көзқарасты М. Тынышпаев, М. Дулатов және А. Бөкейхановтар ұстанған. С.Д. Асфендияров өзінің еңбегінде олармен ниеттестігін білдіріп, бұл қосылу емес, шикізат көздерін алу мақсатындағы отарлау болған деп санады. XX

ғасырдың 40 шы жылдары кеңестік тарихнамада Қазақстанның болашақтағы дамуына қазақ-орыс қарым-қатынастарының прогресивтігі туралы көзқарас бекітілді. XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынастарына байланысты бірқатар мәліметтер Г.Е. Грумм-Гржимайлоның Орталық Азияның тарихи шолуында кездеседі. Саяси қатынастардың жекелеген аспектері М.П. Вяткиннің құрастырған Қазақстан тарихының алғашқы құрастыруларында берілген. Аталған еңбектер кеңестік тарихнамада белгілі бір қадам жасаған және қазіргі кездің зерттеушілеріне құнды құрал болады.

Н.Г. Аполлованың «Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII-начале XIX века» атты кітабында қазақ-орыс қатынастары Қазақстанның дамуындағы прогрестік мағынада талданады.

Едәуір тарихнамалық қызығушылықты XVIII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ-орыс қатынастарын көрсеткен А. Сабырхановтың кандидаттық диссертациясы танытады. Ғылыми қоғамның назары аударалықтай Қазақстаннан Ресейге, Ресейден Қазақстанға аттанған елшіліктер туралы және т.б. мәліметтер ғылыми айналымға енген.

В.Я. Басиннің «Из истории русско-казахских дипломатических отношений в XVI-XVII вв.» атты еңбегінде қазақ хандығы мен Ресейдің қарым-қатынасы және олардың соңғысының сыртқы саясатындағы ролі туралы мәселелерді қарастырған. Кейініректе ол бұл мәселеге бірнеше рет оралып, толық көзқарасы «Россия и казахские ханства в XVI-XVIII вв.» атты еңбегінде беріледі. В.Я. Басин монографиясының кіріспесінде «Наша задача состоит в том, чтобы, критически используя доступные источники и материалы, показать роль, которую отводило царское правительство Казахстану в плане своих интересов. Ввиду того, что отношения между двумя государствами-Россией и Казахстаном –находились в зависимости от сложившейся международной обстановки, проблема представляет интерес не только для истории казахского народа, но и истории внешней политики России в целом».

Зерттеуші В.Я. Басиннің пікірінше қазақ-орыс байланыстары ресми түрде XV ғ. 90 жылдары басталған. Ол: «Официальные русско-казахские сношения начались, по-видимому, не позднее 90-х годов XV в., поскольку книги и списки о них упоминаются в русском архиве наряду с такими же списками сибирского хана Ибака, а последний умер в 1495 г. К тому же наибольшая необходимость в русско-казахском соглашении ощущалась именно в это время, так как все еще существовала, хотя и ослабленная, но не примирившаяся со своим политическим поражением, Золотая орда», - деген болатын.

XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарын қарастырған тарихи зерттеулерді тарихнамалық тұрғыдан тереңірек талдау мәселесі, бүгінгі Қазақстандағы тарихнама ғылымының дамуында маңызы зор. Өйткені, бұл кезеңдердегі қазақ-орыс қатынастары төңкеріске дейін де, Кеңес өкіметі тұсында да, тәуелсіздігімізді алғаннан кейін де зерттеушілер назарынан түспеген өзекті мәселелердің бірі болғанымен, тарихнамалық тұрғыдан алғаш рет зерделеніп, өзінің объективті бағасын алғалы түр.

1953 жылы И.В. Сталин қайтыс болғаннан кейін тарих ғылымының біршама жаңа бағыт алуына және еркінірек дамуына жол ашылды. Сталиндік

кезеңдегі догматизммен, «БКП (б) тарихы. Қысқаша курстағы» қасаң біржақтылықпен күрес басталды. Бұрын қол жетпейтін мұрағат қорларын қарауға рұқсат етіліп, олар ғылыми айналымға түсу мүмкіндіктеріне ие болды.

Кеңестік тарих ғылымы қатаң партиялық әкімшіл-әміршіл жүйенің негізінде дамығанымен, өзінің 70-жылдық тарихында бүгінде ғылыми жағынан құнды дүниелерді де алып келді. Бұл ретте көптеген мұрағат құжаттарының іздестіріліп, жариялануын, ортағасырлық әртүрлі тілдердегі деректердің аударылып, кітап болып басылып шығуын атап өту қажет. 1960 жылдан кейін КСРО жалпы тарих ғылымында айтарлықтай өзгерістер орын алды. Оның дәлелі ретінде мұрағатта сақталған құжаттардың өңделіп, белгісіз болып келген ортағасырлық деректердің аударылып жариялануы жатады, яғни ғылыми айналымға көптеген тарихи деректер қосыла бастады. Олардың қатарына атап айтсақ, «Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках», «Казахско-русские отношения в XIX-XX веках», «Материалы по истории Казахского ханства в XV-XVIII веков» және т.б. Әрине, сол кезеңдегі тарихи деректердің тапшылығын ескеретін болсақ, бұл тарих ғылымында орын алған үлкен өзгерістердің бірі еді.

Кеңес өкіметі тұсында өмір сүрген тарихшы В.Я. Басин, Т.Ж. Шойынбаев, Ф.Н. Киреев, Г.И. Семенюк және А.К. Алейникова сынды зертеушілермен бірігіп, көп жылдық ізденістерінің нәтижесінде «Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках» атты құжаттар мен материалдар жинағын құрастыруға белсене қатысты. Бұл 1961 жылы жарыққа шыққан жинақта көптеген бұрын соңды белгісіз және екіншісі бірі қол жеткізе бермейтін мұрағаттан алынған деректер ғылыми айналымға тұңғыш рет енгізілді. В.Я. Басиннің кейінгі зерттеу еңбектері мен монографиясының да жазылуына осы деректермен таныс болуы, олармен жұмыс жасауы ықпал етті деп айтуымызға толық негіз бар.

Тарих ғылымдарының кандидаты атағын алған В.Я. Басин алғашқы қазақ еліне барған орыс елшілігі туралы 1965 жылы «Русское посольство Вельямина Степанова в Казахстан в 1595 году» деген мақаласын жариялайды. Автор бұл мақалада Қазақстан мен Россия арасындағы саяси және экономикалық байланыстардың тарихи тамыры тереңде жатқанын айта келіп, XVI ғ. өзінде орыстар қазақтарды Бұхара мен Сібір хандығынан өз елін қорғаған ержүрек дала халқы деп бағалағанын атап өтеді. Дегенмен де, В. Басин Ресейге қазақ даласы Орта Азия мен шығыс елдерімен сауда қатынастарын жүргізу үшін қажет транзит жолы болғанын және орыс елі олармен бейбіт қатынаста болуға мүдделі екендігін жасырмады. Сондай-ақ, Сібір ханы Көшіммен соғысу үшін Тәуекел ханмен одақтасуға тырысқанын атап өтеді. Зерттеуші В. Басин Тәуекел ханның көздеген мақсаты – Сібір ханы Көшім мен Бұхара ханы Абдолламен екі майданда соғысып жатып, сол үшін де Ресеймен достасқысы келді деп көрсетеді. Бірақта, біз қазақ-орыс қатынастарына арналған құжаттарға сүйене отырып, 1594-1595 жылдары қазақтар Бұхара ханымен уақытша бейбіт қатынаста екенін аңғардық және де ол кезеңдегі екі ел арасында соғыс болып жатқаны туралы еш бір деректерде кездеспейтінін атап өтуіміз қажет.

Бұл мақалада зерттеуші 1595 жылы орыс елшілігі Вельямин Степановтың қашан, қалай және қанша адаммен қазақ жеріне баратынын, елшінің хан

алдында не сөйлейтіні, сыйлықты қашан және қалай беретіні, ханның сұрағына жауабы да алдын-ала дайындалған нұсқада болды деп жазады. Сонымен қатар, елшінің міндетінде қазақ даласында қанша адам бар, олардың негізгі кәсібі, әскери күшінің құрамы мен саны, қазақтардың қалмақтармен және басқа да көрші елдермен қандай қарым-қатынаста екендігін білу де жүктелген еді дейді. Бұл орайда автор отарлайтын елдің жағдайымен жақсы танысқысы келетін Ресейдің көздеген мақсатын да ап-айқын көрсетіп отырғанымен, оны басқаша түсіндіреді.

Мақала авторы 1595 жылғы орыс елшілігін баяндай отырып, қазақ-орыс қатынастарының құжаттарынан цитаталарды ешбір талдаусыз сөзбе-сөз және сілтемесіз келтіреді. Ал соңында: «Қазақтар орыстардың қол астына бұдан көп кейін кіргенімен, қазақ халқының бұған талпынысын іске асыруға ықпал еткен Вельямин Степанов бастаған орыс елшілігі еді», – деп қорытындылайды. Мұндағы автордың «қазақ халқының орыс боданына айналуға талпынысы» тарихта болмаған жәйт. Өйткені, қандайда кішкентай, әлсіз халық болсын басқа елдің қол астына кіруге талпынбайды. Ал сол кезеңдегі Қазақ хандығы орыс елінің қол астына кіруіне мүдделі емес еді. Дегенмен де, бұл мақалада автор тұңғыш рет алғашқы 1594-1595 жж. қазақ-орыс елшілік алмасуларын ғылыми тұрғыдан баяндап береді.

В. Басиннің 1965 жылғы «Из истории русско-казахских дипломатических отношений в XVI-XVII веках» атты мақаласында автор: «XVI-XVII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары түбегейлі зерттелінбеген және сол кезеңдегі Ресей мен Қазақстан арасындағы нақты байланыстар XVIII ғ. қазақтардың орыс елінің қол астына кіруімен аяқталды», – дейді. Әрине, бұл мәселе толық зерттелінбеген мәселелердің бірі екендігінде дау жоқ, бірақта XVI-XVII ғғ. орыс елінің қазақ жерлерін отарлауға талпынысы XVIII ғ. ғана іске асқан деп айтуымызға да болады.

Бұл мақалада автор қазақ-орыс байланыстарының түп тамырын сонау VII-XI ғғ. дейін алып барады. Шын мәнінде объективті тұрғыдан қарағанда бұл кезеңде Қазақ хандығы да, орыс елі де өзінің этникалық территориясын айқындап, дербес мемлекет болып құрылған жоқ еді. Сондықтан да қазақ-орыс байланыстарын XV ғ. II жартысы - XVI ғ. бастауымыз қажет секілді. Әрине, бұл тұста екі аймақтың (VII-XI ғғ.) байланыстарының тарихи сабақтастығын атап өткен жөн.

В. Басин қазақ этно-саяси одақтың құрылуымен-ақ екі ел арасында саяси және шаруашылық, дипломатиялық байланыстар орнады дей келе: «Жәнібектің ұлы Қасым ханның (1511-1523 жж.) тұсында, Қазақ хандығының бірінші рет гүлдену кезеңінде, Қазақстан мен Ресей арасында дипломатиялық байланыстар орныққан еді. Оның дәлелі патша мұрағатының (1575-1584 жж.) құжаттарында сақталған 38-ші жәшікте «Қасым хан тұсындағы қазақтардың кітабы мен тізімі» деген жазудың болуы», – дейді. Сондай-ақ, автор Қасым ханнан кейін де орыстардың Қазақстанға деген қызығушылығы жойылмағанын жазады.

Мақалада автор орыс елінің Ноғай мырзаларынан, өз көпестері мен елшілерінен жинаған мәліметтерінің негізінде XVI ғасырдың 50 жылдары Қазақ хандығының күшейгендігін көрсете отырып, оның көрші елдер

тарапынан үнемі шапқыншылыққа ұшырап отырғанын атап өтеді. Бұл жағдай қазақтардың күшті әрі сенімді одақтас іздеуге мәжбүр етті. Даладағы оқиғалар қазақтарға сондай одақтас солтүстік-батысындағы көршісі – Ресей ғана бола алатынына көздерін жеткізді деп көрсетеді. Біріншіден, Қазақ хандығы XVI ғасырдың II-жартысында қайта өрлеп, көршілес Ноғай, Сібірдегі Көшім хандығына қорқыныш пен үрей тудыртып, Бұхара ханымен одақтасып отырса, ол неге одақтасты солтүстік-батыстағы Ресейден іздеуі керек. Екіншіден, мұнда Ресейдің мемлекет ретінде тарихтағы алаты рөлін тым жоғарылатып жібереді де, IV Иванның тұсында ғана Ресей саяси бірігуін аяқтайды дейді.

В. Басин Хақназар хан тұсындағы Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайының, оның Ноғай, Сібір мен Бұхара хандықтарымен қарым-қатынастарын көрсетіп, IV Иван тұсындағы орыс елінің сыртқы саяси жағдайымен ұштастыра отырып қарастырады. Сонымен қатар, Орта Азия, қазақ елі мен орыс мемлекеттері арасындағы сауда байланыстары, олардың қандай жолмен, қай маршрутпен жүзеге асатындығы да баяндалады.

Автор XVI ғасырдың II-жартысында қазақ-орыс қатынастары жанданды және екі елдің көздеген мүдделеріне сай еді дейді. Мұнда 1573 жылғы Третьяк Чебуков бастаған елшілікке тоқталып, оның мақсаты мен қорытындыларын ғылыми тұрғыдан талдайды. Мәселен, бұл елшіліктің басты мақсаты Ресейдің Сібірдегі Көшімге қарсы қазақ елімен әскери одақ жасасу екендігін және оның экономикалық негіздерін де атап өтеді. «Өкінішке орай, Третьяк Чебуков бастаған елшілік көздеген мақсатына жетпеді. Қазақтар мен орыстардың одақтасуынан қорыққан Көшім бұл елшілікті қазақ жеріне жібермеді. Оның інісі Мәметкүл 1573 жылы шілдеде Тобольск маңында елшілікті ұстап алып, жойды», - дейді.

Бірақта бұл елшіліктер осымен тоқтамады, 1594-1595 жж. екі ел арасындағы қарым-қатынастардың қызу жүргендігін құжаттар негізінде көрсетеді.

Мақалада автор қазақ хандары Қасым, Хақназар, Тәуекел, Тәуке хандарды көреген саясаткер, күшті қолбасшы екендігін жасырмайды. В. Басиннің айтуынша «Ресейге батыстағы Сібірдің қосылуы қазақ-орыс дипломатиялық байланыстарының нығаюы мен дамуы үшін маңызды роль атқарды. Өйткені, XVII ғасырдың басында Қазақстанның батысында алғаш орыс мемлекеті пайда болған еді», - дейді. Әрине, бұл тұста Сібірдің Ресейге өз еркімен қосылмағанын оның Көшім ханмен қаншама жылдар бойы соғыстары дәлел бола алады.

Бұл мақалада автор XVII ғасырдың 20-60 жылдары екі ел арасындағы қатынастардың әлсірегенін, оған әсер еткен факторлар – тонаушы тобырлар мен Жоңғарлардың агрессиясы деп көрсетеді. Сондай-ақ, қазақ-орыс қарым-қатынастарының күшеюіне Орта Азиялық саудагерлердің әсері болғанын автор атап өтеді. Өйткені, Түркістаннан Тобольскіге өту үшін ортаазиялық көпестер қазақ хандарынан арнайы түрде рұқсат алғанда ғана жүзеге асты. Сондықтан да, қазақ-орыс қатынастарына ортаазиялық көпестерінің де ықпалы болды.

1694 жылы Тәуке хан I Петрге Тайқоңыр Қолтубай Аталықты жібереді, ал орыс елі өз кезегінде қазақ даласына Андрей Неприпасов, Василий Кобяков,

Федор Скибин, Матвей Трошин бастаған елшіліктерді жіберді. Бұл елшіліктердің ортақ мақсаты – саудагерлерді тонаушы тобырларды анықтап, оларды жою еді.

В. Басин XVI-XVII ғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарына, елшіліктердің тарихына тоқтала отырып, төмендегідей қорытындыларға келеді:

- XVI-XVII ғғ. қарым-қатынастар Қазақстан мен Ресей арасындағы саяси және сауда байланыстарын кеңейтті;

- Сондай-ақ, география ғылымы үшін үлкен үлес қосты. Елшілердің аймақ туралы мәліметтері топография мен гидрографияны байытты;

- XVI-XVII ғғ. қарым-қатынастар XVIII ғ. Қазақстанның Ресейге қосылу процесіне алғышарт болды;

В. Басин 1968 жылғы «О сущности и формах взаимоотношений царской России и Казахстана в XVIII в.» деген мақаласында патшалық Ресей мен Қазақ хандығының XVIII ғ. қарым-қатынастарын, Кіші, Орта, Ұлы жүздердің Ресей қол астына кіруін жан-жақты талдайды. Зерттеуші М.П. Вяткин, П.Г. Галузо, Н.Е. Бекмаханова, Н.Г. Аполлова, А.П. Чулошников және т.б. еңбектерінің негізінде өзіндік қорытындыларға келеді. Автор бұл ретте ең алдымен халықаралық-құқықтық категорияларға түсініктеме береді. Мұнда «вассалитет» немесе «протекторат» терминдеріне тоқталып, тарихи оқиғалармен дәлелдеп отырып «Ресей вассалитеттің де элементтері бар, формасы мен мазмұны өзгешелеу протекторат институтын пайдаланды», - деп қорытындылайды.

В. Басин өзінің «Казахстан в системе внешней политики России в первой половине XVIII века» атты мақаласында Қазақстанды Ресейдің сыртқы саясатында алатын орнына тоқтала отырып, орыс мемлекетінің шығыстағы саясатының жүзеге асуына Қазақстан негізгі көздеген мақсат екендігін атап өтеді де, мынандай қорытындыларға келеді: XVIII ғ. басында қазақ жүздерінің билеушілері Ресеймен байланыстарын Жоңғар хандығымен күресу үшін әскери көмек алу мақсатында пайдаланғысы келді. Бұл жағдай Ресейдің жоспарына да сәйкес келді. Өйткені, орыс елі Жоңғар хандығын әлсіретіп, қазақ даласына өз ықпалын күшейтпек болды.

XVIII ғ. бірінші ширегінің соңында қазақ билеушілері өзара алауыздық пен феодалдық бытыраңқылықта олар өз күшімен Жоңғарларды жеңе алмады. Сондықтан да қазақ билеушілері Ресей құрамына кіруге талпынды, - дейді. Әрине, автордың бұл қорытындыларын тарихшы В.А. Моисеев сынға алды.

XVI - XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары В. Басиннің көлемді монографиясы «Россия и Казахские ханства в в XVI-XVIII вв.» деп аталатын еңбегінде қарастырылған. Бұл зерттеу еңбегін Н.Г. Аполлова сынап, көптеген мәселелерімен келіспейтіндігін айтып, өзіндік бағасын берген болатын. Сонымен қатар, монографияның кіріспесінде мұрағат деректері мен зерттеу еңбектері толыққанды қарастырылмаған және сілтемелерінің кейбірі дұрыс келе бермейді, сондықтан еңбекті пайдаланғанда оны ескеру қажет дейді Н.Г. Аполлова.

Бұл сындарды В. Басин өзінің «К изучению документальной основы истории присоединения Казахстана к России» деген 1981 жылы жарық көрген

мақаласында ескерсе керек. Автор мұнда көптеген деректер мен мұрағат қорларындағы материалдарды біршама талдайды. Соңында В. Басин қазақ-орыс байланыстарының XVI ғ. мен XVII ғ. дейін 100 жыл аралығында үзілмеген, ол қатынастар туралы құжаттар жоқ болғанымен, сол кезеңдегі оқиғалар бұған дәлел бола алатынын айтады.

1965-1980 жылдар аралығында XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарын зерттеген В.Я. Басиннің еңбектерін біршама талдап, негізгі мынандай қорытындыларға келдік:

- XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарын алғаш рет В. Басин кешенді түрде зерттеуге тырысқан;

- Қазақ-орыс қатынастары XVI ғ. бастап үзіліссіз Ресей боданына айналғанға дейін жалғасқан ұзақ та, күрделі тарихи процесс;

- В.Я. Басин өзінің монографиясында қазақ-орыс байланыстарын Ресейдің сыртқы саясат жүйесі контекстінде қарастырады;

- Сонымен қатар, В. Басин өз еңбектерінде мұрағат деректерін толыққанды талдамаған деген қорытындыларға келдік.

Қорыта келсек, Патшалы Ресей, Кеңес өкіметі тұсында орын алған кемшіліктер, идеология XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қатынастары мәселесін зерттеуде көптеген бұрмалаушылықтарға соқтырғанын тарихтың өзі дәлелдеп отыр. Сондай-ақ, қазақ-орыс байланыстарының көптеген көлеңке тұстарын бүгінгі күн талаптарына сай, жана теориялық-методологиялық тұрғыда, объективтілік, тарихилық принциптерді басшылыққа ала отырып зерттеу қажеттілігі заман талабынан туындап отыр.

XX ғасырдың 50-60 жылдары қазақстандық зерттеушілердің арасында XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынас мәселелеріне деген қызығушылық күшееді. Г.Ф. Дахшлейгердің, С.З. Зимановтың еңбектері жазылады. Төңкеріске дейінгі кезеңнің алғашқы тарихнамасы болатын Б.С. Сүлейменовтың «Проблемы истории дореволюционного Казахстана в советской историографии» атты еңбегін ерекше атап өту керек.

Кеңестік кезеңдегі тарихнаманың жалпы сипатына тән белгілер идеологиялық диктат, көптеген еңбектерді бір типтес еткен саяси тапсырыстың болуы. Сонымен қатар, кеңестік тарихшылардың мәселені зерттеуге қосқан маңызды үлесін жоққа шығаруға болмайды. Қазақстанның Ресейге қосылуының прогресивті нәтижесі туралы концепцияның басымдығына қарамастан, кеңестік тарихшылармен мәселенің проблемасын кеңейткен бірқатар тақырыптар жасалынған. Бірте-бірте ғылыми еңбектердің деректік негізі кеңейіп, тарихнамалық зерттеулер пайда болды.

Біздің ойымызша, төңкеріске дейінгіден кеңестік тарихнама таптық идеология мен догмаға негізделген, жұтандаған маркстік методологияға берілген болса да, толық ғылыми зерттеулер мазмұнымен ерекшеленеді. Бірақ мұқият қарастыру барысында жанасу орындарын табуға болады.

XVIII ғасырдағы қазақ-орыс қарым-қатынасы мәселелеріне қазіргі қазақстандық тарихшыларының көзқарастарының эволюциясын толығырақ қарастырып көрейік. Қазақстанның Ресейге қосылуына байланысты бұрын кеңестік тарихнамадағы үстем болған «шексіз мейірімділік» концепциясынан

айырмашылығы, көбірек плюралистік көзқарастар мен бағалаулар әртүрлі болып келеңсіздік, жағымсыздықтан ашық мақтаушылыққа дейін күрт өзгерді. Мысалға, М.Қ. Қозыбаевтың тарихнамалық очеркінде К. Маркстың Ф. Энгельске хатының үзіндісінен дәйексөз келтіреді: «Россия действительно играет прогрессивную роль по отношению к Востоку. Несмотря на всю подлость и славянскую грязь, господство России играет цивилизирующую роль для Черного и Каспийского морей и Центральной Азии для башкир и татар». Тарихшы мынадай сұрақ қояды: «Что же изменилось сегодня в оценке роли России для народов Востока?». Жауап мынадай: «Вся подлость и славянская грязь» России для народов Центральной Азии однозначно состояла в колонизаторстве, политике геноцида и этноцида, русификации, изъятия плодородных земель у казахов, в подовлении национально-освободительного движения и т.д.».

Біздің зерттеу тақырыбымыздың аясында қазақтың белгілі этнографы М.С. Мұқановтың еңбегі елеулі қызығушылық танытады. Автор Қазақстанның солтүстік территориясын күшпен тартып алуға шақырған орыс жазушысы А. Солженицынмен, Қазақстанды саясаткер мен ғалымға жол бергісіз «кровоточачем сегодня уголке страны» деп балағаттап зілденіп, референдум жолымен территориялық келіспеушіліктерді шешуге шақырған этнограф, кейінірек белгілі саяси қайраткер Г. Старовойтовамен өткір пікірталасқа түскен. Осындай негізсіз және жауапкершіліксіз мәлімдемелерді М.С. Мұқанов дәлелді еңбекпен теріске шығарды. Ол араб, парсы, византиялық, батыс еуропалық, қытай жазба деректерінің сондай-ақ, Қазақстан жерінде болған немесе басқалардың мәліметтері бойынша қазақ даласын суреттеген саяхатшылар мен тарихшылардың еңбектерінің негізінде XVI-XVII ғасырларда құрылған қазақтардың тарихи этникалық территориясы қазіргі Қазақстан Республикасы территориясында өмір сүріп жатқан қазақтардың жері екендігін дәлелдеді.

Оған орыстардың Орталық Азия территориясына қоныс аударуының тарихи үрдісін зерттеуге арнаған И.В. Ерофееваның жұмысы қайшы келеді. Ол Рудный Алтай территориясы мен Жоғарғы Ертістің сол жақ жағалауы алабында Семейден Зайсанға дейін XVII-XVIII ғасырдың бірінші жартысында тек ойрат тайпалары мекендеп, олар XVIII ғасырдың ортасына дейін алғашқы орыс қоныс аударушыларының жақын көршілері болған деген қорытындыға келген. И. Ерофееваның көшпелі қазақтар мен ойраттардың территориясы мен шекаралары туралы ешбір хабары жоқ ресми орыс деректеріне ғана негізделген дәлелдері күмән келтіреді. Сонымен қатар, ол өзінің айтқандарына қарсы келіп, алғашқы орыс қоныс аударушылары бұл аймақта XVIII ғасырда ғана пайда болған дейді.

Г. Мендигулованың ойы бойынша Ресейдегі қазақ иррендентасы царизм кезеңіндегі байырғы қазақ территориясын Ресей мемлекетінің отарлауы мен қосып алуымен, сондай-ақ, кеңестік кезеңде Орта Азияны ұлттық-территориялық межелеуде 1924 жылы РКФСР-ның пайдасына Батыс, Солтүстік және Шығыс Қазақстанның солтүстік шекаралық жерлерін негізсіз тартып алулары нәтижесінде құрылған. Төменгі Поволжье, Оңтүстік Орал, Оңтүстік-

батыс Сібір территориясы қазақ халқының таралу ареалына кіреді, ол ежелден бері осында өмір сүріп, қазақ этногенезіне қатысқан ру-тайпаларының шежіресімен дәлелденеді. Сонымен қатар оның айтуы бойынша қазақ ру-тайпалары Оңтүстік-Батыс Сібір территориясын орыс отарлаушыларының бұл өңірге келгеніне дейін қоныстанған. Кеңестік кезеңде РКФСР-ның құрамына Астрахань, Орынбор, Тобыл, Томск, Енисей губернияларының жерлері қосылып, сонымен қатар оның есептеуі бойынша жалпы көлемі 600 мың кв. шақырым болатын Орынбор, Сібір және жартылай Орал казак әскерлерінің жерлері өткен. Автор Ресейдегі қазақ ирренті қазақ халқының этножағрафиясын білмеуінен немесе әдейілеп үнсіз қалуынан, осы территориялардағы жергілікті халықтың экономикалық, этникалық және де басқа да мүдделерін мүлдем елемеуінен пайда болды деген қорытындыға келеді. Айтылған жерлерге орталық және кішіресейлік губерниялардан қоныс аударушылардың қарқынды орналасуы оның ойынша халықтың этникалық құрамының өзгеруіне алып келіп, бұл кейіннен төменгі Повольже, Оңтүстік Орал және Сібір жерлерін «исконных русских землях» деп айтуына мүмкіндік берді дейді.

XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынас мәселелеріне қазақстандық тарихшыларының көзқарастарының шоғыры осындай. Оған бірқатар ресейлік зерттеушілердің пікірі қарсы тұрды. Олар Ресей мен Қазақстанның қарым-қатынас тарихын, бұл аумақтағы Ресейдің саясаты басқыншылық, ал қосылудың әсері кері болғандығы, Ресей халықтың ұлттық байлығын тонап, қазақтардың мемлекеттілігін, жақсы жерлерін тартып алған «солтүстік қанішер жыртқыш» ретінде бейнеленген көзқарастарды қайта қарау қажеттілігін негіздейді. Осы айтылған пікірден Ресейлік тарихнамада европацентристік, царизмның Қазақстандағы отарлық саясатының патерналистік тұжырымдарының үстем етуін анықтауға болады. Жалпы қазіргі кезеңдегі ресей тарихнамасында ресей-қазақ қатынастарына байланысты бірқатар зерттеушілердің ойлары Қазақстандағы, сонымен қатар басқа да Орталық Азиялық елдердегі ғылыми ізденістер бұрынғысынша Ресейдің прогрессивтік және өркениеттік миссиясы тұрғысынан қарастырылуы керек деген ұстанымда. Сондай-ақ, оларда Қазақстандағы тарих ғылымы қажетті бағыттағы қоғамдық ойды қалыптастыратын саяси тапсырысты орындайды деген терең сенімі қалыптасқан. Қазіргі кезеңдегі Ресейлік тарих ғылымы өкілдерінің бірқатарына мынадай ой айту үйреншікті болып қалды: «Национальная история, написанная с подобных позиций (Ресей империясының отарлық саясатын сынауға байланысты), представляет собой крайний взгляд. Для историков данного региона характерны и менее жесткие точки зрения. Все зависит от того, что пропагандируют средства массовой информации и выступления первых лиц государства. Так, отвечая на вызов политической элиты, формируется национальная историография, основой которой является переосмысление прошлого посредством культивирования национально-патриотических взглядов, особенно в оценке истории взаимоотношений русского народа и народов Центральной Азии на протяжении предшествующих столетий».

Зерттеуші В.А. Моисеев: «Қазақстандағы патша үкіметі мен кеңестік режимнің жіберген барлық қателіктері мен қылмыстарында сөз жоқ, бірақ кеңес үкіметі қазақтарға мемлекеттілік беріп, қазақ халқын ортағасырлықтан шығарып алды. Бұл мемлекеттілік (1920 жылғы автономиялық Республика және 1936 жылғы одақтас Республика) қолдан жасалып, ол ішкі дамудың өнімі болған жоқ. Оның құрылуы, Ресейдің есебінен және оған нұқсан келтіріп, Орта Азиядағы басқа да мемлекеттік құрылымдар сияқты билеуші партияның ұлттық мәселені шешудегі дұрыстығын көрсетуі еді», - деп тұжырымдайды.

Тағыда бір ойды келтіріп кетуге болады. Жоғарыда аталған мәселелер арасында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы орыстар мен жергілікті халықтар арасындағы қарым-қатынас үрдісі елеулі түрде қайта қаралды. Кеңестік тарихнамада ол тек қана патерналистік болып анықталған, сондықтан да, прогресивті деп саналды. Посткеңестік кезең өңірлердегі этникалық қауымдастықтардың ұлттық өзін-өзі басқаруға талпынысымен сипатталады. Бұл үрдістегі негізгі рөлді ұлттық тарихты қайта жазуға бөлінген, онда өткеннің оқиғаларын саяси амбициялардың пайдасына таңып түсіндіру басым. Бұл бағыт тәуелсіздігін алған Қазақстан тарихнамасында да айқын көрініс тапты. Тәуелсіз Республика тарихшыларының тарихи танымындағы қазақтардың өткені туралы ресми тұжырымдамасы Е.В. Безвизоннаяның қорытындысы бойынша, өлкенің отарлық басып алушылығының басталуы, дәстүрлі қазақтардың қоныстанған жерлерін аннексиялауға алып келген ішкі және сыртқы жағдайлардың әсірінен қазақ халқы ресейлік бодандықты еріксіз қабылдау фактісін мойындауға негізделді. Отарлау көшпелі қоғамның дәстүрлі басқару жүйесін, мәдениеті мен салт-дәстүрін құртатын механизмге айналды. Бұл ой қорытуларда «жаулап алу», «бағындыру», «отар» сияқты терминдер кеңінен пайдаланылып, оларға нақты анықтамалар берілмеді. Міне, Қазақстандағы тарихи білімді аңызға айналдыруды сынайтын және өз аңыздарын қорғап, жаңасын тудыратын Ресей зерттеушілері бір бөлігінің көзқарасы осындай.

Сөзсіз мұндай ұстанымдар Ресейдегі, сондай-ақ Қазақстандағы тарихи білім методологиясының белгілі бір дағдарысқа түскенін көрсетеді. КСРО құлаған соң ғылыми танымның сипаты мен методологиясында терең өзгерістер байқалды. Идеологиялық қысымнан босаған ғалымдар шығармашылық еркіндік алды. Бірақта сонымен қатар тарих ғылымы мемлекет тарапанынан кепілді әлеуметтік тапсырыс берушіні жоғалтып, бұл ғалымдардың бірқатар абыржуына алып келді. Бұрынғы методологиялық қағидалардан бас тарту жаңа тұрғыларды қажет етті. Ғалымдар төңкеріске дейінгі тарихшылардың еңбектеріне қайта назар аударып, бірақ көбінесе сынмен қарамады. «Империялық идеяның» қайта дамуы байқалып, ол: империялық мәселелерге қызығушылықтың өрістеуі, оның мағынасы мен маңызына, институттық рәсімделуіне, ресейлік геосаяси кеңістігінде көрініс табу түрінде байқалды.

Бұрын соңды ғылыми айналымға көп түсе қоймаған алуан түрлі орыс энциклопедияларындағы деректерді талдай отырып, зерттеуші Мұхтар Кұл-Мұхаммед «Орыс энциклопедияларындағы қазақ шежіресі» атты 1994 жылы жарық көрген еңбегінде қазақ-орыс байланыстарына қатысты деректер

негізінде жаңа пікірлерге келеді. Автордың айтуынша кеңес өкіметі орнағанға дейін жазылған энциклопедиялары коммунистік идеология үстемдік еткен жылдарда негізінен буржуазиялық бағыттағы орыс ғалымдары шығарған деген желеумен көбінесе арнайы ғылыми зерттеулердің объектісі бола алмаған бұл деректердің құндылығы жоғары.

Автор: «Біз бұл деректерді әлдекімдердің территориясына көз аларту үшін емес, тарихи шындықты констатациялау үшін келтіріп отырмыз», - дей келе зерттеушілерді бір сәт орыс энциклопедияларына үнілуін ұсынады. Мұнда автор «Қазақстан Ресейге бодан болар тұста осы күнгі Ресей құрамындағы Астрахан, Қорған, Омбы, Орынбор өлкесіндегі бірқатар жерлер Қазақ хандығының құрамында болатын», - дей келіп, мұны орыс энциклопедиялары арқылы дәлелдейді. Мәселен, «Үлкен энциклопедия» қазақтар «Есілдің жоғарғы ағысы, Тобыл, Ертістің бойындағы далаларды мекендеді», деп жазса, «Гранат» энциклопедиясында «Солтүстік Тұранның ұлан-байтақ даласында» тұрды деп атап көрсетеді. «Брокгауз-Ефронда»: олардың Астрахан, Верхнеурал, Челябині, Троицк уездерінде еркін көшіп-қонатынын да атап көрсеткен.

Автор «Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі» атты тарауда «Ресей патшалығы да жоңғар-қазақ қатынастарының шиеленісуіне өте мөте мүдделі болды. Өзара соғыстан күйзелген екі айдаһардың ортасындағы ел үшін екеудің бірін таңдайтындығы Ресейліктерге ертеден мәлім еді», - деп, Ресейдің көшпелі екі елдің арасына жік салуын, екі елді қырқыстырып, әлсізін өз отарына айналдыру саясатын ашып көрсеткен болатын.

Сонымен қатар, М. Құл-Мұхаммед «XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ-орыс қатынастары» деген тарауда екі ел арасындағы қатынастар проблемасына орыс энциклопедияларының ерекше көңіл бөлгендігін атап өтеді. Бұл еңбекте автор тәуелсіздік алғаннан кейін көп ұзамай қазақ-орыс қатынастарына жаңаша көзқараспен қарап, баға беретін уақыт жеткендігін баяндайды.

Энциклопедиялардағы мақалалардың негізінде автор 1594-1595 жылдардағы екі ел арасындағы елшіліктер туралы мәліметтерді басқа деректер мәліметімен салыстыра талдаған. Әрине, энциклопедияны дерек ретінде қарастырғанда ондағының барлығын объективті деу қисынсыз. Мәселен, «Тәуке хан қартайған кездегі ру аралық қырқысты қырғыз-қайсақтардың көршілері пайдаланып, оңтүстік-батыстан – қалмақтар, солтүстіктен – башқұрттар мен Сібір казактары, шығыстан жоңғарлар тықсыра бастады. Көшпенділердің үздіксіз шапқыншылығы 1717 жылы қазақ хандары Тәуке, Қайып, Әбілхайырдың ұлы Петрге өздерін Ресей қол астына алу туралы өтініш жасауына жол ашты», - деп жазылған. Шындығында Тәуке хан, Қайып хан, Әбілхайр тұсында әр жылдары қазақ-орыс саяси-дипломатиялық қатынасы жүріп жатқандығы туралы құжаттар сақталған, олар екі ел арасындағы достық-көршілік қарым-қатынастарды орнату сипатында болды, алайда қазақтардың өз еркімен Ресейге бодан болуын растайтын бірде бір материал жоқ. «Сондықтан энциклопедия авторының бұл туралы пікірін империялық Ресей саясаты тұрғысынан жазылған инсинуация деп қабылдаған жөн», - деп автор энциклопедиялардағы субъективтілікті айқындайды.

Мұхтар Құл-Мұхаммед: «Өкінішке орай коммунистік идеология үстемдік еткен Кеңес Одағы тұсында тең дәрежеде өткен қазақ-орыс дипломатиялық байланыстарының алғашқы кезеңіне қатысты құжаттар қасақана бұрмаланып, идеологиялық қалыпқа түсірілді. Бұл байланыстар Қазақстанның Ресейге бодан болуының алғышарттары ретінде қарастырылып, оның мазмұны саясатқа қарай бұрмаланды», - деп шындықтың көзін ашып берді.

Қазақ-орыс қарым-қатынастарын орыс энциклопедияларының негізінде қарастырған М. Құл-Мұхаммед XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы екі ел арасындағы байланыстарды талдай келіп, төмендегідей қорытындыларға келеді:

- Ғасыр басында ұзаққа созылған қазақ-жоңғар әскери қақтығыстарының нәтижесінде Ресей империясына қазақ жерін отарлау жоспарын жүзеге асыруға қажетті алғышарттар жасалды;

- Қазақ жерін отарлау үшін орыс патшалығы орыс-қазақ дипломатиялық байланыстарына ерекше маңыз беріп, оны жандандыра түсті;

- Жоңғар соғысынан әбден әлсіреп, өз ішіндегі алауыздығы күшейген Қазақ хандығының осал тұсын тап барлаған Ресей империясы 1731 жылы Қазақ хандығының Кіші жүзіне бодандық қамытын кигізді;

- XVIII ғасырдың басында бір кездері түрлі қылмыстық әрекеттері үшін қашып, Ресейден шеткері аймақтарын паналаған казак әскери бөлімдері орыс патшалығының қазақ өлкесіндегі отаршылдық саясатын жүргізудің басты құралына айналды.

Шетелдік тарихнамада, сыртқы саясаттың жеке аспектілеріне байланысты көптеген көзқарастар бар, оның ішіндегі үстемдік етуші бағыттардың бірі Ресейді әрқашанда агрессиялық, басқа территорияларды басып алуға ұмтылатын ел етіп көрсетуге бағытталған (Дж. Болсовер, Э. Дриго, Б. Джелавич, Э. Каррер д Анкос және т.б.). Бұл тұжырымдама саяси міндетпен - КСРО мен Ресей Федерациясының сыртқы саясаты мен патша үкіметінің саяси бағытының арасындағы тығыз байланыстылығын көрсету үшін жасалынған болатын. Ресейдің агрессияшылдығын, сыртқы саясаты ынтымақшылдау, қорғанушылық сипаттағы батыс елдеріне, бірінші кезекте, Ұлыбритания мен Францияға қарама-қайшы қойылады. Олар авторлардың ойынша өркениеттік қызмет атқарып, көптеген Азия және Африка елдерінің модернизациялануына ықпал етіп, прогресті алып келушілер болып есептелді. Осы тұста олардың сыртқы саясатының отарлық мәні мүлде көрсетілмейді. Ресейдің сыртқы саясатын сыпайырақ етіп бағалайтын либералды мектепке жатқызуға болатын тарихшылар (А. Дебидур, Г. Темпери, В. Пьюир, М. Андерсон және т.б.) дәрекі біржақтылықтан қашып, барлық ұлы державалар оның ішінде Ресей де, өзінің экономикалық, саяси және әскери-стратегиялық мақсаттарына жету үшін қандай да болмасын амалдарды пайдалануға дайын екендігін көрсетеді.

Осындай қайшылықтарға қарамастан, жалпы батыстық зерттеушілердің көзқарастарының негізінде батыстық отарлау шығыс елдеріне қатысты өркениеттік миссияда болған деп бағаланатын европацентристік үлгі жатыр. Бұл жерде олардың ойы бойынша Ресей де басқа Азиялық елдер қатарына жатқызылған. Сондай-ақ батыстық зерттеулерде қазақ халқына деген

империялық дәстүрдің тікелей жалғасы болатын царизмнің саясаты мен Кеңес Одағының саясатының арасындағы байланыстарға қатарластыра салыстыру жүргізеді.

Қазіргі заманғы батыс зерттеушілерінің зерттеу тұрғыларының негізін модернизация теориясының өзгертілген нұсқасы құрайды, яғни кейбір сыртқы әсердің ықпалымен дәстүрлі қоғамның саналы түрде дамуы сипатталады. Ресейлік және шетелдік тарихнамада деректік базада айтарлықтай ерекшеліктердің сақталуына қарамастан, Ресейдің Орталық Азия аумағындағы саясатын зерттеу тақырыптары мен методологиялық нұсқаулары ұқсас болып келеді. Сонымен, батыс тарихнамасындағы империялық мәселенің дамуы жоғарыда аты аталған зерттеуші А. Каппелераның еңбегінде ұтымды көрсетілген. Автор модернизациялық процестер ықпалы мен оның әсерінен өзгерген империялық этносаяси және этномәдени кеңістіктегі Ресей мемлекеті тарихының тұтас көрінісін құрастырып көрсетпек болды. Бұл бүгінгі күндегі Ресей мемлекетіндегі империялық идеяның мәні мен формаларын көрсеткен сәтті зерттеу. Автордың ойы бойынша: «в XVII и XVIII вв. калмыки, как и крымские татары и другие кочевники, а также украинцы воспринимались имперским центром как ненадежные народы, считались «бунтовщиками и потенциальными предателями». Их элите были гарантированы привилегии и определенные права самоуправления, однако они не признавались полноценными, равноправными с русскими дворянами, и потому, за исключением некоторых высокопоставленных вельмож, не были кооптированы в дворянство империи».

Жалпы жиналған ғылыми зерттеулердің көпшілігі Ресейдің тәуелді территориялармен қарым-қатынасы мәселелеріне тарихшылардың тұрақты түрде назар аударғандығын көрсететіндігін атап өту керек. Мұны толығымен қазақ-орыс қарым-қатынастары тарихына жатқызуға болады. XX ғасырдың 30-шы жылдары зерттелініп отырған мәселе бойынша жаңа еңбектер пайда бола бастады. Олардың маңызы айтарлықтай болмады. Өйткені, ол XX ғасырдың 40-50-ші жылдарындағы ағылшын және американдық тарихшыларының Қазақстан мен Орта Азияға қызығушылығының бәсеңдеуі, халықаралық қатынастардағы батыс әлемі мен КСРО арасындағы идеологиялық қарсы тұрулардың шиеленісуінен биполярлы жүйенің қалыптасуымен түсіндіріледі. Бірақта, XX ғасырдың II жартысынан бастап Орта Азия мен Қазақстан тарихы батыстық тарихшылардың қайтадан қызығушылығын туғызды. Бұл жағдай отарлық жүйенің құлауымен және алдыңғы қатарлы батыс державаларының шығыс елдеріне ықпал ететін жаңа құралдарды іздеумен түсіндіріледі. АҚШ пен Англияда шығыстану мен кеңестану мәселеріне көңіл аударған Орта Азияны зерттеу орталықтары ашылды. Мұнда сонымен қатар, Орталық Азия мен Қазақстанға қатысты мәселелер зерттеліне бастады. Шетелдік авторлардың еңбектері төңкеріске дейінгі және кеңес тарихшыларының жарық көрген зерттеулеріне негізделген. Сондықтан да онда КСРО-да белгілі фактілер мен оқиғалар қарастырылған, бірақ оладың түсіндірілуі көп жағдайда тікелей қарсы және «қырғи-қабақ соғысы» жағдайында тіптен саясаттандырылған болатын.

Бұл еңбектерде Қазақстанның Ресейге қосылуы жайлы, сонымен бірге отарлық үстемдіктің орнауы туралы біртұтас объективті ой жоқ.

Орталық Азия жайлы көптеген шетелдік басыламдар ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында пайда болды. Бұл басылымдардың сапалы талдануы, олардың проблемалық-тематикалық жоспарларында өзгерістердің жоқтығы анықталды. Англо-американдық тарихнамадағы басты бағыттар Ресейдің Түркістанды жаулауы, Ресей протектараты орнағаннан кейінгі елдегі әкімшілік құрылым мәселелері болды.

1991-ші жылғы КСРО-ның құлауы, АҚШ пен Европа елдері өздерінің экономикалық және әскери-саяси позицияларын бай қорлары бар Қазақстан мен Орталық Азияда нығайтуы, Ресейге қосылу кезеңіндегі қазақ-орыс және орыс-ортаазиялық қатынастар тарихына үлкен қызығушылық танытты. Қазіргі таңда шетелдік тарихнамада империялық проблематикаға, мәндік мағынасына, институттік рәсімделінуіне, маңызды тарихи феномен ретіндегі танылған империяның түрлеріне көп көңіл бөлінетіндігі анықталды.

Студенттің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. Г.Ф. Миллердің «История Сибири» еңбегінде XVI ғ. тарихи оқиғалар тізбектері.

2. Ғалым және ағартушы Ш.Ш. Уәлихановтың еңбектеріндегі қазақ-орыс қарым-қатынастары.

3. В. Лебедев, М.П. Вяткин, А. Миллер, А.П. Чулошников еңбектеріндегі қазақ-орыс қарым-қатынастары мәселесі.

4. Н.Г. Аполлованың «Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII-начале XIX века» атты кітабында қазақ-орыс қатынастары.

5. В.Я. Басиннің XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қатынастарын зерттеуге қосқан үлесі және жіберген кемшіліктері.

2.2 XVIII ғасырдағы Қазақстанды отарлау тарихы

XVI ғ. екінші жартысында Мәскеу Қазанды (1552 ж.), Астраханды (1556 ж.) жаулап алғаннан кейін Сібірді отарлауға кірісті. Әрине, қазақ елі мен орыс мемлекетінің арасындағы шекара Сібір хандығы арқылы бөлініп жатқандықтан, Көшім хандығы деп аталған елді орыстардың түрлі айла-тәсілдермен жаулауы, отарлау тарихының кейбір тұстары Қазақстан тарихына да қатысы бар болып келеді.

Қазақ-орыс қатынастарына байланысты академик М.Қ. Қозыбаев «Ата тарихы туралы сыр» атты мақаласында «Орыс елі Қазақ елін 1731 жылдан емес, 1580-ші жылдардан бастап шапты. Өйткені, Жармақ жаулап алған Ібір-Сібір жұртының халқы негізінен қыпшақ, арғын, найман, жалайырлардан тұратын. Осы кезде этнос болып қалыптасқан башқұрт, бұлғар, татар, өзбек, қарақалпақ, қазақ халықтарының құрамына, ғалым Р. Күзеевтің деректері бойынша, 100-ден аса біртекті ру-тайпалар енгенді. Олардың бір шеті Ібір-Сібір

жұртынан басталатын. Ендеше Қазақ елінің Ресейлік отарлық бұғауға іліге бастағанына 400 жыл болды», - деп тың пікір білдірген еді.

Шын мәнінде Қазан (1552 ж.) мен Астраханды (1556 ж.) жаулап алған Ресей империясы ендігі кезекте Сібір хандығын жаулауға кірісті. Одан әрі М.Қ. Қозыбаев «Жауды шаптым ту байлап» атты зерттеу еңбегінде «Сібір қандығы Жошы ұлысына қарады. Ол Қазан, Ноғай, Қазақ хандықтарына көрші орналасты. Бұл Тобыл, Ертіс өзендерінің бойы, Бараба, Құлынды даласы еді. Жазда Бараба мен Құлынды даласына қазақ, башқұрт, ноғай, татарлар жайлауға шықты, Бұхар, Хива өзбектерімен сауда жасады», - деген еді. Академиктің «Ақтандақтар ақиқаты» атты еңбегінде де қазақ-орыс байланыстарының белгісіз болып келген тұстары дәлелді деректер негізінде зерделенеді. Онда башқұрт этнографы Р. Күзеевтің «Происхождение башкирского народа» еңбегіне сүйене отырып «Сібір елін жайлаған 100-ге жуық тайпалар қазақ, өзбек, қарақалпақ, башқұрт халықтарының құрамына енді. Ал ол кезде Орталық Қазақстан қазақтары Тобыл, Есім, Ертіс бойына жайлауға шығатынын Сібір тарихшылары атап көрсетеді», - деп, «Бұдан шығатын қорытынды: Сібір хандығының тарихы, оның жаулануы қазақ халқы тарихының құрамдас бөлігі болып есептеледі. Ендеше, қазақ халқының шежіресін, оның өз алдына дербес халық болып тарих аренасына шығуын, қазақ хандығы мен мемлекеттігінің тарихын оқшау қарастырмай түбі бір туыстар тарихымен – Сібір, Ноғай, Қазан, Астрахань, Түмен, Қырым хандығы тарихымен бірегей бірлікте зерттейтін уақыт жетті », - деп батыл да дәйекті пікірлер білдірген еді.

Сонымен қатар, М. Қозыбаев «Сібірді жаулап алу Ермактың есімімен байланысты» дей келе орыстардың Сібір жерін отарлауға жол ашқан, орыс елінің ұлттық батыры деп дәріптелген Ермактың тарихтағы бет-пердесін ашып көрсетті. Және де қарақшы Ермактан атаман Ермакқа қалай айналғанын деректер мен зерттеу еңбектерін кешенді түрде талдаудың негізінде жаңа пікірлерге келді.

Академик бұл тұста тарихнамада орын алған екі түрлі концепцияның белең алғанын атап көрсетеді. Ол бірінші Ермактың қандыбалақ қарақшы екендігін дәлелдейтін объективті концепция. Және Ермакты дәріптейтін екінші концепцияны ашып көрсетеді. Мәселен, «Есипов өзінің шежіресінде Ермакты қарақшы атады, Н. Карамзин болса Ермакты қаныпезер, Американы қанға бөктірген кортестермен қатар қойды». Оның ұлттық батырға айналуын М. Қозыбаев: «Ермактың жеңісі патша сарайын қуанышқа бөледі. Осы оқиғалардан кейін патша өкіметі, шіркеу кешегі қанды қол қарақшы Ермакты ашықтан-ашық әулиелер санатына қосып, жер-көкке сыйғызбай мақтай бастады. Оның ұрылығы, қарақшылығы өмірінің бір кездейсоқ сәттері сияқты көрсетілді, ал атаманның батырлығы, парасаттылығы, қайраткерлігі, дипломаттылығы туралы ойдан шығарылған аңыздарға негізделген шығармалар халық арасына кеңінен таратыла бастады», - дейді. Академиктің айтуынша, Кеңес заманында Г. Вяткин, С.М. Соловьев, А.А. Введенский, В.Г. Мирзоев, Д.И. Копылов, Р.Т. Скрыпников және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде осы екінші, Ермакты бейнебір аңыздарға сүйеніп мадақтау

концепциясы белең алды. Бұл концепцияға М. Қозыбаев: «Ермак туралы қалам тартқан қай тарихшы болмасын оның жорығының шапқыншылық сипатын жасыра алмайды, егер патша заманында оның жорығына «Завоевание Сибири» деп ашықтан-ашық баға берілсе, совет дәуірінде бұл сөздің өңін айналдырып, «Открытие Сибири» (Окладников А.П.), «Присоединения Сибири» (Дулов В.И.), «Освоение Сибири» (Мирзоев В.Г.) т.б. қырық құбылту басталды. Тіпті, Скрыпников сияқты тарихшылар оны экспедицияға теңеді. Осылайша, кеңес тарихнамасында идеологияға сай бұрмалау, тарихи шындықты теріс айналдыру, жалған фактілермен Сібірді одан кейін қазақ жерін отарлауға жол ашқан Ермактың қанды жорығын теріс айналдырып, батыр ретінде дәріптеп, патшалы Ресейдің Сібірді отарлау саясатын ақтап көрсетті.

- Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін жарық көрген академик М.Қ. Қозыбаевтың жоғарыда аталған еңбектері қазақ-орыс байланыстарының алғышарты ретінде орын алған Сібірді жаулап алу, Ермактың тарихтағы орнын айқындауда құнды еңбектердің қатарында екендігі дау туғызбайды;

- М.Қ. Қозыбаев кешенді зерттеу еңбектері мен деректерге сүйене отырып, бұрын соңды айтуға, жазуға тыйым салынған мәселелердің ақ-қарасын ажыратып, Ресей империясының отарлау саясаты сонау XVI ғасырда басталғанын дәлелдеп көрсетеді.

Зерттеуші К. Мамырұлы «Қазақ халқының жоңғарларға қарсы азаттық күресі және оның саяси астарлары» атты 1998 жылы қорғаған докторлық диссертациясында қазақ халқы Ресейге өз еркімен қосылған жоқ деген пікірді қолдай отырып, Ресейдің қазақ елін өзіне қарату процесін бірнеше тарихи кезеңдерге бөліп көрсетеді:

- Бірінші кезең - XVI ғасырдың аяғында Ермак жорығының негізіндегі еліміздің солтүстігіндегі елді мекендердің зардап шегуі;

- Екінші кезең – Ресей мемлекеті өз Тәуке хан өлгеннен кейін елдің бірлігі кетіп, жоңғарларға қарсы күресте әлсірегенін пайдаланып, қорған-қамалдар салып, ел ішіне біртіндеп кіріп, шұрайлы жерлерді басып ала бастауы;

- Үшінші кезең – 1731 жылы Ресей мен Қазақ елінің арасындағы келісім-шарт - өз еркімен қосылды деген пікірдің жекелеген элементтерінің болуын дәлелдейді;

- Төртінші кезең – айламен, арбаумен жердің жартысын бауырына басқан Ресей отаршылары әскери күшпен жаулап алуы.

Қазақ-орыс қатынастарына қатысты төңкеріске дейінгі тарихнаманың көп бөлігі XVIII ғасырға - Қазақстанның Ресейге қосылу уақытына жатады. Осы кезеңнің алғашқы зерттеушісіне Орынбор губерниялық канцеляриясының қызметшісі П.И. Рычковты есептеуге болады. Ол өзінің тікелей ресми міндетіне байланысты ғана емес, зерттеуші ғалымға және саяхатшыға тән пәрменмен қазақ халқының тарихы мен тұрмысын өз еңбектерінде бейнелеп көрсете білген. Сонымен қатар, П.И. Рычковтың Қазақ даласындағы патша әкімшілігінің уәкілі екенін ұмытпау керек, оның барлық қорытындыларында патша сарайының ресми ізі бар. XVIII ғасырда Ресей ғылым академиясының инициативасы бойынша аз зерттелген аудандарға экспедициялар жасақталған болатын және олардың жетекшілері Паллас, Георги, Фальк, Н.П. Рычков және

т.б. болған. Олар XVIII ғасырдағы қазақ хандығының жағдайына, Ресеймен саяси байланыстарына байланысты көптеген қызықты мәліметтер қалдырған. Олардың бақылаулары тарихи дерек ретінде, әлі күнге дейін ғылыми маңызын жоғалтқан жоқ деуге болады.

XVIII ғасырдағы қазақ-орыс қатынастарына байланысты бағалы мәліметтер Кіші жүз бен Орта жүздің бір бөлігінің Ресейге қосылу барысында белгілі роль атқарған және Қазақстанға жіберілген орыс елшілігін басқарған А. Тевкелевтің шығармаларында кездеседі. Қысқаша күйінде Тевкелевтің «журналдары» бірнеше рет жарық көрді. Толығырақ түрі «Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв.» атты жинақта шығарылған. Қазақстан тарихын зерттеушілердің ішінде XVIII ғасырда өмір сүріп және қызмет еткендердің ішінде Д. Гладышев, И. Муравин, Бланкенагель және К. Миллерлерді атап өту керек.

XVIII ғасырдың басында Ресей мен шығыстың басқа да елдерінің арасында елшіліктермен алмасу күшейе бастады. Бұл «дворян Трушниковтың казактармен» 1714-1716 жылдардағы Солтүстік Тибетке, 1719 жылғы Колмаков, Урусов пен Сомовтар басқарған Нұр-Зайсан мен қара Ертіскті зерттеуге бағытталған экспедициясы, Иван Чередовтың елші ретінде Жонғарияға екі рет баруы (1713-1720 жж.), сонымен қатар, Унковскийдің және Угрюмовтың (1722-1732 жж.) т.б. елшіліктер. Олардың барлығы қазақ-орыс қатынастарының дамуына объективті түрде ықпал етті. Себебі, Азиялық мемлекеттермен байланыс жасау Ресей мемлекеті өкілдерінің қазақ билеушілерімен шарасыз байланысуына әкелді.

Осы уақытта Ресей елшіліктерінің легі Қазақстанға, қазақтардыңкі Ресейге күшейді. Олардың ішінде ерекше атап өтетіндер 1716 жылдың қыркүйегіндегі Бекболат Екешев пен Байдәулет Бөриев батырлары бар Қайып ханның елшілігі, 1716 жылдың қазанындағы Тобыл бояринінің баласы Никита Белоусовтың жауап ретіндегі елшілігі, 1717 жылғы Борис Брянцевтің елшілігі, Шаба мен Бахадүр басқарған Әбілхайырдың 1718 жылғы және т.б. елшіліктер. В.Я. Басиннің ойы бойынша осы елшіліктердің нәтижесінде Ресей әкімшілігі мен қазақ билеушілерінің арасында жонғарларға қарсы бірігіп күресу жайлы келісімге келуге шын мәнінде мүмкіндік туды.

В.Я. Басин қазақ хандығына қатысты қазан мен Сібір әкімшіліктерінің арасындағы айырмашылық туралы былай жазады: «В постановке вопросов экономической политики относительно казахских ханств казанская администрация стояла на тех же позициях, что и сибирская - установление дружественных и союзнических отношений с казахами, имея в виду возможное использование их против Джунгарии. Однако, казанская администрация с самого начала развивала более активную переписку, добиваясь, очевидно, если не полного, то хотя бы частичного подданства казахских ханств и превращения их вассалов русского государства. Это видно из грамоты казанского губернатора П. С. Салтыкова от 29 марта 1717 г., отправленной в казахскую степь с посольством Федора Жилина. В ней предлагалось казахскому хану в "знак своей же верности прислать посланцев своих и письменное веление с подписанием рук своих, что по закону своему в

правоверности своей при его пресветлейшего царского величества державе мирна жить и служить вы желаете».

А. Бирзе мен С. Камалов 1725 жылдың басында Петерборға қазақ-қарақалпақ елшілігі жіберілгендігі туралы мәлімет келтіреді. Елшілік қазақ және қарақалпақ билеушілерінің атынан Ресейге кезкелген жауымен соғыста көмек көрсетуге дайын екендігіне уәде берді. 1726 жылы қарақалпақ даласындағы Ресейлік уәкіл молда Максұт Юнусовтың Әбілхайырмен кездесуі осы елшілікке жауап ретінде болып, онда қазақтардың Ресей протекциясын қабылдау туралы келіссөз жүргізілді. Әбілхайыр бірден Қойбағар Көбековтың басшылығымен Еділ қалмақтары сияқты Ресей «протекциясын» сұратып елшілік жіберді. Бірақта, Қойбағар Көбековтың миссиясы сәтсіз аяқталды.

1730 жылдың қыркүйегінде Уфаға Сейіткүл Қойдағұлов пен Құтлұмбет Қоштаев бастаған Әбілхайырдың елшілігі келіп, Анна Иоановнаға Қазақстанды Ресей империясының құрамына қосу туралы өтінішін тапсырды. Ресейдің қол астына қабылданған тұста Әбілхайыр, жоңғарларға қарсы осы мемлекеттің күшіне сүйенуге, сауда-саттықты кеңейтуге, Еділ мен Жайық арасындағы жерлерді пайдалануға құқықтарды алуға тырысты. Осы жағдайды П.Г. Галузо: «тяга под владычество России имела единственную причину-поиски выгодного сюзерена-покровителя» деп көрсетеді.

Ресей үкіметіне байланысты айтсақ, ол ең басты қазақтар Ресейдің қол астына өткен соң, өзінің шығыстағы сыртқы саясатын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан территориясын стратегиялық тірек базасына айналдыруды көздеді. Сонымен қатар, олар осы жағдайда қазақтар әскери сипаттағы тапсырмаларды орындайтын жағдайлар туады деп ойлады.

Сонымен, патша үкіметі саясатының басынан бастап Қазақстанға деген қарым-қатынасы арқылы Ресей империясының экономикалық және әскери-саяси мүдделері көрініп тұр. Осы бағыттағы Ресей мемлекетінің ең ірі дипломатиялық қадамдарының бірі Қазақстанға А.И. Тевкелевтің 1730 жылғы 8-ші қыркүйектегі Әбілхайыр ханның елшілігіне жауап ретіндегі елшілігі болды. А.И. Тевкелевке кезінде I Петр тапсырма беріп, көп шығындарға қарамастан Қазақстанды заңды түрде Ресейдің қарамағына алуды тапсырған. Енді ол қазақ билеушілеріне императрица Анна Иоановнаның атынан көптеген сыйлықтар мен қол астына өту туралы грамота алып келеді. А. Тевкелевтің елшілігі туралы мәліметтер толығымен көптеген әдебиттерде көрініс тапты. Сонымен, 1759 жылы П.И. Рычковтың «История Оренбургская» атты еңбегі жарық көрді. Мұнда Кіші жүз қазақтарының Ресей бодандығын қабылдауы, А.И. Тевкелевтің елшілігінің қызметі, Әбілхайыр ханның ордасындағы бодандықты қабылдауға байланысты екі қарсылас партияның күресі жайлы мәліметтер кірген. Бірақта мұнда осы бір жайтты көрсету керек Рычковтың барлық қорытындыларында ресми саясаттың ізі мен Ресейдің ролін дәріптеу жатыр.

Қазақ-орыс қарым-қатынасының үлкен жетістігі ретінде Тевкелевтің миссиясын кеңестік тарихшылар Н.Г. Аполлова мен В.Я. Басин қарастырады. Шын мәнінде Тевкелевтің елшілігі XIX ғасырдың екінші жартысында толығымен аяқталған Ресей империясының қазақ даласын отарлау бағытын

іске асыруына ықпал етті. 1734 жылы Орынбор экспедициясы құрылып, оның атқаратын міндетіне Ресейдің құрамына кірген кейбір қазақ жүздері, қарақалпақ және башқұрттардың территориясын басқару. Е. Люстерник пен Е. Шапот Әбілхайыр хан Ресей үкіметі алдында бірнеше рет Орь өзенінің сағасында бекініс салу мәселесін қойды деп есептейді. Нәтижесінде 1734 жылы Орынбор экспедициясының басшысы К. Кирилов Сыртқы істер коллегиясына осы құрылыс жайлы ұсыныс жасады.

Орынбор комиссиясының басшысы князь Урусовтың 1740 жылғы 19 тамызбен 1 қыркүйек арасында сұлтандар Нұралы мен Ералы, сонымен қатар, Кіші және Орта жүздің өкілдері Жәнібек, Бөгенбай және Есет батырлармен болған келіс сөздер қазақ-орыс қарым-қатынасының нығаюына оңтайлы әсер еткен. Сәл кейінірек Орынборға келген Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Ш. Уәлихановтың әділ бағалауы бойынша сол кездегі «Орта жүздің билеушілерінің ең күштісі» Абылай сұлтан жиынға қатысты. 1740 жылдың 5 қыркүйегінде қазақ даласына құрамында Орынбор драгун полкінің поручигі Д.В. Гладышев, геодезист И. Муравин, инженер Назимов, тілмаш У. Арасланов және т.б. бар орыс елшілігі аттандырылды. Елшілікке басқа да мәселелермен қоса қала-бекіністің орнын зерттеу жүктелді.

1759 жылы А. Тевкелев пен П. Рычков Петербордың алдына алғаш рет мынадай идеяны ұсынды, болашақта «для многих государственных резонов полезнее б было, когда б ханские определения могли быть без выборов от народа, но единственно по высочайшему е. и. в. соизволению... как то и в волских калмыках установлено». Олар қазақ даласының билеушілері етіп патша әкімшілігіне ыңғайлы адамдарды тағайындауды ұсынды. Бұл нәтижесінде хандық биліктің жойылуына, Ресей империясының Қазақстандағы тіректерінің нығаюына, XIX ғасырдың екінші жартысында царизмнің отарлық саясатының бекітілуіне алып келген саясаттың белгісі еді.

1749 жылдың 26 ақпанында Елизавета Нұралы сұлтанды хан титулында бекіткен грамотаға қол қойды. Жарлықта белгіленгендей Нұралы хан «должен будет верно "служить и во всем по указам нашим наирачительнейше поступать и исполнять" все распоряжения российской администрации, а правительство Российской империи казахский народ "в правосудии и спокойствии будет содержать». Осы күні императрицада қазақ елшілерінің құрметіне арналған қабылдау болған, осында Жәнібек пен канцлер А.П. Бестужев-Рюмин сөз алысты. А. Добромысловтың айтуы бойынша қазақ билеушісі Нұралыны хан титулына бекіткендігіне алғыс білдіріп, қазақтарды «бұрынғы рақымшылдықта» ұстауын сұрады. Канцлер Ресей үкіметі болашақта да «барлық қырғыз(қазақ) халқын императорлық жоғары рақымшылықта» ұстайтынын атап өтті.

Бұл кездейсоқ жасылынған жоқ еді. Ең бастысы Нұралының хан тағына Петерборда тағайындалғанының өзі жаңа ханның беделін көтеріп, Ресей үкіметіне ыңғайсыз хандардың пайда болу мүмкіндігін азайтты.

Сонымен қатар, патша өкіметі қазақ даласында өз тіректерін нығайту жолындағы беталысында құрылып жатқан шептер мен бекіністерден қазақ қоныстарын шеттетуге тырысты.

С.Д. Асфендияровтың мәліметтері бойынша 1752 жылы әскери шеп Қазақстанды жартылай шеңбермен «Каспий жағалауларынан Ертістің жоғарғы ағысына дейін» қамтыды. Осы уақытқа «бірқатар жеңілдіктер мен бөлінген жерлері» бар Орал, Сібір және Орынбор казак әскерлері құрылды. Кіші және Орта жүздерді Ресейдің вассалына айналдыруды көздеген міндет тұрды. Бұл оны іске асыруға әртүрлі амалдарды жұмылдырған патша үкіметінің негізгі бағыты болатын. Олардың бірі «Қатал бағыт» деп аталып, мынадай әскери шараларды қарастырған: шекараның далаға ішкерлей енуі, бекініс шептердің құрылуы, Жайық, Тобыл, Ілек, Есіл, Ертіс және т.б. өзендердің бойында көшіп-қонуға тыйым салу. Н.Г. Аполлованың мәліметі бойынша 20-30-шы жылдардың өзінде ресей үкіметі кейіннен царизмнің ірі агрессиясына өскен казак даласына ішкерілей баса көктеуі..., Қазақстанды ресей империясы отарына айналдыру үшін..., орыс өнеркәсібіне шикізат базасын алу және транзиттік жолдармен орыс базарын шығыспен байланыстырудың бастамасын жасады.

Қазақ жерлерін алғаш рет тартып алулар орынбор мен сібір губерниялық билігімен жүргізілген, сонымен қатар Жайықтың оң жақ жағалауы мен Ертіс маңында көшіп-қонуға тыйым салуы қазақтардың наразылығын туғызды. А.Ф. Рязанов пен А.П. Чулошников Е. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісіне кейбір казак руларының қатысуы мен осы мәселе бойынша Нұралы хан мен оның төңірегіндегілердің жалтақтау позициясын ұстауынның негізгі себебін осыдан көрді. М.К. Янковский Қазақстанды отарлаудың кеңейуінің дәлелі ретінде мынадай мәліметтер келтіреді: 1755 жылдың қыркүйегіне Орынбор губернаторы И. Неплюевтың қарамағында 36715 солдат пен офицер, Қазан губерниясы әскерімен барлығы 47548 адамды құраған. Сібір губерниясында 27552 солдат пен офицер болып, олар негізінен Кузнецк, Колыван, Уй шептері мен Өскемен, Звериноголов, Қасиетті Петр, Ямышев және т.б. бекіністер маңында орналасқан. С.Д. Асфендияров осы уақытта Омбы қамалынан Орынборға дейін 11 қамалдан, 33 редуттан және 42 маяктан тұратын үздіксіз бекініс шебі созылғанын айтады. Сол кездің өзінде-ақ Нұралы ханның алдына қойылған міндеттерді шешуі, егерде Абылайдың келісімін алған жағдайда ғана мүмкін болатын. Абылай Орта жүзде шексіз билікке ие болатын.

А. Тевкелев пен П. Рычков сыртқы істер коллегиясына 1759 жылдың қаңтарында осылайшы хабарлайды «Аблай ныне во всей Средней орде за главного владельца почитается, а притом гораздо смышлен и проворен». Осының барлығын ескере Ресей әкімшілігі, А. Тевкелевте Абылайды цин империясынан барлық мүмкіндіктермен қол үздіруді қарастырды. Сонымен қатар, Петербордың санкциясыз Орта жүзге хан болып сайлануы мүмкін деген күдіктері болды.

Н. Рычковтың айтуы бойынша Кіші жүз ханы «как встал под защиту Российского государства, русским пришлось вести две войны с иноземными царствами. Одна война с пруссаками, другая... с турками. Но, ни в той, ни в другой, он, еще не имел счастья быть использованным. Между тем это его каждодневное желание, равно как и желание его подданных. Во всякое время, в каждый час готовы они выступить против врагов России».

Ш.Ш. Уәлихановтың еңбегінде келтіруі бойынша Абылай хан болып сайланған соң ант қабылдауға орыстардың шекарасына барғысы келмей, мен халық жиналысында осы қадірге бекітілдім деп айтқан дейді. Абылай Ресейдің де Циннің де қамқорлығы оның қазақ даласындағы билігіне шектеу әкелетінін білді. Сол себепті оның екі держава арасында бұлтару тактикасын ұстанып, өзіндік саясат жүргізуіне тура келді. Осы саясат Ш. Уәлиханов көрсеткендей «бірде бір қырғыз ханы Абылайдай шексіз билікке ие болған жоқ» деуіне мұрындық болды.

Нақты осы уақытта Әбілхайыр ханның вассалдық тәуелділігінің көрінгендігін М.П. Вяткин айтады. Қазақстанның Ресейден вассалдық тәуелділігінің күшейуі және оның XVIII-XIX ғасырдың басында отарлыққа өсуі туралы Н.Е. Бекмаханова айтады. И. Болтинның айтуы бойынша «хотя казахи и называются подданными России и в поручательстве верности своя от себя дают аманатов, но податей не платят, служб и повинностей никаких не отправляют, управляются своими обычаями и начальниками и в деяниях никому отчету не дают...».

Н.Г. Аполлова Қазақстан Ресей империясына қосылса да, қазақтар бұрынғыдай тәуелсіз болып қала берді деп есептейді.

А. Левшин қазақтардың көрші елдермен қарым-қатынасын, Әбілхайырдың Ресей бодандығын қабылдауы, қазақтарды бодандықта ұстау жолына бағытталған биліктің іс-әрекеті деп бағалады. Императорлардың ішкі саясатын сипаттай отырып, автор «мемлекеттік» көзқарас тұрғысынан пайымдап, жүргізілген іс-шаралар қазақтар үшін тек игі іс болғанын көрсеткен. А. Левшин «Из оных подданными российскими называют себя только роды, кочующие в северной части степей, за Уралом и Иртышом, и имеющие необходимую нужду в покровительстве пограничных начальников, прочия, живя в отдалении, или не признают над собой никакой посторонней власти, или отдают себя под защиту соседственных владений». Кіші жүздің Ресей қол астына өтуіне байланысты айтқанда, А. Левшин оның мынадай алғышарттарын жорамалдайды «басшылардың билік құмарлығы, құдіретті державаның қамқорлығында күшейуді болжаған». Мұнда мүмкін Әбілхайырдың хандық билігінің тұрақсыздық жағдайын айтуы мүмкін. Сонымен қатар, Левшин бұл жерде патшаның сыйлықтарына дәмеленген пайдақорлық мақсат болуы мүмкін деген. «Таковые же виды, были одною из главнейших причин, побудивших Абулхаира и Абулмамета добровольно покориться с ордами своими императрице Анне».

Төңкеріске дейінгі еңбектерде, мысалы Л. Мейерде қазақтардың Ресейдің қол астына өтуіне байланысты біржақты, қате көзқарас орын алған. Бірақта, Әбілхайыр ханның тарихымен байланысты қазақтардың ресейдің қол астына өтуі арнайы зерттеу тақырыбы болмаса да, қазақ-орыс қарым-қатынастары тарихымен байланысты төңкеріске дейінгі еңбектерде де басты тақырыптардың бірі болған. Л. Мейер Әбілхайырға теріс баға беретін авторлардың бірі болып, оның өтіріктігін, пайдакүнемдігі мен мықты ықпалға ие бола алмайтындығын атап өтіп, бодандыққа өтуді оның жеке басының ісі деп қарастырады. 1730 жылы Қазақ халқының атынан деп, Уфаға бодандыққа алу туралы өтінішімен

өзінің елшілігін жіберген Әбілхайыр, Мейердің ойы бойынша патша үкіметін алдаған. Ресейден әскери көмек сұра деген билердің шешіміне қайшы келген хан, оларды да алдағаны ғой.

Қазақ халқының тарихын царизмнің отарлық саясаты тұрғысынан қарастыратын авторлардың бірі болып Мейер, ғасырға жуық уақыт Ресей империясының қазақтарды номиналды түрде ғана билегенінің себебін табуға тырысқан. Мұның себебін ол хандық билікті Әбілхайырдың ұрпақтарының артынан бекітілгенінен көреді. Бұл қазақтарда хан сайлау еріктерінің бұзылуы екенін айтады. Осы факт және Ресейдің жағдайға сәйкес келмеген саясаты Мейердің ойы бойынша, Кіші жүз тарихында терең із қалдырды.

Қазақстанның Ресейге қосылуына байланысты ұқсас көзқарасты Ф. Лобысевичтың еңбегінен табамыз. Осы автордың сөзі бойынша, басынан екі жақтың-патша үкіметімен сондай-ақ қазақ халқы жағынан түсінбестік орын алған номиналды бодандық, орыс шекаралары мен сауда қатынастарының қауіпсіздігіне көмек бермегенімен қоса, патша әкімшілігінің кейбір сәтсіз әрекеттерінен соң царизмнің қазақ даласында берік орнығуын ғасырға жуық уақытқа шегерген. Әбілхайырдың бодандығы Ф. Лобысевичтың ойы бойынша «іздеушілік (искательство)» болып табылып, «Ресей тарапынан әлсіз авторитетіне қолдау тауып және өзінің қауіпті қарсыластарының халықтың алдындағы ықпалын жоюды көздеуі, осы ханның жеке, билік құмар мақсаттарымен шақырылған болатын». Хандық билікке жағдайы тұрақты емес «пәлеқор(интриган) Әбілхайыр» бекітілген соң, Лобысевичтің пікірі бойынша, түбегейлі қателік жасалынып, нәтижесінде Қазақ халқының Ресейлік бодандығы номиналдылыққа алып келді. «Оттого и вышло, что Абулхаир и его потомки, даже если бы желали, не могли выполнять данных правительству обещаний: охранять границы и торговые караваны в степи... уплачивать установленный ясак» деп жазды Ф. Лобысевич.

Бодандықты нығайту мақсаттары А. Макшеевтың еңбегінде баяндалады. Олар оның ойы бойынша қазақтарды мемлекеттік шекарадан бөліп шығарғанда іске асырылған. Макшеевтің айтуы бойынша-«Выделенные за границу государства киргизы, оставались по-прежнему зависимыми, не платили податей и не несли никаких обязанностей в отношении России».

М. Красовский да Қазақстанның Ресейге қосылуын осындай көзқараста қарастырған. Оның айтуы бойынша «Ресей үкіметінің билігін мойындау арқылы Әбілхайыр Ордада жеке басының табысына жету мақсатын көздеп, 1730 жылы императрица Аннадан өзін барлық қырғыз-қайсақ халқымен Ресей бодандығына қабылдауды сұрайды». Әбілхайырдың бодандықты қабылдауына басқа да себебтердің барлығын мойындаған, Красовский, Ресейдің қол астына өтуін өзінің барлық жауларына қарсы материалдық қолдау деп сенген Әбілхайырды, өзіне қарсы Орта жүз сұлтандарының алдында ұтады деп есептеді.

Қазақ-орыс қарым-қатынастарының қысқаша тарихы берілген ХІХ ғасырдың 90 жылдарындағы еңбектерге В. Витевскийдің үлкен монографиясы жатады. Онда И. Неплюевтың Орынбордағы қызметіне қатысты көп фактологиялық материалдар шоғырланған. Бірақта бұл материалдардың

іріктелуі автордың көзқарасының біржақтылығын көрсетеді. Витевскийдің еңбегі ресми көзқарасты айқындайды және апологетикалық сипатты жақтайды. Әбілхайырды және оның Ресей бодандығын қабылдауындағы ролін бағалауы Л. Мейермен сәйкес келеді.

Төңкеріске дейінгі авторлардың басқа да еңбектерінде қазақтардың Ресейдің қол астына өтуі өз еркімен бағыну деп қарастырылады. А. Добросмыслов еңбегінде қазақтардың Ресей бодандығын өз еркімен қабылдаған деп қарастырады. Бұл еңбекте бірқатар фактілік қателіктер кездесетінін айтып кету керек. Мысалы, 1731 жылғы 10 қазандағы старшиндар жиналысын баяндауға байланысты.

Сонымен, қазақтардың ресейдің қол астына өтуі төңкеріске дейінгі кезең еңбектерінде екі түрлі жағдайда қарастырылды. Біріншісінде, Әбілхайырдың пайдакүнемдік мақсаттарымен жасалынған тиімді шарт және өтіріктігі көрінген жеке басы ісі ретінде қарастырылған (Мейер, Лобысевич), ал екіншісінде, хандық биліктің тұрақсыздығы мен сыртқы саяси қауіптің әсерінен (Левшин) туған өз еркімен қосылу (Левшин, Добросмыслов).

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ғылыми зерттеулерде Қазақстанның Ресей империясына қосылуы қауіпсіздік пен Ресейдің Азиялық континентіндегі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің аса маңызды ісі деп бағаланды. Ресей экономикасы мен мемлекеттік билігінің ықпалы көшпелі әлемге таралуы, теорияның негіздеушілерінің ойы бойынша, номадтардың мазасыз және жауынгерлік мінезіне қолайлы әсер етіп, оларды отырықшыландырып және ұлы державаның сенімді бодандары етуді көздеген. «Ресейдің өзін-өзі сақтау (самосохранения России)» тұжырымдамасының кейбір элементтері XVIII ғасырдың соңғы ширегінде қалыптасып, әйтседе көбірек байытылған түрі XIX ғасырда Я.П. Гавердовский, Г.Ф. Гейнс сияқты әскери тарихшылардың еңбектерінде қисынға келтірілген. Бұл теория XIX ғасырдың екінші жартысында «табиғи шекара (естественных границ)» тұжырымдамасына өсті.

Қазақстанға ішкерлей кіру әрекеттерін «табиғи шекара» теориясы арийлік ұлттың қайта құрылуы мен таралуы үшін адамзаттың табиғи даму жолы деп түсіндіріледі. Осы теорияны қолдаушылар қандай да бір мемлекет өзінің шекарасын қорғауы керек дегеннен шығады, сондықтан да оған мемлекеттік шекарасын қорғайтын жаңа шептер салуға болатындай территориялар керек. «Жылжымалы» немесе «табиғи» шекара теориясы таулар, өзендер мен күшті мемлекеттік құрылымдар болып табылатын табиғи шекарада мемлекеттің әскери-стратегиялық жағдайының тұрақтылығын болжады. Бұл тұжырымдама орыс тарихнамасындағы мемлекеттік мектептің өкілдері Д. Кавелин, С.М. Соловьев, Б.Н. Чичерин, В.О. Ключевский, А.Д. Градовский, П.К. Милуков, Г.В. Вернадский сияқты белгілі орыс тарихшыларының көзқарастарында көбірек дамыды. Осы теорияны жақтап, жолын қушы әскери тарихшы М.И. Венюков болды.

Қазақстанның Ресей империясының қол астына өтуі жаңадан қосылған жерлерде әскери шептердің құрылуы арқылы өтті. М.И. Венюковтың айтуы бойынша «никакая линия не могла возникнуть на полуденной окраине наших

степей, и государственный рубеж оставался фиктивным». Осылай «екі мемлекеттік» шекара теориясы пайда болады. Осы теорияға орыс тарихнамасының төңкеріске дейінгі бағыты жақынырақ ұқсас келеді. Ол Ресейдің шығысқа жылжуын этнографиялық және жағрафиялық факторлармен негіздейді, ол бойынша тегістікте орналасқан орыс мемлекеті кеңейюге тырысқан. Бұл барлық тарихи тұжырымдамалар белгілі бір мөлшерде европацентризмнен бос еместігін және орыс тарихшылары көзқарастарының методологиялық шектеулілігін көрсетті.

XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынастары мен Қазақстанның Ресейге қосылу мәселелері кеңестік тарихнамада елеулі өзгерісті басынан өткізді және ең теріс ұстанымнан апологетикалыққа(аса мадақтаулыққа) дейін өзгеруімен сипатталады. 20-30 жылдары Қазақстанның қосылуы мен Ресейдің осы өңірдегі барлық іс-шаралары қазақтар үшін «шексіз зұлымдық (абсолютное зло)» деп қарастырылды. Осы тұрғыда С.Д.Асфендияровтың және П.Г. Галузоның еңбектері жазылған. Бұл еңбектерде қазақ-орыс қарым-қатынасы, Қазақстанның Ресей империясының құрамына қосылуы және өңірді патшалық отарлау кезеңіндегі тарихи еңбектердегі мәселелерге тарихнамалық талдау мақсаты қойылған жоқ. Олар қатаң тарихи аспектіде жазылған. Олар Түркістан өңірінің Ресейге қосылу үрдісін ашық жаулап алу, ал Түркістанның өзін Ресейдің отары деп қарастырды.

Төңкеріске дейінгі кезеңнің тарихшыларымен айтысында С. Асфендияров қазақ жерін жаулап алу халыққа жақсылық(благоденствие), бейбітшілік пен мәдениет алып келген жоқ, керісінше, қырып-жою, тонаушылық пен өлім әкелді.

20-30-шы жылдардағы кезеңде концептуалды тұрғыда «шексіз зұлымдық(абсолютное зло)» формуласы қағидасы көрініс тапты. Жаулап алу тұжырымдамасына сол жылдары жасалынған формацялық-таптық тұрғы ықпал етті. Бұл барлық мәселелер мен тарихи дамудың қысылтаяң кездерін ұғыну мен түсіндіруіне мүмкіндік беретін монополиялық әмбебап методология.

Сталиндік репрессиялық режимнің бекітілуімен қоғамдық ғылымдар бұрынғыдан келе жатқан өздерінің қызметтерін іс жүзінде жоғалтты. Ғалымдарды да жанап өткен жаппай саяси репрессиялар, зерттеушілерге құжаттық түпдеректерді пайдалануға тыйым салынуы, коммунистік идеология монополиясын күштеп енгізу, мұның барлығы 30-40 жылдары тарихи зерттеулердің тым аз және көлемі жағынан кішігірім, фактілік материалдардың жұтаң болуына алып келді. 30-шы жылдар, нәтижесінде ресми болып танылған әлде бір тарихи парадигманың тарихнамалық «мутация» жылдары болды. Бұл кезең «Покровский мектебін» сынауының басталуымен сипатталады.

Қазақ-орыс және орыс-ортаазиялық қарым-қатынастарды зерттеуде А.Л. Поповтың еңбектері үлкен мағынаға ие. Ол царизмнің басқыншылық саясатын ғана емес, сонымен қатар орыстардың Түркістанға баса көктеуінің себептерін көрсетті. Ол екі негізгі- экономикалық және саяси себептерін көрсетті. А.Л. Поповтың мақалалары осы мәселелерді дамытудағы алғашқы салмақты талпынысы деп есептеуге болады.

Осы кезең тарихшыларының еңбектеріне әлі де «шексіз зұлымдық» тұжырымдамасының ықпалы көрінеді, бірақ та ғалымдар бірте-бірте бұл түсініктен алшақтайды. Ол «ең аз зұлымдық» терминімен алмасады. Бұл тұжырымдаманы И.В. Сталин ұсынған болатын. Халықтардың Ресей империясының құрамына кіруі «шексіз зұлымдық» орнына «ең аз зұлымдық» таңдауын ұсынады. Кеңес мемлекетінің нығаюымен осының негізінде империялық дәстүрдің қалпына келуі 1940 жылдарғы тарихнамада шет аймақтарда, оның ішінде Қазақстанда Ресей саясатын ақтау тенденциясы байқалады деп есептеу қабылданған. Нәтижесінде «ең аз зұлымдық» теориясы пайда болды. Ол бойынша Ресей самодержавиясы қазақтарды тағылық шығыс мемлекеттерінің кіріптар етуінен құтқарып, Азиялық көршілеріне қарағанда өркениетті елмен жақындастырды. Академик М.В. Нечкина сияқты ірі кеңестік тарихшыларының қолдауын тапқан «ең аз зұлымдық» теориясы өміршең келді. Оның сарқыны М.П. Вяткин, Е.Б. Бекмаханов, Е.Г. Федоров, Н.Н. Яковлевтардың еңбектерінде көрініс тапты.

1943 жылы «Қазақстан тарихының» жариялануы, ұлттық көтерілістер мен Ресейдің Қазақстанда жүргізген бүкіл саясатына баға беру ғалымдар арасында үлкен дау туғызды. 1944 жылы мамыр айының соңы мен шілде айында БКП(б) Орталық комитетінде-де тарихшылар кеңесі өтті. Кеңесте А. Панкратова патша үкіметінің отарлау саясатын толыққанды түсіндіру мәселесін алға тартты. С.К. Бушуевтің «патшалық Ресейдің барлық саясатын қаралауға болмайды» деген қорытындысы осы мәселе төңірегінде қызу пікірталас туғызды. С.К. Бушуев жарыққа шыққан «Қазақ КСР тарихы» басылымына қатысты теріс пікір қалыптастырды. Оның ойынша, басылым Ресейге қарсы ұлттық көтерілістерді насихаттауға бағытталған. С.В. Бахрушиннің «Ұлы Отан соғысы жылдарында орыс халқының рөлі артты. Оның жоғары рөлін мойындау нәтижесінде біздің өткен тарихымызды дәріптеу үрдісі пайда болады» деген мәлімдемесі мәселенің мәнін анықтай түсті. «Ресейге қатысты барлық бірігулерді «ең аз зұлымдық» ретінде санамау керек» деп ой түйген академик Украина және Грузияның Ресей құрамына өз еркімен қосылғанын ерекше атап өтті. Академик И.И. Минц екі бағытқа ерекше тоқталды: біріншісі – «Қазақ КСР тарихында» егжей-тегжейлі қарастырылған ұлт-азаттық күресті насихаттау, екіншісі – осы халықтардың өткен тарихын қаралау.

Н.Г. Аполлованың монографиясы 40 жылдардағы кеңес тарихнамасы дамуының қорытындысы іспеттес болды. Мұнда ұзақ жылдар бойы қазақ-орыс қатынастары мәселелеріне қатысты тарихшылар ұстанымын көрсететін бірқатар қорытындылар келтірілген. Н.Г. Аполлованың мәліметі бойынша, XVIII ғасырдың 30 жылдары Қазақстанның Ресейге қосылуына негізі XVI ғасырдың соңында қаланған ұзақ мерзімді экономикалық және саяси байланыстармен дайындық жүргізілді. 30 жылдардың басында патша үкіметінің Кіші жүз бен Орта Азиялық хандарға (Бұхара және Хиуа) қатысты нақты шаруашылық-саяси мақсаттары анықталды. Осы мақсаттарға сәйкес патшалық Ресей Орта Азия аймағында сауда байланыстарын кеңейте отырып, Орта Азиялық халықтарды ресей боданына айналдыру жолымен өзінің саяси үстемдігін нығайтуға ұмтылды. XVIII ғасырдың 30 жылдары Ресейдің қазақ

жүздерімен қарым-қатынасын бекіту мәселесінің маңыздылығы арта түсті. Бұл жағдайға қазақ қоғамындағы әр түрлі тап өкілдері мүдделі болды. Монография авторы орыс экономикасының қазақ шаруашылығына тигізген әсерінің тікелей нәтижелері (мал шаруашылығы, егіншілік және сауданың дамуы) мен орыс мәдениетінің қазақ халқының мәдениетіне жасаған ықпалын ерекше атап өтті.

60 жылдары кейбір зерттеу жұмыстарында мынадай пікір қалыптасты: Ресей құрамына кірісімен Қазақстанда өзара соғыстар саябырсып, қазақ даласындағы жағдай тұрақтана бастады. Г.И. Семенюктің жазуынша, Қазақстанның Ресейге қосылуы нәтижесінде «Кіші жүз бен кейбір Орта жүздегі қазақ тайпалары бодандықтың алғашқы жылдарынан бастап өндірістік күштердің... дамуын тежейтін... ішкі феодалдық соғыстарды тоқтатты».

Б.Н. Палкин «Қазақстанның Ресейге қосылуы нәтижесінде елдегі феодалдық бөліністер ыдырап, өзара толассыз талас-тартыстар тоқтады. Сондай-ақ, патриархалды-феодалдық институттар өзін-өзі толығымен жойды» деп есептейді. Жоғарыда аталған зерттеушілердің еңбегінде Қазақстанның Ресейге бірігуі қазақ халқының игілігі үшін жасалған іс ретінде түсіндірілді.

Қырағы идеологиялық бақылаудың ықпалында болған тарихшылар «Түркістан халқы «ғасырлық артта қалушылықтан» «тарихи дамудың» биік шыңына Ресейде болған революциялық оқиғалардың арқасында ғана қол жеткізді» деген жалған тұжырымдамалық қорытындыға келді. Тарихшылар Орта Азияның Ресейге қосылуындағы «шешуші маңыздылықты» кеңінен қарастырды.

Сонымен де, осы кезең аралығында Қазақстанның Ресейге қосылуын сынайтын еңбектер пайда бола бастады. Атақты тарихшы П.Г. Галузо Ресей империясының қазақ даласындағы рөлін қатты сынға алды. П.Г. Галузо көптеген зерттеушілердің пікіріне қарамастан, өзінің «1867-1914 жж. Қазақстанның оңтүстігіндегі аграрлық қатынастар» деген еңбегінде самодержавиенің қоныстандыру саясатының нәтижесінде Қазақстандағы көшпелі және отырықшы шаруашылық терең дағдарыс жағдайына түсті деп мәлімдейді. Қазақтандыру мен шаруашылық отарлау саясатының жер ресурстарын жергілікті тұрғындар пайдасы үшін әділ бөлмеуі қазақ егін шаруашылығының дамуын тежеп, олардың отырықшылық шаруашылыққа ауысуына кедергі келтірді.

Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясатына қатысты кейбір көзқарастарды Б. Сүлейменовтың зерттеу жұмысынан байқай аламыз. Ірі жер иелері мен буржуазияны қолдаған самодержавиенің аграрлық саясатындағы қанаушылықтың түпкі мәнін ашып көрсеткен автор ресей шаруаларының қазақ егіншілігіне жасаған орасан зор ықпалы мен қазақ қоғамындағы барлық әлеуметтік-экономикалық құрылымға тигізген әсерінің маңыздылығын баса айтады.

В.Я. Басиннің есептеуінше, патша үкіметінің отарлық жаулап алу саясатына қарамастан Қазақстанның Ресейге қосылуы аса зор маңызға ие болды. А. Сабырхановтың диссертациясында Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуына шынайы алғышарттар жасаған XVIII ғасырдағы қазақ-орыс қатынастарының қалыптасуы мен дамуындағы кейбір ерекшеліктер жан-жақты

талқыланған.

XX ғасырдың 60-70 жылдары жарияланған еңбектерде Қазақстанның Ресейге қосылуы тұжырымдамасының одан әрі жетілген нұсқасы пайда бола бастады. Тұжырымдаманың негізгі шарттарын сақтап қалудағы басты жағдай қосылудың ерікті сипатта жүргізілгенін дәлелдеу және халықтар достығы мен тарихи оқиғалардың маңызды нәтижелерін көрсету болып табылады. Осы жайттар Г.Ф. Дахшлейгер, Б.С. Сүлейменов, С.Е. Толыбеков және С.З. Зимановтың еңбектерінде ерекше көрініс тапты. Зерттеушілер мәселенің ауқымын кеңейте отырып, Қазақстан мен Орта Азия арасындағы өзара қарым-қатынас аспектілерінің және Ресейдің Азия аймағына қатысты сыртқы саясатының маңыздылығын арттыра түсті. Нәтижесінде Ресейдің Қазақстан территориясы арқылы Орта Азиялық хандықтарға бағытталған қозғалысының экономикалық және саяси себептерін, сондай-ақ Қазақстанның Ресей құрамына бірігуінің жағымды салдарын талдаған зерттеу жұмыстары пайда болды.

Тарих ғылымында үстемдік еткен жалпы коммунистік идеология Қазақстанның Ресейге қосылуын шынайы түрде зерттеуге мүмкіндік берген жоқ. Осы жылдары «үлкен аға» формуласы қатаң сақталды. Сондықтан, авторлар бірігудің жағымсыз жақтары туралы жақ ашпауға мәжбүр болды. Сол кезеңде қазақ-орыс қатынастарына байланысты алғашқы тарихнамалық жұмыстар пайда болды. Жекелей айтқанда, кеңестік тарихнамадағы қазақ жерлерінің Ресей құрамына қосылу мәселесін зерттеуге қатысты деректер Г.Ф. Дахшлейгердің монографиясында кездеседі. XX ғасырдың 30-70 жылдарындағы зерттеушілердің жұмыстарын талдау үрдісі маркстік-лениндік методологияның ұстанымы тұрғысынан жүргізілді. Автор «шексіз және ең аз зұлымдық» тұжырымдамасын сынады.

Б.А. Төлепбаев пен Т.Ж. Шойынбаев өз еңбектерінде Ресей империясын «патшалық, реакциялық және алдыңғы қатарлы еркін ойлайтын Ресей» деп бөлу идеясын ұсынды. Олардың жұмысында «бірінші» Ресей сынға алынып, ал «екіншісі» бір жақты дәріптелді. Осындай көзқарас империялық жүйенің шеңберіне толықтай еніп, оның ең басты тірегі мен қозғаушы күші бұрынғысынша Ресей болып қала берді. Осы тәрізді бағыт қазақ-орыс қатынастарының тарихын зерттеуге кері ықпал жасады. Енді зерттеушілер ұлттық мемлекеттердің негізін қалаушы - тарихи тұлғалардың рөлін анықтауға күмәнмен қарай бастады.

Осы кезеңде Д.И. Дулатованың «Революцияға дейінгі Қазақстанның тарихнамасы» атты арнайы монографиясы дайындалып жарыққа шықты. 80 жылдары Г.А. Ахмеджановтың «Орта Азияның Ресейге қосылуының кеңестік тарихнамасы» деген арнайы тарихнамалық зерттеу жұмысы пайда болды. Автор монографияда Орта Азияның Ресейге бірігуінің халықаралық маңыздылығын қарастырады. Сондай-ақ, Орта Азиялық хандықтар үшін бірігудің экономикалық және саяси салдарына сипаттама берген.

Мәселенің зерттелу деңгейін талқылай отырып, шетелдік тарихнамаға да тоқталып өту керек. Кеңес кезеңіндегі А.Б. Тұрсынбаев, Ч.А. Халфин, Г.А. Хидоятов және т.б. авторлардың алдында шетелдік зерттеушілердің

«жалғандығын» сынау мен әшкерелеу міндеттері тұрды. Көп жағдайларда ұтымды дәлелдердің өзі ескерусіз қалып жатты. Осы жұмыстардағы негізгі мақсат шынайы ғылыми талдау емес, керісінше коммунистік идеологияға зиянын тигізетін көзқарастарды жою болатын.

Қазақстанға қатысты шетелдік тарихнаманың қазіргі даму кезеңінде К.Л. Есмағамбетов, Қ.Р. Несіпбаева, М.Т. Лаумулин, Т.К. Бейсембаев секілді ғалымдардың жұмыстары ерекше орын алады. Мысалы, К.Л. Есмағамбетов өзінің зерттеу еңбегінде американдық және ағылшындық зерттеушілердің орыс басқыншылығы мен отарлау саясатын әр түрлі тарихнамалық кезеңде сипатталғанын қарастырады. Қазақстан зерттеушілері АҚШ, Канада, Франция және т.б. елдердің кітап қоймаларында шоғырланған шетелдік тарихнаманың бірнеше аспектілерден тұратын деректік негізіне жан-жақты тоқталады. К.Л. Есмағамбетовтың ғылыми зерттеулерінің басты қорытындысы бірқатар маңызды жұмыстарда көрініс тапты. Мысалы, «Біз туралы Батыста не жазды?», «Қазақтар шетел әдебиетінде», «Д. Кэстльдің 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапары туралы» және т.б.

Қазақстандық зерттеушінің айтуынша, XVIII ғасыр мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихын қарастырған шетелдік зерттеушілердің мүддесі халықаралық қатынастардың Орталық Азия аймағындағы саяси мәселелерімен тығыз байланысты болды. Оларға Ресейдің қазақ жүздерін жаулап алуы, патша үкіметінің Қазақстанда жүргізген отарлық саясаты, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстарын бағалау, т.б. жағдайлар кіреді. К.Л. Есмағамбетовтің көрсетуінше, «Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайының шиеленісе бастауы XVI ғасырдың ортасы мен XVII ғасырдың соңында орыстардың Сібірді отарлау кезеңімен сәйкес келеді». Американдық тарихшылар Дэвид Коллинз бен А. Вудтың ойынша «Ноғай ордасы мен Сібірдің, Қазан және Астрахан хандықтарын жаулап алуына байланысты түрік тілдес мемлекеттер арасындағы қатынастар бұзылып, нәтижесінде Қазақ хандығына үлкен қауіп төнді» деп есептейді. Қазақстандық зерттеуші Э. Кинам, Д. Сокол және Р. Пирстің еңбектерін егжей-тегжейлі талдап, ондағы Ресейдің XVI ғасырдан 1905 жылға дейінгі хронологиялық жағынан жалғасқан ұлы Моңғол империясының «мұрагер-мемлекеттеріне» қазан хандықтарын жаулап алуға қатысты жүргізген агрессивті саясатын сипаттаған. Ресейдің Қазақстанды жаулап алуына байланысты шетелдік тарихнамада келтірілген негізгі себептерді К.Л. Есмағамбетов былайша бөліп көрсетеді: «Петр I кезінен бастау алған үлкен шығыс империясын құру», «татарлар мен түріктерге қарсы бағытталған дұшпандық», «Қазақстанның стратегиялық маңыздылығы», «жартылай тағы (жабайы) көшпенді халық арасындағы тәртіпті заңдастырудың қажеттілігі», «орыстардың жаулап алуға деген мәңгі ұмтылысы», т.б. «Орыс патшаларының шығыс саясатындағы басты мақсаттарының бірі «Азияға бағытталған кілт пен қақпа» атанған қазақ жерін басып алу болды» деген пікірдің отандық және шетелдік тарихнамада кең таралғанын автор ерекше атап өтті.

Қазақстан туралы жазылған шетелдік басылымдардың библиографиялық көрсеткішінен құралған М.Т. Лаумулин мен Т.К. Бейсембиевтің еңбектері Қазақстанға қатысты шетелдік тарихнамада өзіндік ерекшеліктерге ие. Орыс-қазақ қатынастары мәселесіне байланысты ағылшындық және американдық

тарихнама негізінде талдау әдісі К.Р. Несіпбаеваның зерттеу жұмысында кеңінен қолданылған. Оның көрсетуіне сәйкес, шетелдік еңбектердің жоғары әдістемелік деңгейіне қарамастан екі негізгі теория басымдық етеді. Олар: Ресейдің отарлау саясатын мадақтау немесе патша империясының іс-әрекетін әшкерелеу. Біздің көзқарасымыз бойынша, еуропалық өркениетті асыра мақтау ұстанымы батыстық авторларға тән қасиет.

XX ғасырдың 90 жылдары Қазақстанның Ресейге бірігуіне баға беруді қазақстандық ғалымдар өз зерттеулерінде қайтадан қарастыра бастады. Тарихшылар осы жағдайды біржолғы акт деп есептемейді. Бірігу әр түрлі уақытта түрліше жолмен жүзеге асырылды. Осы кезеңнен басталған «қосылу» термині ғылыми әдебиеттерде «кіру» немесе «бағыну» ретінде қолданылды. Нәтижесінде отарлау саясатының үдемелі салдары күмән туғыза бастады. Мәселенің шиеленісу барысында патша үкіметінің Қазақстанда жүргізген басқыншылық акциясының саясатына ерекше мән берілді. Қазақ жүздерінің Ресей құрамына кіруі «Ресей протекторатының құрылуы» (А. Күзембайұлы, Ж.О. Артықбаев) ретінде сипатталды. Академик М.Қ. Қозыбаев Қазақстанның Ресей құрамына жаулап алу жолымен кіргені жайында өз көзқарасын алға тартты. Ғалым М.Ж. Әбдіров те осындай пікірге келді.

Ж.К. Қасымбаевтың көптеген зерттеу жұмыстарында «қазақ жүздерінің қосылуы әр түрлі сыртқы саяси және ішкі жағдайларда жүзеге асырылды: Кіші жүздің біраз бөлігі мен кейбір Орта жүз рулары өз еркімен орыс бодандығын қабылдады; Орта жүз бен Ұлы жүздің маңызды бөлігі әскери күш арқылы Ресей құрамына қосылды» деген деректер келтірілген. 1990 жылы шыққан «Кеңестік Қазақстанның тарих ғылымы (1917-1960 жж.)» атты кітапта авторлар осы кезеңдегі тарихнаманың қалыптасуы мен дамуын жан-жақты талдап жіктейді.

Қосылу мәселесін зерттеген И.В. Ерофеева XX ғасырдың 30-50 жылдарындағы осы тақырыпқа қатысты тарихи пікірдің дамуына ерекше тоқталады. Дәл сол жылдары үш тұжырымдамалық көзқарас қалыптасты: «шексіз зұлымдық» (С.Д. Асфендияров), «кіші зұлымдық» (М.П. Вяткин), «қосылудың экономикалық және саяси негіздері» (Н.Г. Аполлова). Біздің көзқарасымыз бойынша, зерттеуші идеологиялық аспектілерді толығымен қарастырған: «маркстік-лениндік методологияның нығаю жағдайындағы қоғамдық ғылымдар негізінде осы мәселені зерттеу жұмыстары революцияға дейінгі тарихнаманың көптеген жетістіктерін қиын меңгеру мен қайта бағалау сияқты үрдістермен қатар жүргізілді». Осыны есепке алған И.В. Ерофеева осы кезеңдегі зерттеушілердің жұмыстарына жеткілікті түрде шынайы баға берді.

1991 жылы желтоқсанда Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігінің жариялануы қазақ-орыс қатынастары тарихына қатысты жаңа бағыттағы үлкен қызығушылық туғызды. Ресей империясына қосылу нәтижесінде тәуелсіздігін жоғалту фактісін зерттеу мен талдау мәселесі күрделі жағдайға алып келді. Тарихшылар қазақ хандарының ресей үкіметіне көмек сұрап баруының себептерін, оның тарихи үрдісі мен салдарын талқылауға кірісті. Сондай-ақ, мәселенің тарихнамалық аспектілері де зерттеуге алынды.

Қазақстан тарих ғылымындағы келесі өзекті тақырыптың бірі - қазақ тарихындағы қазақ хандары мен сұлтандарының орнын анықтау. «Қоғам тарихы

таптар күресінің тарихымен тығыз байланысты» деп есептейтін қағида аласапыран кезеңдегі тұлғалардың ұлы жетістіктеріне жете мән берген жоқ. Егер алдыңғы кезде кеңестік тарихнамада Әбілхайыр ханның саясатын «дүниеқорлық» («негізсіз») деп түсіндірсе, ал Ж.К. Қасымбаев көшпенді өмірдің қауіпсіздігін қамтамасыз еткен «екі жүзділік саясатты» Орталық Азияның дипломатиялық тарихына тән басты бағыт ретінде қарастырады. Бұл саясаттың астарында өз елінің тәуелсіздігі мен территориялық біртұтастығын сақтап қалу идеясы жасырынды. Әбілхайыр ханның тарихи тұлғасын сынаушыларға қарсы шыққан зерттеуші Б.Б. Ермұханов «қазақ халқының орыс бодандығына өтуінде... Әбілхайырды кінәлап, оның саясатын шектес тыс «атақ құмарлық» деп бағалау, менің ойымша, тарихи жағынан да, ғылыми жағынан да қисынға сай келмейді» деп есептейді.

И.В. Ерофееваның Әбілхайыр хан туралы жазылған монографиясында ол Кіші жүздің ерекше тұлғасы әрі Орынбор губернаторы, шебер дипломат және И.И. Неплюевтің «Бөліп ал да, билей бер!» саясатын жүзеге асырған көрнекті стратег ретінде қарастырылған. Біздің ойымызша, монографияда Әбілхайыр тұлғасы Қазақстанның сол кезеңдегі басқа да мемлекеттік қайраткерлеріне қарсы қойылған.

1993 жылы Қазақстан тарихы бойынша авторлық ұжымымен дайындалған очерк жарияланды. Тарих ғылымдарының докторы Ж.К. Қасымбаев «Қазақстанның Ресейге қосылуы: кіру, жаулап алу, отарлау» атты тарауда өзіндік қызығушылық туғызған XVIII ғасырдағы қазақ-орыс қатынастары мәселесін жан-жақты түсіндірген. Тараудың бұлай аталуының өзі мәселенің даулы екенін көрсетеді. Автордың пікірінше, Қазақстанның Ресей құрамына бірігуі екі ел арасындағы саяси байланыстардың нығаюына елеулі түрде әсер етті.

Өз мемлекетінің экономикалық мүддесі мен аймақтағы жағдайын нығайтуға деген ұмтылыс 1687-1694 жылдары Тәуке хан бастаған елшіліктің Ресейге аттануына себеп болды. Алайда, бұл сапар заңды түрде рәсімделген жоқ. Кейіннен әр түрлі кезеңде билік еткен қазақ билеушілері (1717 жылы – Қайып және Әбілхайыр сұлтандар, 1726-1730 жылдары – Әбілхайыр хан мен старшиналар) орыс үкіметіне бодандыққа қабылдау жөніндегі ұсыныспен барған. Зерттеушінің атап көрсетуінше, елдің сыртқы саяси жағдайының күрделілігі мен Кіші жүздің Ресей бодандығына өту жолымен көмек сұрауы Әбілхайырдың жеке басының мүддесі үшін жасалған жоқ.

Біздің пікіріміз бойынша, Ж. Қасымбаев «Ресейдің мүддесі өз елінің аумағын кеңейту және шығыстағы шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету» деген қағидаға ерекше көңіл аударған. Нәтижесінде Ж.К. Қасымбаев мынадай қорытындыға келеді: қазақ жүздерінің Ресей билігіне бағынуы әр түрлі саяси және ішкі жағдайларда жүзеге асырылды; жүздің біраз бөлігі мен кейбір Орта жүз рулары өз еркімен орыс бодандығын қабылдады; Орта жүз бен Ұлы жүздің маңызды бөлігі әскери күш арқылы Ресей құрамына қосылды.

Жаулап алу тұжырымдамасын жаңаша қарастырған зерттеушілер Ресей империясының отарлау саясатына ерекше мән береді. Мысалы, М. Мырзахметовтың «Қазақ қалай орыстандыларды?» атты монографиясында патша саясатының қазақ халқын орыстандырудағы басты мәселелері талқыланған.

Автор осы саясаттың негізгі кезеңдерін былайша бөліп көрсетті:

1 кезең (1731-1822 жылдар) — патша үкіметі протекторат орнату мен қазақ жерлеріне атау беру мәселесінде аса сақтықпен әрекет еткен кезең;

2 кезең (1822-1859 жылдар) – қазақ хандықтары жойылған соң, қазақ жерінің басым бөлігінде «Бөліп ал да, билей бер!» саясаты енгізіліп, нәтижесінде ру старшиналары арасында жанжалдар пайда болған және қазақ атауларын өзгерту үрдісі күшейген кезең;

3 кезең (1861-1917 жылдар) – отарлау саясаты күшейіп, қазақ жерлері Ресей империясының мемлекеттік меншігі деп жарияланған және соған байланысты қазақ жерінің тарихи атауларын әдейі өзгерткен кезең.

М. Мырзахметовтың көрсетуінше, жаппай орыстандыру саясаты қазақ тілін, қазақ атаулары мен қазақ халқының мәдениетін жоюға бағытталып, қазақтардың өз жерінде өгейсінуіне алып келді.

М.К. Қозыбаев «Ресейдің тарихы - оның отарындағы елдердің тарихы» деген мақаласында Қазақстанның Ресейге қосылуына қатысты өзіндік пікір айтады. М.К. Қозыбаев «қосылу» терминін сынға алып, ол Қазақстанның негізгі объектке қатысты субъективті рөлін сипаттау мен тарихи үрдістің мәнін түсіндіруге сай келмейді деген пікір айтты. «Өз уақытында империялық мекеме үшін маңызды болған «қосылу» термині негізінен «тартып алу», «басып алу», «жеңіп алу», «Қазақстанның империя құрамына күштеу қысымы арқылы бірігуі» сияқты мағынаны білдіретін. Сондықтан, отарларды жаулап алу бойынша ең басты қарсыласы Англиядан қорыққан орыс үкіметі осы терминге бейбіт сүйгіш сипат берудің қажеттілігін түсінді.

Біздің көзқарасымызға сәйкес, Петр I кезеңінде негізі қаланған Қазақстанды жаулап алу стратегиясының кейіннен нақты түрде рәсімделуін ғалым жан-жақты қарастырады. Әбілхайырдың Ресейге қарай тартылуы күрделі тарихи жағдайлармен түсіндіріледі. Қазақтар «өз ұлтын қолайлы жағдайда сақтап қалу мақсатымен» империя билігін мойындауға мәжбүр болды. Осылайша, автор Қазақстан Ресейдің құрамына жаулап алу жолымен қосылды деп есептейді. Әскери казактардың отарлық саясатына ерекше тоқталған ғалым М.Ж. Әбдіров те осы пікірді қолдайды: «әскери казактардың отарлық саясаты» деген ұғым ресей абсолютизмінің жаулап алушылық, өте агрессивті сипаттағы тұжырымдамасымен генетикалық жағынан тығыз байланысты. Зерттеуші осы терминнің казактар негізгі рөл ойнайтын патшалық Ресейдегі әскери күштердің монополиясымен сәйкес келетінін тілге тиек етті.

М.Ж. Әбдіровтың ойынша, Қазақстанның Ресей құрамына кіруі қазақстандық тарихнамада осы күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған мәселелердің біріне айналды. Сондай-ақ, отарлау кезеңіндегі казактардың рөлін анықтау ісі жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Ғалымның деректеріне қарағанда, казактар мемлекеттік әскер құрамына кіріп, Ресейдің барлық соғыстарына қатысты. Ал елдің ішінде казактарға әскери-полициялық қызметтер жүктелген болатын. Осылайша, патша үкіметі империя маңында және жаңадан басып алынған жерлерде отарлау саясатын жүргізу үшін казактарды жазалаушы күш әрі белсенді жолбасшы ретінде пайдаланды. М.Ж. Әбдіров Кіші жүз ханы Әбілхайырдың патша үкіметінен казактарды Ресей бодандығына қабылдауды сұрауынан кейін

болған жағдайды былайша сипаттайды: «Патша билігі осы мүмкіндікті тиімді пайдалана отырып, Қазақстанға қатысты сыртқы саясатын қарқынды түрде жүргізе бастады. Сонымен қатар, қазақ даласына терең еніп, осы аймақта ресей үстемдігін бекітудің кең ауқымды жоспары жасалынды». Осы мәселеге қатысты зерттеуші «патша әкімшілігінің қазақтармен өзара қарым-қатынасы алғашында бейбіт түрде жүргізіліп, шеткі аймақтағы бекіністер қазақтарды жоңғар шапқыншылығынан қорғағанын және ақырында ұлттық-отарлаушылық езгінің күшейе түскенін» атап көрсетті.

Қазақ-орыс қатынастары тарихының нәтижесінде ең негізгі жағдай қалыптасқанын назарда ұстау керек: қосылу және осыған байланысты туындаған отарлау үрдісі ерікті түрде болды ма әлде күштеу арқылы жүргізілді ме?

А.Д. Көкеев өзінің «Революцияға дейінгі және кенестік тарихнамада зерттелген XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Қазақстанның оңтүстік және шығыс бөлігінде Ресейдің жүргізген әскери-саяси жаулап алу саясаты» атты диссертациясында «қосылу» терминінің астарында «көмсіту» ұғымы жасырылғанын көрсетті. Бұл тарихи үрдістің күштеу арқылы жүргізілгенін сипаттайды. Кім кімге қосылады, не үшін қосылады, бодандықтағы халық не үшін өз бостандығынан ерікті түрде бас тартады, бодан халық не үшін өзінен қуатты мемлекеттің алдында бас иеді. Көкеевтің пікіріне сәйкес, жоғарыда аталған жайттар бірқатар себептермен анықталатын мәжбүрлі акт болып табылады.

А.М. Әбділдәбекова бұл жайында байсалды қорытынды жасайды. Ол «Қазақстанның Ресейге қосылуының тарихнамасы» атты диссертациялық зерттеу жұмысында «бір-бірінен теориялық және тұжырымдамалық мазмұны мен бағыты жағынан ерекшеленетін бірнеше деректерге талдау жүргізеді. Нәтижесінде әрбір кезеңге сол тарихи үрдістің көрінісі мен бағасы сәйкес болады деген пікірге келді. Тұжырымдамалық көзқарасқа идеологиялық жағдайлар ықпал етеді. Сондықтан тарихнамалық мәселені шынайы талдау барысында осыны есепке алу керек».

Осыған қатысты Ж.Б. Құндақбаеваның ұстанымы нақты көрсетілген. Оның ойынша, «Ресей тарихының өте маңызды, алайда толық зерттелмеген мәселелерінің бірі экономикасы мен әлеуметтік құрылымы әр түрлі типте болып келетін этникалық-діни жағынан сан алуан халықтарды империя құрамына біріктіру және оларға тұрақты түрде бақылау жасау болды». Ж.Б. Құндақбаева «қосылу» немесе «жаулап алу» терминдерінің орнына «империялық интеграция» сөзін қолдануды ұсынады. Осылайша, мәселенің басқа түрғыдан қарастырылуы империялық интеграция ретінде шет аймақтардағы орыс емес халықтарға бағытталған Ресей саясатын зерттеудің аса қажеттілігін туғызады деп есептейді.

Қазіргі заманғы ресейлік тарихнамада қазақ-орыс қатынастары мен Қазақстанның Ресейге бірігу мәселелері «Ресей-Шығыс» ұлттық қатынастары мен мәселелерін қарастырған контекст негізінде зерттеледі. Мұнда Ресей мен Қазақстанның өзара ықпалын отарлау саясатының жағымды және жағымсыз салдары арқылы талдауға басты назар аударылған. 1990 жылдардың екінші жартысында жарыққа шыққан РҒА Ресей тарихы Институты ғалымдарының ұжымдық еңбегі Ресейдің ұлттық шекараларындағы басқару жүйесінің қалыптасуы мен дамуы мәселелеріне арналған. Кең байтақ империяның

барлық ұлттық шекараларын мысалға ала отырып, әкімшілік жүйенің пайда болуы мен қызметіне жан-жақты түсінік беру және оның негізгі сипатын салыстырмалы-тарихи талдау жұмыстың басты жетістігі болып табылады. Авторлар ұлттық аймақтардағы басқару аппаратының құрылуы мен дамуының көрінісін жасауға қол жеткізді. Осы материал тарихи фактілерге тек жүйелі-тарихнамалық талдау жасап қана қоймай, сонымен қатар империя құрамына кірген нақты тарихи жағдайларға тәуелді, сондай-ақ қоғамдық-саяси құрылымы әр түрлі аймақтардың ішкі эволюциясының логикалық контекстіне де зерттеу жүргізген.

2003 жылы РФА РТИ көп ұлтты Ресей империясын зерттеуге байланысты ұжымдық жұмыс жасады. Ол Ресей өркениетінің дамуына қажетті көп ұлттылық мәселесіне арналды. Авторлар «мемлекеттілік пен мәдениеттің жалынында» лаулаған халық өмірінің жергілікті және этникалық ерекшеліктерін көрсетуге ұмтылды.

Қазақ-орыс қатынастары тарихына арналған нақты жұмыстар арасынан ең алдымен «Ресей-қазақстан арасындағы этномәдени және этносаяси өзара іс-әрекеттер» атты мақаланы ерекше бөліп көрсетуге болады. Осы мақаладан бірнеше үзінділер келтірейік: Кіші жүздің Ресейге қосылуы туралы былай делінген: 1730 жылдары «Кіші орда қазақтарының» Ресей империясы құрамына өтуі және екі ел арасындағы сауда қатынастарының жандануына байланысты аймақтарда орыстардың белсенді отарлау саясаты басталды. Ресей үкіметі қалалар мен бекіністер салып, «нығаю» бағытын жүргізе бастады. 1734 жылы Сенаттың обер-хатшысы И.И. Кириловтың «Кабинетке» ұсынған «Қырғыз-қайсақ және қарақалпақ ордалары туралы түсініктеме» атты жазбасында қазақ даласының шекаралық аймақтарын игеруді кеңейту және сауда байланыстарын дамыту жоспары келтірілген.

Осылайша, жан-жақты және шынайы талдау әдісі Ресейдің империялық отарлау саясаты мен Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде жойылуы туралы ресейлік зерттеушілердің қазақстандық тарихшылармен ұқсас қорытындыға келуіне мүмкіндік жасады.

«Отарлау дәуіріндегі Ресей, Батыс және мұсылмандық Шығыс» атты ұжымдық монографиядағы атақты ғалым Т.И. Сұлтанов дайындаған «Ресей мен Қазақстан: тарихы мен өзара қарым-қатынасы (XVI ғ.-XX ғ.басы)» деген тарау ерекше қызығушылық туғызады. Біздің ойымызша, осы жұмыста Әбілхайыр ханның ерікті түрде бодандыққа қабылдануы тек Ресейдің Шығыстағы саяси мүдделерін қамтып қоймай, сонымен қатар Ресей мемлекетінің даңқын одан әрі асқақтата түседі. Қаламның ұшымен, ешқандай атыс-шабыссыз және қантөгіссіз көп санды қазақ халқы мен оның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі кең байтақ даланы құрамына біріктірген Ресей империясы өзінің мінсіз мүмкіндіктеріне масаттана қарай бастады.

Автор ерікті «бодандық» түсінігін екі мағынада қабылдауға болады деп есептейді. Мысалы, бұл жағдай қазақтар үшін Ресеймен болған әскери және саяси одақ іспеттес. Алғашында Ресей империясы протекторат институтының вассалдық элементтерін қолданған болса, ал кейіннен 1830-1860 жылдары іс жүзінде жаулап алу мен отарлық бағындыруға көшті. «Қазақ даласының басқару

жүйесіндегі хан билігі, халық жиналысы (құрылтай), билер соты, т.б. дәстүрлі органдардың жойылуына байланысты қазақ мемлекеттілігі де жойылды: Қазақ жерлері Ресей империясының қарапайым шет аймақтарындағы провинцияларға айнала бастады». Т.И. Сұлтановтың көрсеткендей, қазақ жүздерінің ресей бодандығында болған уақыты екі негізгі кезеңге бөлінеді: бірінші кезең – номинальды бодандық (1731ж. – XIX ғ. 20 ж.); екінші кезең – іс жүзінде қосылу мен отарлық бағындыру (XX ғ. 30-60 жж.) немесе қазақтарды толығымен өз бақылауында ұстау.

Т. Сұлтановтың пікірі бойынша, революцияға дейінгі орыс тарихнамасында талқыландырылған номинальдылық мәселесі орыс зерттеушілері үшін номинальды бодандықты жүзеге асырудың маңызды міндеті ретінде қарастырылды. Біздің ойымызша, монографияда орыс үкіметінің көшпенділер өміріне күштеу жолымен ретсіз араласуының жағымсыз салдары нақты көрсетілген.

И. Ерофеева өзінің «Қазақстандағы миграциялық жағдайдың қалыптасуындағы жаңа оқулықтар мен қазіргі білім беру жүйесінің рөлі» атты мақаласында Қазақстан Республикасындағы тарих пәнін оқыту жүйесінің жағдайын талқылайды. Сондай-ақ, кеңестік мектепте тарих пәнін оқыту туралы автор былай дейді: «Қазақстан өз егемендігін алғанға дейін бастауыш және орта білім беретін мектептерде КСРО тарихы, қоғамтану, мемлекет және құқық негіздерін оқыту, ал жоғары оқу орындарында әлеуметтік-таптық критерийлер бойынша «кеңестік патриотизмді» және Мәскеудің интеграциялық саясатының әділ ұстанымын бекіткен КОКП тарихы пәнінің курстарын оқыту елдегі бірыңғай азаматтық сәйкестікті қалыптастырудың қарапайым функцияларын атқарды».

Мұндағы КСРО тарихының құрылымы жалпы этноцентристік негізде, яғни орыс мемлекеті мен этносының уақыт пен географиялық кеңістікке байланысты өзгеріп отыратын тарихы ретінде жасалынды. Басқа этностардың тарихи жағдайлары бірнеше жеке тараулар түрінде беріліп, қосымшалық ұстанымына сәйкес оқулықтың негізгі мазмұнымен байланыстырылды. Бүгінде көптеген зерттеу еңбектерінде қазақ халқының тарихы жеке, дербес тәуелсіз мемлекет ретінде, ежелден автохтонды болғандығы дәлелденді.

Ғылымның дамуы үздіксіз сипатқа ие бола отырып, жеке зерттеушілердің мүддесі мен нұсқауларына бағынбайды. Қазіргі таңда қазақстандық және ресейлік зерттеушілер өткен тарихты ешқандай идеологиялық нұсқауларсыз, субъективті көзқарассыз, сондай-ақ бір жақтың рөлін ұлғайту арқылы екінші жақты төмендетпей қарастыруға ұмтылыс жасауда.

Ғалымдар ресейлік тарихнаманың әр түрлі даму кезеңіндегі қазақ даласының интеграциялық үрдістерін жан-жақты түсіндіреді: қосылу, отарлау, жаулап алу және т.б. Кез-келген терминдік түсіндіру бойынша, интеграция дегеніміз – бұл тек жетістіктерге ғана қол жеткізу емес, сонымен қатар белгілі бір артықшылықтардан да айрылу. Ресей тарихнамасының даму мәселесі осы екі полюс арасында өзгеріп отырады. Қазақ даласының Ресей империясының құрамына интеграциялануы әр түрлі кезеңдерге байланысты бірде «игілік іс» ретінде, бірде «кіші зұлымдық» немесе «шексіз зұлымдық» ретінде бағаланды. Алайда, зерттеушілер бір ауыздан «қазақ даласы империяның бір елі ажырамас

бөлігіне айналды» деген пікірді ұстанды. Бірақ, осы интеграциялық үрдістердің қандай жолмен жүзеге асырылғаны туралы негізгі мәселе өз шешімін тапқан жоқ. Далалық ерекшеліктерге бейімделген Ресей тарапы өзінің жетістіктеріне сай қазақтар жағына да кейбір ішкі бостандықтарды беріп отырды.

«Қазақстанда тәуелсіз тарихи және тарихнамалық ой-пікірлердің қалыптасуы» атты 2004 жылы қорғалған зерттеуші Ш.Ж. Нартбаевтың кандидаттық диссертациясында: «Халқымыздың өткенін шынайы көрсету және бұрмаланған тарихты қалпына келтіру мақсатында қазақ тарихшылары тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Ресейдің Қазақстанды отарлауы мен оған қарсы пайда болған ұлт-азаттық қозғалыстар және соғыстар туралы көлемді зерттеулер жүргізіп монографиялық, диссертациялық еңбектер жаза бастады», - деп, автор олардың тәуелсіз ой-пікірлерінің негізгі бағыттарын:

- Қазақстанның Ресейге қосылуының тарихи алғышарттарын, ондағы жеке тұлғалардың орны мен ролін анықтау;

- қазақ жерін орыс-казактарының жаулауына жаңа көзқарастар қалыптастыру:

- Ресей отарлауына қарсы ұлт-азаттық көтерілістерге байланысты тың қорытындылар жасау, - деп бөліп көрсетті. Көптеген еңбектерді талдай келе, Ш.Ж. Нартбаев: «Қазақстанның Ресейге қосылуы немесе Ресейдің Қазақстанды отарлау процесі, тәуелсіз Қазақстан тарихшыларының пікірінше XVI ғасырдың 80-ші жылдары басталып, XVIII ғасырда жалғасқан, ал XIX ғасырда аяқталған. Зерттеулерге талдау көрсеткендей, бұл процестің алғышарттары XVI, XVII ғасырлар мен XVIII ғасырдың алғашқы он жылдықтарындағы орыс патшаларының шығыстағы жаулау саясатында және XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ жүздерінің хан-сұлтандары мен төбе билерінің ұстанған саясаттарында негізделген», - деп қорытындылайды.

Осылайша, тарихнаманың қазіргі кезеңіндегі ресей-қазақ қатынастары мен әкімшілік-саяси және әлеуметтік-экономикалық интеграция мәселелері бұрынғы кезеңмен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктерге ие бола бастады. Қазіргі заманғы ғылыми әдебиеттерде бағалаудың көп мағыналық сипаты жиі кездеседі. Сонымен қатар, осы мәселеге қатысты ғылыми пікірталастар жүргізіліп, жаңа методологиялық бағыттар жасалуда.

Студенттің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. М.Қ. Қозыбаевтың XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынас мәселелеріне берген бағасы.

2. Қазақ-орыс қатынастарына қатысты төңкеріске дейінгі тарихнамасы.

3. Қазақстанның Ресейге қосылуына М. Красовский, А. Макшеев, Ф. Лобысевич, Л. Мейер, А. Левшиннің көзқарастары.

4. XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынастары мен Қазақстанның Ресейге қосылу мәселелері кеңестік тарихнамада.

5. XX ғасырдың 60-70 жылдары жарияланған еңбектерде Қазақстанның Ресейге қосылуы тұжырымдамасы.

2.3 Қазақ-орыс қатынастарындағы сыртқы қауіп факторының зерттеулер мен ауызша тарих айту дәстүрінде талдануы

XVI-XVIII ғасырдағы қазақ-орыс қатынастарын тарихнамалық талдауда олардың қарқындылығына ықпал еткен сыртқы саяси факторлар, соның ішінде Қазақстанның Ресейге қосылуы маңызды орын алады. Осы контекстегі қазақ-қытай қатынастары – жазба деректермен толық қамтамасыз етуді талап ететін маңызды тақырып. Деректік базаның сенімділігі мен оған қатысты дұрыс көзқарас кез-келген объективті зерттеу жұмысына негіз болады. Дегенмен, қазақ-қытай қатынастарының тарихына арналған құжаттық материалдарды өңдеу саласы күні бүгінге дейін жоғары деңгейге жетпей отыр.

Сирек кездесетін қытай деректерін зерттеуге бағытталған Иакинф Бичуриннің жұмыстары осы уақытқа дейін өзінің ғылыми маңыздылығын жойған жоқ. Соның бірі – «Ежелгі және қазіргі кездегі Жоңғария мен Шығыс Түркістанды сипаттау» елдің тарихи-географиялық очеркі болып табылады. Автордың бұдан басқа «XV ғасырдағы ойраттар мен қалмақтарға тарихи шолу» атты еңбегінде жоңғар қоңтайшысының ойрат патшалығын құру үшін жүргізген күресі жан-жақты баяндалады. Осы жұмыстарда автордың Орталық Азияда үстемдік орнатқысы келген Жоңғарияны «қуатты орталық мемлекет» ретінде көрсеткен мақсаты байқалады.

Жоңғарияға қатысты біраз еңбектердің арасында академик В. Бартольдтің «Жетісу тарихының очерктері» атты жұмысы құнды зерттеу болып есептеледі. Онда б.э.д. II ғасырдан бастап 1756 жылға дейінгі, яғни Қытай басқыншылығына дейінгі Жоңғария тарихының қысқаша очеркі беріледі. Осы жұмыста Иакинфпен жиналған қытай деректері кеңінен пайдаланылды. Автордың сөзіне қарағанда, бұл очерк алдағы зерттеулер үшін маңызды материал қызметін атқарады.

А. Позднеевтің ойраттардың тарихына қатысты жұмысы бастапқы деректерді зерттеу негізінде жазылған. Алайда, мұндай деректерді қолдану бірқатар күмән туғызады. А. Позднеев жұмысының ғылыми маңыздылығына баға берген Б. Владимирцов «автордың жұмысын ерекше мұқияттылықпен зерттеп, деректегі әрбір жайтқа аса сақтықпен қараған жөн» деп есептейді.

Ойраттар тарихының очеркі Н. Пальмовтың жұмысында да кездеседі. Онда Астрахан мұрағатының құжаттық материалдары негізінде зерттелген еділ қалмақтарының тарихы берілген. Дегенмен, барлық көрсетілген жұмыстарда осы тақырыпты зерттеу мәселесі толық шешілген жоқ. Оның ішінде қазақ халқына Жоңғария тарапынан төнген қауіп, оның «Ақтабан шұбырынды» кезіндегі салдары және Қазақстанның Ресейге қосылуындағы жоңғар шапқыншылығының рөлі туралы мәселелер жан-жақты талқыланбады.

Шоқан Уәлихановтың «Жоңғария очерктері» атты жұмысы күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпаған қазақ ғалымының прогрессивті идеясының көрінісі болып табылады. Оның «Шоқан Уәлихановтың қара қағаздарынан. № 2 жазба» деген жұмысында қазақ халқының Жоңғарияға емес, Ресейге қосылуын тарихи тұрғыдан ақтайтын кейбір мәселелер қарастырылған. Қазақ халқының «татар кезеңі» арқылы өту мүмкіндіктеріне тоқталған Уәлиханов:

«Жаңа қалыптаса бастаған қырғыз халқын ойлау қабілеті мен сезімді тежейтін өлі схоластикадан басқа не күтіп тұр. Біз қандай жағдай болмасын татар кезеңінен өтуіміз керек және осы салада үкімет бізге көмектесуі қажет» деп жазады. Уәлихановтың Жоңғария туралы жұмысы негізінен автордың Жоңғарияға саяхат кезінде жинаған жеке бақылауларынан құралған елдің тарихи-географиялық очеркі болып табылады. Қазақтардың ойраттарға қарсы күресін зерттеуді өз алдына мақсат етіп қоймаған Уәлиханов осы тақырыпқа қатысты маңызды кейбір мәселелерді қарастырады. Оның ойынша, фольклор тарихи мәселені зерттеуге қажетті құнды деректерді бере алады.

Кеңестік әдебиетте XVI-XVIII ғасырдағы қазақ жүздерінің Жоңғариямен күресіне арналған арнайы зерттеу жұмыстары жоқ. Жоңғария тарихын зерттеу саласына С. Богоявленнийдың «XVII ғасырдың бірінші жартысындағы қалмақтар тарихына қатысты материалдар» атты мақаласы жаңаша бағыт алып келеді. Онда «бес тайшы одағы» сияқты Жоңғарияның әлеуметтік-саяси құрылымына түсінік берілген.

XVIII ғасырда қазақ жүздерінің ойраттармен күресіне арналған тақырып Қазақстан тарихына қатысты жалпы жұмыстың бірнеше бөлігін ғана қамтиды: М. Вяткиннің «Қазақ КСР тарихының очерктері» еңбегі мен 1943 жылы шыққан «Қазақ КСР тарихының» бірінші басылымы. Осы жұмыстар шеңберінде күрестің тек негізгі кезеңдері қарастырылған. М.П. Вяткин «XVIII ғасырдың 20 жылдарындағы Қазақстан үшін жоңғар шапқыншылығының ауыртпашылығын тарту немесе Ресейге бодан болу сияқты екі таңдау түрды» деп қорытынды жасайды. Дегенмен, Қазақстанның Жоңғариямен өзара қарым-қатынасының тарихы көрсеткендей, қазақ жүздерінің тарихында олардың Жоңғария бодандығына өтуі үшін ешқандай экономикалық немесе әлеуметтік-саяси алғышарттар болған жоқ. Жоңғария тарапынан тек территорияларды (жайылымдар) жаулап алу мен құлдыққа салу сияқты үрей пайда болды. Әрине, осындай қауіп-қатерлер Қазақстанның Ресейге қосылуына үлкен ықпалын тигізді.

XVI-XVIII ғасырда қазақ-орыс қатынасындағы жоңғар факторының рөлін зерттеуде И.Я. Златкиннің еңбектері ерекше маңызға ие. Мысалы, автордың «Жоңғар хандығының тарихы» атты жұмысында Жоңғар хандығының пайда болуынан бастап, оның Цин империясымен жаулап алынуына дейінгі жиынтық тарихы қарастырылған. Көптеген мұрағаттар мен жарияланған деректердің терең ғылыми талдауына негізделген автордың қорытындылары Жоңғарияның сыртқы саясатының қалыптасуына ықпал еткен әлеуметтік-экономикалық қатынастар мәселесін қарастыруға мүмкіндік береді. Осыған қосымша ретінде И.Я. Златкин қазақ-жоңғар қатынастарының серпінділігін көрсете отырып, оның маңыздылығын ашады. Оның зерттеу жұмыстары кеңес тарихнамасына үлкен үлес қосты десек, артық айтқандық болмайды.

Осы тақырыпты зерттеуге байланысты бірқатар жұмыстар жазылды. Олардың арасынан А. Миллердің «XVI ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның халықаралық жағдайы» мен Г.Ф. Дахшлейгердің «XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы орыс-үнді байланыстарының тарихынан» атты мақалаларын бөліп көрсетуге болады.

Н.Г. Аполлованың «Қазақстанның Ресейге қосылуы» атты кітабындағы жеке тарау XVIII ғасырдың 20 жылдарындағы қазақ халқының Жоңғариямен күресіне арналған. Нәтижесінде «Ақтабан шүбырынды» оқиғасына алып келген жоңғар шапқыншылығы XVIII ғасырдың 30 жылдарында Қазақстанның Ресейге қосылуына негізгі алғышарт болды. Жоңғарияның қоғамдық-саяси құрылымының негізгі сипатын көрсете білген автор 1640 жылғы «Далалық жарғы» немесе «Шарттар жарғысын», соның ішінде әскери мақалаларды кеңінен пайдаланды. Соңында «Жоңғария – күл иеленушілік ұстанымы анық байқалған және қазақ халқына қатысты агрессивті саясат ұстанған мемлекет» деген тұжырымға келді.

Осы еңбектерден басқа қазақ-орыс қатынастарының тарихнамасында Ресейдің жалпы сыртқы саясатын қарастырған зерттеулер ерекше орын алады. Е.В. Тарленің «Наполеон кезіндегі еуропалық дипломатиялық қатынастар (1799-1814)», «Батыс еуропалық мемлекеттердің отарлау саясатының очерктері (XV ғасырдың соңы - XIX ғасырдың басы)», В.П. Лысцовтың «Петр I-нің 1722-1723 жылдардағы парсы жорығы», Л.А. Никифоровтың «Солтүстік соғыстың соңғы жылдарындағы Ресейдің сыртқы саясаты», «XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Ресейдің сыртқы саясаты», Б.В. Кафенгауздың «Петр I кезіндегі Ресейдің сыртқы саясаты», С.В. Бахрушин мен С.Д. Сказкиннің «1726-1755 жылдардағы Ресейдің сыртқы саясаты», «XVIII ғасырдағы Ресей империясының дипломатиясы», «XV-XVI ғасырдағы орыс мемлекетінің дипломатиясы», И.И. Смирновтың «Василий III-нің шығыс саясаты», С.О. Шмидтің «Қазанды жаулап алу қарсаңындағы Ресейдің шығыс саясаты» атты жұмыстарын атап кету керек. Осы зерттеулердің жетістігі мен кемшілігін талқыламай тұрып, біз қазақстандық материалдардың зерттеу жұмысына кірмегенін айтып кетуге міндеттіміз. Себебі патша билігіне тәуелді жеке аймақтардың тарихи тағдыры ешқандай маңызы жоқ компонент ретінде қарастырылады. Мысалы, Ресейдің Қазақстандағы саясаты. Ресей үкіметі Қытаймен дипломатиялық және сауда байланыстарын орнатуда белсенді шаралар қабылдады. Ресей үшін Қытай XVII ғасырдың бірінші жартысынан бастап ірі шығыстық көрші ретінде қарастырылды. Ресейдің Қытай елімен қарым-қатынасы оның Шығыстағы саясатында көрнекті орынға ие болды. Қытаймен бейбіт, тату көршілік және сауда-экономикалық байланыстарды нығайту негізгі міндетке айналды. Орыстардың Оңтүстік және Орталық Сібірде жаппай қоныстанудың толық жүйесін қалыптастырғанына қарамастан, олардың Қытай және оған апаратын сауда жолдары туралы деректері көмескі сипатта болды. Сондықтан алғашқы елшіліктер (1608 жылы И. Белоголовый басшылығындағы томск казактарынан құрылған топты жөнелтуден басталды, 1615-1617 жылдары В. Тюменец пен И. Петровтың елшіліктері және 1618-1619 жылдары И. Петлиннің экспедициясы) негізінен географиялық барлау түрінде жүзеге асырылды. XVII ғасырдың ортасында орыс мемлекетінің күшеюі мен Шығыс Сібір аймағында кеңеюі оның қытайлық шекарамен жақындасуын білдірмейді. Маньчжурия территориясын мекендейтін маньчжур тайпаларын басып алған Қытай осы уақытта өзінің территориясында түгелдей орналасып үлгерген болатын. Мұнда 1644 жылы астанасы Пекин болған Цин династиясы

бой көтерді. В.Д. Поярков (1643-1646 жж.) пен Е.П. Хабаров (1649-1652 жж.) бастаған орыс отрядтарының Амур маңына келгеннен кейін, орыс әкімшілігінің билігін мойындаған жергілікті тайпалар Қытаймен саяси жағынан да, территориялық жағынан да қиыспайтын еді. Ф.И. Байков (1654-1658 жж.), И. Перфильев (1658 ж), Сейіткүл Аблин (1668 ж), Ф.А. Головин (1689 ж) және Елизарий Избранттың (1692 ж) елшіліктері Қытай туралы жаңа мәліметтер алуға ықпал етті.

Ресейдің халықаралық жағдайының нығая бастауы оның XVIII ғасырда оңтүстік-шығысқа қатысты сыртқы саясатының тарихында маңызды орынға ие болды. Ресейдің Орта Азия істеріне тікелей араласуына 1700 ж Петр I-ге Хиуа ханының өкілі Шахнияздың келуі түрткі болды. Хиуа хандығын Ресей бодандығына қабылдауды сұраған өкілдің өтінішіне орыс патшасы 1700 жылы 30 маусымда грамота арқылы жауап қатты. Дегенмен, бұл уақытта Ресейдің Солтүстік соғысқа араласуына байланысты орыс үкіметі Орта Азияда өз ықпалын күшейтуге мүмкіндік беретін қолайлы сәтті пайдалана алмады. Сол кездері Орта Азиялық билеушілерді ресей бодандығынан түсетін пайда жайында ойлауға мәжбүрлейтін жағдайлар қалыптаса бастады. Ішкі және сыртқы шиеленісті жағдайды есепке ала отырып, Петр I А. Бекович-Черкасский мен И. Бухгольц экспедицияларының сәтсіздікке ұшырауына қарамастан басқыншылық шараларын жүзеге асыруды көздеді. Бұл туралы В.Я. Басин өзінің «XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Ресейдің сыртқы саяси жүйесіндегі Қазақстан» атты жұмысында бірқатар деректер келтірген. Ресейдің әскери және ғылыми қатынастардағы мүддесіне әсер ететін жоғарыда аталған экспедициялар жайында кең ауқымды әдебиеттер бар. Сонымен, В. Лебедевтің есептеуінше, И. Бухгольц Ертістің жоғары жағында болмаса да, «оның экспедициясы Ресей шекарасының оңтүстікке қарай кеңейуіне ықпал жасады». Петр I 1715 жылы Бұхара хандығына Флорио Беневинидің елшілік мекемесін жібере отырып, Бұхарамен көршілес елдер жайында толық мағлұмат алуға бұйрық берді. Әсіресе, Үндістанға көп көңіл бөліп, онымен сауда байланыстарын нығайтуға мүдделі болды.

Қазақ-өзбек қатынастары жайында жеке деректер А. Миллердің еңбектерінде кездеседі. Оның айтуынша, Хақназар хан Бұхара, Герат және Хорасанның қуатты билеушісіне айналған өзбек ханы Ескендір-ханның ұлы Абдулламен бейбіт қарым-қатынаста болуға ұмтылды. Абдулла хан қазақтардың маңызды әскери-саяси күшін байқап, оны өз билігін нығайту мақсатында қолдануды көздеді. Осы мақсатпен өзбек ханы Абдулла Хақназармен «сертті келісімшарт» жасасты. Көрсетілген шарттар қазақ хандығының халықаралық маңыздылығын арттыра түсті. Қасым ханның тұсында қазақ хандығы қуатты мемлекетке айналды. Орыс-қазақ байланысына Сібір хандығы араласа бастады. Ол XVI ғасырдың 70 жылдары Ресеймен шиеленісті жағдайда болды. Ресейден қазақ даласына Башкирия және сібір қалалары Тара мен Тобыл арқылы өтетін ұзақ жолда Көшімнің әскери отрядының тұрақты шабуылы қауіп төндіретін. Кейбір деректер Көшім ханның бұхара ханы Абдулламен әскери одақ құруға ұмтылысын дәлелдейді. Дегенмен, Абдулла хан сол уақытта Орта Азиялық істермен

айналысқандықтан, аталған жоспар жүзеге аспай қалды. Негізінде өзбек ханы бұл ұсынысты жылы қабылдаған еді. Ол Көшім ханға жіберген грамотада былай дейді: «А что еси просил у нас рати, и мы в те поры были в войне, для того и не послали есьмя..., и в нынешнем времени, чтобы тебе с нами о своем здоровье и о пребывании послы ссылався, извещатися. А наша мысль твое здоровье слышети жадна». Жоғарыдағы деректер «Өзбек, Тәжік және Түркмен КСР тарихының материалдарында» келтірілген.

Көшіммен бетпе-бет келген патша үкіметі оған қарсы күресу үшін одақтас іздей бастады. Ресейден вассалдық тәуелділікте болған қазақ даласы осындай одақтас бола алатын. Кейінгі оқиғалар көрсеткендей, қазақ даласы Ресейдің агрессиялы басқыншылық саясатының құрбанына айналды. Бұдан басқа, осы уақытқа дейін Қазақстанға Бұхар хандығы қауіп төндірген болатын. Бұхар хандығы өз иеліктерін Хиуа хандығының есебінен кеңейтіп отырғаны белгілі. Бұхар-ноғай келісімінің нәтижесінде қазақ иеліктері Бұхар хандығы тарапынан қауіп-қатерде болды. Тәуекел ханның Мәскеудегі елшілерінің көрсетуінше, Бұхара ханының түпкі мақсаты Жайық бойында Сарайшық қала-бекінісін құру және Астраханьды Бұхараға тәуелді қалаға айналдыру.

Көшім ханға қарсы күресте қазақ хандықтарымен одақтасу үшін бірқатар шаралар қабылдаған Ресей мемлекеті олардың билеушілерін Орта Азиялық хандықтармен келіссөздер жүргізуде делдал ретінде қолдануды көздеді. Артыш бүлігін бастан өткізген қазақ даласы Тәуекел ханның тұсында қайтадан нығайып, қуатты саяси күшке айнала бастады. Осындай өзгерістер Ресей үкіметін өз пайдасы үшін қазақ хандықтарын Көшім ханға ғана емес, сондай-ақ Бұхара ханына да қарсы қолдануға асықтырды. Сол кезде қазақ даласымен тығыз қарым-қатынас орнатуға ұмтылыс жасалды. Оның негізінде Ресей аймағын кез-келген қауіптен қамтамасыз етуге бағытталған тікелей саясат жатты. Ресей мемлекеті «достық пен кеңес» іздеген өзінің иелігіндегі «мәңгі» бодан халықтарды жауға қарсы құрал ретінде пайдаланды. Мысалы, бұл жайтты Еділ бойын жағалай мекендеген ойрат халқына қатысты патша билігі ұсынған талаптардан байқауға болады. Ресей үкіметі қазақ даласымен жақсы қатынас орнатуға мүдделі еді. Себебі қазақ даласы Көшім хан мен Абдуллаға қарсы күресте ықтимал одақтас бола алады. Сол кезеңде қазақ хандығы Көшіммен дұрыс сауда қатынасын ұстанатын. Мұсылман мемлекеттерінің осындай байланысы жайындағы ақпарат мәскеу үкіметіне бұхаралық грамота арқылы жеткізіліп отырды. Онда сібірлік татарлардың Бұхарамен сауда қатынастары ғана емес, сонымен бірге Ресей мемлекетіне қарсы күресу үшін қарулы күштер жіберу жөніндегі тікелей ұсыныстар жарияланған.

Осы уақытта Құл-Мұхаммед басқарған қазақ елшілігі парсы елшілері арқылы Парсымен жауласқан Бұхараға қарсы Мәскеуде одақ құру туралы келіссөздер жүргізуге ұмтылды. С.В. Жуковскийдің деректеріне сүйенетін болсақ, «мәскеулік билеушілер өкілдерді жылы қабылдап, олармен сауда қатынастарын нығайтуға ұмтылды». Осындай мәліметтер Н.И. Веселовскийдің «азиялық елшіліктер орыс билігі үшін масыл болды және бұл жағдай Ресейдің сөзсіз ызасын туғызды» деген пікірінің қателігін дәлелдейді. Тәуекел хан әкесі Шығайдың өлімінен кейін хан болып сайланды. Ол бұхаралық билеушілерден

тәуелсіз болып қана қоймай, сонымен қатар Түркістан, Ақсу, Әндіжан, Ташкент және Самарқан қалаларын өз билігінде ұстады; Бұхараны екі рет қоршап алған Тәуекел хан екінші жорықта жараланып, Ташкентте ауыр соққыдан қаза болды. Тәуекелдің мұрагері әрі жиені Есім хан (1598-1623 жж.) кезінде феодалдық тартыстар күшейіп, қазақ хандықтары әлсірей бастады. Кейбір ірі сұлтандар іс жүзінде Есім ханнан тәуелсіз болды. Есім хан қазақтар үшін бірқатар маңызды жаулап алу әрекетін жүзеге асырған Бұхарамен күресті тоқтатуға ұмтылды. Ол бұхара ханы Пір-Мұхамедпен бейбіт келіссөздер жүргізе бастады. И.Я. Златкиннің мәліметтеріне қарағанда, қазақтар Самарқаннан бас тартып, Ташкент пен Түркістанды өз иеліктерінде қалдырды. Қазақ даласына Жоңғария тарапынан төнген қауіп-қатерлер жайында Г.Ф. Миллер мен А. Титов қарастырды.

Сауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Ресей үкіметі жоңғар шапқыншылығына жол бермеуге тырысты. Мысалы, 1616 жылы 25 маусымда И. Куракинге жазған орыс патшасының грамотасында Есіл өзені бойында бекініс салуға бұйрық берді. Оған қосымша тобыл әскерлері үшін көшпелі жоңғарларды сібір қалаларына және Ертістің жоғары аймағына жібермеу туралы үкім шығарды. Бұл жайында Н.Г. Аполлова өзінің «Қазақстанның Ресейге қосылуы» атты еңбегінде мәліметтер келтіреді.

Сол кезеңде жоңғар тайшыларын ресей бодандығына айналдыру мәселесі талқыланған еді. Оған жауап ретінде 1607 жылы Томск қаласына елшілік жіберілді. И.В. Щегловтың көрсетуінше, Ресей үкіметі жоңғарлардың өтініші бойынша оларды моңғолдар мен қырғыз-қайсақтардың шабуылынан қорғауға тиіс болды. Патша үкіметі оларды «барлық жаулардан», соның ішінде «Қазақ ордаларынан» қорғауға уәде берді.

Осы жерден патша үкіметінің бір жағынан ойраттар мен қазақтардың түйіскен аймағында тұрақтылық орнату, екінші жағынан Қазақстанда өз ұстанымын нығайтуды жеңілдету үшін оларды бір-біріне қарсы қою саясатын айқын байқай аламыз. Осылайша, XVII ғасырда Ресей мен қазақ хандықтары арасындағы сауда, саяси және дипломатиялық байланыстар жүзеге аса бастады. Алайда, бұл қатынастар қазақтардың әлсіз Жоңғариямен көршілес болған кезіне дейін жалғасты. Жоңғар билеушілерінің арасындағы өзара қақтығыстар қазақ хандары тарапынан қолдау іздеді. Бұған қатысты бірнеше деректер келтіруге болады. Мысалы, жоңғар тайшылары Тюрбецкий Малай Доонов пен Чаган Аблаев 1674 жылы қазақ ханы Тәукеге көмек сұрап барды. Жоңғарияда Қалдан-Бошақты ханның (1644-1697 жж.) пайда болуы елдегі жағдайды күрт өзгертті. Қазақ билеушілерінің көмегіне сүйенген ол өз қарсыластарын талқандап, жоңғар қоңтайшысы атанды. Қалдан-Бошақты ханның қызметін сипаттаған Н.Я. Бичуриннің (Иакинф) еңбегінде «Жаңа қоңтайшы «әкесі жазған дала заңдарын толықтыра отырып, жерді феодалдық бөлудің жаңа жүйесін қалыптастырды. Сонымен қатар, үш ойрат ханының билігі мен күшіне шектеу қойды» деген жолдар бар. И.Я. Златкиннің көрсетуінше, Қалдан-Бошақты әкесінің сыртқы саяси курсы жалғастырып, өзінің басты қарсыласына айналған қытай императоры Сюань Еге қарсы күреске дайындала бастады. Ресеймен жасақ жинау мәселесі бойынша келісім жасаған жоңғар

қоңтайшысы Қалдан-Бошақты осылайша Моңғолия мен Тибетте өз ұстанымын нығайтуға ұмтылды.

Жоңғарияда жаңа қоңтайшының үстемдік ете бастауы оның қазақ билеушілерімен қақтығысына алып келді. Нәтижесінде қазақ-орыс дипломатиялық қатынастары қиындай түсті. Ертіс, Есіл, Тобыл бойындағы орыс мекендері мен Сары-Су, Қараторғай, Талас, Шу өзендері бойында орналасқан қазақ қоныстары арасындағы маңызды территорияларды жоңғар хандығы басып алды. Осылайша қазақ хандықтары мен орыс билеушілері арасында солтүстік-шығыс және солтүстік-батыс бағытындағы байланыстар үзіле бастады. А.П. Чулошниковтың пікірінше, бұрынғы ноғай жері арқылы өткен батыс жолдары қазақ билеушілері үшін Есіл мен Ертістің төменгі ағысында және Тобыл мен Есеттің саласында орналасқан сібір қоныстарына шабуыл жасауға ыңғайлы болды.

XVII ғасырдың соңында қазақ билеушілері жоңғар қоңтайшысының Сібірге жасаған басқыншылық әрекеті нәтижесінде пайда болған «жолдар мекені» жайында Ресей үкіметіне бірнеше рет хабарлады. Қазақ даласынан жеткен мынадай дерек бар: 1690 жылы күзде Тобыл әкімшілігіне тұтқынға түскен атақты қазақ билеушісі Сары тобылдың әскер басына былай деп мәлімдеді: «Осыдан он жыл бұрын қалмақ Бушуртухан қазақтарға соғыс ашып, олардың қалаларын басып алды». Осы шапқыншылық туралы И.Я. Златкин «Жоңғар хандығының тарихы» еңбегінде және Н.Г. Аполлова «Қазақстанның Ресейге қосылуы» еңбегінде жан-жақты қарастырған болатын. 1676-1677 жылдары Қалдан қоңтайшы Очирту-Цецен ханды жеңіп, ал 1680 жылы жаркенттіктермен соғыс жүргізді. Осыдан байқалып тұрғандай, жоңғар иеленушісі қазақтарға қарсы соғысты 1680 жылдың соңы мен 1681 жылдың басында Жаркентті жаулап алудан бастады. Осындай оқиғалар орыс-қазақ байланысын уақытша тоқтатты.

1686 жылы Қалдан ойраттардан қуатты қол жинап, қазақтарға қарсы тағы да жорық бастады. Арадан бір жыл өткенде Моңғолияға қарай бет алды. «Халханы соғысқа тартқан жоңғар қоңтайшысы өзінің бұрынғы көшпелі жеріне қайта оралмады» деп мәлімдейді А. Позднеев. 1698 жылы жоңғарлар маньчжурлармен болған үлкен шайқаста жеңіліске ұшырады. В.П. Саввиннің мәлімдеуінше, бұл жеңіліске шыдамаған Қалдан 1697 жылы у ішіп қайтыс болды.

Осы кезеңде Ресей әкімшілігі қазақ хандықтарына қарсы жоңғарларды пайдалану шараларын қабылдады. Өзінің саяси қарсыластарымен күресте жеңіске жеткен Цеван-Рабтан қоңтайшы 1697 жылы жоңғар тағын тартып алды. Өз қызметін 1698 жылы қазақ ханы Тәукемен соғысудан бастаған Цеван-Рабтанның бұл әрекеті жоңғар және қазақ билеушілерінің арасындағы қарулы қақтығысқа түрткі болды. Сол уақыттан бастап Жоңғария тарапынан Қазақстанның өз алдына өмір сүруіне төнген қауіп-қатер күннен-күнге күшейе түсті. Бұл жағдайға ойраттардың өз қоныстарын кеңейтуге деген ұмтылысы да әсер етті. Жоңғариядағы және Қазақстандағы әр түрлі феодалдық топтардың барлық керуен жолдары мен сауда орталықтарын өз бақылауында ұстауы ерекше мәнге ие болды, - деп көрсетеді И.Я. Златкин.

Күрделі жағдайдағы қазақ даласы халықаралық аренада оқшауланып қалды. Оған солтүстіктегі қуатты көршісі Ресеймен болған қарама-қайшылықтар себеп болды. Қазақстанға шығыс пен солтүстік-шығыстан Жоңғария қатер төндірді. 1698 жылы желтоқсан айында Тобылда болған жоңғар елшісі Калабай жоңғарлардың қазақтарға қарсы Шу мен Талас өзендеріне бағытталған жазғы әскери жорығы туралы хабарлады. Жорық қазақтарға орасан зор шығын әкеліп, нәтижесінде бірнеше мың адам қайтыс болды. Сондай-ақ, он мыңдаған қазақ тұтқынға түсті. Дәл сол уақытта Тәуке ханның маңындағы адамдар Ресеймен шекаралас аймақтарға шабуыл жасаудың нәтижесіз екенін сендіруге тырысты. Шабуыл шығынның орнын толтырудың орнына көп жағдайда тікелей зиянын тигізетін. Сондықтан Қазақстан мен Ресей арасында шешілмеген мәселелерді бейбіт жолмен реттеуге ұмтылыс байқалды. Тәуке хан Ресеймен қарым-қатынасты жақсартуда жаңа қадамдар жасай бастады. Мысалы, 1702 жылы Ямыш өзеніне арнайы қазақ елшілігін жөнелту туралы шешім қабылданды. Алайда, елшілікті жоңғар билеушілерінің басып алуына байланысты төнген қауіптен бұл жоспар жүзеге аспай қалды.

Қазақ жүздерін Жоңғар хандығының жаулап алу қаупі XVIII ғасырдың алғашқы он жылдығында күшейе түсті. Нәтижесінде қазақ жүздерінің шаруашылық, саяси және әскери жағынан әлсіздігі байқалды. Жоңғарлардың Орта жүз территориясының бір бөлігін уақытша басып алуы оның қазақ даласындағы басқа билеушілермен байланысын нашарлатты. Осы кезеңде қазақ-орыс дипломатиялық қатынастары тоқтағанымен, Сібір тарапында бір-бірімен сауда қатынастарын дамыту және өзара бейбітшілікке ұмтылған екі жақты елшіліктермен алмасу үрдісі жалғасып жатты. Ресейдің ұстамды саясатына қарамастан, қазақ билеушілерін екі жақты жүргізілген келіссөздер қанағаттандырған жоқ. Өйткені, Жоңғарияға қарсы күресте қазақтарға тікелей және шынайы қолдау көрсету мәселесі өз шешімін таппаған болатын. Ресей үкіметінің екі ұшты ұстанымында қазақтарды өзінің жеке мүддесіне пайдалану үшін жағдайды бақылауда ұстаудың сыналған ескі саясаты жасырылды. Сондықтан да Тобыл мен Казанға қазақ хандықтарының саяси әлсіздігі жайында мәліметтер түсе бастады. Бір кездері Ресей үшін маңызды болған Орта Азиялық өзара саяси қатынастардағы мәселені шешуде қазақ даласын күш ретінде пайдалану мүмкіндігінен айрылған патша үкіметі қазақ хандықтарымен байланыс орнатуға қызығушылық танытпады.

Қазақ хандықтарының қауіпсіздігіне қатер төндірген жағдайлар жоңғар шапқыншылығымен тығыз байланысты болды. «Билік ету кезінен бастап қоңтайшы Цеван-Рабтан Қазақ ордаларына қарсы отыз мың қолдан тұратын әскер жинады және осынша қазақтармен соғыс жүргізді» деп мәлімет келтірген капитан Унковскийдің мақаласын журналдан оқи аламыз. Жоғарыда аталған қауіп-қатерді тек орыс-қазақ байланыстарын нығайту жолымен ғана жоюға болатын еді.

Бірқатар қазақ билеушілері, соның ішінде Әбілхайыр хан мен оның айналасындағы адамдар Жоңғария тарапынан болған шабуылға тек Ресей арқылы тойтарыс беруге болатынын түсінді. Әскери жағынан толық дайындалған жоңғарлардың шабуылына қазақ жүздері төтеп бере алмады.

Осы жағдайға байланысты 1734 жылы мамырда Орынбор комиссиясының бастығы И. Кирилов өзінің Анна Иоанновнаға жолдаған ұсынысында «Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз халықтары өзара бейбіт өмір сүрді. Олардың иеліктеріне Түркістан, Сайрам, Ташкент сияқты атақты провинциялар мен қалалар және Сырдария бойындағы кейбір территориялар кірді. Қазақ жүздері осы провинцияларды тартып алған қалмақ билеушісі Қоңтайшымен шиеленісті жағдайға түсті. Қырғыз-қайсақ ордаларының зенгор қалмақтарымен болған дәрекі соғыста жеңіске жетуіне мүмкіндік болған еді. Алайда, олар қалмақтарға қарсы күресте өзара ынтымақтастыққа қол жеткізе алмады» деп жазады.

Жоңғарлардың қазақ жүздеріне тұтқиылдан шабуыл жасауы қазақтар үшін өте ауыр тиді. Оның шырқау шегі 1723 жылмен түспа-түс келеді. Бұл кезең тарихқа «Ақтабан шұбырынды» деген атпен енді. Цеван-Работанның ұлы Шуно-Дорба бастаған жоңғар әскерлері қазақтарға ойсыратқан соққы берді. Гавердовскийдің пікіріне сүйенген М. Ермагамбетов мынадай қорытындыға келеді: «Кіші жүз батыры Тайлак, Орта жүз батыры Бөгенбай (біріккен қазақ күштерінің басында өзінің батырлығымен көзге түскен Әбілхайыр хан тұрды) бастаған қазақтар жауынгерлерінің қарсыласуына қарамастан жоңғарлар қазақтарға тұтқиылдан шабуыл жасады. Алайда, 1726 жылы Бұланты өзенінің бойында (Сарысу саласы) және 1729 жылы Балхаш өзенінің оңтүстігінде болған шайқастарда қазақтар жеңіске жетті.

Жоңғар феодалдарының басқыншылығы қазақ қоғамының экономикалық және саяси өмірін қатты күйзеліске ұшыратты. Бұл ахуал қазақтармен көршілес жатқан қарақалпақ және өзбек секілді халықтарға да өз әсерін тигізді. Жоңғар шапқыншылығы қазақ халқы үшін ұлттық маңызы бар бақытсыздыққа айналды. «Қаһарлы жоңғарлардың езгісіне түскен қырғыздар бір топ үріккен сайгақтарға ұқсап... оңтүстікке қарай жан сауғалап қашты. Олардың артында дүние-мүлік, бала-шаға, қарт кісілер, үй бұйымдары мен жүдеген малдар қалды. Босқындағы Орта жүз қазақтары Самарқанның маңына тұрақтады. Ал, Кіші жүз қазақтары Хиуа мен Бұхараға барып мекендеді...Орта Азиялық құмды жерлерден құнарлы жайылым таппаған, сонымен қатар жаңа көршілерімен араздыққа түскен қырғыздар қуатты Ресейдің шекарасына көмек пен қамқорлық іздеп барды» деп жазады Ш.Ш. Уәлиханов. Осыған қатысты жазылған В.Н. Витевскийдің деректері де назарға лайық: «Оңтүстік-батысында қалмақтармен, солтүстігінде башқұрт және сібір казактарымен, ал шығысында жоңғарлармен көршілес жатқан Кіші жүз бен Орта жүз қырғыздары XVIII ғасырдың басында орыс шекарасына жылжып, Петр I-ден оларды орыс бодандығына қабылдауын өтінді. Алайда, Швециямен соғысып жатқан Петр I қырғыздардың бұл ұсынысын қабылдамай тастады».

Жағдайдың одан әрі шиеленісуіне орыс үкіметінің қазақтарға қарсы күресте еділ қалмақтары жағында болып, оларға (өз боданы ретінде) көмек қолын созуы әсер етті. Себебі Ресей үкіметі қазақтардың Оралдың оң жағалауына өтуіне қарсы болды. Ресей жоңғарларды Ертістің ұзаққа созылған жағалауынан алыстатып, 1721 жылы 19 маусымдағы Петр I-нің жарлығына сәйкес олармен қарым-қатынаста қақтығыстан бас тартуға және сауда байланыстарын орнатуға мәжбүр болды. Жоңғарияның әлсіреген қазақ

хандықтарының есебінен күшеюі Петр I-нің осы мәселеге назар аударуын талап етті. Ертістегі оқиғалар туралы мәлімет жинау мақсатында 1722 жылдың соңында елші Иван Унковский жоңғар билеушісіне жіберілді. Гладышев елшілігінің Әбілхайыр ханға сапары қазақ даласының Персияға қатысты күрделі жағдайымен тұспа-тұс келді. 1740 жылы 18 тамызда Хиуа ханы Ильбарстың Хорасанға қарсы шабуылы мен оның Персиядан өз тәуелсіздігін алудан бас тартуы сияқты жағдайларды пайдаланған шах Надир Амударияны басып алып, Мервті өзінің «Орта Азия мен Қытайға қарсы жоспарлаған жорықтары үшін» қолайлы тірек базасына айналдырды. Қыркүйек айының соңында Самарқанды басып алған соң, қазан айында шах Надир Ильбарсқа қарсы шабуыл ұйымдастыра бастады. Жоғарыда аталған деректерді С.Р. Кишмишев пен М.М. Абрамов өз еңбектерінде атап өткен.

Н.Г. Аполлованың көрсетуінше, Хиуаны жаулап алған Надир «Сырдария жағалауындағы Кіші жүз бен Орта жүздің қыстауы орналасқан оңтүстік аудандарға» қауіп төндіре бастады.

В.Я. Басиннің мәліметіне сүйенсек, Хиуа хандығындағы алауыздықты және Хиуа ханы Ильбарстың иран шахы Надирмен болған әскери қақтығысын шебер пайдалана білген Әбілхайыр хан Хиуа ханы болуды өз алдына мақсат етіп қойды. Үш мыңдық қазақ әскеріне басшы болған Әбілхайыр Гладышев және оның серіктерімен біріге отырып, Сырдарияның солтүстік жағалауына бет алды. Оларды жиырма шақты адамы бар хиуа старшинасы Авесть-Мирап күтіп алып, хиуа ханына парсы әскерлері тарапынан төнген қауіп жайында мәлімдеді. Олар 6 қарашада тұрғындары «парсы шахының қаһарынан» қатты қорқатын, шабуыл кезінде қирап қалған Гурляп қалашығында болды. 6 қарашадан 7-не қараған түні Әбілхайыр өз әскерімен Хиуаға қарай бағыт алды. Ол шабуыл нәтижесінде жеңіске жетіп, хиуа ханы атанды.

Әбілхайыр Ресей әкімшілігінен «шах Надирмен қатынаста бітістіруші болуын» өтінді. Кейіннен Хиуада Мансуров елшілігі пайда болып, шах Надирге жөнелтілді. М.П. Вяткиннің ойынша, Ресей әкімшілігінің бұл іске араласуы қазақтарға Надир ханның тарапынан болған тікелей қауіптің алдын алуда үлкен рөл атқарды.

1741 жылы шілдеде жоңғар әскерлерінің Кіші жүз бен Орта жүз территорияларына басып кіруіне байланысты Миллердің елшілігі арқылы Орынбор комиссиясының басшысы И. Неплюев жоңғар қонтайшысы Қалдан-Церенге хат жолдады. Хатта Ресей құрамына кіретін қазақтардың ішкі істеріне жоңғарлардың араласпауын талап етті. И. Неплюев қазақтардың Ресей құрамына кіргені туралы қазақ билеушілерімен болған кездесуге қатысқан жоңғар елшілері Кошку мен Буруннің хабардар екенін Қалдан-Церенге ескертті. Жоңғар қонтайшысына К. Миллер басшылығындағы елшілікті жіберген И. Неплюев одан тұтқындарды жедел түрде босатуын сұрады. 1742 жылы 7 қыркүйекте Ор бекінісінде өткен келіссөздер кезінде И. Неплюевтің Әбілхайыр ханға «Қалдан-Цереннің қабылдауында болған Миллер тұтқындағы Абылай сұлтан мен оның жанындағы қырғыз-қайсақтарды босатты» деген мәлімдемесін Н.Г. Аполлова мен Г.Ф. Дахшлейгердің еңбектерінен

кездестіруге болады. Елдегі ішкі талас-тартыс пен Моңғолия және Тибетті басып алу жолындағы ұмтылыстардан әлсіреген Жоңғарияға қарсы 1756 жылы маньчжур императоры Хун Лидің бірнеше мың әскері жорыққа аттанды. Нәтижесінде 1758 жылы Жоңғария толығымен жеңіліске ұшырады. Кейбір зерттеушілердің деректеріне сүйенетін болсақ, маньчжурлар елдің негізгі тұрғындары – ойраттарды қырып жойған. Мысалы, С.Д. Асфендиаровтың жазған мәліметіне сәйкес, 1758 жылы қолбасшылар Чжао Хой мен Фу Де қарсы алдында жолыққан ойраттардың көзін жойып отырған. М.Я. Златкиннің көрсетуіне қарағанда, маньчжур әскерлері осы жорықта балалар мен әйелдерді, сонымен қатар қарт кісілерді де ешбір аяушылықсыз аса жауыздықпен өлтірген. Шамамен бір миллиондай адам мерт болды.

Циндердің айдауындағы ойраттардың орыс, қазақ және қырғыздар арасынан баспана іздеуіне мәжбүрледі; ойраттардың бір бөлігі Еділге қарай бет алды. Ш.Ш. Уәлихановтың ескертуінше, «Жоңғария мен Кіші Бұхараны» сәтті түрде жеңіп алған маньчжурларда «соғысқұмарлық рух пен жаулап алуға деген ұмтылыс» пайда болды.

Қазақ жүздерінен алынған территорияларды сыртқы озбырлық іс-әрекеттерден қорғау мақсатында Ресей бірқатар бекіністер мен қамалдар сала бастады. Осылайша, Ертіс бағыты Бұқтырмаға дейін жетіп, одан әрі Бийск пен Кузнецкке қарай жалғасты. Кяхта келісімшартына (1727 ж) қарамастан, орыс-қытай шекарасында қақтығыстар орын алып, шекараны заңсыз кесіп өту мен адам өліміне дейін алып келетін тонаушылық әрекеттер толассыз жүріп жатты. Малды айдап әкетуге байланысты арадағы сауда байланыстары тоқтап қалды. Мысалы, 1733 жылы маньчжур билігі тұтқындарды босатуды және 23 873 бас мал сұрады; ресей әкімшілігі шапқыншылық кезінде айдап әкетілген малдың 25 784-ін ғана қайтаруға қол жеткізді. В.П. Саввиннің деректері бойынша, 1753 жылдың өзінде сауда қатынастары үш рет тоқтатылған.

Жоңғарияны маньчжурлардың талқандауы Орталық Азиядағы халықаралық және әскери-саяси жағдайды түп-тамырымен өзгертті. Орта Азиялық хандықтардың өмір сүруі үшін қауіп пайда болды. «Бұрын Орта Азияға қауіп төндірген және Кіші Бұхараны жаулап алған Жоңғарияның күйреуі бүкіл Азия аймағында үрейлі қорқыныш туғызды» деп жазады Ш.Ш. Уәлиханов.

Ресей зерттеушісі А.В. Цюрюмов өз еңбегінде Ресейдің қазақ-қалмақ қатынастарындағы бітістірушілік рөлін қарастырады: «Бейбіт қатынастардың қарулы қақтығыстарға айналуы қалмақтар мен қазақтар арасындағы байланысты жандандыра түсті. Дәл сол жылдары көшпенділер құрған мемлекеттердің құрылымында өзіндік ерекшеліктер пайда бола бастады. Осы кезеңде Орталық және Орта Азия Ресей империясының мүдделері тоғысқан аймаққа айналды. Еуразиядағы барлық геосаяси кеңістікті біріктіруге ұмтылған Ресейдің көшпелі халықтарды бітістірудегі рөлі арта түсті. Ресейдің бітімгершілік миссиясы қалмақ-қазақ арасындағы келісімге ықпал етіп, қарқынды және жемісті байланыстарға бастама болды». Осылайша А.В. Цюрюмов «Орынбор бағытының құрылуы екі көшпелі халық арасындағы дипломатиялық және сауда байланыстарын

бақылауда ұстауға мүмкіндік бергенімен, қалмақтар мен қазақтар арасындағы елшілік пен сауда қатынастары ресей үкіметінің алаңдаушылығын туғызды» деп жалғастырады.

Негізінен көптеген тарихи зерттеу жұмыстарында жоңғарлар қазақтар үшін жауыз күш ретінде сипатталады. Осы пікірге қарсы шыққан С.А. Еділханованың «XVII-XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар арасындағы өзара қарым-қатынастар» атты еңбегін атауға болады. Онда қазақ-жоңғар қатынастары жан-жақты зерттеліп, оның тарихы кезеңдері мен салдары түгелдей қарастырылады. Дегенмен, мәселені тарихнамалық негізде талдаудың қорытындысы дәлелдегендей, қазақ-жоңғар қатынасы - әрі көп қырлы, әрі терең зерттеуді қажет ететін күрделі тақырып. Қолданыстағы стереотиптерге қарамастан «екі халық арасындағы қатынастар тек әскери қақтығыстардан ғана құралған жоқ, сонымен қатар кейде одақтас әрекеттер пайда болып, бейбіт байланыстар қалыптасқан кездер де болды. Бұл жағдай көшпелі қоғамның тарихи тағдырында терең із қалдырды».

Т.З. Қайыркен қазақ-ойрат қатынастарын зерттеуге арнаған оқу құралында Жоңғар мемлекетінің қалыптасуы мен дамуын, оның Қазақ ордасымен, Қытаймен, Ресей елімен байланыстарын жан-жақты, әртүрлі тілдердегі көптеген деректерді пайдалана отырып қарастырған. Автор ойраттардың қазақтармен соғысуы, ондағы Қытай мен орыс мемлекеттерінің ролін жан-жақты көрсетіп, оның Орта Азияның геосаясатына ықпалын ашып көрсетті.

«XVIII ғасырдың екінші жартысында Жоңғар хандығының құлдырауы мен оны қытай әскерлерінің жаулап алуынан кейін Қара Ертіс өзенінің аймағына қазақтар көшіп келе бастады. Олар Ертіс аймағынан урянхайлерді ығыстырып, Күршім мен Каба өзендерінің аңғарларын ғана емес, сонымен бірге Нарым мен Бұқтырманың жоғары аймақтарын да иелене бастады» деп есептейді В.А. Моисеев. Оның ойынша, XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ руларынан басқа алтайлықтар мен ойраттарды оңтүстік-шығысқа қарай ығыстырған орыстар Ома өзені мен Зайсан көлі арасындағы Ертіс өзенінің бассейнін жаулап алды.

А.В. Цюрюмов «XVIII ғасырдың бірінші және үшінші ширегі аралығында хандар мен нояндар Орталық Азияға қарай көшуге бірнеше рет ұмтылыс жасады» деп есептейді. Ресеймен арадағы қарым-қатынастың шиеленіске түскен кезеңінен бастап көшудің нақты жоспары қалыптаса бастады. Дегенмен, ол тұрақтылыққа байланысты жүзеге аспай қалды. Бұл идеяға Жоңғар хандығының Батыс Моңғолия даласына басып кіруі кедергі келтірді. Қоныс аудару арқылы Азияда жеке мемлекет құруға үміттенген қалмақ басшылары өздерінің жаңа сюзерені - жоңғар қоңтайшысына бағынатынын мойындай бастады. 1758 жылы Цин Қытайы Азиядағы соңғы ойрат хандығын жаулап алғаннан кейінгі аймақтағы жағдай мүлдем басқа арнаға өзгерді. Нәтижесінде қалмақ нояндарында бос жатқан территорияларға иелік етіп, жаңа ойрат мемлекетін құру мақсаты пайда болды».

Ю.С. Булыгиннің жұмысында Жоғары Обь территориясының таулы округінің оңтүстік бөлігінде кейіннен орыс шаруаларының қоныстана бастағаны жайында жазылған. В. Алексеенко, Н.Г. Аполлованың

монографиялары мен И. Агапова, А.Ю. Быковтың мақалалары Алтай территориясын мекендеу және оны игеру мәселелерін жан-жақты қарастырды. Ойраттарды талқандаған Цин Қытайы Жоғары Ертіс арқылы орыстармен басып алынған Жоңғария территориясына жеңімпаз ретінде үстемдік орнатқысы келді.

XIX ғасырдың бас кезінде Кенді Алтай территориясының басым бөлігі Ресейдің құзыретінде болды, ал империяның оңтүстік шекарасы Нарым тауының жотасына дейін жеткен болатын. Сол уақытта Семей мен Өскемен аралығындағы Ертістің оң жағалауында мәжбүрлі түрде Қызылжар, Крутоберезовка және Согра қоныстарының негізі қалана бастады.

Сонымен, тарихнамалық талдаудың көрсетуінше, Ресей империясының жоспары қазақ билеушілерінің мүддесімен сәйкес келді. Себебі қазақ басшылары орыс әскерлерінің көмегі арқылы өз территорияларын жоңғарлар, хиуалықтар және бұхаралықтардың шабуылынан қорғауға, сондай-ақ Қытаймен шекаралас аймақта қауіпсіздікті қамтамасыз етуге үлкен үміт артты. Осы кезеңдегі өзара қарым-қатынасты жақсартуға деген екі жақты ұмтылысты байқауға болады. Алайда бұл мүдделер толығымен жүзеге асқан жоқ. Қазақ элитасы неғұрлым өз бетінше әрекет жасауға тырысса, ал патша әкімшілігі оны соғұрлым шектеуге ұмтылды.

Қазақ халқының Ресей империясының боданына айналудың алғышарты ретінде тек жоңғар, қытай факторы ғана емес, көпшілікке белгісіз башқұрт факторы да бұл процесте өзіндік ролді атқарды.

Ғалым К.Л. Есмағамбетов өзінің «Әбілқайыр хан: аңыз бен ақиқат» атты мақаласында: «Әбілқайырды Ресейден қамқорлық іздеуге мәжбүр еткен жағдайдың бірі башқұрт факторы болды. Патша үкіметі башқұрттарды қазақтарға қарсы ашықтан-ашық соғысқа шығарып, оларға орыс әскерлері тарапынан көмек көрсетті», - деп, оны Әбілқайыр ханның «Жылдар бойы қонтайшымен соғысып келемін, оған әлім жетер емес... Оның үстіне Еділ қалмақтары, башқұрттар, Бұхара және Хиуамен соғыса бастадық. Төрт жағымыздан бірдей жау қоршауында қалдық», - деп жауап беруі де дәлел бола алады.

XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ-орыс қатынасы тәуелсіздіктен кейін түрік зерттеушілерінің еңбектерінде қарастырылған болатын. Түркия Республикасындағы Анкара университетінің докторы, профессор С. Хизметли өзінің «XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ-жоңғар қатынасы түрік жазбагерлерінің еңбектерінде» атты 2005 жылы жарияланған мақаласында О. Иорулмаз, М. Сарай және т.б. түрік зерттеушілерінің еңбектерін талдай келе, XVIII ғ. қазақ-жоңғар қатынастарында көрші мемлекеттердің ролін де атап өтеді: «Жоңғарлар халықаралық жағдайдағы болып жатқан жайларды өздерінің пайдасына шеше білді. Сөйтіп, бірде Ресеймен жақсы болған сыңай танытып, өзіне зеңбірек құйдыртып, керекті қару-жарақтар алса, енді бірде Қытайға жағынып, олардан да өзіне керек пайдасын тапты», - деп Ресей мен шығыстағы Қытайдың бәсекелестігін шебер қолдана білген жоңғарлардың саясатын көрсетеді. Сонымен қатар автор 1723 жылы Ресейдің дегені болып, жоңғарлар қазақ

жеріне лап беріп, жеңіске жетуінің бірнеше себептерін атап өтеді: «...біріншіден, шабуылдың тұтқиылдан жасалынуы болса, екіншіден, әскерінің көптігімен бірге кезінде орыстардан атылатын қарулар алуға жетісуі, үшіншіден, қазақ жасақтарына қарағанда жоңғар әскерлерінің жауынгерлік әзірлігінің күшті болуы, әскерінде қатаң тәртіптің болуы», - деп жоңғарлардың жеңіске жетуінің бір факторы - орыстар болғандығын көрсетеді.

Зерттеуші С. Жолдасов «Қазақ-жоңғар қатынасының шиеленісуі жылдарындағы оңтүстік өңіріндегі үш жүздің басын қосқан кездесулер» атты мақаласында жоңғарлардың басқыншылық соғыстарында қазақ елінде болған Мәртөбе, Күлтөбе, Ордабасыдағы кездесулерді талқылап, оның тарихи маңызын дәйектейді. Автор тарихи құжаттардың негізінде орыс елінің көшпелі қазақ, жоңғар, башқұрт халықтарын бір-біріне айдап отырып, өзінің дегенін оңай іске асыратынын былайша көрсетеді «... Ресейдің мақсаты көрші жатқан үш халықты бір-біріне айдап салып, үшеуін де әлсірету болды, - деп зерттеуші мұрағатта сақталған құжаттағы «Егер оның біреуі Ресейге қақтығыса қалса, екеуін оған қарсы айдап салу керек. Сөйтіп бұл мәселеде Ресейдің араласуынсыз-ақ жуасытудың мүмкіндігі бар», - деген мәліметтермен негіздейді.

Тарихшы К. Мамырұлы қазақ-жоңғар қатынастарын зерттеп, Қытай мен Ресей сияқты алпауыт мемлекеттердің саясатын жоңғар басқыншыларының жеңіске жетуінің себептерінің ең бастысы екендігін негіздейді. Сондай-ақ, автор қазақ-жоңғар қатынастарын зерттеуде Бұхар жырау, Ақтамберді, Қожабергендердің ауызша мұрасын басқа ұлт тарихшылары В.А. Моисеев, И. Ерофеева, И.В. Златкин, В.Я. Басин сияқты қазақ тілін білмейтіндер пайдалана алмай, сол кезеңнің тарихын толық аша алмады деп көрсетеді.

Қазақ халқы өзінің өткенін, тарихын ұдайы жадында ұстап, оны сан алуан формада, әртүрлі жанрларда қалыптастырып, келер ұрпағына аман-есен жеткізіп отырған. Қазақтың батырлық жырларының бәрінде де тарихи шындықтың негізі жатыр. Кезінде Ш.Ш. Уәлиханов, Ә.Х. Марғұлан, Е.Б. Бекмаханов және т.б. ғалымдар ауызша тарихтың маңызы мен құндылығын ерекше атап өткен болатын.

Қазақ тарихының дерек көздерінің бірі ауызша тарих айту дәстүрі. Қазіргі кезеңде көшпелі қоғамда тарих айтудың мұндай дәстүрінің болғандығына ешкім дау айта алмас. Бұл мәселенің анықтамасы, дәстүрге жататын туындылар түрлері, олардың қазақ тарихының дерек көздері ретіндегі маңыздылығы тарихнамада біршама қарастырылды.

Қазақ фольклорындағы тарихи жырлардың көпшілігі ел өмірінде болған тарихи оқиғалармен тығыз байланысты. Оқиғаның жалпы шындығы ғана емес, кейбір ұсақ жағдайлардың өзі де тарихи мәліметтерге дәлме-дәл келіп отырады. Адам аттары, оқиғаға қатысушылардың сол кездерде шын болған, сол күрестартыстарға қатысқан адамдар екендігін тарих арқылы айқындау қиын емес.

Атақты тарихшы Е. Бекмаханов: «Фольклорлық материалдың маңыздылығы сонда, ол тарихи оқиғалар мен жеке адамдарға дәл және көбінесе дұрыс бағасын береді, себебі тарихты жасаушы және суреттеліп отырған оқиғалардың тікелей қатысушысы халықтың өзі болып табылады», - десе,

филолог ғалым С. Қасқабасов: «Фольклор адам тіршілігімен тікелей байланысты, оның болмысының бір бөлшегі. Сондықтан ол адам өмірінің барлық жағын бейнелейді, шаруашылығынан, тұрмысынан, әдет-ғұрпынан, салт-санасынан толық мәлімет береді... халық тарихындағы маңызды оқиғаларды қамтып, солардың негізінде жаңа шығармалар туындап, тарихи қайраткерлер жайында әңгімелейді», - деп жырдың тарихи құндылығын негіздеген болатын.

Қазақ хандығының Орталық Азия хандықтары мен орыс елі арасындағы қарым-қатынас тарихын зерттеген М.Қ. Әбусейітова, тарихшылар арасында алғашқылардың бірі болып бұл мәселеде қазақ халқының ауыз әдебиетін, шежіресін дерек көзі ретінде пайдалануды ұсынады. Зерттеуші қазақтың ауыз әдебиеті мен шежіресін даланың ауызша тарихнамасы деп бағалайды.

Қазақтардың ауызша тарих айту дәстүрін пайдаланып тарихнамалық тұрғыда талдаған А.М. Әбділдабекованың 2000 жылы қорғаған «Историография присоединения Казахстана к России» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында Қазақстан мен Ресей қарым-қатынастары біршама қарастырылған. Автор Бұхар жырау, Шортанбай, Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлының жыр шумақтарын келтіре отырып: «Осылайша, қазақ қоғамы басынан кешкен тарихи оқиғалар әуелде халық ауыз әдебиетінен орын алып, кейіннен біртіндеп хатқа түсе бастады. Мұндай деректер жергілікті этностың сол кезеңдегі көңіл-күйін дәл көрсететіндігімен құнды. Өзі бастан өткермей, сырттай бақылаумен жазылған ешбір құжат мұндай дәлдікті бере алмайды», - деп түйіндеген болатын.

Зерттеуші С.А. Едилханованың 2003 жылы қорғаған «Взаимоотношения казахов и джунгар в XVII-XVIII вв. Историография проблемы» атты кандидаттық диссертациясында дәстүрлі ауызша тарихи фактілер арнайы талданған. Онда автор қазақ-жоңғар қатынастарын тарихи жыр-өлеңдермен дәйектеп, екі көшпелі халықтың арасында орыс пен қытай елдерінің саясатын көрсетуге тырысқан.

Қаһармандық жырлар – халқымыздың тарихи танымы мен рухани мұрасының кәусәр тұнығы. Мұнда халықтың талай-талай тарихы жатыр. Қиысы мен бұралаңы мол ұлттық тарихымыздың қыр-сыры ашылмаған дүлдәмал тұстары жетерлік. Солардың бірі қазақ-орыс байланыстары деп айтуымызға болады.

Біздің тарих ғасырлар бойы атадан балаға ауызша айтылып, ұрпақтан-ұрпаққа жаттатылып жеткізіліп отырған. Халқымыздың өмір салтының ерекшелігіне байланысты, оның мыңдаған жылғы тарихы негізінен сол ауызша тарих айту арқылы, яғни фольклор арқылы бүгінге жетіп отыр. Халқымыздың ауыз әдебиетіндегі аса бай салаларының бірі – батырлар жыры. Еліміздің ғасырлар бойғы тағдырын, ерлігі мен елдігін, ой-арманы мен мұң-мұқтажын бойына жинақтаған батырлар жыры қыры мен сыры мол қымбат қазына. Батырлар жыры өткен ғасырлардағы тарихи оқиғалар негізінде пайда болған. Эпикалық қаһармандар – Едіге, Қобыланды, Алпамыс, Тарғын, Шора, Қамбар, Ер Сайын және т.б. батырларымыздың аттары өмірде болған нақты тарихи оқиғалармен байланысты.

Ауызша тарихты Кеңес үкіметі тұсында зерттеуге қатаң идеология рұқсат бермеді. Сондықтанда қазақ-орыс қарым-қатынастарын зерттеуде бұл ауызша тарих айту дәстүрінің тамаша үлгілері мүлдем пайдаланусыз қалып отырды деп айтуымызға да негіз бар. Сондықтанда біз бұл тараушада қазақ-орыс байланыстарын зерттеуде ауызша мұрамыздың пайдаланылу дәрежесін талдап көрсетуді жөн деп таптық.

XVI-XVIII ғғ. Қазақ халқының орыс мемлекетімен байланысын ашып көрсететін фольклордың өзін шартты түрде хронологиялық жағынан бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

- XV-XVII ғғ. жырлар: «Ноғайлы жырлары» Қырымның қырық батыры және т.б.;

- XVII-XVIII ғғ. қазақтың билері мен жырауларының қалдырған мұралары;

Тәуелсіздіктен кейін қазақ халқы өзінің өткенін дәстүрлі ауызша тарихынан іздей бастады. Бұл ретте бұрын соңды тыйым салынған жырлар мен дастандар, аңыздар қайта жаңғыртылды. Осы кезде ортағасырлардағы билер мен батырлар, шешендер мен жыраулардың тарихи тұлғасы, олардың қайталанбас туындылары еліне қайтарылып, тарихшылар мен филологтар және т.б. саланың зерттеушілері осы мәселені жаңа тұрғыдан зерттей бастады.

XV ғ. өмір сүрген Асан қайғы бабамыз аса көрегендікпен орыстардың отарлау саясатын болжаған көрінеді. Ол:

«...Аққу құстың төресі,
Ен жайлап көлде жүр еді.
Аңдып жүрген көп дұшпан,
Елге жау боп келеді.
Құлдық құсты өлтірсе,
Өз басыңа келеді.
Орыс сені өлтірер

Осыны Асан біледі», - деп біздің бабамыз келер заманның сипатын айна-қатесіз болжап берген. Болашақта қиындықтың қыспаққа алатыны, ел ішінің азып-тозатыны, тіпті орыс билігінің үстемдік құратынына дейін айтылады.

Мына өлең шумағында:

«Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып,
Бабалардың дәурені тамам болар.
Ол күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.
Ұлың, қызың орысқа бодан болып,
Қайран есіл ел-жұртым сонда не етер?»

, - деп сонау ертеден-ақ орыстардың саясатын көрегендікпен айтып кеткен екен.

Асан «Жерұйықты» іздеу идеясымен халқына жайлы да қолайлы қоныс іздеп, төніп келе жатқан қатерді біліп, өз ханына:

«Бұл арадан көшпесең,
Айтқаным түспесең,

Орыс алар қалаңды,
Шулатар қатын-балаңды , - деген екен.

Асанқайғымен замандас болған Қазтуған жырау Еділдің бойында туып, өскен болатын. Ол:

«Еділді қоныс етпеңіз,
Жағалай қалмақ алады.
Жайықты қоныс етпеңіз,
Сыдыра біткен көкжиек,
Кәпірлер қала салады.
Аштарханды қоныс етпеңіз,

Шәһәрін оның алады», - деген көрінеді. Бұл сонау XV ғ. айтылған болжамдар кейіннен шынымен-ақ іске асырылды.

Қазақ жерінің жат қолына өте бастауын зар заман ағымының өкілі Мұрат Мөңкеұлы XIX ғасырдың соңында:

«Әуелі жеңіп орыс Еділді алды,
Сарытау, Аштарханның жерін де алды.
Артынан Еділден соң, Нарынды алды,

Тоғайдың ағаш, қамыс, талын да алды», - деп, сонау XV-XVI ғғ. Асанқайғы, Қазтуғандардың айтып кеткендерімен сабақтас ой қозғап, отарлаудың күшее түскендігін өз шығармасында бейнелейді.

Қырғи идеология құрығына іліккен батырлық эпостың бірі – «Шора батыр» жырдың бас қаһарманы кәпірлерден азат ету үшін Қазан шаһарына аттанған болып суреттелінуіне байланысты «халықтар достығына» нұқсан келтіретін эпос ретінде айыпталған болатын. Алаш тарихи-зерттеу орталығының ұжымдық «Тама» еңбегінің «Тамалар тарихи халық ауыз әдебиетінде» деген тарауында: «Алайда большевиктер «Шора батыр» жырының тарихи дерек ретінде құндылығын ескере алмады. Онда айтылатын тарихи тұлғалардың өмірде шынында да болғандығы назар аудартады», - деп жырдың тарихилығын негіздеген болатын. Сонымен қатар орталықтың зерттеушілері «Шора батыр» жырының екі нұсқасын салыстырып, біршама талдау жасаған. Онда Шора батырдың Қазанды кәпір орыстардан азат етуге аттанғандығы негізделіп, оның тарихи тұлғасын барша қазаққа ортақтығын негіздеген болатын.

Зерттеуші Г. Жүгенбаева 1953 жылғы «Әдебиет және искусство» журналының № 8 «Қазақ эпосы жөніндегі дискуссияның қорытындысы» материалдарының негізінде Орақ-Мамай, Қарасай-Қази, Шора батыр, Ер Есім, Ерсайын, Едіге эпостарының бірауыздан реакциялық, халық мүддесіне қарсы эпостар деп табылғандығын тілге тиек етіп, осыдан кейін халық мұрасы елден қашықтады деп, кеңестік дәуірдегі тыйым салуды атап өтсе, бүгін де ауызша дерек – халықтың өткен өмірінің айнасы деген көзқарасты, ұстанымды қалпына келтіріп, жаңғыртудың мезгілі жетті деп қорытындылайды.

Егемендігімізді алғалы филолог ғалымдар А.А. Мамытов және Б.С. Қорғанбеков «Шора батыр» жырын тілдік, көркемдік жағынан зерттеп, тарихи шындығын анықтауға үлес қосты. Мәселен, А.А. Мамытов 1998 жылы қорғаған «Шора батыр» жырының поэтикасы» деп аталатын кандидаттық

диссертациясында жыр жолдарын тарихи зерттеулермен салыстыра талдайды. Автор: «Ал, тарихи шындыққа жүгінсек, XVI ғасырдың алғашқы жартысында орыс патшалығы Қазанды өзіне қаратып алу әрекетінің әр түрлі айла-әдістерін қолға ала бастаған. Отарлау саясатындағы қолданған оңтайлы тәсілдердің бірі сол елдің беделді адамдарынан өздеріне тірек табу болатын. Бұл тәсілдің қаншалықты нәтиже бергенін, тіпті кейінге дейін іске асырылып келгенін тарих тәжірбиесі куәландырады», - деп орыс отарлауының астарларын сонау XVI ғасырдың басынан бастайды.

Ал филолог Б.С. Қорғанбеков 1998 жылы қорғаған ««Шора батыр» эпосы және оның ұлттық варианттары (генезис, тұтастану, тарихилық мәселелері)» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын қорғады. Мұнда автор Шора батырдың тарихи тұлғасы мен оның жасаған ерліктерін зерттей келіп: ««Шора батырға» негіз болған тарихи оқиғалар – Қырым, Қазан және Ноғай Ордасы, Астрахан, Сібір хандықтары арасындағы және олардың Орыс мемлекетімен әртүрлі саяси және әскери қарым-қатынастары, сондай-ақ, Қазан хандығы үшін болған саяси-әскери күрестер. Эпостың бас кейіпкері тарихта болған және олардың көбі замандас адамдар. Өзі тектес өзге жырлардан мұнда тарихи анохронизмнің аздығы байқалады», - деген қорытындылар жасаған болатын.

Орысқа қарсы жорық жасаған, қазақ халқының мақтанышына айналған тама тайпасынан шыққан тарихи тұлғалар Нәрік батырмен оның ұлы Шораны бүгінде халқы күллі қазақ ұлтының өкілі деп біледі. Тама (Кіші жүздің) тайпасының негізгі мекендеген аймағы батыс Қазақстан болған. Бұл, әрине жырдағы тұлғалардың Қазанға жақындығын дәлелдейтін фактор деуімізге болады.

Қазақ фольклорындағы тарихи жырлардың көпшілігі ел өмірінде болған тарихи оқиғалармен тығыз байланысты. Оқиғаның жалпы шындығы ғана емес, кейбір ұсақ жағдайлардың өзі де тарихи мәліметтерге дәлме-дәл келіп отырады. Мәселен, «Шора батыр» жырында Шораның тегін былайша көрсеткен:

«Төре емеспін, қарамын,
Анадан егіз емеспін, дарамын.
Нәсілімді сұрасаң
Нөкіс ұлы тамамын.
Өз атамды сұрасаң,
Нәріктен туған Шорамын.
Қазанды тобыр әскер алды деп,
Суыт жүріп барамын.
Мен барғанша Қазанды
Тобыр әскер алмаса,
Айдау жолға салмаса,
Қазыналы жұрт Қазанның
Қаласының ішінде
Қақпасының түбінде
Тасқа соққан

Темір шеге болармын», деген жыр шумақтарынан Шораның шыққан тегі мен оның Қазан шаһарына не мақсатпен бара жатқанын көруге болады.

Жырда Шора батырдың Қазанды басып алған орысқа деген жаулық көзқарасы айқын көрініс береді. Ата-анасымен қоштасып Қазан қаласына аттанған Шора былай дейді:

«Хазиналшы Қазанды
Кәпір алды деген соң,
Мұнда неғылып шыдайын.
Қазанда бар арулар
Өзімді-өзім сынайын.

Қазанды кәпір алған соң,
Бармай қайтып тұрайын», - деген жыр шумағынан «Кәпір» деп бұл жерде Шора орыстарды айтып отыр. Кеңес өкіметі тұсында ұлы орыс халқын отарлаушы ретінде көрсету большевиктердің идеологиясына сай болмады, сондықтан да олар жырды толығымен жариялауға, зерттеуге тыйым салды.

Жырда Шорамен қоштасқан қарындасы Шырын:

«Қазанды орыс аралап,
Қол салды ана биіне,
Келтірмей елді күйіне
Есен барып сау қайтсаң,
Тұлпарың жоқтар жамағат,
Түсіріп інкәл күйіне,
Өзі түкті сары орыс
Қол төкті деген не болар,
Мұсылманның еліне», - дейді.

Мұсылман және христиан елдерінің өзара байланыс, күрес тарихында Қазан қаласының тәуелсіздігі үлкен мәнге ие. Татар, башқұрт, ноғай және олармен тілі, діні бір қазақтар үшін Алтын Орда, Қазан хандығы, Ноғай ордасы заманында Қазан жауға алдырмайтын қамалдай болған. Сондықтан да бұл шаһардың құлауы аталған халықтар санасында өшпес із қалдырған. Алтын Орда ыдырағаннан кейін Мәскеу патшалығына қарсы тұрған ең тегеуірінді күш Қазан хандығы болғандығын, осы мемлекетті бағындырып, басып алу орыс патшаларының кезінде өмірлік мүддесіне айналғанын дәлелдейді. Күні кешеге дейін «Шора батыр» жырын көзден тасалау сол отарлау саясатының адуынды оқжалман ағысының толастамағанын білдіреді. Қазанды алудың Ресей империясы үшін қаншалықты қажет болғаны жөнінде С.М. Соловьев өзінің шығармаларында: «До тех пор, пока существовала Казань, дальнейшее движение русской колонизации на Восток по Волге наступительное движение Европы на Азию было не возможно... Пала Казань, и вся Волга стала рекой Московского государства», деп жазса, К. Валишевский «Иван Грозный» еңбегінде: «Со взятием Казани, она (Ресей) должна была захватить один из древнейших оплотов мусульманства... Правда оставалось еще Астрахань. Однака, после падение Казани уничтожение этой полотны преграждавши путь

Московскому потоку, было неизбежно», - деп жазған болатын. Бұдан көретініміз Қазан хандығы орыстардың шығысқа саясатының басты тірегі болған. Сондықтанда тамадан шыққан Шора батыр осы қаланы қорғау үшін аттанған ер жүрек тұлға.

«Шора батыр» жырында мұсылмандық пен кәпірлердің арасындағы бөлінушілік айқын байқалады. Мәселен, жырдағы:

«Истанбул, Қазан екі шәһәр,
Әуелден еді белгілі.
Мұсылманның жұртының,
Мәдеті еді еліне.
Бұрынғылар надан-ау
Қазанды қатар салдырған.
Петербор, Мәскеу төріне.
Еділдің суы қосылып,
Екі айрылған жеріне, - делінген.

Сонымен қатар жырдағы:

«Мен Қазанға барған соң,
Қар жаумаса қан жаусын.
Ниет қылдым хақ үшін», - немесе

«Мынау жатқан кәпірге
Аллалап енді тиейін», - деген шумақтарынан да

көреміз.

Қорыта келгенде:

- «Шора батыр» жырын осы уақытқа дейін зерттеушілер қазақ-орыс қатынастарын зерттеуде пайдалана алмаған. Оған себеп қатаң идеология;

- Жырдың тарихилығы, ондағы тарихи тұлғалардың шын мәнінде өмір сүруімен анықталады;

- Жырдағы Шора Нәрікұлы тама тайпасынан шыққанын ескерсек, ол қазақтың батыры. Шора Қазан хандығын орыстардан қорғауға аттанса, бұл сол кезеңдегі Қазанның қазақ халқына да жат еместігін көрсетеді.

Төңкеріске дейінгі қазақтардың ауызша тарихи шығармаларының қазақ-орыс қатынастарын зерттеуде деректік маңызы жоғары. XVII-XVIII ғғ. ақындар мен жыраулардың жырлары мен өлеңдері дені қазақ халқын жоңғарларға қарсы күресте бірігуіне шақырып, олай болмаған жағдайда көрші жатқан орыс пен қытайға жем болатындығы баяндалған. Олардың ішінде Қожаберген жырау, Бұхар жырау, Тәттіқара, Үмбетай, Ақтамберділерді ерекше атап өтуге болады. Бұл сол кезеңде қазақ халқының мұң-мұқтажы мен қоғамдық-саяси жағдайын көре білген, көкірегі ояу, алысты болжаған ақын-жыраулар көшпелі екі елдің арасындағы күресті Ресей және Цин империялары пайдаланып кететіндігін жақсы түсініп, халықтың құлағына күйіп, тәуелсіздігін сақтап қалуды, бірігуді насихаттаған тарихи тұлғалар.

XVII-XVIII ғғ. қазақтардың жеріне жоңғарлардың қайта-қайта шабуылдауы, елдің мазасын қашырып, саяси және экономикалық жағынан әлсірете бастады. Елді Ақтабан шұбырындыға душар етіп (1723 ж.), халқын

қырып, босқыншылыққа ұшыратқан қалмақтарды орыс елі айдап салып отырғандығы тарихи зерттеулерде айтылмай келді. Ресей империясының отарлау, арандатушылық саясатын 70 жылдан аса уақыт қорғаушы, қол ұшын берген ұлы орыс халқы деп бағалап келдік. Бұл ретте Ресей империясының ұстанған отарлау саясатын ашып көрсететін Қожаберген жыраудың «Елім-ай» жырында мынандай шумақтар келтірілген:

«Қырылу Алакөлден басталып тұр,
Қазақтар жау қалмақтан жасқанып тұр –
Орыстар мен Қытайға арқа сүйеп
Ит қалмақ сол екі елден күш алып тұр...

Қаруын орыс, қытай қалмаққа сатты
Айдап сол малғұндарды қоқандатты
Қырғызып қазақтарды қалмақтарға,
Орыстар қамалдарын салып жатты».

Жыр авторы Қожаберген XVIII ғасырда өмір сүрген ақын, әнші, күйші, елшілікте де болған көреген адам екен. Демек, оның айтып отырғаны тарихи шындық. Бұл жыр жолдарынан қалмақтардың орыс елі мен қытайлардан күш алып, олардан қару сатып алып жатқаны, әрине қазақ халқын әлсіретудің бірден-бір жолы еді. Сол арқылы Ресей империясы Қазақ хандығын тезірек отарлап, өз бұғауын мойнына салудың әрекетін жасады. Сондай-ақ, қалмақтардан қорғаймыз деген сылтаулармен қамалдар мен бекіністер тұрғызып, оларға әскерін әкелді. Қожаберген жырау орыстардың бұл саясатын терең түсініп: «Қазақтың сахарасы жүз құлпырған, Қытай мен орыстарды қызықтырған», - деген болатын.

Одан әрі жырау:

«Қаруын орыс пен қытай сатпаған соң,
Қатынас арадағы тоқтаған соң,
Сенделді хандар, билер ақыл таппай,
Кенеттен қалмақ елді таптаған соң», - деп

баяндаған жыр жолдарынан ол заманда қазақ-орыс байланыстары тоқтатылғандығын, ал орыстар қазақтарға қару сатпай, қалмақтарға жығып беріп отырғанын көреміз. Бұл мәліметтер орыс тарихнамасында айтылмайды, кеңестік дәуірде бұрмаланып, тыйым салынады. Алайда бұл тарихи фактілер қазақ халқының жадында мәңгі сақталып, келешек ұрпаққа жетті.

Жырау одан әрі:

«Дәу мылтықтан доп атып,
Қазақты қалмақ күйретті.
Қалмаққа мылтық атуды,
Орыс пен қытай үйретті...

Торғауыт, жоңғар, ойрат бәрі қалмақ,
Орыстар мен қытайлар қойған жалдап.
Сол екі ел қару-жарак бергеннен соң,
Құртпақшы мұсылманның бәрін жалмап...

Қазақтың жағдайына болып қанық,
Байлаулы қазақ қолын пайдаланып.
Иесіз қалған жерге шатыр тігіп,

Орыстар жанталасты қорған салып», - делінген жыр жолдары сол кезеңдегі Қазақ хандығының халықаралық жағдайын барынша ашып көрсетеді.

Орыстардың сол кезеңде қазақтарға қатысты ұстанған саясатын жазушы Ә. Кекілбаев 1992 жылы жарық көрген «Үш пайғамбар» кітабында: «Онсыз да жан-жағынан жау анталап, жаны алқымға келіп отырған қазақ хандығымен қырғиқабақ жағдайы ол кезде Ресей үшін стратегиялық жағынан да, тактикалық жағынан да әбден тиімді еді. Сондықтан да ол қазақ хандығының дипломатиялық табысқа жетіп, сыртқы факторларды пайдалана отырып, әлсірей бастаған ахуалын қайта күшейтіп алуына жол бергісі келмеді. Қазақ руларының Еділ, Жайық, Есіл, Тобыл, Ертіс бойындағы «казак бекіністерін жиі мазалайтындарын» тілге тиек етіп қабақ жылытпауға бел буды», - деп, оның себептерін:

- Ресей өзінің негізгі бәсекелесі Қытаймен алысып жатқан астыртын одақтасы Жоңғарияны әлсіреткісі келмеді;

- Шығыстағы саясатын іске асыру үшін казактардың, Еділ қалмақтарының, башқұрттардың қазақ даласына біртіндеп басып кіруіне жағдай жасады;

- Қазақ билеушілерінің арасында Ресеймен одақтас болуды қаламайтын қарсы күштердің бар екенін жақсы білетін, - деп қорытындылаған болатын.

Зерттеуші М. Құл-Мұхаммед еңбегінің «Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі» атты тарауында «Ресей патшалығы да жоңғар-қазақ қатынастарының шиеленісуіне өте-мөте мүдделі болды. Өзара соғыстан күйзелген екі айдаһардың ортасындағы ел үшін екеудің бірін таңдайтындығы Ресейліктерге ертеден мәлім еді», - деп, Ресейдің көшпелі екі елдің арасына жік салуын, екі елді қырқыстырып, әлсізін өз отарына айналдыру саясатын ашып көрсеткен болатын.

Түйіндей келгенде, қазақтың дәстүрлі ауызша тарихы XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс байланыстарын жан-жақты зерттеуге, бұл мәселенің басқа тарихи зерттеулерде кездеспейтін қырларын ашып көрсетуге құнды дерек көзі екендігін анықтадық. Сондықтан да келешекте төмендегідей мәселенің басын ашып, зерттеу қажеттігіне ұсыныстар жасадық:

- Қазақтың ауызша тарих айту дәстүрі туындылары нақты тарихи зерттеу арқылы, айналымға тезірек түсіру қажет;

- Қазақстан тарихының хрестоматияларынан ауызша тарих айту дәстүрі туындыларының толық заңды орын алатын уақыты жетті;

- Бұл туындыларға деген көзқараста жаңа ұстанымға негізделген бағыт, әдіс-тәсіл қажет;

- Ауызша тарих айту дәстүрі туындылары қазақ тарихының белгілі бір кезеңіне байланысты дерек көздері бола алатындығын дәлелдейтін нақты зерттеулер жеткіліксіз;

- Жалпылама айтылған тұжырымдардан, нақты зерттеулерге көшу қажет;

- Қазақтың дәстүрлі ауызша тарих айту дәстүрінің туындыларын тарихи деректер мен ғылыми зерттеулерді пайдалана отырып кешенді зерттеу арқылы, тарихи құбылыстар мен оқиғалардың зерттелмеген, көмескі тұстарын жаңа концептуалдық тұрғыда қайта қарау қажет.

Студенттің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. Ауызша тарихи деректердегі қазақ-орыс байланыстарының талдануы.
2. Зерттеулердегі XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарындағы сыртқы қауіп факторы.
3. XVI-XVIII ғғ. Қазақ хандығының сыртқы саясаты мен оның қазақ-орыс байланыстарындағы рөлі.
4. Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақ-орыс қатынастары.
5. Қазақ хандарының дипломатиясы. Қазақ хандығындағы елшілердің рөлі мен қызметі.
6. Қазақ хандығының XVIII ғ. халықаралық жағдайы.
7. XVIII ғ. Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы.
8. XVIII ғ. Қазақ-орыс қатынастарының өзгеруі мен сипаты.

3 ХҮІ-ХҮІІІ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ МЕН ОРЫС ЕЛІ АРАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ЖӘНЕ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

3.1 ХҮІ-ХҮІІІ ғасырлардағы Қазақстан мен Ресейдің сауда байланыстары

Қазақстан мен Орта Азиядағы орыс көпестері туралы мәліметтер XIV ғасырда Рубриквис пен Шегаб-эд-Диннің еңбектерінде кездеседі. Революцияға дейінгі зерттеуші Н.П. Загоскин мен атақты кеңес тарихшысы В.В. Мавродин ежелгі дәстүрге сүйене отырып, «орыс көпестері XIV-XV ғасырдың өзінде тұрақты түрде Еділ сағасы мен Каспийге барып, ол жақтан Самарқанға жеткен; 1404 жылы осы қалада орыс көпестерін татар, үнді және қытай саудагерлерімен бірдей көрген» деп мәлімдейді.

Еділ өзені мен Каспий теңізі арқылы орыс көпестерінің Азия елдеріне аң терілері (бұлғын, құндыз, түлкі, сусар терісі, т.б.), бал, балауыз, балық тістері (морждың азуы), былғары және зығыр маталарды (әсіресе Орта Азияға) тасымалдайтыны жайында революцияға дейінгі автор А.Я. Гаркави қызықты деректер келтіреді. Олар Ресейге осы бағытпен Еділ-Каспий сағаларынан және Шығыстан түз, дала жылқылары, жібек маталар, асыл металдардан жасалған бұйымдар, асыл тастар, маржан, қару-жарақтар мен болаттан жасалған бұйымдар жеткізіп отырған. Үндістанға қарай теңіз жолы ашылмай тұрғанда Еділ өзені мен Каспий теңізі арқылы Ресейге дәмді тағамдар ерекше көп әкелінетін.

«Орыс және Орта Азиялық қатынастарды ұйымдастырудың бастамасы» «ағылшындық Дженкинсонға» тиесілі деп есептейтін А.Е. Снесарев пен В.В. Бартольдқа, осы пікірдің қателігі жөнінде деректер келтірген революцияға дейінгі тарихнаманың өкілі В.Г. Тизенгаузен мен кеңестік ғалымдар Б.Д. Греков, С.А. Покровский, Ю.А. Соколов қарсы шығады.

Шынында А. Дженкинсон алғаш рет қазақ даласы арқылы өтіп, орыстардан шамамен бір жарым ғасырдан кейін Орта Азияда 1557 жылы болды; ол мұнда бірнеше жыл тұрақтады деп Е.В. Тарле мағлұмат береді. Әрине, Дженкинсонның күшті әрі көп санды «ислам дініндегі қайсақтар», дала тұрғындары жайында хабарлайтын Орта Азия мен Қазақстан туралы өте құнды мәліметтері үлкен қызығушылық туғызады.

Н.М. Карамзин «1557-1558 жылдары Иван IV-ге Хива, Бұхара және Самарқаннан келген елшілер «аса сүйіспеншілікпен» бас иіп, олардың көпестерінің Еділ өзені бойымен еркін өтуі үшін рұқсат сұрайтын» деп мәлімдейді. Сонымен қатар, А.Х. Марғұлан да қазақ-орыс сауда байланыстарының ертерек қалыптасқанын дәлелдейді. Сол кезеңде Шемаха, Дербент, Шавкал, Түмен, Хива, Сарайшық және басқа қалалардан келген көпестер Астраханьда болып, Шемаха және Бұхарамен сауда жөнінде келісім шарттар жасасқан.

Оңтүстік-шығыс Еуропадағы саяси құлдырау жағдайында Алтын Орданың ыдырауынан кейін XIV ғасырдың басында Ресей мен Орта Азиялық және шығыс мемлекеттері арасындағы сауда жолдары бұзылды. Сондықтан Тугум ханның (1534-1538) кезінде қазақтар барынша күшейгенімен, Мәскеу үкіметі олармен бұрынғы тікелей байланыстарды қалпына келтіруге ниет білдірмеді.

Көшпелі мемлекеттік бірлестіктер үнемі отырықшы мәдениеттің өнімдеріне, дәндік астықтар мен әсіресе маталарға мұқтаж болды. Оларға мұндай бұйымдар үнемі Ресей мен Бұхарадан әкелінетін. В.В. Бартольд С.М. Соловьевқа сүйене отырып, осындай маңызды қорытынды жасайды.

Ноғайлық Исмайыл Мырза Жайық бойымен көшіп жүрген ағасы Юсуфке 1551 жылы «Сенің адамдарың сауда жасау үшін Бұхараға барады, ал менікі Мәскеуге барады; тек мен ғана Мәскеумен шайқаса аламын, өліктерге кебіндерін тігуден басқа шара қалмайды» деп хат жолдаған.

XVI-XVIII ғғ. Қазақ хандығы мен Ресей империясы арасындағы байланыстар профессор Ж.Қ. Қасымбаевтың еңбектерінде кең түрде қарастырылған мәселелердің бірі. Автор 1986 жылы жарыққа шыққан еңбегінде: «XVIII ғ. Ямышевск, Железнинск, Семей, Өскемен және т.б. бекіністердің салыну тарихын көптеген жылдарға созылған орыс-қазақ қарым-қатынасының дамуы мен Қазақстанның Ресейге қосылу тарихымен бөлшектеусіз байланысты. Орыс мемлекеті XV ғасырдың өзінде көрші Қазақстанға үлкен қызығушылықпен қараған. Оның өзі Ресей мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуымен байланысты терең себептерге негізделді», - дейді. Ж.Қ. Қасымбаев одан әрі: «Көшім хандығының жойылуы және Ресейге батыс Сібірдің, Қазан, Астраханның қосылуы, Сібір және қазақ даласына баратын Кама сауда жолының құрылуы қазақ-орыс қарым-қатынасының дамуына қолайлы жағдайлар туғызды. Орыс мемлекетінің Қазақстанға қызығушылығы әсіресе, XVI ғасырда ұлғаяды. Өйткені, Ресей ортаазиялық хандықтарымен сауда және дипломатиялық қарым-қатынастарды орнатқаннан кейін қазақ даласы арқылы Хиуа мен Бұхара орталықтарындағы қала қолөнершілерімен транзиттік сауда жүргізді. XVI ғ. соңы - XVII ғ. қазақ даласы арқылы Бұхара мен Хиуадан Ресейге 44 елшілік және Ресейден 9 елшілік ортаазиялық хандықтарға өтеді. Оларда көп тауар мен адамдар болды. Орта Азиядан шыққан сауда керуендері қазақ даласы арқылы Астрахан, Еділдің жоғарғы ағысымен Саратов, Самара, Қазан және т.б. орыс қалаларына бағыт алады. Сонымен қатар, ол сауда керуендері қазақ даласы арқылы Сібірге де – Бұхарадан Сырдария, Түркістан, Сарысу, Ұлытау, Есілдің жоғарғы ағысымен Ертіске, одан Тобылға дейін барды. Орыс мемлекеті бұл транзиттік сауданың дамуына қатты қызықты және ортаазиялық хандықтардың сауда керуендеріне, көпестерге қазақ даласы арқылы өткенде қауіпсіздікті қамтамасыз етуі үшін қазақ хандығының саяси жағдайымен және олардың көрші елдермен қарым-қатынасына терең үніле бастады», - дейді. Одан әрі автор осы себептерден Мәскеу патшалығы Қазақ хандығымен байланыс орнатуды мақсат етеді, оның дәлелі 1573 ж. Чебуков бастаған елшілік екенін атап өтеді. Ал 1574 жылы Иван IV ағайынды Строгоновтарға бұхаралық, қазақ саудагерлерімен алым-салықсыз саудаға рұқсат ететін грамота бергенін айтады. Профессор Ж. Қасымбаев осылайша қазақ-орыс қарым-қатынасының сауда-экономикалық астарларын аша отырып, Ресейдің ұстанған саясатын айқын көрсетеді.

Мәскеу үкіметі барлық елдермен, соның ішінде Орта Азия және қазақ даласымен сауда қатынастарын жандандыруға қол жеткізді. Бұл жағдай экономикалық өмірді қалыптастыруға ықпал жасап, өз кезегінде әскери қақтығыстардың пайда болу мүмкіндігін азайтты. Басқаша айтқанда, сауданың күшеюі Орта Азиялық мемлекеттердің агрессиялық пиғылдарын бейтараптауға әсер етіп, тараптардың экономикалық қуаттылығын нығайтты. Сонымен қатар,

олардың дипломатиялық және саяси байланыстарының қарқындылығын арттыра түсті.

Орыстардың Шығысқа қарай кеңею үрдісі орыс көпестерінің өркендеуі үшін қолайлы жағдайлар туғызды. Бірақ олардың жолына Сібір хандығы кедергі болды. Көрші мемлекеттердің шапқыншылығына үздіксіз ұшырап отыратын қазақ хандықтары басқыншыларға қарсы күресте көмек қолын созатын мықты одақтас іздей бастады. Дала төсінде жиі орын алатын оқиғалар қазақтарды олардың солтүстік-батыстағы қуатты көршісі Ресеймен одақтасуға итермеледі.

Сол кезеңдегі орыс көпестері, дипломаттар мен саяхатшылар қазақтарды Бұхара мен Сібір хандығы билеушілерінің толассыз қысымынан асқан ерлікпен қорғанған халық ретінде біледі. Ол уақыттың өзінде-ақ қазақ даласы Шығыстан Ресейге және Ресейден Шығысқа тасымалданатын тауардың қайнаған ортасына айналды.

XVI ғасырдан бастап XVIII ғасырдың 40 жылдарына дейін Ресейдің Орта Азиялық алқаптармен байланысы Астрахань, Гурьев, Тобыл жағалауы, Орал, Ой арқылы және Тобылдан бастап солтүстіктегі дала мен оңтүстіктегі шөл арқылы жүзеге асып отырды. Орынбор, Троицк және Омбы қалаларының негізі қаланбас бұрын Астрахань мен Тобыл мемлекеттік және жеке меншік керуендерді Бұхараға жіберудің басты базасы ретінде қарастырылды. Қазақ даласы арқылы сібір казактары Орта Азия мемлекеттерімен сауда байланыстарын дамытты. Революция кезеңіне дейінгі автор И. Кеппен бұхаралық керуендердің Ермакқа Арал теңізінің жанынан, «бұрыннан қалыптасқан жолмен, яғни қырғыз-қайсақ даласы арқылы...» өткендігін дәлелдейді.

Ал кеңестік тарихшы Х. Зияев Тобылдан Бұхараға дейінгі жолға 75 күн кететіні жайында жазған.

Ресей мен Орта Азия арасындағы сауда қатынастары мәселелерін қарастырған ең атақты зерттеушілердің бірі А.В. Панков XVI ғасырдың ортасынан бастап жылына екі рет Астрахан мен Маңғышлақтағы Қараған кемежайлары арасында хивалық және бұхаралық көпестердің желкенді қайықтарының жүзгені жөнінде мәліметтер береді.

Революция кезеңіне дейінгі автор В.А. Уляницкий мен Сыртқы істер министрлігі мұрағатының құжаттарын сараптаған қазақстандық тарихшы Г.Ф. Дахшлейгер Ресейден Үндістанға баратын құрлық жолы сол кезеңде Астрахан арқылы Маңғышлақ (Тюб-Қараған) түбегі, Бұхара, Балх және Кабулға барып, сол жақтан Үндістанға қарай өткен деген қорытындыға келеді.

Казан қаласын басып алғаннан кейін 20 жылдан соң, орыстар енді Каманың бастауын игеруге ұмтылды және Строгановтармен құрылған Канкор мен Керегеданда орналасқан Кама Тұзынан бірнеше шақырым алыстағы оңтүстік-батыс бөлікте өз ұстанымын нығайта бастады. Осылайша Сібірге баратын өзен жолдарын басып алуды көздеді. Бәрін басып озған Строгановтар 1574 жылы Батыс Сібірдегі басқыншылық әрекеттерді өз пайдасына шешуге тырысты. Сондай-ақ, Тобыл, Ертіс, Обь және басқа өзендерде де өз үстемдігін орнатуға асықты. Иван Грозныйдың грамотасына сәйкес олардың иелігіне осы

жерлердің барлығы берілді. «Сібір шежіресінің» дәлелдеуінше, Строгановтар Орта Азиядан, Қазақстан мен басқа шығыс елдерінен келген көпестермен жаңа орындарда баж салығынсыз сауда жасауға қол жеткізді. Строгановтар шежіресінде кездесетін жоғарыда аталған дәлелдерге сүйенетін болсақ, осы жылдары қазақ даласымен сауда байланыстары реттеле бастады.

Сонымен, XVI ғасырдың соңында орыс патшаларының (Иван Грозный, Федор Иоаннович) Шығыстағы көршілес елдерге, соның ішінде қазақ хандықтары мен осы кезеңдегі қазақ билеушілеріне (әсіресе Тәуекел) қатысты саясатында «...біздің арамызда қайырымды адамдар (саудагерлер) ешбір кедергісіз жүреді» деген ұмтылыс жатты.

Дәл сол уақытта тек саяси ғана емес, сонымен бірге орыс-қазақ сауда байланыстарын дамытудың тенденциясы байқалды. Олардың нығаюына әскери-феодалдық жоңғар мемлекетінің қысымымен Жетісу ауданынан Есіл, Тобыл, Ырғыз және Батыс Сібір аймағындағы басқа да өзендердің жоғары ағысы бассейнінің бағыты бойынша қазақтардың көшуіне байланысты қалыптасқан тарихи жағдайлар ықпал жасады. XVI ғасырдың соңында екі ел басшыларының арасындағы осы қатынастар олардың үстем тап өкілдерінің өзара мүдделеріне сай келмеді. Мысалы, орыс көпестері ноғай, қазақ, қалмақ далалары арқылы Орта Азиялық және басқа да шығыс мемлекеттерімен сауда байланыстарын дамытуға бірден тартылған жоқ. Ал қазақтың көшпенді даласы Мәскеумен тұрақты тату көршілік қатынастарды ұстанудан ерекше артықшылық байқамады. Әсіресе, XVI ғасырдың ортасынан бастап Мәскеу көбінесе қазақ даласына шабуыл жасап, қазақтарды тұтқынға алып отырды және олардың малдарын айдап әкетті. Дегенмен, мұндай шабуылдар кейбір сәттерде Ресей мемлекетімен достық қарым-қатынас орнату арқылы саяси және сауда жағынан пайда тапқан қазақ хандары саясатының негізгі бағыттарын толығымен бұзған жоқ. Бірақ, олар Ресейге жартылай тәуелді болмау үшін барынша қарсыласты.

Революцияға дейінгі зерттеушілердің айтуынша, қазақ-орыс сауда байланыстарын дамыту жолындағы басты кедергі XVI ғасырдың 70 жылдары Ресеймен қарым-қатынаста шиеленіске түскен Сібір хандығы болды. Көшім хан Ресейдің Сібірге енуіне қарқынды түрде қарсылық жасады. Революцияға дейінгі және кеңестік тарихнамада Көшім ханның бейнесі тек жағымсыз жақта айтылып, оның іс-әрекеттері тонаушылық сипатта көрсетілді. Тек 1996 жылы ғана қазақ тарихшысы М. Әбдіров тарихи шындықты қалпына келтіру мақсатында «Белгілі және белгісіз Көшім хан» атты кітапта былай деп жазады: «Көшім ханның жеке басына деген бүгінгі таңдағы ерекше қызығушылықтың басты себебі оның жеке қайғылы тағдырына ғана байланысты емес, сондай-ақ оның ұрпақтарының драмалық тарихына да байланысты. Ең алғаш рет Көшім ханның өзі, балалары мен немерелері орыс державасының шығыста жүргізген агрессиялық саясатына қарсы тұрып, орыс мемлекетінің Сібір мен Солтүстік Қазақстан аумағына енуіне қарсыласты». Көшіммен бетпе-бет келген патша үкіметі оған қарсы күресу үшін одақтас іздей бастады. Ресейден вассалдық тәуелділікте болған қазақ даласы осындай одақтас бола алатын. Кейінгі

оқиғалар көрсеткендей, қазақ даласы Ресейдің агрессивтік басқыншылық саясатының құрбанына айналды.

Бұдан басқа, осы уақытқа дейін Қазақстанға Бұхар хандығы қауіп төндірген болатын. Бұхар хандығы өз иеліктерін Хива хандығының есебінен кеңейтіп отырғаны белгілі. Бұхар-ноғай келісімінің нәтижесінде қазақ иеліктері Бұхар хандығы тарапынан қауіп-қатерде болды. Тәуекел ханның Мәскеудегі елшілерінің көрсетуінше, Бұхара ханының түпкі мақсаты Жайық бойында Сарайшық қала-бекінісін құру және Астраханьды Бұхараға тәуелді қалаға айналдыру болды.

Көшім ханға қарсы күресте қазақ хандықтарымен одақтасу үшін бірқатар шаралар қабылдаған Ресей мемлекеті олардың билеушілерін Орта Азиялық хандықтармен келіссөздер жүргізуде делдал ретінде қолдануды көздеді.

Қазақ хандығы Тәуекел ханның тұсында қайтадан нығайып, қуатты саяси күшке айнала бастады. Осындай өзгерістер Ресей үкіметін өз пайдасы үшін қазақ хандықтарын Көшім ханға ғана емес, сондай-ақ Бұхара ханына да қарсы қолдануға асықтырды. Сол кезде қазақ даласымен тығыз қарым-қатынас орнатуға ұмтылыс жасалды.

Ресей үкіметі Сібір тарапынан қазақ даласымен және Орта Азиямен байланыстарды нығайту жолында шаралар қабылдады. Тарихи тәжірибе көрсеткендей, Ресейдің Азияға барынша тереңірек енуі Орал жағалауымен салыстырғанда Сібір жағында сәтті жүргізілді. Өнеркәсіпшілердің елдің ішкі аудандарынан Сібір жаққа көшіп, жаңа жерлерде қоныстана бастауы, сондай-ақ Орта Азия және қазақ саудагерлерімен сауда байланыстарын кеңейтіп, қалалар салуы Ресейдің Сібір аймағын толығымен меңгеруіне мүмкіндік жасады. Алғаш негізі қаланған қалалардың қатарына Түмен және Тобыл (1587 ж) кіреді. 1594 жылы Тара өзені бойында Тара қаласы бой көтерді. Оны Тобыл аймағындағы Көшім ханның шапқыншылығына қарсы бекініс ретінде қолданды. Іс жүзінде бұған дейін орыстар Ертістің жоғары жағындағы осы қалаға одан әрі енген болатын. Бұған Тара қаласының құрылысы жөніндегі патша жарлығы дәлел бола алады; жарлықта «Әр түрлі адам шығындары үшін 70 пұт тұз алынсын және қосымша ретінде тұзды Тарадағы жаңа қаладан Ямыш өзеніне қарай сүргімен тасуды бұйырамын» делінді. Негізгі әңгіме осының барлығын «белгіленген жерден 700 шақырым қашықтықта орналасқан жаңа қалаға», яғни қазіргі Павлодар аймағына жеткізу жайында болды. Жарлықта бұл туралы орыстардың әбден машықтанған үйреншікті тірлігі сияқты айтылған. Осы жайында И.В. Щеглов, М.И. Сладковский, Х. Зияев, Г.Е. Катанаев егжей-тегжейлі жазады.

Сібір тарихшылары Г.Ф. Миллер (XVIII ғ.) мен И. Словцовтың (XIX ғ.) дәлелдеріне сүйенген А.В. Панков XVI ғасырда орыс қайық (досчаник) керуендері «Ертісті жоғары бойлап жүрді, ал «бұхаралық» түйе керуендері қырғыз даласы арқылы еуропалық Ресейге, Астраханьға, Самара мен басқа да Еділ қалаларына бағытталды» деп мәлімдейді.

Бұхаралық сауда керуендері нан және аң терісіне айырбастау үшін маталар мен кептірілген жеміс-жидектерді тасымалдай отырып, Ертісті төмен бойлап Сібірге жетті. Тобылдан Орта Азияға шығатын сауда жолы Ертіс пен Есілдің

бастауы арқылы жүрді, ол жақтан Ұлы-Тау және Сары-Су тауларының жанынан өтіп, Түркістанға жетті. Кейін Сырдария арқылы Бұхараға жетті. Г.Е. Катанаевтың жазуынша, Ресей үкіметі Тара қаласының тұрғындарын егер «бұхаралық және ноғайлық көпестер қалаға тауарлар, жылқылар және ірі қаралармен келсе», олармен «достық қарым-қатынаста» болуға, сондай-ақ «олар арқылы пайда тауып, тауарды сату барысында бөгетсіз өткізуге міндеттеді. Егер көпестердің кейбіреуі өзінің тауарлары және малдарымен Тобылға немесе Түменге барғысы келсе, оларға ерік берілді».

Кеңестік зерттеуші В.С. Батраков сол уақытта Орта Азиялық мемлекеттермен байланысты кеңейтуге, олардың Тара, Тобыл және Түмен қаласындағы елшілерін қабылдауды ұйымдастыруға, сонымен бірге олардың ұсыныстарын мұқият тыңдап, бұл туралы Мәскеуді хабарландыруға тапсырма берілді деп атап көрсетті.

Осыған байланысты көптеген деректік көрсеткіштерді кездестіруге болады. Сонымен, Х. Зияев Ресей үкіметінің 1595 жылы «сауда адамдарына, бұхаралықтар мен ноғайлықтарға ықыласпен қарау» мәселесі жайында Таралық билеушілерге берген бұйрығы жарияланған құжатты пайдаланады. Бұйрықта түмен әскер басына 1596 жылы былай деп бұйырады: «...Буде бухарцы с товары или ногаи с лошадыми торговые люди велели с нашими людьми и с юртовскими ясашными татары на Тюмени торговать беспошлинно; а иных никаких таможенных пошлин с них имети не велели. И береженье к ним и ласку держати великую и обиды б им и насильства никоторого не было, чтоб им вперед повадно было со всякими товары приезжати. А торговати бы есте велели за городом в посаде и за посадом, где будет пригоже...».

1608 жылы наурызда Таралық әскер басы И.В. Масальскийге бұйырылған Қазан сарайының грамотасы арқылы Сібір қалаларында еркін сауда-саттық жасау үшін бұхаралық көпестерге рұқсат берілді. Бұхаралық көпестерге Мәскеу тарапынан артықшылықтар берілгені жайында мәлімдеген өзбек тарихшысы М.Ю. Юлдашев та мұның растығын дәлелдейді.

Дегенмен, сауда керуендерін қарақшылық тонаудан сақтандыруға ешкім кепілдік берген жоқ. Сондықтан оларды күзету мәселесінде бірқатар шаралар қабылданды. Жекелей айтқанда, тұз тасымалдайтын керуендермен бірге әскери команда еріп жүрген. Мысалы, 25 қайық (дощаник) және оған Тара қаласынан 5 қайық (дощаник) қосылған Ертіске бағытталған сауда экспедициясын мергендер, зеңбірекшілер, дабылшылар, атты казактар және «шамамен 840 жүзбасы мен атаманнан тұратын жұмысшы» жаяулар күзететін болған. Олар он бір мыс пищальмен, 814 ядромен, «79 қолды және зеңбіректі түтінсіз дәрімен, 50 пұт қорғасынмен» қаруланды. Бұл жайында 1903 жылы «Қырғыз өлкесі» баспасында жарияланған құжаттар сыр шертеді.

«Аласапыран кезең» деп аталған халықаралық жағдайда Ресей мемлекеті қатты құлдырап, белгілі бір уақыт аралығында қазақ-орыс сауда қатынастары жүзеге аспай қалды.

XVII ғасырдың басында екі ел арасындағы сауда байланыстары жандана бастады. Ресей үкіметі Орта Азиялық көпестерге орыс қалаларында еркін сауда жасауы үшін рұқсат берді. Сол кезеңде Ресейдің Орта Азиядағы сауда және

дипломатиялық миссияларының санын ұлғайтуға барынша күш салынды. Мұнда басты қатынас жолдары Қазақстан арқылы өтті. 1614 жылы Жайық арқылы және қазақ даласымен (Ембі-Хива) Парсы жаққа Михаил Тихонов пен Алексей Бухаровтың елшілігі жіберілді. Олармен бірге орыс көпестері мен ұзақ уақыт бойы «аласапыран кезеңіне» байланысты отанына қайтуға мүмкіндігі болмай жүрген парсы шахының өкілі Амир Кули болды.

XVII ғасырдың 20 жылдарының соңында шығыс елдерінің нығаюына байланысты Орта Азия мен басқа да шығыс елдерінен келген көпестердің арта бастауы олардың орыс көпестерімен қақтығысына алып келді. Нәтижесінде жергілікті билік өкілдері Ресей аймағында шығыс көпестері керуендерінің қозғалысына белгілі бір шектеулер қоюға мәжбүр болды. Бұл жағдай шығыс көпестерінің қатты наразылығын тудырды. Осы мәселені қарастырған кеңес тарихшысы Х. Зияев Ресей аймағында шығыс көпестерінің еркін қозғалысына шектеу қою себебін тауар тасымалы үшін «қолайлы жағдайлардың жетіспеушілігімен» байланыстырады. Бұл тек бір жағы ғана. Орта Азия мен басқа да шығыс елдерінен келген көпестердің ұлғайған ағымы орыс көпестерінің арасындағы бәсекелестікке алып келді. Нәтижесінде орыс көпестері маңызды түрде зиян шекті. 1627 жылы орыс көпестері өздерін шығыс көпестерінің бақталастығынан қорғау мақсатында Михаил Филаретович патшаға арнайы ұсыныс жасауға мәжбүр болды. П.П. Смирновтың көрсетуінше, ұсыныста Ресейдегі «тезиктер» (Орта Азиялық көпестер) санының көптігі, олардың өз бетінше жүріп, өз бұйрық берушілерін өздері жіберіп отыратындығы жөнінде айтылған. Орыс көпестерінің пікірінше, олардың патшасы барлық жердегі кәсіпке шектеу қойды.

Жолдастарымен бірге патшаның аяғына жығылған «сібірлік бұхаралық» Алим Сулейманов жайында Сібірлік бұйрық кітабынан (134 қатар, 194 п) алынған үзінді ретінде зерттеуші М.Ю. Юлдашев олар өз құқықтарын қалпына келтіруді сұрап, патшаның аяғына бас ұрғаны туралы мәлімдейді.

Осы кітапта басқа да «Сібірде тұрақтанған бұхаралықтар мен жергілікті көпестер арасындағы өзара қарым-қатынастар сипатталған».

Бұл мысалдар Ресейдің Қазақстанмен және Орта Азиялық мемлекеттерімен кең ауқымды сауда байланысы болғанына дәлел болады. Оның үстіне Бұхарада «сауданы тұрақты түрде кәсіп еткен» орыс көпестері де болатын.

Алайда, XVII ғасырдың 20-80 жылдары аралығында Ресейдің Қазақстан, Орта Азиялық және басқа да шығыс мемлекеттерімен сауда және басқа саладағы байланыстары біршама құлдырағанын байқаймыз. Бұл жағдай сауда керуендері мен дипломатиялық миссияларға шабуыл жасайтын «тонаушылар тобының» белсенді іс-әрекеттерімен түсіндіріледі. Осыған байланысты 1620 жылы теңіз дауылы кезінде қайығы Маңғышлақ түбегінің жағалауына тасталған И.Д. Хохловтың елшілігін айтуға болады. Осында орналасқан сауда керуені түркмен тайпаларының шабуылына ұшырап, тоналған болатын.

Дегенмен, осы кезеңде сауда миссиялары арқылы алмасу жалғасып жатқан еді. Тара және Тобыл қалаларына 1637-1645 жж. - 185 көпес, 1645-1655 жж. -

165 көпес, 1655-1665 жж. – 227 көпестің келгені жөнінде жазылған кедендік кітаптан алынған дәлелдерді Ю.А. Соколов мысалға келтіреді.

Қазақстан территориясымен (Тобылдан Түркістанға дейін) ең алдымен қазақ хандарынан арнайы рұқсат алған Орта Азиялық сауда керуендері өтті. Бұл жайында орыс елшісі Василий Кобяков мәлімдейді. Осыған сүйенген Н.Г. Аполлова сол кезеңдегі Қазақстандағы сауда туралы қызықты деректер келтіреді. Сібірлік бұйрықтағы өзінің «сөзінде» Кобяков былай дейді: «Тәуке ханның «билігінде бұхаралық көпестер тұратын 25 казак қаласы болды». Негізінен сауда операцияларынан түсетін барлық табыстар қазақ хандары мен сұлтандары және оның айналасындағы адамдарға тиесілі болатын. Олар Сібір аймағындағы орыс базарында орыс-қазақ саудасын ұйымдастыру үшін қолданылды.

Орыс және Орта Азиялық мемлекеттер арасындағы сауда байланысына кеңірек тоқталуға басты себеп: Орта Азиялық сауда керуендерінің басында тұрған көпестер қазақ билеушілерінің ұсынысы бойынша ресейлік әкімшілікке бағынбады және сауда операцияларына қатысты дипломатиялық сипаттағы міндеттерді орындаған жоқ. Орта Азиядағы хандықтармен сауданың дамуы орыс-қазақ байланысының нығаюына ықпал етті. Соған сәйкес Қазақстан территориясымен Орта Азиялық сауда керуендері өткен сайын орыс-қазақ сауда қатынастарын күшейтуге қолайлы жағдайлар жасала бастады.

Мысалы, Ресеймен сауда қатынасындағы кедергілерді жою міндеті қойылған Ташим елшілігі қазақ көпестерін алып жүрді. Тәуке ханның «көпестерді қайырымды өкілмен қамтамасыз етіп, сауда адамдарын босатуды сұрауы» тегін емес.

Тәуке хан осы елшілікке үлкен үміт артты: елшілік бұрынғы саяси және сауда байланыстарын қайтадан қалпына келтіруге міндетті болды. Сондықтан Тәуке хан елшілікпен бірге патша сарайына көптеген сый-сияпат жіберіп отырды.

Мысалы, қазақ даласындағы сауда саласына ханның айналасынан шыққан көптеген ірі және беделді қазақ билеушілері тартыла бастады. Қазақ билеуші тобы қазақтар мен Орта Азиялық елдер арасындағы сауданың дамуына барынша мүдделі болды. Себебі, олар қазақ даласы арқылы өтетін көпестерден алынған баж салығының маңызды бөлігін иеленетін. Бұл табыстар олардың орыс көпестерімен сауда саласында байланыста болуы үшін мүмкіндік туғызды.

Кіші Жүздің Ресейге қосылуы кезеңінде қазақ-орыс сауда қатынастары жаңа деңгейге көтерілді. «Орта Азияны жаулап алу тарихы» атты зерттеуде М.А. Терентьевтің көрсетуінше, 1740 жылы ант беру кезінде Әбілмәмбет пен Абылай оларға Ресей тарапынан қойылатын міндеттердің жеңілдігіне таң қалған: қазақ даласы арқылы өтетін керуендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Ұлы жүзбен тоналған тауарларды қайтару. Автор бұл міндеттердің Орта жүздің ханы мен сұлтандары тарапынан іс жүзінде орындалмағанын атап өтеді: «біріншіден, Орта Орда орналасқан Сібір даласы арқылы ешқандай керуен өтпеген...».

А.И. Левшиннің баса назар аударып айтуынша, Әбілхайыр хан жазбаша және ауызша міндеттенді:

- Оған тиесілі жүздің жерімен шектесіп жатқан ресейлік шекаралардың қауіпсіздігін сақтау;

- Көпес керуендерін қорғау және оларды қазақ жерлері арқылы өткізу.

Әбілхайыр хан өзінің берген уәдесіне жауап ретінде хан болып тек оның руынан шыққан адамдарды тағайындауды және баспана ретінде қамал-бекіністері бар қала салуды сұрады. Ресей қазақ жүздерінің толық бодандығынан кейін өзінің оңтүстік-шығыс шекарасының тыныштығы мен көпес керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы шығыс базарларымен сауда айырбасын кеңейтуді көздеді.

В.Я. Басиннің жазуынша, Әбілхайыр хан патшаханымнан қорғаныс үшін қала салуды сұрады. Өкілдерді жақсы ниетпен қабылдаған патшаханым империяның құрамына барлық қырғыз-қайсақ халқы мен қарақалпақтарды қосуға және Ор өзенінің сағасында қорғаныс қаласын салып, оны Орынбор деп атауға келісім берді. Бұл тапсырма Петр I-нің бұрынғы қызметкері болған обер-хатшы Кириловқа жүктелді.

Қала құрылысына қатысты И. Кирилов «қала тұрғындарын негізінен башқұрттар және осы жерлерді қиып өткен ұры қырғыз-қайсақтар құрайды» деп көрсетті. Қаланың салынуы «ішкі коммерцияның» дамуына ықпал жасайды. Сауда керуендері Түркістан мен Ходженттен шығып, Бұхараға емес, Ресейдің ішіне, Ор ауданы мен Оралға дейін барады. Егер шетелдік көпестерге арнайы артықшылықтар берілген жағдайда олар жаңа қалада тұрақтай бастайды, бұл өз кезегінде сауданың дамуын жандандыра түседі. «Күтпеген жерден иелікке немесе байлыққа қол жеткізе алмаймыз және ешнәрсе жоғалтпаймыз, бірақ жаңа қаладан түскен табыс үнемі біздің жақта болады» деп жазды Кирилов.

Сыртқы істер ұжымының аудармашысы, кейіннен 1731 жылы ақпан айында мазмұны сыртқы істер ұжымының нұсқауы бойынша анықталатын «күнделікті жазбаларды» жүргізу міндеті тапсырылған Орынбор экспедициясының мүшесі Тевкелевтің журналында қазақ даласында негізі қаланған бекіністерде сауда істерін ұйымдастыру туралы бірқатар деректер келтіріледі: «мен барлық назарымды Ресейден келген көпестер мен азиялықтардың саудасына аудардым. Мен ең алдымен барлық басқармаларға олардың жеке табысы менің сөздеріме куә болатынын сендіре жаздым; екіншіден, мен шекараға қырғыздар, хиуалықтар, ташкенттіктер, қашқарлықтар, түркмендер мен бұхаралықтарды пайда табуға үміттендіре отырып, саудаға шақыру мақсатында грамоталар жібердім. Мен мүсылман, Сеитов ауылының татары осы жолдаманы қолдандым; осы халық байлыққа мастанып қалуы мүмкін, мен татармын, оларды көл-көсір марапаттадым және комиссияның табысты орындалуына байланысты тағы да марапаттауға сендірдім. 1745 жылдан бастап Орынбордағы атақты сауда орны жақсы бастау алып, барлық сала бойынша қарқынды дами бастады. Экспедицияның бастапқы табысының орнына жоғарыда аталған баж салығынан түскен кіріс ретінде жыл сайын 30000 р. қазынадан алдым; оның үстіне Ресейге саудамен әкелінген 5000

р. күміс пен одан кем емес мөлшердегі алтын хабарландыруға кірді, ал жыл сайынғы салық 50 мыңға дейін жетті. Менен алдын бұрынғы коммерцияда ешқашан жылына үш мың болмаған.

Ал Орынбор қаласының салынуы кезінде қысқа уақыт аралығында барлық Ресей империясы мен Азиялық көпестер тарапынан пайда молая түсті. Әр жыл сайын Ресей империясына көп көлемде алтын мен күміс әкелінді және олардан қаншама салық алынатын».

1762 жылы 5 тамызда Петр III-нің өлімінен кейін Екатерина II Семей бекінісінде сауда істерін ұйымдастыру жөніндегі сұлтан Абулфеиздің өтінішін қанағаттандырған жарлыққа қол қойды. Сауданы ұйымдастыру ісі сібірлік губернаторға тапсырылды. Шынында, негізінен Тобылда саудамен айналысатын орыс көпестері Семей бекінісінде сауда операциясын жүзеге асыру қажеттілігін жылы қабылдамады. Абулфеиздің хабарлауынша, қазақ көпестері Семейге көп көлемде тауар тасымалдаған. Ресейлік көпестерге қарамастан, қазақ саудагерлері өз ұлыстарына оралып, Сібір аймағының генерал-майоры фон Фрауендорфке шағым жасаған. Олар орыс көпестерінің Семейге келуіне қарсы болды. Мұнда тек қазақ көпестерінің ғана емес, сонымен бірге бұхаралық көпестердің де қауіпсіздігін қамтамасыз етуге уәде берілді. Қазақтардың табанды талаптарын байқаған фон Фрауендорф 1763 жылы 20 қазанда Тобылдағы мекемелік «күпия әрі шекаралық мәселе жөніндегі комиссиядан», ал 1764 жылы 20 қаңтарда сібірлік губернатор Чечериннен ресейлік көпестердің бірнеше керуенін тәжірибелік мақсатта Семейге жіберуін өтінген болатын. Сондай-ақ, ресейлік үкімет Ресейдің Қазақстан арқылы Шығыспен сауда байланыстарын дамыту мәселесін бірнеше рет талқылады. Мысалы, 1763 жылы П.И. Рычков Орта Азия арқылы Үндістанмен керуен саудасын орнатуды ұсынды.

Палластың еңбегінде Ресейге бодан болғаннан кейінгі кезеңдегі қазақтардың айырбас саудасында орынборлық сауданың ерекше маңызға ие болғанын байқауға болады. Мұны И. Фальк те өзінің «Саяхат жазбалары» еңбегінде атап өтті.

Н. Рычков «1771 жылы қырғыз-қайсақ даласындағы саяхаттан күнделікті жазбалар» атты еңбегінде Троицк бекінісіндегі сауда жайында деректер келтіреді. Қазақ даласындағы сауда туралы Рычковтың мәліметтері көрсеткендей, олар Ресейдің Орта Азиямен өзара сауда қарым-қатынасында транзиттік мәнге ие болды.

Ф. Лобyseвичтің «Орынбор ведомоствосындағы қырғыз даласы» атты очеркінде қазақ даласын отарлаудың маңызды шарттарының бірі ретінде сауданың дамуына баса көңіл бөлінді. Оның жазуынша, қазақ даласын отарлау адамдардың егіншілік саласынан емес, керісінше сауда және өнеркәсіп салаларынан басталуы керек. Себебі, бұл салалар астық етуге жарамды болатын ауқымды әрі қолайлы жерлерді қажет етпейді. Өздері қалаған жерге қоныстанған қырғыз қауымдастығындағы жаңа қоныстанушылармен өзара келісім арқылы еркін жаулап алу саясатын жүргізуге болады.

А. Петров «Англия мен Ресей Орта Азиядағы өз мүдделерін қалай қорғайды» деген еңбегінде Ресей мемлекетінің отарлаушылық билікті

нығайтудағы екі тәсілін бөліп көрсетеді: «Бірінші жолы – бұл біздің азиялық аймағымызда ресейліктердің қоныстануы, ал екіншісі – орыс саудасы мен өнеркәсібін орнықтыру және қолдау».

Экономикалық және сауда саласындағы Ресейге қатысты жетістіктерге А. Семенов, Ф. Лобысевич және Н.Н. Балкашин өз еңбектерінде жоғары баға берді. Олардың негізгі ұстанымдары мынадай:

- Орыс саудасының айналымын ұлғайту;
- Басып алынған өлкенің табиғи ресурстарын пайдалану;
- Территорияны Еуропа мен Азия арасындағы транзит ретінде қолдану;
- Орыс мануфактуралық бұйымдарын өткізетін нарықты дамыту;
- Коммуникациялық байланыстарды дамыту;
- Қоныстанушылар үшін жерлерді босату.

Ал Ю.В. Кологривовтың «Орта Азиядағы орыс иеліктері» атты еңбегінде атап өткендей, «біздің алғашында азиялықтардан талап еткен Орта Азияға бағытталған қозғалысымыз орыс өнеркәсібі мен саудасына едәуір көмек көрсетті, сондай-ақ оны Қытаймен жақындастырып, Үндістанға жол ашты», - делінген.

Сонымен, патша өкіметінің Қазақ даласын өндіріс нарығына айналдыруға деген ұмтылысы, оның табиғи байлықтарын пайдалану мен стратегиялық тиімді жағдай революциялық кезеңге дейінгі орыс тарихнамасында ерекше көрініс тапты. Осы кезеңдегі жұмыстардың көпшілігінде талдау әдісі қолданылмайды, керісінше нақты қателіктер мен дәлсіздіктер кездеседі. Дегенмен, дәл осы еңбектер кеңес дәуіріндегі қазақ-орыс сауда қатынастарының мәселесін зерттеуге негіз болды.

XVI-XVIII ғасырдағы қазақ-орыс сауда қатынастарына қатысты арнайы зерттеу жұмыстары кеңестік және қазіргі заманғы тарихнамада сирек кездеседі. Қазақстан арқылы жүзеге асырылған Ресей мен Қытай арасындағы сауда қатынастары туралы жекелей мәліметтер беретін Т.А. Шеметованың «XX ғасырдың екінші он жылдығындағы Ресей мен Синьцзян арасындағы сауда байланысы жөніндегі кейбір деректер» атты еңбегін атауға болады.

Тұрақты сауда байланыстары қалыптаспаған қазақ жүздерінің экономикасын талдаған Н.Г. Аполлованың еңбегін сөзсіз түрде жоғары бағалау керек. Оның ойынша, 30 жылдардың басында патша өкіметінің Кіші жүз бен Орта Азиялық хандарға (Бұхаралық және Хиуалық) қатысты нақты шаруашылық-саяси мақсаттары анықталды. Бұл патша өкіметінің Орта Азия аймағында сауда байланыстарын кеңейту мен Орта Азияны Ресейдің боданына айналдыру арқылы саяси үстемдігін нығайтуға қатысты мақсаты болатын. Монография авторы орыс экономикасының сауда саласына тигізетін әсерінің тікелей салдары жайында кеңірек тоқталады. Бұдан басқа Н.Г. Аполлова Орынбор өлкесіндегі орыстардың қоныстану жағдайы мен қазақтарды сауда және шаруашылық салаға тартуға бағытталған Шекаралық комиссия (алғашында Орынбор экспедициясы) қызметін қарастырады.

Г.А. Михалева Ресейдің Орынбор арқылы Орта Азия хандықтарымен сауда және елшілік байланыстарының даму мәселелерін зерттеді. Мұнда XVIII

ғасырдың II жартысы мен XIX ғасырдың I жартысы аралығындағы Ресейдің Қазақстан мен Орта Азияға қатысты мүддесі айқындалады.

Тұтастай орыс басқыншылығының себептерін көптеген кеңестік авторлар өзіне жаңа нарық іздеген орыс капитализмінің отарлаушылық ұмтылысынан іздейді.

В.Я. Басиннің монографиясы 60 жылдар мен 70 жылдардың басындағы орыс-қазақ қатынастары тарихнамасының қорытындысы іспеттес. Бұл жұмыста Ресейдің сыртқы саяси жүйесіндегі Қазақстанның орны туралы мәселе жеке дерекнамалық негізде қойылған, сондай-ақ ол Ресейдің шығыстық саясатындағы қазақ-орыс сауда қатынастарының маңыздылығын қарастырған қазақ тарихнамасындағы алғашқы кең ауқымды зерттеу болып табылады.

1994 жылы А.Б. Кушпаева XVIII ғасырдың соңындағы қазақ-орыс сауда қатынастарын дамытудағы Орынбор қаласының маңыздылығын толығымен қарастыратын диссертациялық жұмыс қорғады.

2004 жылы жарияланған зерттеуші Ф.М. Шамшиденованың «XVI-XVII ғғ. Қазақ хандығы» оқу-әдістемелік құралында автор арнайы «Қазақстан мен Россия арасындағы сауда байланыстары» тарауында: «Ресей шығыстағы саясатын жаңа жағдайда жүргізгісі келді. Сондықтан Қазақ хандығымен қандай да бір келіссөз жасау Шығыстағы жоспарының жүзеге асуына маңызды қадам болатын. Әрине, алғашқы байланыстар саяси мүддеден келіп туды. Сауда жөнінде ойламаған да болар», - деп жазды.

Жаңа методологиялық әдістермен ерекшеленетін қазіргі заманғы ресейлік жұмыстардың арасынан «Ресей мен Қазақстанның этномәдени және этносаяси өзара қарым-қатынасы» атты еңбекті бөліп қарастыруға болады. Бұл қазақ-орыс сауда байланыстарының жандануы мен орыстардың аймақтағы белсенді отарлауының басталуы арасындағы тығыз байланысты көрсетеді.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы Қазақстанның тарих ғылымында деталдаудың әр түрлі дәрежесі арқылы жаңа методологиялық тәсілдермен орта ғасырлық қалаларды «сауда орталықтары» ретінде қарастырған бірқатар зерттеулер пайда болды. Оған М.Х. Абусейтова, С.М. Сыздықов, Р.У. Каримова және Б.А. Байтанаевтың еңбегін жатқызуға болады.

Қазақстан мен Орта Азиялық хандардың сауда және мәдени байланыстары С. Мадуанов, М.У. Шалекенов және А.Б. Абдуалының зерттеу жұмыстарының негізіне айналды.

Сонымен қатар, Қытай мен Ресей арасындағы халықаралық қатынастарды жаңаша концептуалдық түрғыда талдаған Н. Алдабектің, Қазақстанның Ресейге қосылу тарихнамасын зерттеген А.М. Абдилдабекованың, қазақ-жоңғар қатынастарын зерттеген С. Едилханованың, қазақ-башқұрт қатынастарын тарихнамалық түрғыда талдаған Г. Избасарованың ғылыми еңбектерінің құндылығы жоғары.

Байқағанымыздай, XVI-XVIII ғасырдағы қазақ-орыс сауда қатынастарын зерттеу барысында тарихнамалық тұжырымдамалардың маңызды трансформациясы орын алды. Бұл кезең революцияға дейінгі Ресейдегі

мессиандықтың көне дәстүрінен бастап, синергетикалық парадигмада көрініс тапқан қазіргі заманғы тәсілдерге дейінгі аралықты қамтиды.

Студенттің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. XVI-XVIII ғғ. Қазақ хандығы мен Ресей империясы арасындағы сауда байланыстар профессор Ж.Қ. Қасымбаевтың еңбектерінде.
2. Қазақстан мен Ресейдің экономикалық қарым-қатынастары.
3. Екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыстар туралы тарихи деректерді талдау.
4. XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс сауда байланыстарының XX ғ. басына дейінгі тарихнамасы.
5. А.М. Абдилдабекова, С. Едилханова, Г. Избасарованың еңбектеріндегі қазақ-орыс байланыстары.

3.2 Қазақстан мен Ресейдің мәдени байланыстары және экономикалық қарым-қатынастары

Алғашқыда түрлі саладағы қазақ-орыс қатынастарын зерттеуге деген қызығушылық орыс қоғамында ең алдымен саяси прагматикалық тәртіп пен Қазақ даласындағы орыстардың қоныстануына байланысты бекітілген міндеттер аясында пайда болды. XVI-XVIII ғасырда Қазақстанмен экономикалық қатынастар мен мәдени байланыстарды дамытуға бағытталған мұндай императорлық ынталандыруларға қатысты қазақ тарихы мен этнографиясын алғаш зерттеушілердің қатарында ресейлік елшіліктердің қатысушылары, кейіннен әр түрлі ресми мәртебесі бар азаматтық шенеуніктер болды.

Қазақтардың географиясы, экономикасы, тұрмысы мен шаруашылығы жайында алғашқы деректер 1694-1697 жылдары ресейлік елшіліктерден алынды. Бір қызығы, революцияға дейінгі авторлар осындай елшіліктерден алынған деректердің мазмұнын талдауды өз алдарына міндет етіп алған жоқ. Бұл құжаттар кеңес кезеңінде қазақ-орыс қатынастарының мәселесін қарастырған Н.Г. Аполлова мен В.Я. Басин сияқты ғалым-зерттеушілердің жұмыстарында қарқынды түрде қолданылды. 1694 жылы құрамында Федор Скибин мен Матвей Трошин секілді Тобыл казактары бар ресей елшілігінің міндеті жайында Н.Г. Аполлова атап өтеді. Федор Скибин мен Матвей Трошин елшілігінің құрамындағы орыс казагы Василий Кобяковқа сүйенген Н.Г. Аполлова қазақтардың шаруашылығы туралы деректер келтіреді. Сібір бұйрығында Кобяков былай дейді: «Тәуке ханның барлық қалалары шикі кірпіштен салынған Ал Тәуке ханның астығы, бидайы мен арпасы өте мол, егіндері қыстық әрі жаздық болады. Ал олардың ірі қара малдары мен сиырлары болмағанымен, қойлары және жылқылары өте көп. Олар малмен қоректенеді».

1696 жылы 10 қаңтарда «боярлар үкімі» мен 1697 жылы 14 ақпанда Петр І-нің грамотасына байланысты елшіліктердің мәліметтеріне сүйене отырып карта

жасалынды. Ол елшіліктің Тобылдан Түркістанға дейінгі, Бұхара арқылы Жайық пен Еділге және Уфа арқылы Тобылға апаратын жолдарды сипаттады. Елшілік мүшелері Қазақстан, Хива және Бұхара арасындағы шекаралардың шамамен белгіленген бөлінісін хабарлады. Жекелей алғанда, олардың мәліметі бойынша қазақ жүздері қазақ даласының солтүстік бөлігін иеленді және Тянь-Шань тауының баурайындағы Орта Азиялық аймақтардан оңтүстік арқылы бөлініп жатты. Ф. Скибин мен елшіліктің басқа мүшелері хабарлағандай, Орта жүз бен Ұлы жүз жоңғарларға тәуелді «Түркістан қаласын қоса алғандағы Сырдария мен Тянь-Шань таулары аралығын» мекендеді. Бұл жерлерді Тәуке хан бастаған қазақ көшпенділері жайлаған. Сырдария өзенінің төменгі және кейбір ортаңғы ағыстарына келетін болсақ, мұнда жартылай отырықшы қарақалпақ халықтары мекендеді. Сырдарияның солтүстік жағалауы мен оның батыс жақ сағасына Хиуа ханының иеліктеріне тиесілі болды (олар Қызылқұм шөлінде жайылып жатты). Орталық Сырдарияның батысынан Амударияның орталық ағысына дейінгі аралықты Бұхара алып жатты. Осы мәліметтерді В.Я. Басиннің монографиясынан кездестіреміз. Басиннің айтуына қарағанда, «Ф. Скибин елшілігінің хабарламасы айтарлықтай қызығушылық тудырады, онда: қазақтар негізінен көшпенді өмір сүрді, оларда егістік жерлер аз. Ал қалаларда негізінен «қорғасын балқытатын және оқ-дәрі шығаратын» тұтқындағы бұхарлықтар тұрды», - делінген. Сығанақ, Оқ-Карген, Созақ, Түркістан, Отырар, Сайрам және басқа да қазақ қалалары (барлығы 20 қала) туралы Ф. Скибин мен М. Трошиннің жазған еңбектері де ерекше маңызға ие.

ГФ. Дахшейгердің пікірінше, қазақ қалалары «қазақ және өзбек феодалдары арасындағы «тұрақты шатақ тудырушы себепке» айналды. Бұл өлкедегі өндірістік күштердің дамуына кедергі келтіріп, әсіресе егін шаруашылығы мен көшпенділер өміріне кері ықпалын тигізді».

XVI-XVIII ғасырда Қазақстан халқының басым көпшілігі мал шаруашылығымен айналысатын елге айналды. Рулық бірлестіктер жақсы жайылымы мен суаты бар белгілі бір территорияларда көшіп-қонып жүрді. Дегенмен, XVI-XVIII ғасырдағы қазақтардың экономикасы, шаруашылық құрылымы мен мәдениетіне қатысты арнайы тарихи зерттеу жұмыстары іс жүзінде арнайы жазылған жоқ. Осылай, 1558-1560 жылдары қазақ даласына (Астраханьнан Каспий арқылы Маңғышлаққа, ол жақтан Хиуа мен Бұхараға) саяхат жасаған ағылшындық Антоний Дженкинсон қалалары мен үйлері жоқ далада мекендейтін «ислам дініндегі қассақтарды» ерекше атап өтеді. Бұдан басқа, Дженкинсон қазақтар жайында «олар ешқашан садақ, жебе, қылышсыз сұңқар салған аңшылыққа немесе басқа да сауықтарға шықпаған; олар ат үстінде де, жаяу жүрсе де, өте мықты мергендер болды. Осы халық алтын, күміс немесе басқа да монеталарды пайдаланбайды, егер оларға киім және басқа да заттар қажет болса, оларды малға айырбастап алады», - деген.

Қазақ халқының қонақжайлығы жайында Дженкинсон былай дейді: «мені жылы қарсы алып, етпен және бие қымызымен қонақ етті. Олар нанды қолданбайды, бірақ судан да басқа ерекше сусындары мол».

1571 жылы Базелада Мәскеу патшасы жанындағы Қасиетті Рим империясының өкілі Герберштейннің қазақтар жайында жазылған кітабы

басылып шықты. Ол қазақтардың тамақтануы жайында былай дейді: «Ең басты дәмді тағам – жылқының қымызы. Олардың ойынша, қымыз адамды күшті әрі толық қылады. Олар тамақтарында, әсіресе Танаисте өсетін шөптерді көбірек қолданады. Ал түз халық арасында аз таралған».

Ресейлік шығыстанушы П.С. Савельев нақты көрсеткендей, «Ұлы Петр кезеңіне дейін мұрағатта Орта Азияға қатысты барлық географиялық және этнографиялық деректердің бай қоры болды. Ол Делий теңізінің шығыс жағалауынан бастап Қытай жағалауына дейінгі аралықты қамтыды; алайда біздің ғылыми қызметіміздің алғашқы кезеңінде мұндай деректерді тек мемлекет пен кейбір шетелдік резиденттер ғана пайдалана алды, олар Сібір мен шығыс елдері жайындағы өз дәлелдерін құрғақ әңгімелерден емес, керісінше жазба деректерден нақты жинақтай алды», - деді.

XVII ғасырдағы қазақтардың тарихы, шаруашылығы мен тұрмысын зерттеуге өз еңбегін арнаған алғашқы батыс ғалымдарының бірі атақты саяхатшы әрі зерттеуші, венгрлік профессор Герман Вамберидің «Түрік халықтары» атты тақырыппен жазылған шығармасы Лейпцигте басылып шықты. Қазақ даласын зерттеген ғалым қазақтардың өмір сүру аймағы мен олардың саны туралы деректерді қарастырады: «Қазақтар-қырғыздар Оралдан Алтайға және оңтүстік Сібірден Оксусқа дейінгі аралықта үлкен, орта және кіші ордаларға бөлініп көшіп жүреді. Қытай бодандығынан бөлек қырғыздардың жалпы саны 2,5 миллионды құрайды». Қазақтардың шаруашылық құрылымы туралы жазған Вамбери шаруашылықтың көшпелі түрінің кең таралғанын айтады: «Орта Азиялық түріктердің басым бөлігі – көшпенділер; олар көктемнің келуін қуанышпен қарсы алады. Көктеммен бірге оларда еркіндік басталады. Орал-Алтай тауларында жердің бәрі шаттыққа бөленеді. Мамыр айы келгенде жастар жылқылар мен түйелердің бір топ отарымен даланың алыс жерлеріне көшіп кетеді. Қойларды өріске айдайды. Ал қыздар мен әйелдер киіз үйлер құрастырады. Бір жайылым мен құдықтан екіншісіне қарай көшу үрдісі үздіксіз бірнеше айлар бойы жалғасады. Табиғат берген сыйға байланысты қолайлы жерлерді, ойпатты, қыратты және қарлы тау шыңдарын жайлайды. Ал жаз мезгілі келгенде ерлер қауымы тонаушылық пен өш алу үшін жорыққа аттанады. Қырғыздардың осыған ұқсас ерліктері сирек кездеседі; түркмендер арасында бұған қатысты ешқандай өзгерістер орын алған жоқ.

Қысқы тұрағын таңдау кезінде көшпенділер жайылымы жақсы жерлерді табуға тырысады. Байлардың киіз үйі екі қабатты кілемнен жасалады; ал жарлылардың үйі дауылға қарсы тұра алатындай етіп қамыспен қапталады, қысқы тіршілік қанағат етерлік жағдайда болады, жұмыс та, сауық-сайран да өз орнында. Дегенмен, қыс мезгілі көшпенді халыққа едәуір мөлшерде зиян келтіруі мүмкін. Мұндай зиян малдарға азық қорының жетіспеушілігіне байланысты болады; аязға, жел мен боранға қарамастан жоғары көтеріліп, шаруаға қолайлы жер іздеуге тура келеді. Терісі жарамды аңдарды аулау үшін тұзақтан басқа қолға үйретілген жыртқыш құстарды жиі пайдаланады. Олардағы мылтық пен түтінсіз дәрінің нашарлығы соншалықты, оларды жеке қолдана алмайды.

Көшпенділер үшін үй қызметін атқаратын киіз үй құрылымында өзіндік даму байқалады; биіктігі он бес фут болатын киіз үйдің жалпақтығы отыз футты құрайды. Оның ішінде еркін қозғалуға болады, ол жазда ерекше салқындық берсе, ал қыс мезгілінде жанға жайлы жылылық сыйлайды. Киіз үйдің ортасында, яғни құрметті орында ошақ орналасады. Ежелгі заманнан бастап киіз үйдегі барлық заттардың өзіндік орны мен ерекшеліктері қалыптасқан. Киіз үйге күндіз 40 адам сыйса, ал түнде жиырма адамның түнеуіне мүмкіндік болады. Бір бөлігі асылған, екінші бөлігі жерде орналасқан киіз үйдің қабырғаларына әр түрлі үй аспаптары ілінеді. Үйдің ыбырсуы мен тазалықтың болмауы сияқты келеңсіз жайттар түрік киіз үйлерінде болған емес».

Вамбери қазақтардың мәдениеті мен наным-сеніміндегі салт-дәстүрлерге және өзара сабақтастыққа ерекше тоқталып кетеді. Сонымен, оның айтуынша: «Туылған кезде, үйлену тойы мен жаназа кезіндегі әдет-ғұрыптар ежелден бері өзгеріссіз жалғасып келеді. Сыртқы келбеті жағынан қырғыздар исламға берілгенімен, бірақ оларда шамандық сенім толығымен сақталған. Ислам қырғыздардың әдет-ғұрыптарына ешқандай әсер етпеген».

Соңында Вамбери көшпенді қазақтардың ақыл-ой, адамгершілік және мәдени дамуы жөнінде қорытындыға келеді: «Олар мінезі жағынан табиғаттың бұзылмаған балалары; дегенмен, адамгершілік пен ақыл-ойының дамуы жағынан басқа барлық Орта Азиялық түріктерді басып озады. Қазақтардың есте сақтау қабілеті де керемет; олардың ақыл-ой жүйріктігін халық поэзиясы саласында тереңінен байқауға болады. Халық мақалдары ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткізіліп отырылды; «кітаптық өлеңдер» сауатты қырғыздардың шығармашылығындағы басты негіз болып табылады; олардың әрбір туындысы өзіндік артықшылықтармен ерекшеленеді», - деп атап өткен.

1730 жылдардың басында Кіші жүз қазақтарының орыс бодандығына өтуіне байланысты ресейліктер қазақтардың экономикасы мен мәдениетін белсенді әрі жүйелі түрде ғылыми зерттеуді қолға ала бастады, 1734 жылдың өзінде Сенаттың обер-хатшысы И.И. Кирилов патша үкіметіне «Қырғыз-қайсақ және қара-қалпақ ордалары жайындағы түсінік» деп аталатын қызметтік жазба тапсырды. Бұл жазбада қазақ жерлерін игеру және Орталық Азиядағы хандықтармен тығыз сауда байланыстарын реттеудің жолдарын жеткілікті дәрежеде жан-жақты баяндаған жоспар келтірілген. Оның ойынша, ордалықтар өзара татулық пен келісімде өмір сүрген кезеңге дейін атақты провинциялар мен қалаларды өз иеліктерінде ұстады: Түркістан, Сайрам, Ташкент».

И.И. Кириловтың жобасы бойынша «Атақты экспедиция» құрылды. Ол «Орынбор экспедициясы» деген атаумен көпшілікке таныс. Осы экспедицияның жетекшісіне айналған Кирилов көп жағдайда қазақ жерлерін зерттеуге үлкен үлес қосты. «Петрден кейінгі Империя жазбалары» атты еңбекте Кирилов қазақ жерінің қойнауындағы байлыққа тоқтала отырып, Ресейдің Қазақстанмен экономикалық қатынасындағы мақсаттарды жан-жақты талдайды. Онда былай дейді: «1745 жылы мен губернияға бағытталған экспедицияға атау ұсындым және оған қосымша Казань, Уфа және Сібірлік Исек провинцияларын атадым. Менің ұмтылысыммен минералдарға бай жер

қойнауларын зерттеу ісі қолға алынды; өз еркімен келгендер әр түрлі зауыттар сала бастады, ондағы табыс жалпы және жеке зауытшылар табысы деп екіге бөлінді. Менің осыларды не үшін сипаттап отырғаным баршаға мәлім». Белгілі болғандай, Кирилов патшаханым қол қойған кең ауқымды қырық бір пункттен тұратын нұсқаулықты қабылдады. Ол бойынша Кириловқа пайдалы қазбаларды, кен орындары мен минералдарды барлауға және зауыттар салуға қатысты ерекше міндеттер жүктелінді. Экспедиция басшысы қазақ жерінде игерілген территорияларға «Жаңа Ресей» деген атау беріп, оларды келешекте еуропалық державаларға бәсекелес етуге ұмтылды: «Ұлы мәртебеліміздің ұсынысымен талап етілген құдайлық кәсіп ретіндегі Жаңа Ресеймен құттықтағым келеді; жер қойнауындағы атақты металдар мен минералдар еуропалық державалардан кем түспейді деп сенемін», - деп атап көрсетті.

Қазақтардың шаруашылығы мен тұрмысы жайындағы зерттеу жұмыстарына көптеген жылдар бойы Орынбор экспедициясында қызмет атқарған П.И. Рычков (1712-1777 жж.) та ерен үлес қосты. Ол «Орынборлық топография» атты екі томдық монография жазды. Рычков өз еңбегінде отырықшы өмірдің артықшылығы мен оны қалыптастыруды насихаттау жайында ой қозғайды. Ол көшпенді халықтарды отырықшы өмірге тартудың қажеттілігін баса көрсетеді. Оларды «алғашында пішен жинауға, кейіннен астық өсіруге үйретуге» болады.

Қазақтардың көшпенді шаруашылығының ерекшеліктерін революцияға дейінгі бірқатар зерттеушілер толығымен қарастырды. Мал шаруашылығының жайылымдық-көшпелі жүйесі мал жыл бойы жайылымда болатындай етіп жасалынды. Жыл мезгілдеріне байланысты қазақтар жазда жайлауға, күзде күзеуге, ал қыста қыстауға көшіп жүрді. Олардың ара қашықтықтары біршама алыс болатын. Қазақтар күзде малдарын оңтүстікке қарай айдаса, ал көктем мезгілі басталысымен жаздық жайылымдары мол солтүстік аудандарға қарай көшіп отырды. Кіші жүз бен Орта жүз арасындағы қашықтық 700-800 шақырымға дейін жетті. Ал Ұлы жүздің жайылымдық жерлері негізінен Жетісу аймағына тиесілі болды. Малдың жай-күйіне байланысты көктемде және күзде жүзеге асырылатын көшу үрдісі әр түрлі деңгейде болды. П. Маковецкийдің жазуынша, «Көктем мен күзде көшудің айырмашылығы мынада: көктемдегі көшу күзге қарағанда қысқа болады, ауылдар қыстан шыққан малдар өздеріне келмей жатып жайлауға көше бастайды». Көшу аралығы жайылымның күйі мен малдың санына байланысты анықталды. Түйелері, бақташылары мен терең құдықтары бар бақуат мал өсірушілер ұзақ ара қашықтықтарға көше алатын. Левшиннің мәлімдеуінше, кейбір бақуат мал иеленушілер өз үйірінде 500 немесе одан да көп түйе ұстайтын. Жайлау есебінде сауын сиырларға арналған суаты бар жайылымдар таңдалатын. Олар ең алдымен қазіргі Қазақстан территориясының солтүстік және батыс аудандарында орналасты. Сондықтан көшу үрдісі меридиандық бағытта жүзеге асырылды. Жайлы қыстау ретінде қоректік шөбі мол жерлер қажет болды. Қыста тұрақтау мақсатында күз мезгілінен бастап дайындық жасалды. Ол үшін солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс желдері үздіксіз соғатын, сондай-ақ малдар өз бетімен қар астынан қорек іздеп жей алатындай қолайлы жерлер таңдалды. Оған қыстағы бораннан

қамыстар мен құм бархандары арқылы қорғалған жайылымдар кіреді. Биік қамыстарды бұдан басқа отын ретінде де пайдаланатын. «Күздің соңында, - деп жазады Завалишин, - ауыл адамдар үлкен ауылдарға жиналып, өздерінің қоныстануына қолайлы қалың қамыстар, тау шатқалдары мен малдарды қысқы сұрапыл бораннан қорғауға болатын жерлерді таңдады».

Бақуат мал өсірушілердің қысқы тұрағындағы баспана ретінде ағаш үйлер қолданылса, ал кедейлер жер үйлерде, қамыс және құраймен қапталған киіз үйлерде қыстап шықты. Малшылар үшін баспана есебінде кіші көлемдегі киіз үйлер қолданылды. Кейбір аудандарда малдар үшін желіден сарайлар тұрғызылды. «Мұндай сарайлар тек аз мөлшердегі малдарға ғана негізделген. Бақуат мал өсірушілер өздерінің көп санды отар-отар малдарын бораннан қорғау үшін орманға, кейде қалың өскен қамыстар мен төбелердің арасындағы панаға айдайтын. Егер боран ашық жайылымдағы малдарға зиянын тигізсе, киізден ұзын жапқыш жасалынып, бір қатар етіп тартылады. Оның жел өтпейтін ық жағына малдарды айдайды». Аяз кезінде әсіресе түйелерді қорғау біршама қиындық туғызады.

Қыс мезгілінде жайылымдағы малдың құрамы былайша сипатталады: жұқа қар қабатымен жабылған жайылымға алдымен жылқылар жіберіледі. Олар тұяғымен қардың бетін ашып, шөптің басымен қоректенеді. Сол жерге жылқылардан кейін шөптің ортаңғы бөлігімен қоректенетін ірі қара малдар мен түйелер жайылады. Соңынан жіберілген қойлар қалған шөпті қорек етеді. Егер қойдың саны аз болған жағдайда, малшылардың өзі қардың бетін ашып, шөпті жинауға көмектеседі. Малға қорек ретінде сексеуілдің тікендері де жарамды болып келеді. «Өзінен-өзі белгілі болғандай, - дейді Левшин, - осындай құнарсыз қоректен малдар семірмейді, дегенмен, осы қорек жануарлардың өмірін сақтап қалады».

Жайылымдағы малдың қысқы құрамы туралы А. Добромислов өзінің «Торғай облысындағы мал шаруашылығы» мен «Жылқы өсіру және оның Торғай облысындағы қырғыз халқы үшін маңызы» атты жұмыстарында толығымен қарастырады. Оның мәліметтеріне сүйенетін болсақ, жайылымдағы мал жүт кезінде қиын жағдайға түседі. Мұзды тұяғымен жарып тастай алмаған жағдайда жылқылар мен басқа да жануарлар қорексіз қалады. Бұл жағдай малдың жаппай қырылуына алып келеді. Қорек табуды оңайлату үшін малшылар мұз қабығын балтамен жарып, сол жерге жылқыларды жібереді. Олардың соңынан ұсақ малдар жайылады. Даладағы борасыннан кейін қардың терең қабатын ашып, малдар үшін қорек табуға қолайлы жағдай жасау керек.

Көктем мезгілінің басы қысқы тұрақтың қиын жағдайынан босанған кезең ретінде нағыз мерекеге айналады. Онда көл-көсір тағаммен қонақ күтеді. Шабандоздық, ойын-сауық пен ән-думан басталады. Завалишиннің жазуына қарағанда, «кейде бір жаз мезгілінде ауыл осындай үздіксіз мерекенің ырғағымен ара қашықтығы 1000 шақырымнан асатын бір жерден екінші жерге жылжып отырған». Бірақ көктемгі қоныс аудару біршама қиындық туғызады: шөлді жерлермен өткен кезде құрғақшылық, құрғақ ыстық жел соғатын жазғы аптап пен құмдағы борандар кейде жануарлар арасында әр түрлі аурулардың пайда болуына алып келеді. Осындай қиындықтардың алдын алу үшін аралары

жақын жайылымдар мен құдықтардың болғаны дұрыс. «Жақсы құдықтар, - Левшиннің сөзі бойынша, - ең ұзақ жолдардың бағытын анықтайды».

Қазақтардың негізгі байлығын қойлар мен жылқылар құрайды. Әсіресе жылқылардың шыдамды тұқымдары өсірілді. Қойлар көктем кезіндегі қардан жалаңаштанып қалған тұзды шөптермен де қоректенеді. Қой отарларында серке ешкілер болды. Негізінен ешкілерді далалы жерлердің оңтүстік аудандарында өсірді. Қазақ шаруашылығында жылқылар жоғары бағаланды. Жақсы аттың қазақ үшін қымбат екенін мына мақалдан байқауға болады: «Егер атың жаман болса – көңілің қалады, егер ұлың жаман болса – күшің кетеді». Қазақ даласының жылқылары өзінің жүйріктігімен, мықтылығымен және барынша төзімділігімен ерекшеленеді. Жылқылар бетеге қалың өскен жайылымдары мол далалы жерлердің солтүстік бөлігінде көп өсірілді. Бұл жайында Н. Рычков былай деп мәлімет береді: «Осы Орданың (Орта) Кіші Ордаға қарағанда халқы көп және бай, әсіресе жылқылары мол. Жылқылары Кіші Орданікімен салыстырғанда үлкен және мықты болып келеді». Бұған керісінше Кіші жүздің шаруашылығында қойлар басым болды.

Қазақтардың мал шаруашылығында әсіресе түйелер өте қажет болды. Олар өзінің ұзақ уақыт бойы қорек пен сусыз жүре алуына байланысты көшіп-қону кезінде көптеген қиындықтарға төзімді болып келеді. Ең көп тараған түрлері – қатты қыста айрықша төзімділігімен ерекшеленетін қос өркешті түйелер. Түйені өсіруге ең қолайлы жағдайлар далалық жерлердің оңтүстік аудандарында, нақты айтқанда Каспий мен Арал теңіздері аралығындағы Үстіртте қалыптасқан. «Әсіресе ең көп түйе өсіретін жер Үлкен Ордада, жалпы шөлді оңтүстік алқаптарда болды. Мұндағы климат түйе өсіру үшін өте қолайлы, - деп жазады Левшин». Түнейтін жерге тоқтаған кезде көбінесе түйелер қой отарларындағы күзетші ретінде болатын. Броневскийдің айтуы бойынша, суық түндері көп мөлшердегі қойларды киіз үйлерге кіргізіп, бір-біріне жақын етіп жинады. Түйелерді қойлар қашып кетпеуі үшін олардың айналасына орналастырды. Ал ірі қара малдар аз мөлшерде өсірілді. Левшин «Ірі қара малды Орта Орданың кейбір бақуат рулары бағады, дегенмен қырғыздарда ірі қара аз болды» дейді.

«Қырғыздардың арасында, - деп жазады Н. Рычков, - малы өте көп адамдар болды, бір отбасы 20 мың жылқы мен осынша қойға ие болды». Осылайша, мал шаруашылығы қазақтарға тамақ, киім және үй жабдықтары үшін қажетті шикізат көзіне айналды. Үй өндірісі сипатындағы әр түрлі кәсіптер мал шаруашылығымен тығыз байланысты болып келеді. Оған былғары өндірісі, жүн мен аттың қылын өңдеу кәсіптері жатады. Былғары өндірісі, жүннен түрлі бұйым басатын өндіріс пен тоқымашылық қазақ қолөнер кәсібінде маңызды орынға ие болды. Сонымен қатар ағаш өңдеу кәсібіне де ерекше ден қойылды: ағаш өңдеу жұмысы мен ағаштан ойып, қашап, бояп жасалған ою-өрнек. Ағаштан киіз үйге қажетті шарбақтар (кереге), ойып өрнек жасалған есіктер, киімге арналған сандықтар, жастыққа арналған ағаш қондырғылар, ыдыстар мен ер тоқым, т.б. жасалынды.

Металл өңдеу нашар дамыды. Соның ішінде ұсталық кәсіп кенже қалды. Ұсталар қарудың тек кейбір түрлерін (қанжарлар, ұзын пышақтар немесе

«жартылай қылыштар» (селебе немесе джекауз), айбалта, садақ, ат әбзелдерінің металдық бөліктері, жер игеруге қажетті арзан қол құрал-саймандар) ғана жасап шығарды. Тевкелевтің бақылауынша, қазақтар «мылтықты өздері жасамайды, оларды Хиуа мен Бұхарадан алады. Орнына қой немесе жылқы береді». А.Н. Рычков «Ташкентте білте мылтықтар сатылғаны жайында» деректер келтіреді.

Уәлиханов қазақ даласында мылтықтар сирек кездесті, олар белгілі бір атқа ие болып, бір рудан екінші руға ауысып отырды деп көрсетеді.

Ежелден егін шаруашылығы Жетісуда, Балхаш көлі мен Іле өзенінің айналасында, Ангрен ауданы, Шыршық, Арыс және Қара-Торғай өзенінің бойында қалыптасты. Қара-Торғай өзенінің аймағын кесіп өткен Н. Рычков қара топырақты егістікте айдалған жерлердің ізін бақылауға мүмкіндік алды. Егістік жерлерді Қара-Торғайдан бастау алып, Қара Тау аңғары, Атбасар даласы мен Зайсан көлі алқабы арқылы өтетін арықтармен суарды.

Орынбор комиссиясының нұсқаулығына сәйкес орыс-қазақ байланыстарын нығайту мақсатында 1741 жылы тамызда поручик Гладышев қазақ даласына аттанды. Оның жанында іскер әрі жігерлі ағылшындық көпес Роман (Реональд) Гок болды. Оның деректері орыс әкімшілігіне орасан зор пайдасын тигізді. Гоктың мынадай хабарламасы ерекше назарды талап етеді: «Ембі ауданында қара мұнайдың кен орны бар. Нақты айтқанда, оны Ембіден Каспий теңізіне дейін, сол жақтан Астраханьға қарай тасымалдауға болады». Соған байланысты XVIII ғасырдың ортасында ресей үкіметі қазақ даласында мұнай қорының бар екені жөніндегі сенімді дәлелдерге қол жеткізді.

Қазақ халқының тарихын зерттеуге әскери инженер И.Г. Андреев (1743-1801жж.) үлкен үлес қосты. Өз кезеңінде Э.А. Масанов атап кеткендей, Андреев «қазақ халқының өмірі мен тілін мүлтіксіз зерттеп, қазақ ауылдарын жиі аралайтын. Сондай-ақ, ол қарттармен және атақты адамдармен сұқбаттасып, Қазақ даласында, Жоңғария мен Орта Азияда болған көпестердің, шенеуніктер мен саяхатшылардың әңгімелерін жазып алып отырды».

И.Г. Андреевтің басты еңбегі «Қырғыз-қайсақтарға тиесілі, сондай-ақ Ресеймен, Колыван және Тобыл губернияларының бекіністерімен шекаралас жатқан қырғыз-қайсақтардың Орта Ордасын толықтырулар арқылы сипаттау» деп аталады. И.Г. Андреев өз еңбегінде қазақ халқының дәстүрі мен тұрмысына кеңінен тоқталып, XVIII ғасырдағы көшіп-қону орындарын кезеңімен атап шығады. Сонымен қатар, киіз үй және мал саны жайында маңызды статистикалық деректер мен сұлтандардың тізімін келтіреді. Осы еңбекте оларды Ресейге қосу мақсатында «беделді кісілерге» арналған ағаш үйлердің қыстаудағы құрылысы жайында айтылады.

1795 жылы И.Г. Андреев Омбы бекінісі аймағындағы егін шаруашылығының жай-күйін зерттей отырып, диқаншылық туралы публицистикалық очерк («Диқаншылық жайында ой толғау») жазды. Осы очеркте ол егіншілікке деген қазақтардың біршама қабілеттілігі жөнінде айтады. Осы бағытта жазылған Г.И. Спасскийдің «Үлкен, Орта және Кіші Орданың қырғыз-қайсақтары» атты еңбегінде қазақтардың еңбекқорлығы ерекше атап өтілген: «Диқаншылық саласындағы жетістіктер жөнінен Сібірдегі

көшпенді халықтың ешқайсысы қырғыздармен бәсекеге түсе алмайды. Олардың еңбекқорлығы құрғақ шөлді жерді құнарлы жерге айналдырады. Олар егістік үшін өзен бойындағы кең ауқымды жерлерді тандайды. Жаңбыр жетіспеген кезде жерді қазып, егістікті өзен суымен суландырады». Өкінішке орай, осы уақытқа дейін «қазақтар егін шаруашылығы саласында артта қалған» деген жаңсақ пікір кеңестік тарихшылардың да, қазіргі заманғы ресейлік зерттеушілердің де еңбектерінде басым болып отыр.

XVIII ғасырдың басында қазақтардың тарихына, экономикасы мен мәдениетіне деген қызығушылық шетелдік зерттеушілер тарапынан да арта түсті. Генерал, князь А. Бекович-Черкасскийдің атақты қасіретті Хиуа жорығына қаншама бұрынғы әскери тұтқындағы шведтер, соның ішінде – әдебиетте Страленберг деген лақап атпен белгілі болған офицер Табберг қатысты. Ол отанына оралған соң қазақтардың тұрмысын сипаттайтын «Еуропа мен Азияның солтүстік және шығыс бөліктері» деген кітап шығарды. Шынында, көптеген зерттеушілер, жекелей айтқанда В.Н. Татищев Страленберг еңбектеріндегі ғылыми құндылықтарды жоғары бағалаған жоқ. Татищевтің айтуынша, «Страленберг көптеген жылдар бойы Русьте болып, татарлармен жиі араласып тұрды, бірақ орыс және татар сөздерін кәте жазатын», - дейді.

1717 жылы орталық азиялық аймаққа италяндық Флорио Беневени жіберілді. Оның деректерінің арасында қызықты мәліметтер жиі кездеседі, мысалы «Сырдария өзенінің бойынан... алтын табуға болады».

1720-1727 жылдары Қазақстанның солтүстік бөліктеріне саяхат жасаған Даниил-Готлиб Мессершмидт Қазақстанның географиясы, тарихы, мәдениеті мен этнографиясы жайында қызықты деректер қалдырды. Материалдардың арасында Каспий пен Ертіс маңы өлкесінің және Түркістан ауданының суреттері мен карталары кездеседі. Оның жазбаларының бір бөлігі XIX ғасырдың 60 жылдары П.П. Пекарскиймен және XIX ғасырдың 80 жылдары В. Радловпен жарияланды.

XVIII ғасырдың 30 жылдары Ресей империясындағы шығыс этностарын зерттеумен неміс ғалымы Г.Я. Керр белсенді түрде айналыса бастады. Оның ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудағы орны ерекше болды. Н.И. Веселовский ол туралы былай дейді: «Шығыстану саласында ғылыми қажеттілік жайында ең алғаш рет орыс қызметінде жүрген шетелдік сөз бастады».

Атақты зерттеуші Герард Фридрих Миллер 1733-1743 жылдары Сібірді қарастырып, нәтижесінде «Сібір патшалығының сипаттамасы» деген негізгі ғылыми зерттеу жұмысын жазды (СПб, 1750). Г.Ф. Миллер өз еңбегінде ресейлік және шетелдік (еуропалық және азиялық) деректердің мол қорын пайдаланды. Оған Әбілғазы Бахадур-хан, Марко Поло, Страленберг, Витзен, Мартиний және Суснеттің, т.б. еңбектерін жатқызуға болады. Зерттеушінің атап көрсетуінше, «көрші азиялық елдердің тарихы мен олардың жерлерінің жай-күйі көптеген жағдайды анықтап береді. Солтүстіктегі бізге тиесілі бөліктерде белгісіз нәрселер өте көп. Миллер көптеген шығармалардың кемшіліктерін баса айтады: «Жеке жерлер туралы жазылған ежелгі географиялық және саяхат жазбаларында көптеген жалғандықтар кездеседі».

Швед зерттеушісі И.П. Фальк XVIII ғасырдың 60-70 жылдары Астрахань, Омбы, Петропавл және Семейдегі көптеген қазақ ауылдарында болып, қызықты этнографиялық материалдар жинады. Оның кейбіреулері кейіннен «Қырғыз және Зюнгор даласы туралы хабар» деген мақаламен жарыққа шықты.

Атақты неміс зерттеушісі П.С. Паллас 1769 жылы қазақ даласын аралады. Оның «Ресей империясының әр түрлі провинцияларына саяхат» деген еңбегі 1809 жылы Санкт-Петербургте жарияланды. Бұл жұмыста П.С. Паллас көшпенді қазақтардың өмір салты, тұрмысы, мәдениеті, дәстүрі мен әдет-ғұрпы, баспанасы, киімі, тамағы және сенім-нанымын сипаттап береді. Мысалы, ол қазақтардың өмір салтын былайша сипаттайды: «Әдеттегі далалық азиялық халықтарға қарағанда қырғыздар киіз үйлерде тұрады. Олардың үйлері қалмақтардікімен салыстырғанда әрі үлкен, әрі таза болады. Олардың киіз үйіне 20 шақты адам сияды».

Үй жануарларының түріне тоқталған П.С. Паллас түйелер мен жылқыларды атап кетеді. Қазақтардың түйе бағуы жайлы автор былай дейді: «Қазақтарда түйелер әлдеқайда аз өсірілді. Сондай-ақ, сиырлар да көп болмайтын. Себебі, оларды қыс мезгілінде далада кәдімгі қорексіз жақсы жағдайда ұстау мүмкін емес. Негізінен қос өркешті түйелер бағады. Бақуат қырғыздар түйе сауады, оның сүті көкшіл, қою және дәмі жағымды болады». Қазақтардың жылқы өсіруі жөнінде жазған автор «Қырғыз жылқылары қалмақтардікіне ұқсас келеді, дегенмен олардың бойы биігірек» дейді.

Зерттеушінің айтуынша, «қырғыздың қойлары өте көп. Олардың бойы жаңа туылған бұзаудың бойына жетеді. Сонымен қатар семіз болып келеді. Жылдың қолайлы мезгілінде кәрі қойдың салмағы төрт-бес пұт болады. Үлкен қойлардың құйрық майы 30-40 фунт аралығындағы салмақты құрайды. Құйрық майдан 20-30 фунт май алынады. Осы арқылы олар үндістердің қойларынан ерекшеленеді».

1771 жылы қазақ ауылдарына Х. Барданес екі рет саяхат жасады. Оның қысқа сипаттамалық материалдары тек жарты ғасырдан кейін ғана жарыққа шықты. Х. Барданес өзінің естеліктерінде дәулетті қазақтың ұлттық мерекелік костюміне тоқталып кетеді: «қара атлас шалбар, жібек белбеуі бар ашық қызыл түсті шұғадан тігілген шекпен, басында алтын түстес әдемі қырғыз бөрік киіп, беліне қылыш асынып жүреді». Бұдан басқа ол сұлтандардың киіз үйін жан-жақты сипаттайды: «Сұлтанның киіз үйі үлкен, аралары шымылдық арқылы бөлінген, үйдің ортасында сиыр еті мен жарма бар үлкен темір қазан отта тұр, айналасында кішкентай және жіңішке жәшіктер бар, онда киім мен тағы басқа заттары бар былғары қапшықтар жатыр. Кіре беріс есікке қарсы қазанның артқы жағына парсы кілемі төселген. Оның үстінде аяғын айқастыра жастыққа сүйенген сұлтан жұбайымен бірге отыр».

Атақты неміс зерттеушісі И.Г. Георги 1776 жылы Қазақстанға саяхат жасады. Оның «Ресей құзырындағы барлық халықтарды сипаттау» деген жұмысы сол жылы Санкт-Петербургте жарыққа шықты. Онда И.Г. Георги көшпенді қазақтардың өмір салты, тұрмысы, мәдениеті, дәстүрі мен әдет-ғұрпы, баспанасы, киімі, тамағы және сенім-нанымына сипаттама береді. Мал шаруашылығының басты орын алатынына тоқталған автор былай дейді:

«Қырғыздардың негізгі жұмысы мал өсіру болып табылады. Олардың табыны жылқылар, түйелер, ірі қара малдар мен қой-ешкілерден құралады. Олардан қырғыздар ет, сүт және қымыз алады».

Көшпенді қазақтардың негізгі баспанасы өте жақсы сипатталған: «Олардың баспанасы жылжымалы киіз үйлерден тұрады. Олар башқұрттардікімен салыстырғанда үлкен және таза. Беделді және ауқатты кісілер киіз үйлерін ақ киізбен жабады, сонымен қатар олардың әйелдеріне, балаларына және азық-түлікке арналған жеке үйлері болады. Ошақтың орны киіз үйдің ортасында орналасқан. Оның айналасында киіздер немесе парсы кілемдері, кейде төсеніштер жатады. Киіз үйдің немесе күркенің іші бай алуан түрлі жібек заттармен толтырылған. Айналасында сүт өнімдеріне арналған қапшықтар мен сандықтар тұрады, ал қабырғаларына қару-жарақтар, аттың жоғары әбзелдері мен киім-кешектер ілінеді».

Зерттеушінің атап кетуінше, «Қайғысыз қарапайым өмір сүріп, ашық далалы жердің таза ауасында өскен олар ауруға шалдықпайды, көпшілігі қартайған кезінде де мықты болады».

Қазақтардың жерлеу дәстүріне тоқталған автор былай дейді: «олар моланы терең қазбайды, оған қарама-қарсы тас үйінділерін тастайды. Егер ер кісі қайтыс болса, оның ең жақсы киімін қиындыларға бөліп, естелік ретінде жақын адамдарына таратып береді. Басқалар оның киіз үйіне азырақ белгі тастап, моласына жебе қадайды».

1774 жылы неміс зерттеушісі Иоганн-Эбергард Фишердің «Ресейлік қарумен жаулап алынған Сібір жерлерінің ашылуынан кейінгі Сібір тарихы» деген кітабы орыс тіліне аударылып жарыққа шықты. Осы кітапта қазақтар жайында көбінесе бір жақты, толығымен шындыққа жанаспайтын бірқатар қызықты деректер кездеседі. Бәлкім, Фишердің жалғыз шынайы бақылауы мынада болар: Оңтүстік Сібірдегі түріктер (пұтқа табынушы-шамандар) өздерінің салт-дәстүрі мен мәдениеті жағынан Орта Азияның мұсылман түріктерінен («ислам дініндегі қырғыздар») ерекшеленеді.

«Қазақстан халқы Ресеймен салыстырғанда экономикалық қатынастардың дамуынан орасан зор пайда тапты» деген ой революцияға дейінгі орыс тарихнамасында белсенді жүргізілді. Революцияға дейінгі тарихнаманы талдау ойша мынадай қорытындыға әкеледі: Ресей империясы әуел бастан кең байтақ қазақ жерін отарлап алуды өз алдына мақсат етіп қойды. Орыс тарихнамасында қазақтардың Ресей бодандығына өту үрдісі номиналды сипатқа ие болды. Ресей мемлекетінің мақсаты қазақтар мекендеген территорияны Орта Азия және Қытай нарықтарымен транзиттік сауда байланыстарын орнату үшін пайдалану және қазақ жерінің табиғи байлығын игеру болып табылады. Сондықтан номиналды бодандықты іс жүзіне асырудың қажеттігі туындады.

М.И. Венюковтың «Орта Азиядағы Ресейдің басып алу қозғалысы» атты жұмысында былай делінген: «біздің ғасырдың жиырмамыншы жылдарына дейін орыстар Орал мен Ертіс аймақтарын мүлдем мекендеген жоқ. Осыған қарамастан 1732 жылдан басталған қырғыздардың Ресейге тәуелділігі тікелей сипатта болды. Осылайша, қазақ даласындағы отарлау қозғалысы маңызды нәтижелерге қол жеткізе бастады».

И.Ф. Бабков өзінің «Қырғыз даласының солтүстік-шығыс бөлігінде орыстардың қоныстану құрылымына қатысты көзқарас» мақаласында былай деп жазады: «Қырғыз даласының солтүстік-шығыс аймағында орыс иеліктерінің кеңеюі біздің биліктің осы өлкеде барынша нығаюына алып келді. Ол үшін осында орыс халқын қоныстандырып, жергілікті көшпенділердің материалдық жағдайын жақсартудың қажеттілігі туындады. Автор еркін және әскери отарлау саясатының тиімділігін талқылай отырып, осы мақсатқа қол жеткізудің көрінісі ретінде шекаралық аймақтарды жаулап алу үрдісін атайды. Қазақ даласындағы қоныс аудару мәселесі жасанды-мәжбүрлі сипатқа ие болды.

Ф. Лобысевич мемлекеттік және ерекше маңызды іс ретінде отарлау мәселесіне айрықша көңіл бөлді. Мал шаруашылығы үшін пайдаланылатын жерлердің өлшемін зерттеген автор патша үкіметінің егін шаруашылығын отарлауға қатысты қажетті деректермен қамтамасыз етілмеуіне тоқталады.

Осылайша, бұрынғы тарихнама қазақ-орыс экономикалық қатынастары жайында, ең алдымен отардағы экономикалық саясат жайында әңгіме болуы мүмкін емес деген қорытынды жасауға итермелейді. Ресей империясының барлық саясаты отарланған жерлерден пайда табуға, сондай-ақ осы арқылы қазақ жеріне қоныстанған казактар мен шаруа халықтың мүддесін қорғауға бағытталды. Бұл туралы ХХ ғасырдың басында Ә. Бөкейханов пен басқа да қазақ интеллигенттері айтып кетті.

Патша өкіметінің отарлау саясатын зерттеген Ә. Бөкейханов қоныс аударған орыс шаруаларының тиімді шаруашылық жағдайын бөліп көрсетті. Осыдан әрбір шаруаға бөліп берілген жер телімі жайында білуге болады. Оның есептеуінше, жүзеге асыру шарттарының шектелуі, алынған жер үшін салық төлеу қазақтардың дамуына біршама кедергі келтірді. Ә. Бөкейхановтың ойынша, отарлаушылар қазақ халқының рухани дүниесіне едәуір зиян тигізді. Зерттеуші қазақтарды православие дініне бағыттауға қатысты іс-шаралар жөнінде көптеген деректер келтіреді. Бұл жағдай патша үкіметі тарапынан мұсылман дінін ұстанушыларды қудалау туралы үрей туғызды. Алғашқылардың бірі болып Ә. Бөкейханов Ресейдің «өркениетті миссиясын» сынға алды. Оның ойынша, «өлкелерді жаулап алушы орыстар мәдени жұмыстарды атқаруы мүмкін емес, себебі олардың бастапқы міндеті тек баю ғана болатын. Алғашқы отарлаушылар мәдени рөлге дайындалмаған еді».

Зерттелу мазмұны мен тереңдігі жағынан ерекше орынға ие болған Т. Шонанұлының «Жер тағдыры – ел тағдыры» атты жұмысы 1923 жылы жазылды. Т. Шонанұлының ойынша, Ресейге тәуелді болғаннан кейін, қазақ жерінің тарихы аяқталып, отарлау тарихы басталады. Автор өзінің еңбегінде патша өкіметінің отарлаудағы жер саясатын жан-жақты қарастырады. Орыс шаруаларының қоныс аударуының басты себебі Ресейдегі жерсіздік мәселесімен тығыз байланысты. Орыс үкіметінің қоныс аударушыларға қазақтың ең шұрайлы жерлерін шектеусіз мөлшерде тегін үлестіруі жергілікті халықтың наразылығын тудырды. Үкіметтің мұндай саясаты Қазақстанға орыс халқының жаппай қоныс аударуына алып келді. Ресей империясының экономикалық саясатының мақсаттары осындай болды.

Кеңес кезеңі зерттелу мәселесіне барынша түсіндірмелі публицистикалық сипатпен қарайды. Қазақ КСР-ның көп томдық тарихы, Қазақстан тарихы, Қазақ КСР-ның 4-томдық қысқаша энциклопедиясы, «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ-орыс қатынастары» жинағы, қазақ халқының экономикалық және мал шаруашылығы саласындағы тіршілік әрекетінің аспектілерін толығымен ашып көрсетеді.

Осы кезеңде қазақ тарихының аспектілеріне арналған монографиялық жұмыстар пайда бола бастады. Табиғи тұйық шаруашылық пен мал шаруашылығына негізделген қазақ жүздерінің экономикасын қарастырған Н.Г. Аполлова мынадай қорытындыға келеді: XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтардың патриархалды тұйық шаруашылығы өндіріс техникасының артта қалуына ықпал етті. Осы кезеңдегі, әсіресе жоңғар шапқыншылығынан кейінгі Қазақстан экономикасы құлдырап, халықтың көтерілуі үшін қажетті жағдаймен қамтамасыз ете алмады.

Аполлованың ойынша, «феодалдық билеуші топтың қолында малдың жинақталуы мен биліктің феодалдық формалары XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақтарда мал шаруашылығын дамытуға кедергі келтірді. Патриархалды тұйық шаруашылық пен өндірістік күштердің төменгі деңгейінде тұрған экстенсивті шаруашылықтың артта қалған формалары жинақтала бастады».

XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның артта қалған экономикасындағы елеулі өзгерістер (Аполлованың ойынша) экономикалық және мәдени дамуы жоғары деңгейдегі көрші елдермен тығыз экономикалық байланыс орнату арқылы сыртқы саяси қауіпсіздікті қамтамасыз еткен жағдайда ғана жүзеге асуы мүмкін. Осындай мемлекет, Аполлованың пікірінше, Ресей болып табылады. Кеңестік тарихшылардың ойындағы негізгі ұстанымдарды Н.Г. Аполлова жеткілікті дәрежеде сипаттап бере алды. Қазақтардың шаруашылығындағы көшпенділік қасиет жабайы және көне болды. Қазақтардың егін шаруашылығы саласында бірлесуі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына қолайлы жағдайлар жасады.

Осы пікірге қарсы шыққан атақты тарихшы П.Г. Галузо Ресей империясының қазақ даласындағы жағымсыз салдарын атап өтеді. Оның ойынша, қазақтардың шаруашылық қызметіне орыстардың араласуы дәстүрлі өмір сүру салтының бұзылуына алып келді. П.Г. Галузо көптеген кеңестік зерттеушілердің пікіріне қарамастан былайша мәлімдеді: самодержавиенің көшпелі және отырықшы шаруашылық сипаттағы қоныстандыру саясатының қорытындысы ретінде терең дағдарыс қалыптасты. Казактандыру мен жер ресурстарын бөліске салған шаруаларды отарлау саясаты жергілікті халыққа ешқандай пайда әкелген жоқ. Галузоньң пікірінше, бұл жағдай қазақ егін шаруашылығының дамуы мен олардың отырықшылыққа өтуін тежеді. Галузо А.И. Левшин сияқты үкіметтің көшпенділерді отырықшыландыру саясатын қолдамады. Левшин қазақтар туралы «Қазақтардың жеке пайдасы мен оларға көрші жатқан державалардың, әсіресе Ресейдің табысы бай малшылардың кедей егіншілер жағдайына түсіп қалмауын талап етеді... Олардың жерлері нағыз көшпелі өмірге арналғандай...».

Сондай-ақ, XIX ғасырдың басында Жетісудағы көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықты зерттеген П.П. Румянцевтің еңбегін жан-жақты талдаған П.Г. Галузо «қазақтардың егін шаруашылығы қоныстанушылардың ықпалымен ғана дами бастады» деген пікірді толығымен жоққа шығарады. Осылайша, Галузо былай деп көрсетеді: «... Жетісу облысының қазақтары ресейлік шаруа казактары қоныс аудармай жатып және осы облыс Ресейге қосылмай жатып, егін шаруашылығымен айналыса бастаған: уезд халқының 40%-ы осында алғаш казак шаруаларының қоныс аударуына дейін, ал 50%-ы орыс шаруалары келгенге дейін егін егумен айналысқан». Бұдан басқа, Галузо жергілікті егіншілердің қоныс аударып келген адамдарға егін егудің дәстүрлі тәсілдерін, әсіресе егінді қолдан суаруды үйреткенін бірқатар деректер арқылы дәлелдейді.

Дегенмен, осы уақытқа дейін қазіргі ресейлік зерттеушілер бір жақты және жауапсыз авторлардың «қазақтардағы егін шаруашылығы мен қолөнер кәсібінің артта қалғандығы, қазақтардың жалқаулығы мен оларды еуропалық өндіріс мәдениетіне отарлаушы биліктің әкелгені» туралы жазған аңыздарын жиі тілге тиек етеді. Осылайша, Б.Б. Алимбаева былай деп жазады: «Көшпенді қазақтар басқа жұмыстармен шын көңілмен айналыспайтын. Егін шаруашылығына өту үрдісі күштеп жүргізілген шара еді. Сондықтан, билік осы жағдайды тездетуге мәжбүр болды. Кәсіптің алуан түрімен айналыса бастаған қазақтар орыс халқымен араласып, отырықшы өмірдің салттарын үйренді. Сонымен қатар, олар өз тұрмысында осы үйренген дағдыларын пайдалана отырып, ресейлік қазынаға пайда әкелді».

Қазіргі кезең алдыңғы кезеңді сараптау арқылы сипатталады. Зерттеушілер өткен оқиғаларды идеологиялық нұсқауларсыз, бір жақты пікірлерсіз, Ресей империясының рөлін шектен тыс ұлғайтпай, қазақтардың тарихи және мәдени танымын төмендетпей отырып зерттеуге ұмтылуда. Дамудың бағыттық-ілгерілеу саясатына деген көзқарас айтарлықтай өзгерді. Көшпелі социумның да өзіне тән даму ерекшеліктері бар екеніне көпшіліктің көзі жетті. Көшпелі мәдениет қоғамдық-экономикалық эволюцияның өзіндік және шынайы саласы ретінде дамыды. Н.Э. Масанов қазақтардың көшпелі өмір салтының қажеттілігі мен заңдылығын нақты түрде дәлелдеп берді. Бұл жағдай өмір сүру ареалының табиғи-климаттық шарттарымен түсіндіріледі. Қазақстанның тарихшылары дамудың балама тәсілдері туралы ойлана бастады. Өзіне тән емес даму моделіне өту кезеңі қазақ қоғамының өміріне терең экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістер алып келді. Оның жағымды және жағымсыз жақтары болды. Сондықтан осы мәселені қарастырғанда реніш пен сенімсіздіктен арылып, объективті көзқараста болған маңызды. Шынында, қазақ-орыс қатынастарының дамуы кейбір жағымды нәтижелерге (білім беру мен мәдениеттің дамуы, аймақты кешенді зерттеудің басталуы, өндірістің жаңа салаларының пайда болуы, транспорттық жүйенің дамуы, т.б.) алып келді. Негізінен жағымсыз салдар қатаң отарлау саясатының нәтижесінде қоғамдық құрылым мен тәртіптің бұзылуынан байқалды; жайылым мен мал санының күрт азаюы қазақ халқының тұрмыс деңгейін төмендетті; қоныс аудару саясаты мен жаппай ашаршылық жергілікті халық санының азаюына әсер етті.

Дегенмен, барлық аталған жағымсыз салдарға қарамастан, біз ресейлік зерттеушілермен ынтымақтаса отырып, «Ресей мен Қазақстан мүдделерінің бір жерде тоғысуы тарихи жағымды әрі экономикалық геосаяси бағытта екенін атап кетеміз».

Осылайша, бүгінгі таңда Қазақстан-Ресей қатынастары мен оның кейінгі интеграциясы тарихи кездейсоқтыққа ешқандай қатысты емес. Бұл жағдай сыртқы байланыстағы эволюциялық даму мен тарихи бейімделуді көрсетеді.

Студенттің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. XVI-XVIII ғғ. Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда байланыстары.
2. Қазақстан мен Ресейдің мәдени байланыстары.
3. Екі ел арасындағы мәдени байланыстар туралы деректерді талдау.
4. XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарының XX ғ. басына дейінгі тарихнамасы.
5. Тәуелсіз тарихнамадағы XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс сауда-экономикалық байланыстарының зерттелеуі.
6. XVIII ғ. Қазақ хандығы мен орыс елі арасындағы экономикалық байланыстардың маңызы мен ерекшелігі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы тарих ғылымының негізгі міндеті – отандық тарихты объективті тұрғыдан қайта қарап, зерттелмеген беттерін қайта жазу, ашылмай келген тұстарын тереңірек зерттеу мәселесі болып табылады. Төл тарихымызды қайта түлетіп, халқымыздың тарихи жадын жаңғыртуға соңғы кездері біршама жұмыстар атқарылғаны белгілі. 2004 жылдан бері Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында көптеген бұрын соңды белгісіз болған тарихи деректер табылып, шетелдерден құндылығы жоғары мұрағат құжаттары мен жазба еңбектер қайтарылып, ғылыми базамыз толықтырылды. Енді біздің алдымызда ҚР президенті Н.Ә. Назарбаевтың атап көрсеткеніндей «Мәдени мұра» бағдарламасының екінші кезеңіне сай жиналған қазынамызды зерттеу, талдау, ғылым және практика жүзінде пайдалану міндеті тұр. Алайда, әлі күнге дейін тарихымыздың орны толмай олқы соғып жатқан тұстары баршылық. Бұл, әсіресе, XVI-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының құрылып, мемлекет ретінде нығайып, халық ретінде қалыптасып, біртұтас ел ретінде көршілес жатқан елдермен қарым-қатынасқа түскен кезеңі болып табылады.

XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ – орыс қарым қатынастарының тарихы қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі екендігі даусыз.

Жалпыға мәлім, мемлекеттің тәуелсіздігін жариялау мен егемендік алу үрдістері өткен тарихқа қоғамдық қызығушылықтың өрістеуі, әсіресе, мемлекеттік тәуелсіздіктен айырылу мен қайта тәуелсіздігіне қол жеткізу оқиғаларына ерекше қызығушылық туғызды. Халық өз елінің өтпелі дәуірдегі күрделі тарихын, өткен тарихи жолдың негізгі кезеңдерін қайта ұғынуға, өзін-өзі тану және қазіргі заманғы болмыстағы өзінің жаңа орнын анықтауға мақсатты түрде талпынды. Қазақ-орыс қарым-қатынастарына қатысты тарихнамаға келсек, біз Қазақстанның көрші халықтармен қарым-қатынасының даму тарихын ғылыми зерттеуде берік орнатылған тенденция деп анықтай аламыз. Қазақстанның Ресейге қосылуының зардаптарының болғанын бүтіндей, барлық зерттеушілер растайды. Сәйкесінше, тарихта қазақ қоғамының көшпелі өркениеттік құрылымының ақталуы орын алды. Әрине, осыдан Қазақстанның дәстүрлі құрылымының мәдени және экологиялық құндылықтары шығады, осы құндылықтарды ескермеген патшалық Ресей мен кеңес одағының реформалары сөзсіз сынға түсті.

Қазақ-орыс қарым-қатынастары тарихын талдау барысында біз төмендегідей қорытындыларға келдік:

1. Бұл мәселе әр кезеңде зерттеушілердің назарын өзіне аудармай қойған жоқ. Өйткені, қазіргі тәуелсіз Қазақстан Республикасы мен Ресей мемлекетінің дипломатиялық байланыстарының түп тарихын зерттеуге, Қазақ хандығының Ресей империясының отарына айналуының алғышартын ашу үшін, қазақ-орыс қарым-қатынастарының даму үрдісінің тарихын зерттеу үшін бұл тақырыптың маңызы зор. Сондықтанда біз XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынастары мәселесіне арналған әр кезеңде жазылған еңбектерге тарихи және тарихнамалық талдау жасап, объективті тұжырымдарға келу маңызды мәселелердің бірі екендігі даусыз.

2. XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынастары мәселесі қай кезеңде болсын көптеген зерттеушілердің назарында болған күрделі мәселелердің бірі екендігі даусыз. Және бұл екі ел арасындағы байланыстардың мақсаты мен міндеттері, бағыттары әр кезеңде, әр кезең зерттеушілерінің көзқарастарында әр түрлі болғанын, бағаланғанын атап өтуіміз қажет. Қазақ халқы өзінің ұзақ әрі күрделі тарихында өзіндік ерекшеліктерге толы түрлі тарихи маңызы бар кезеңдерді басынан кешірді. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның ел болып қалыптасуына мұрындық болған сонау Қазақ хандығының тарихы аса маңызды екендігін ескеретін болсақ, сол кезеңдегі елдік пен беделін, территориясы мен халқын сақтап қалу жолында ата-бабамыз көршілес мемлекеттермен саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық байланыстарға түсіп отырды.

3. Қазақ хандығының XVI-XVIII ғасырлардағы тарихы біздің тарихнамамызда өте аз зерттелген мәселелердің бірі. Тек жекелеген зерттеушілер ғана осы аралықтағы Қазақ хандығының кейбір мәселелеріне тоқталып, арнайы қарастырылмаған. Орыс тарихнамасында қазақ-орыс қатынастары, Қазақ хандығының Ресей отарына айналу қарсаңындағы қазақтардың жоңғарлар басқыншылығына қарсы күресі жалпылама жұмыстарда көрініс тапқан. Оларда тұтас алғанда жалпы сол кезеңдегі жағдайдың көрініс тапқанына қарамастан, тарихи оқиғалар жүйелі түрде, рет-ретімен баяндалмайды.

Төңкеріске дейінгі тарихнамада XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары мәселесі жүйелі де жан-жақты қарастырылмағанымен, көптеген еңбектерде осы проблемаға қатысты мағлұматтарды талдауға болады. Бұл әдебиеттермен тиімді түрде жұмыс жасау үшін оларды шартты түрде хронологиялық жағынан бірнеше топқа сыныптауға болады:

- XVI-XVII ғғ. еңбектер;
- XVIII ғ. зерттеулер;
- XIX-XXI ғғ. басындағы еңбектер.

Төңкеріске дейінгі еңбектердің өзі хронологиялық жағынан, бағыт-бағдары мен мақсаты жағынан әралуан болып келеді. Және де олар тек жекелеген мәселелерді (сауда-экономика, соғыстар мен дипломатия) ғана жазған болатын, толық әрі жүйелі зерттеулер қатарына жатпайды. Арнайы түрде қазақ-орыс

қатынастарының тарихы Кеңес үкіметі орнағаннан кейін ғана жазылғандығы анықталды.

4. XV ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығының құрылуы мен орыс елінің бір орталыққа бірігу процессінің басталуы XV-XVI ғғ. қазақ-орыс байланыстарының орнауына себепші болды. Орыс мемлекеті қазақ халқына, жеріне үлкен қызығушылық танытып, оған қатысты мәліметтер жинақтауға кіріседі.

Екі елдің тарихына көз жүгіртсек, көрші мемлекеттер XVI ғасырдың соңында аяғынан тік тұрып, даму мақсатында сыртқы саясатын жүргізе бастайды. Бұл екі ел арасындағы қатынастарды ғасырлар бойы, сонау қыпшақтар, Алтын Орда дәуіріндегі үрдістердің тарихи сабақтастығы деп бағалауға болады.

Қазақ хандығы құрылғанға дейін де ежелгі ғұн, түркі халықтары көршілес, тіптен шалғайда жатқан мемлекеттермен мәмілегерлік, саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық байланыстарды орнатып, әскери одақтар жасасып, оны некелік одақтармен нығайтып отырған. Бұл дәстүрді Қазақ хандығының билеушілері де жалғастырды.

Жалпы қорытындылай келсек, XVI-XVIII ғасырлар аралығында көршілес екі ел арасында үнемі елшілік байланыстар болып тұрған. Бірақта олардың көбі нәтижесіз аяқталып отырған. Қазақ хандарының сыртқы саясатында халықаралық даулы мәселелерді шешу үшін түрлі келісім шарт жасап, елшілер, арнайы өкілдер, жаушылар мен тәржімешілерді өкілеттілік тұрғысынан жіберіп, оларға үлкен жауапкершілікті жүктеген. Қазақ хандарының дипломатиясының тарихына үңілер болсақ олар алуан түрлі болды.

5. ХХІ ғасырдың басында қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихнамасында өзінің дамуында бірнеше кезеңнен өтті, олардың ішінде негізгілері болып төңкеріске дейінгі (XVIII ғасырдан-1917 жылға дейін), кеңестік (1917-1991 жж.) және қазіргі заманғы, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялағанынан бастап есептеледі. Әр кезеңнің өзінің методологиялық нұсқаулары болған және қазақ-орыс қарым-қатынастарының барлық шоғыры (спектр) олардың аралық әсермен қарауы арқылы қарастырылды:

- Төңкеріске дейінгі тарихнамада зерттеушілер империяның ресми өкілдері ретінде Ресейдің отарлық саясатының прогрессивтілігін негіздеуге тырысты және өткеннің барлығын көшпелі мал шаруашылықтан отырықшы егіншілік қоғамның өркениеттік үстемдігі позициясынан бағалады. Сондықтан қазақ даласындағы ресейлік биліктің жағымды ықпалы ешбір күдік туғызбады. Бұл тарихнамалық кезеңнің зерттеушілер ұсынған басты міндеті Ресейдің отарлау саясатының прогрессивтілігін негіздеу болды.

- Кеңестік тарихнамада қазақ-орыс қатынастары жаңаша бағалана бастады. Формальді түрде болмаса, методологиялық тұжырымдары көп өзгеріске ұшыраған жоқ. Сондықтан, 1917 жылдан кейін «жаңа тарих» басталды деген негізсіз тұжырымдарға тойтарыс беру, бүгінгі тарихнама ғылымының жетістіктерінің бірі болып табылады. Кеңес мемлекетінің күшеюі мен осының

негізінде 1940 жылдарғы тарихнамасындағы империялық дәстүрдің қайта түлеуі, ұлттық аймақтардағы, соның ішінде Қазақстанда да Ресейдің саясатын қайта ақтау тенденциясы көрініс тапты. Нәтижесінде «ең аз зұлымдық» теориясы қалыптасып, ол бойынша ресей самодержавиясының үстемдігі жұмысшы тап үшін қиын болғанымен, қазақтарды Шығыстың тағы мемлекеттердің басқыншылығынан құтқарып, азиялық көршілерінен әлдеқайда өркениетті елмен (ресеймен) жақындастырды деген тұжырымдар қалыптасты.

Ең соңында кеңестік тарихнамада «шексіз жақсылық (абсолютного добра)» теориясы үстемдік етті. Бұл теорияның аясында, ресейлік әкімшіліктің іс-шарасы қазақ даласын әлеуметтік-экономикалық прогреске алып келді және қазақтар тарапынан ешбір қарсылықсыз қабылданды деп тұжырымдалды.

- Тарихнаманың қазіргі кезеңінде, өткеннен өзгеше, саяси және әлеуметтік-экономикалық интеграциялардағы қазақ-орыс қатынастары мәселесі өз алдына маңызды орынды иеленді. Қазіргі ғылыми еңбектерде бұл мәселені жан-жақты зерттеу және бағалау тән. Бұл Қазақстан және Ресей тарих ғылымына тән құбылыс.

6. Қазақ-орыс қатынастарына тарихнамалық талдау жүргізу нәтижесінде болашақта зерттеуді қажет ететін бірнеше мәселені анықтадық. Олар:

- XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс елдері арасындағы мәдени-экономикалық мәселелерді тереңірек зерттеуді қажет етеді. Өйткені, бұл мәселеге қатысты зерттеулер жоқтың қасы;

- XVI-XVIII ғғ. өмір сүріп, Қазақ хандығы мен Ресей елі арасында байланыстарда маңызды қызмет атқарған хандардың, би-батырлардың жеке тарихқа қосқан үлесі толығымен зерттелмеген. Орыс еліндегі Қасым хандығында хан болған Ораз Мұхаммед, қазақ-орыс дипломатиялық қатынастарын орнатуға мұрындық болған Хақназар, Тәуекел, Тәуке, Әбілхайыр, Абылай хандардың қазақ-орыс байланыстарындағы қызметі және тарихи бағасы толығымен берілмеген;

- Қазақ хандығы мен орыс мемлекеті арасындағы байланыстарда Қытайдың, Жоңғар, башқұрт, Орта Азия хандықтарының саяси факторлары кешенді түрде талданбаған, оған қатысты жеке еңбектер жоқтың қасы.

Бүгінде Қазақстан тарихының тарихнамасында Қазақстанның мемлекеттілік тарихын зерттеуде жаңа тұжырымдар қалыптасуда. Ол қазақ мемлекеттілігінің негізі сонау Ақ Ордадан бастау алып, Жәнібек пен Керей хандар құрған Қазақ хандығы оның заңды мұрагері дегенге саяды. Яғни, қазақ халқының мемлекеттілігі тек XV ғасырдан басталмады, ол ғасырлар бойы өз территориясында өмір сүріп, өз елі, жері үшін күресіп өткен ұлы мемлекет екендігін көрсетеді. Қазақ хандығы мен Ресей арасындағы қарым-қатынас әр кезеңде, әртүрлі тарихи жағдайларға байланысты өзгеріп, өзіндік күрделі кезеңдерден өтті, оны объективті зерттеп, ғылыми бағасын беру болашақта екі ел арасындағы қарым-қатынастардың бағытын анықтап, дипломатиялық байланыстардың шымылдығын түре түсуге көмектесері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.
2. Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв. (история, политика, дипломатия). – Алматы: Дайк-Пресс, 1998. - С. 268.
3. Әбділдабекова А.М. XVIII-XX ғасыр басындағы Қазақстан мен Ресей қарым-қатынасы: Тарихнама мәселелері: Оқу құралы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 160 б.
4. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). / Состав.: Ф.Н. Киреев, А.К. Алейникова, Г.И. Семенюк, Т.Ж. Шойнбаев. - Алма-Ата: АН КазССР, 1961. - Т. 1. - С. 743.
5. Материалы по истории Казахского ханства XV-XVIII веков. (извлечение из персидских и тюркских сочинений). – Алма-Ата: АН КазССР, 1969. - С. 651.

Қосымша әдебиеттер:

1. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – СПб.: Тип. К. Крайла, 1832. – С. 654.
2. Рычков П.И. История Оренбургская. 1730 – 1750 гг. / под ред. Н.М. Гутьяра. – Оренбург: Тип. – лит. И.И. Евфимовского – Мировицкого, 1896. – С. 95.
3. Георги И.Г. Описание всех обитающих в Российском государстве народов, их житейских обрядов, обыкновений, одежд, жилищ, упражнений, забав, вероисповеданий и др. достопамятностей. – Ч. II. – СПб., 1799. – С. 168.
4. Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. – Ч. II. - СПб., 1864. - С. 498.
5. Чулошников А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. - Оренбург, 1924.- С. 292.
6. Сабырханов А. Казахско-русские отношения в 50-х–90-х годах XVIII в.: дис. канд. ист. наук. – Алма-Ата, 1965. – С. 205.
7. Басин В.Я. Русско-казахские отношения в XVI-XVIII вв.: автореф. дис. д-ра. ист. наук. – Алма-Ата, 1975. – С. 524.

8. Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII-начале XIX в. – М.: АН СССР, 1960. – С. 456.

9. Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи: XVII-XVIII вв. – Алма-Ата: Наука, 1991. – С. 237.

10. Златкин И.Я. История джунгарского ханства (1685-1758). – М., 1964. – С. 481.

Реферат тақырыптары

1. Қазақ хандығының XVI ғ. ішкі және сыртқы саяси жағдайы.
2. Қазақ хандығының XVII ғ. ішкі және сыртқы саяси жағдайы.
3. Қазақ хандығының XVIII ғ. I-жартысындағы саяси, экономикалық жағдайы.
4. XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарының зерттелуі.
5. XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарының дерек көздері.
6. XVI ғ. Қазақ хандығының көрші елдермен елшілік байланыстары.
7. XVII ғ. Қазақ хандығының көрші елдермен елшілік байланыстары.
8. XVIII ғ. I-ширегіндегі Қазақ хандығының көрші елдермен елшілік байланыстары.
9. Тәуекел хан тұсындағы қазақ-орыс байланыстары.
10. Тәуке хан тұсындағы қазақ-орыс қарым-қатынастары.
11. Қадырғали Қосымұлы Жалайырдың «Жылнамалар жинағы».
12. Қасым хандығында хан болған Ораз Мұхаммед сұлтан.
13. Қазақ хандарының дипломатиялық шеберлігі.
14. 1595 жылғы Вельямин Степановтың елшілігі.
15. Т. Чебуков, Ф. Скибин, М. Трошин, В. Кобяков бастаған елшіліктердің тарихы.
16. Жоңғар басқыншылығының қазақ-орыс қатынастарына ықпалы.
17. Әбілқайыр ханның саясаты.
18. XVI-XVIII ғғ. Қазақ хандығының халықаралық жағдайы.
19. XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс байланыстары ауызша дерек көздерінде.
20. XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс байланыстары «Мәдени мұра» бағдарламасының негізінде жүйеленуі.
21. В.Я. Басиннің қазақ-орыс қарым-қатынастарын зерттеуге қосқан үлесі.
22. А. Сабырхановтың қазақ-орыс қарым-қатынастарын зерттеуі.
23. М.Қ. Әбусейітованың Қазақ хандығының көрші елдермен байланысын зерттеуі.
24. «Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках» атты құжаттар жинағының тарихи маңызы.
25. В.В. Вельяминов-Зернов - Қазақ хандығының тарихын зерттеген ғалым.

Реферат жазу үшін әдістемелік нұсқаулар

Реферат жұмыстарын студенттер жеке орындайды. Реферативті тапсырмалар тақырыпқа сай нақты және негізгі мәліметтерді беруге бағытталады. Студент

өздігінен берілген реферат тақырыбын барынша жан-жақты ашып, көтерген мәселесінің түйінін жасап, негізгі қорытындылар жасауы керек. Сонымен қатар, жазған жұмысындағы ойын ауызша жеткізіп, мәнерлі де тиянақты сөйлеуге үйренуі қажет.

Көпшіліктің алдында сөйлеуге дағдылануы үшін студент рефератты аудиторияның алдында қорғап, негізгі тұжырымдарын айта білуі керек. Аудиториядағы қалған студенттер тақырып бойынша сұрақтар қойып, өз ой-пікірлерін білдіреді.

Реферат жұмысын оқытушы тексеріп шығады.

ҚОСЫМША

№ 1

1594 г. января 20-29 – Запись беседы царевича Ураз-Мухаммеда с послом хана Тевеккеля Кул-Мухаммедом о подданстве казахов Московскому государству и военном союзе с ними.

И генваря в 20 день царевич Урусмагмет приказывал г. дияку к Василию Щелкалову, чтоб государя доложил, чтоб государь пожаловал позволил, ещо быть у него Казатцкие орды послу одному Кулмагметю, и он его роспросил про братю свою его на Родине. И диак Василей Щелкалов о том докладывал слуги и конюшого боярина Бориса Федоровича, и по государеву указу слуга и конюшей боярин Борис Федорович ослободил Казатцкие орды послу Кулмагметю одному у царевича Ураз-магметя на подворье, и того дни посол у царевича был. Как был посол, а в те поры у царевича сидели переводчики Степан да Вельямин Степановы. И говорил царевич послу Кулмагметю: «Кулмагметь, оно мнясь, был еси у меня, и яз тебя не обо всом роспросил; ныне скажи мне, коим обычаем ныне дядя наш и братья живут так, или все в соединенье, и как ныне з бухарским — в миру ли или в брани, и с ногаи как живут, и в старом ли месте кочюют, и так ли с правдою ко государю прислали, и так ли хотят быть под государевою рукою?».

И посол говорил: «Ныне дядя твой Тевкель-царевич царь учинился на Казатцкой орде, а брата своего Шахмагметя-царевича посадил на калмаках, а кочюют-де поблиску и все в соединенье, а з бухарским царем тепере в миру на время, а и с ногаи со шти браты в миру, а с Тенехматовыми детьми да с Урусовыми — ни так, ни сяк. Как прямая весть учинилась Тевкелю-царю и брате твоеи, что ты у государя в чести и приговорил, кочюют-де поблиску и все в соединенье, а з бухарским царем теперь в сылке и под его царскою рукою. А какож, даст бог, у государя под его царскою укрепятца и будут в государеве воле и толды плохо з бухарским царем, а государь бы на бухарсково царя не оплашивался, а ногаем бы не верил. Бухарской царь ныне Ургенсково Азима-царя со юрта согнал, Юргенч взял под себя, а ныне, с ногаи соединясь, хочет поставить в Сарайчике город; как в Сарайчике город поставит, тогды будет и Астроханю прихлашати. А то тебе, истинно говорю, только государь пожалует, примет царя и царевичей под свою царскую руку, и похочет только пожаловать тебя отпустить и, яз то истинно говорю, что Тевкель-царь пришлет

в заклад царевича. И пожалует государь, только даст царю и царевичем огненного бою и царь Тевкель и царевичи однолично станут воевать бухарсково царя и самому то тебе ведомо, что Тевкель-царь и царевичи близко живут бухарсково...³³».

...не оплашивался. Да царевич же спросил про царевы дети, в сколько которой царевич лета. И посол сказал: «Большой царев сын Хозяусеин-царевич 10-и лет, другой царевич 8-и лет, третий 4-х лет». Да говорил царевич казатцкой посол Кулмагмет: «Пришли ко государю от кизыл...³⁴».

Да говорил царевич казатцкому послу Кулмагметю: «Добро учинили братья мои, что такую дорогу обрели. А государь великий христианский государь царь и великий князь Федор Иванович всея Руси самодержец, многие государские дети ему служат, наша братья и многие орды к нему, государю, приложили³⁵, а всем нам, иноземцом, печальник и заступник его царского величества шюрин Борис, и на Бориса Федоровича надежен, только дядя мой Тевкель-царь и братья мои царевичи на своем слове крепко устоят, в заклад царевича пришлют. И яз в том во всем имаюся, что их челобитье у государя ни будет, и государь их во всем пожалует и некоторому недругу их не подаст, а на которого недруга понадобится их рать огненная, на бухарсково или на ногаи, и государь однолично пожалует, рать даст. И посол Кулмагмет говорил: «Царевич, государь, коли б государь наш, дядя твой Тевкельцарь да и братья твои царевичи того не хотели и они б меня не посылали, и подлинно так учинят, как яз говорю. А ныне побей челом Борису Федоровичу, чтоб Борис Федорович государю был печальник, послы пришли кизылбаские ко государю, чтоб государь пожаловал, ослободил мне с послы с кизылбаскими видетца, чтоб мне с ними, видясь, переговорить, что кизылбаскому бухарской недруг, чтоб нам с кизылбаским сослатца и стоять бы с кизылбаским на бухарсково. Яз бы ныне с ними переговоря, с ними в Кизылбаш своего товарища послал, а посол бы кизылбаской со мною одного шахова человека послал, чтоб дяде твоему Тевкелю-царю быть с кизылбаским в ссылке». И царевич говорил: «О том яз поговорю з государевым дьяком с Васильем Щелкаловым, и Борису Федоровичу о том прикажу, а чаю Борис Федорович у государя то упрсит, и государю то не убыток». И отпущен посол на подворье.

И генваря в 27 день царевич Уразмагмет приказывал с переводчиком Степаном Степановым г дьяку Василию Щелкалову, чтоб ему велел Василей быть у себя, и дьяк Василей Щелкалов докладывал государя.

И генваря в 28 день царевич Уразмагмет был в посольской полате у дьяка у Василя Щелкалова и розсказывал те все розговорные речи, что ему розсказывал посол Кулмагмет, да говорил дьяку Василию Щелкалову, чтоб Василей доложил слуги и конюшего боярина Бориса Федоровича, чтоб Борис Федорович доложил царя и велел бы послу Казатцкие орды, сослався, видетца с кизылбаским послом, чтоб кизылбаской посол с ним послал в Казатцкую орду

³³ Далее часть текста утрачена

³⁴ Слова: «Да говорил царевич казатцкой посол Кулмагмет: «Пришли ко государю от кизыл...» зачеркнуты.

³⁵ После этого слова «а ко мне» зачеркнуты.

человека, а он, казатцкой посол, пошлет человека к шаху с шаховым послом з Гадибеком и с шахом теми людьми сошлютца, да поволил бы государь казатцкому послу быть у его царевичевы матери и у сестры у его царевиче поместье. И дьяк Василей Щелкалов говорил: «Яз то твое челобитье донесу до царьского величества шюрина, до слуги и до конюшего боярина до Бориса Федоровича, и о том тебе вперед указ будет». И отпущен царевич на подворье.

И того ж дни дьяк Василей Щелкалов докладывал слуги и конюшего боярина Бориса Федоровича и челобитье царевичево доносил и приказал к царевичю, что он слуги и конюшего боярина до Бориса Федоровича доносил о всех делех. Слуга и конюшей боярин Борис Федорович государя докладывал, и государь пожаловал, поволил казатцкому послу видетца с кизылбаским послом, и у него в поместье посол казатцкой будет у матери и у жен, и у сестер будет, и он бы царевич ехал к себе в поместье, а ждал посла в те б поры поизготовился, чтоб у него в поместье было людно и нарядно при после.

И генваря в 29 день царевич Уразмагмет к себе в поместье поехал.

ЦГАДА, ф. 122. 1595 г., оп. 1. д. 2, лл. 6-16. Отпуск.

№ 2

(Не позднее 1594 г.) – Лист царевича Ураз-Мухаммеда к царю Федору Ивановичу с выражением благодарности за присылку денежного подарка.

Государю царю и великому князю Федору Ивановичю всеа Русии холоп твой царевич Казатцкие арды Уразмагмет челом бьет.

Присылал ты, государь, ко мне, к холопу своему, да к бабушке, да к матушке, да к тетушке, да к сестрам свое государева дворенина Петра Новосильцова да с ним посла Казатцкие арды Кулмаметя, да толмача Булгака Алексеева в свое государево жалованья да моё поместье. И по твоему государеву наказу был у меня твой государез дворенин Петр Новосильцев с послом с Кулмаметем и с толмачем з Булгаком два дни и яз, государь, холоп твой государев по твоему государеву наказу твоем государева дворенина Петра Новосильцова и посла Казатцкие арды Кулмаметя и толмача Булгака Алексеева к тебе, к государю, отпустил к Москве в третей день. И с твое государева жалованья из свое поместья да пожаловал ты, государь, меня, холопа свое, и роб своих бабушку и матушку, и тетушку, и сестр своим государевым жалованьем для наши с сими нужи сто рублей денег своим государевым дворенином с Петром с Новосильцовым; и говорил государь мне, холопу твоему, твой государев дворенин Петр Новосильцов твое государево жаловальное слово, что ты, государь, меня, холопа своё, пожаловал и роб своих ту сто рублей мимо мое государеведе нежне жалованья...³⁶.

ЦГАДА, ф. 122, 1594 г. оп. 1, д.1, л.1. Отпуск.

³⁶ Конец документа утрачен. Стерто несколько строк.

№ 3

1595 (7103) г. марта 14 - Приговор Боярской думы о посылке переводчика Вельямина Степанова к хану Тевкелю для переговоров о подданстве.

Лето 7103 г. марта в 14 день по государеву цареву и великого князя Федора Ивановича всеа Русии указу память диаку Елизарю Былузгину.

По государеву цареву великого князя Федора Ивановича всеа Русии указу бояре приговорили переводчику Вельямину Степанову дать государева царева и великого князя Федора Ивановича всеа Русии жалованья для государева дела и для службы послать в Казатцкую орду на два года, на нынешней на 103 год, да на 104³⁷ год оклад его сполна шездесят рублей, и дьяку Елизарю Вылузгину государево царево и великого князя Федора Ивановича всеа Русии жалованье Вельямину Степанову велели дати диаку Василей Щелкалов. а из большого приходу подмоги ему велено дать 50 рублей.

ЦГАДА, ф. 122, 1595 г. оп. 1. д. 2. л. 19. Отпуск.

№ 4

1595 (7103) г. марта 18 – Грамота царя Федора Ивановича царевичу Ураз-Мухаммеду в связи с отправкой русского посольства к хану Тевкелю.

От царя и великого князя Федора Ивановича всеа Русии царевичу Уразмагметю Ондановичю.

Посылаем мы с Москвы в Казатцкую орду к дяде твоему к Тевкелю-царю Вельямина Степанова. И как к тебе ся наша грамота придет, и ты бы тотчас написал грамоту к дяде своему к Тевкелю-царю, что послали есмя к нему, к Тевкелю-царю, и к царевичем Вельямина Степанова, и как он у них будет и о наших делех учнет говорить и они б ему во всем верили, и, выслушав у него, нашим и своим делом промышляли, и его б, не задержав, со всем с полным делом к нам отпустили, и тое бы еси грамоту тотчас к нам к Москве прислал в Посольской приказ к диаку нашему к Василю Щелкалову.

Писан на Москве лета 7103 г. марта в 18 день.

ЦГАДА, ф. 122, 1595 г. оп. 1. д. 2. л. 22. Отпуск.

№ 5

1595 (7103) г. марта 28 - Грамота царя Федора Ивановича переводчику Вельямину Степанову, посланному к хану Тевкелю для принятия казахов в подданство Московского государства.

³⁷ Т. е. На 7103 и на 7104 (1595-1596) гг.

Лета 7103 г. марта в 28 день государь царь и великий князь Федор Иванович всеа Русии велел Вельямину Степанову ехать для своего государева дела в Казатцкую орду к Тевкелю-царю и к царевичем, а с ним отпущены в Казатцкую орду посол Тевкеля-царя Кулмагмет да шахов человек Дервиш-Магмет, да с Вельямином же посланы служилые татаровя Данило Семенов с товарищи - три человека, да для вожевства толмач Гриша Мельников. А ис Казани велено послать с ним тритцать человек стрельцов конных, выбрав лутчих, и лошади под него и под послов, и под служилых татар велено дать по государеву указу. А писано о том о всем их отпуске в Казань к воеводе ко князю Ивану Воротынскому, да ко князю Офонасию Вяземскому; и Вельямину ехать в Казань не мешкая, а приехав в Казань отдать государеву грамоту воеводам князю Иван Михайловичю Воротынскому с товарищи и говорити им, чтоб оне по государеве грамоте ему, Вельямину, и послам и служилым татаром и под государеву посылку государ...³⁸ А как воеводы лошади под них и под государеву посылку дадут и стрельцов пошлют, и Вельямину ехать из Казани на Уфу, а приехав на Уфу отдать государеву грамоту Михаилу Нагово о своем отпуске и росспросити ему вместе с Михаилом тутошних татар и казаков, которые в Сибирь хаживали с Уфы, на которой город в Сибирь итти ближе, и от Кучюма-царя бережнее на Тюмень ли или на Тобольской город, да на которой город итти лутче, туды Вельямину, взяв вожей у Михаила у Нагово, туды и итти, а нечто будет ведомо на Уфе про Кучюма-царя, что он кочует с нагаи блиско к Яику, а мочно будет от него пройти с Уфы прямо к Тарам и Вельямину, выпрося вожей, итти Тарам, то учинить, смотря по тамошнему делу, на которой государев город сибирской итти чем безстрашнее, на тот город и итти. А к воеводам в те города Тюмень и в Тобольской и на Тары об его отпуске посланы с ним государевы грамоты, и будет Вельямин приедет в Тюменской город, и Вельямину, отдав государеву грамоту и, взяв вожа и провожатых до Тобольского города; ехать в Тобольской город, а уфинских вожей отпустить назад на Уфу, А ис Тобольского города, взяв у воевод вожа и провожатых до Тар, итти к Тарам; а как приедет на Тары, и Вельямину отдать государеву грамоту воеводе князю Ондрею Елетцкому с товарищи и говорити им, чтоб ему дали вожей добрых до которых мест пригоже и проводити его послали. Да итти Вельямину в Казатцкую орду, выпрося вожей на которые места лутче, и от Кучюма-царя и от нагаи пройти безстрашно, провожатых воротить, с которых мест пригоже.

Да какож, даст бог, придет в Казатцкую орду и велит ему Тевкель-царь быти у себя на посольстве, и Вельямину, пришед к царю, правити от государя царя и великого князя поклон молыти:

«Божию милостию великий государь царь и великий князь Федор Иванович всеа Русии самодержец и многих государств государь и обладатель, Казатцкие орды тебе, Тевкелю-царю, велел поклонитися». И спросит царь о государеве здоровье, и Вельямину сказати: «Как есми поехал от великого государя царя и великого князя Федора Ивановича всеа Русии самодержца, и

³⁸ Одна строка текста утрачена.

государь наш царское величество дал все в добром здравьи». Да подати Тевкелю-царю грамоту, а после грамоты сказати царю государево жалованье поминки.

А будет царевичи Шахмамет да Кучук в то время будут тутож вместе с Тевкелем-царем, и Вельямину Степанову от государя царя и великого князя Федора Ивановича всеа Русии Шахмагметю и Кучуку-царевичу поклон правити и грамоты подати и государево жалованье сказати по тому ж, что и Тевкелю-царю.

И будет его спросит царь опричь грамоты от государя речью с ним какой приказ есть ли, и Вельямину молыти, что опричь грамоты речью с ним приказу нет ни которого, а после посольства приказати к царю с татаринном Кулмагметем, которой приходил ко государю в послех, что есть от государя к Тевкелю-царю приказ речью, а велено говорити тайно и царь бы велел ему быти у себя наодине. Да как Тефкель-царь велит ему быти у себя наодине, и Вельямину, пришед к царю, говорити Тевкелю-царю, чтоб Тевкель-царь и братья его царевичи все были под царскою рукою, а государь царь и великий князь учнет их ото всех их недругов уберегати и стояли бы они на бухарского и на Кучюма-царя. И для своей правды Тевкель-бы-царь послал ко государю царю и великому князю сына своего царевича Усеина, а государь царь и великий князь к ним брата их Уразмагметя царевича отпустить велит. О всем Вельямину царю Тевкелю и царевичем порознь говорити по сему государеву наказу и по грамотам, как во государеве грамоте писано, а про то, на то грамоты посланы с Вельямином.

А будет царевичей Шахмагметя и Кучюка в то время, как будет у Тевкеля-царя на посольстве не будет, а кочюют, будет, особно, и Вельямину говорити Тевкелю-царю, что есть с ним от государя царя и великого князя Федора Ивановича всеа Русии грамоты и поминки к Шахмагметю и к Кучюку царевичем, и он как велит у них быти, к себе ль им велит приехать и у них быти, или к ним Вельямину велит ехать где они кочюют. Да как Тефкель-царь велит, по тому учинить. А быв у царевичей и грамоты им и поминки отдав говорити Вельямину Тефкелю-царю и царевичем Шахмагметю и Кучюку, накрепко их уговаривать, чтоб царь и царевичи по государевым грамотам государевым делом промышляли и его, Вельямина, со всем государевым делом отпустили его ко государю царю и великому князю не держав. Аговорити Вельямину Тевкелю-царю и царевичам о всяких государевых делех, как с ним наказано.

А как Вельяминам Тевкель-царь и царевичи ко государю царю и великому князю отпустят со всем делом, и Вельямину итти назад ко государю царю и великому князю на те места, которыми месты можно будет пройти от Кучюма-царя и от ногаи.

Да память Вельямину. Будучи ему в Казатцкой орде, проведати с Тевкелем-царем, царевичей, сколько вместе с ним кочюет, и Шихмамет и Кучюк-царевич вместе ли с Тефкелем-царем кочюют или с особно своими кочевьи, и сколько с ними ратных людей собираетца, и колмаки все ли под ними. Да и того Вельямину проведати с кем Тефкель-царь и царевичи ныне в ссылке,

с которыми государи и от бухарского и от Изюрского и от Кучюма-царя к ним присылки нет ли и будет есть, и о чем ссылаютца. Да что проведает, и Вельямину то себе записать, да приехав сказатьи...³⁹

ЦГАДА, ф. 122, 1595 г., оп. 1. д. 2. лл. 27-35. Отпуск.

№ 6

(1595 г. март) – Грамота царя Федора Ивановича хану Тевекелю о принятии казахов в подданство Московского государства.

Божию милостию от великого государя царя и великого князя Федора Ивановича всеа Русии самодержца и многих государств государя и обладателя Казатцкие орды Тевкелю-царю наше царское повеленье.

Что присылал еси к нашему царьскому величеству человека своего Кулмагметя з грамотою, а в грамоте своей к нашему царьскому величеству писал еси, а послы ваши нашему царьскому величеству били челом, что в прошлых годах Большие нагаи недруги вам были, а вы были от своих орд в рассеянье, а ныне божию милостью учинилися еси царем на дву ордах, на Казатцкой да на калмыцкой, и нам бы, великому государю и великому князю Федору Ивановичу всеа Русии самодержцу, тебя пожаловати приняти под свою царскую руку с обеими вашими ордами с Казатцкою и с Колматцкою. А вы из нашего царьского повеленья не выступите, как нам изменил Кучюм, царь сибирской. И мы за те неправды посылали на него рать свою и его с юрта наши люди согнали, и в то время брат ваш Уразмагмет-царевич попал в руки нашим ратным людям. И вы то послышав, обрадовалися, что брат ваш Уразмагмет-царевич у нас в забвенье не будет. И только мы, великий государь царь и великий князь вас пожалуем; брата вашего Уразмагметя-царевича к вам отпустить велим, а наше царское повеленье к вам будет, и вы в то место пришлете из брата и из детей царевича в заклад, а чтоб у нашего царьского величества братья ваши и дети царевича были в нашем царском жалованье. А ваша братья или дети у нашего царьского величества в забвенье не будут. А вы, будучи под нашею царскою рукою и по нашему царьскому повеленью, будете воевати бухарского царя и изменника нашего Кучюма царя сибирского, изымав, к нашему царьского величества порогу пришлете. И нам, великому государю царю и великому князю Федору Ивановичу всеа Русии самодержцу, ваше челобитье и прощенье доносил шурин наш слуга и конюшей боярин и воевода дворовой и содержатель великих государств царства Казанского и Астараханского Борис Федорович Годунов. И мы у Бориса Федоровича грамоты ваши выслушали и выше челобитье и прощенье приятно учинили есмя и людем вашим свои царские очи вскоре видите дали есмя, и, пожаловав их своим царским жалованьем, к вам отпустили не издержав. И тебя, Тевкеля-царя, и братью твою Шахмагметя-царевича и Кучюка-царевича в своем царском жалованье и в обороне держати хотим ото всех ваших недругов. А

³⁹ Далее одна строка утрачена.

брат ваш Урусмагмет-царевич у нас в нашем царском в великом жалованьи пожалован по его достоинству многими вотчинами, и поместьи, и деньгами, как и иных великих государей дети царя и царевичи у нас великих государей бывають пожалованы. И свыше того и вам бы, Тевкелю-царю, и братье твоей царевичем Казатцкой и Колматцкой орды на себе видети наше царское жалованье и быти под нашею царскою рукою в нашем царском жалованье и в повеленье от нас неотступным бытии, и непослушников наших бухарского царя и сибирского Кучюма-царя воевали и их под нашу царскую руку привести, а Кучюма-царя, изымав, к нашего царского величества порогу прислали, тем бы есте правде своей и службе нам знамя показали, а наше царское усмотренье и защищенье ото всех ваших недругов и жалованье наше к вам и к брату вашему к Урусмагметю-царевичю вперед будет смотря по вашей правде. А что есте к нашему царскому величеству своей грамоте писали и с послы своими бити челом приказывали, чтоб нам к вам брата вашего Урузмагмета-царевича велети отпустить, а вы к нам из братьи или из детей царевича в заклад пришлете, и вы б, похотя к себе нашего царского больного и совершенного жалованья, прислали к нам ты, Тевкель-царь, сына своего Усеина-царевича. А как сын твой Усеин-царевич у нашего царского порогу будет, и мы сына твоего Усеина-царевича пожалуем своим царским великим жалованьем по его достоинству, как ему в нашем царском жалованье быти у нас безо всякого оскуденья, потому ж, как у нас в нашем царском великом жалованье живет Урузмагмет-царевич. А только ваше к нам прямая правда и служба будет и Усеина-царевича к нам пришлешь, и мы брата вашего Урузмагмета-царевича з бабкою, с матерью, и з женами, и со всем его родством, пожаловав своим великим жалованьем, к вам отпустить велим и с ним вместе многую рать свою с вогненным боем в Сомару послати велим. И вы с тою нашею ратью учнете над бухарским и надо всеми своими недруги и над нашим непослушником над Кучюмом-царем нашим делом промышляти.

А что еси к нашему царскому величеству в своей грамоте писали о кречете и о панцырех и мы к тебе своего жалованья послали, Тевкелю-царю, пять пансырей, а царевичем Ишмаметю да Кучуку два пансыря, а кречетов нам ныне было зимою послать нельзе, а вперед, оже даст бог, свое царское жалованье кречеты к тебе пришлем.

Да как пришел к нашему царскому величеству посол твой Кулмагмет, а в то ж время прислал к нашему царскому величеству кизылбашской Аббас-шах посла своего Гадибека о дружбе и о любви и о ссылке для доброго дела, и бил челом нашего царского величества шурина слуге и конюшему боярину и воеводе дворовому и содержателю великих государствы царства Казанского и Астораханского Борису Федоровичу Годунову посол твой Кулмагмет о том, чтоб ему позволить видеться с кизылбашским послом. И нашего царского величества шурин Борис Федорович Годунов до нашего царского величества доносил и нам о том печаловался, и мы, великий государь, царь и великий князь Федор Иванович всеа Руси самодержец, позволили послу твоему Кулмагметю с кизылбашским послом видетца и людьми сослатца. Кизылбашской посол послал человека своего с твоим послом к тебе, к Тевкелю-царю, и к царевичем,

а твой посол Кулмагмет послал своего товарища с кизылбашским послом к кизылбашскому Аббас-шаху. И как у тебя Аббасшахов человек будет и тебе б тово шахова человека отпустить к шаху и сам бы еси с шахом сослался о всяком добре.

С сею нашею царскою грамотою послали есмя к вам нашего сына боярсково Вельямина Степанова и речью с ним приказали есмя вам говорить и что он вам учнет говорить, и вы б ему верили.

Писано в государствия нашего дворе царствующаго града Москвы лета 7103 марта месяца.

ЦГАДА, ф. 122. 1595 г. оп. 2. д. 1. лл. 1-8. Отпуск.

№ 7

[1595 г. март].—Грамота царя Федора Ивановича сыновьям хана Тевекеля, султанам Шахмухаммеду и Кучуку о принятии казахов в подданство Московского государства.

Божиею милостию от великого государя царя и великого князя Федора Ивановича всеа Русии самодержца и многих государств государя и облаадателя Казатцкие орды Шахмаметю-царевичу наше царское повеление то.

Присылал к нашему царскому величеству брат ваш Тевкель-царь и вы, Шахмамет и Кучук царевичи, посла своего Кул м а метя з грамотами, а в грамотах своих нашему царскому величеству писали есмя и речью послы ваши от вас били челом, чтоб нам вас пожаловати принять под свою царскую руку с двумя вашими ордами с Казатцкою и с Колмыцкою, а вы из нашего царского повеленья не выступите. А о брате своем о Уразмагмет-царевиче, как услышали естя, что он у нашего царского величества, и вы о том радуетесь. И только мы пожалуем брата вашего Уразмагметя-царевича, отпустить» велим, а наше царское повеленье к вам будет, и вы в то место пришлите из брати или из детей царевича в заклад и будете под нашею царскою рукою, и то ваше прошение и челобитье до нашего царского величества шурин наш слуга и конюшей боярин и воевода дворовой и содержатель великих государств царства Казанского и Астороханского Борис Федорович Годунов доносил. И мы грамоты ваши милостивно выслушали и ваше челобитье приятно учинили есмя. И брата вашего Тефкеля-царя и вас, царевичей Шахмаметя и Кучука, в своем царском жалованье и в обороне ото всех ваших недругов держати хотим. А брат ваш Уразмагмет-царевич у нас в нашем царском великом жалованье пожалован по его достоинству многими вотчинами и поместьи и деньгами. И вам бы вместе с Тефкелем-царем быти в нашем царском жалованье под нашею царскою рукою и в повеленье от нас неотступный и непослушников наших бухарского царя и сибирского Кучума-царя воевати и их под нашу царскую руку привести. А то бы вашей правде и службе знамя, чтоб вам Кучума-царя, изымав, к нашего царского величества порогу прислать. А наше царское осмотренье и защищенье ото всех ваших недругов и жалованье наше к вам вперед будет, смотря по вашей правде.

А что писали естя к нам и с послы бити челом приказывали о брате своем Уразмагмете-царевиче, чтоб его к вам отпустить, и будет похотите к себе нашего царьского большого и совершенного жалованье, и брат бы ваш Тефкель-царь прислал к нашему царьскому величеству сына своего Усеина-царевича, а как он у нас будет, и мы Усеина-царевича пожалуем своим царьским великим жалованьем по его достоинству и брата вашего Уразмагметя-царевича совсем, пожаловав, к вам отпустить велим. А об оных делех приказали есмя к вам с нашим сыном боярским с Вельямином речью, и что он учнет говорити, вы б ему верили. А Кучуку-царевичу грамота написана такова ж⁴⁰.

ЦГАДА, ф. 122. г. оп. 1. д. 2, лл. 37-40. Отпуск.

№ 8

[1595 г. март].— Письмо Ураз-Мухаммеда хану Тевеккелю с просьбой об установлении дружбы с Московским государством.

Такову грамоту написал царевич Уразмагметь к дяде своему к Тевкелю-царю татарским письмом.

Бог бога. В великих величайшему и великого места достигшему и мудростию украшенному и равно ко всем милостивому и волею всегда хотение свое исполняющему, храброму от великих государей, высокороженному дяде нашему Тевкелеву цареву величеству, холопа твоего Уразмагметево царевичево твоим счастливым дверем челобитье подножию твоего неизчетного праху применного раба своего не отринув, пред своего величества великою славою холопство мое приятно бы еси учинил.

А мы святого и великого и храброго и счастливого государя царя и великого князя Федора Ивановича всеа Руси самодержца и многих государств государя и облаадателя в его государева величества милости, слава богу, возсылаем. Живем здорово, царским жалованьем всем издо-вольны, живем безо всякого оскуденья.

А что ко государеву величеству прислал еси послов своих, и послы твои приехали, и что еси с ними к царьскому величеству приказывал и ваше слово государева царева величества великой везир и шурин, слуга и конюшей боярин и воевода дворовой и содержатель великих государств царства Казанского и Астораханского Борис Федорович Годунов до великого государя царьского величества донес.

И будет пожалуешь похочешь в нынешнее в последнее время по-памятовати, и ты б для меня ко государеву цареву величеству прислал сына своего Азиусеина-царевича да племянника своего Ибраима-царевича, тем бы еси государеву цареву величеству дружбу свою показал и другу бы еси его другом был, а против царьского величества недруга стоял бы еси.

⁴⁰ Не публикуется.

А твое слово што ни будет, и государево его царское величество тем тебя пожалует, а яз в государеве царева величества милости живучи жаден. Кто говорит ни одно слово, тот богу негоден бывает, да и лю-дем то негодно.

Да мать твоя Ази-царица, да сестра Алтын-царевна, да мать моя, а твоя невестка Алтын-ханым, да племянница твоя Бахты царевна, да племянница же твоя Кунь-царевна и все много, много бога молят и челом бьют. Будет про их пребыванье похочешь спросить, и они в государеве царева величества милости его, слава богу, возсылая, живут здорово, в великом царьском жалованье безо всякие нужи, аже дают твои очи радость нам видети.

ЦГАДА, ф. 122, 1595 г., оп. 1, д. 2, лл. 41-44. Перевод. Подлинник в деле не сохранился.

№ 9

[1595 г. не позднее марта] — Опись подарков, посланных из России царевичем Ураз-Мухаммедом хану Тевеккелю и его родственникам.

Роспись поминком, что послал царевич Уразмагмет к брате в Казатцкую орду.

Дяде Тевкелю-царю поминка — однорятка черлена, зятю ен, Магмег-богатырю-царевичу поминка — пилка, Ибрагиму-царевичу, Мансур-царевичеву сыну поминка — клепичок, Ишим-царевичу поминка — сапоги, шиты золотом, Едигермагметю-царевичу поминка — ножи двойни, Худайназар-царевичу поминка — ножи двойни, брату меньшому Кучуму-царевичю поминка—саадак, Тевкелю-царю от царевичевы матери, поминка лошка серебряна, от царевичевы тетки царю ж поминка — полотенцо, Алееве царевичеве матери поминка—перстень да мошонка. Сеиткул-царевичеву сыну Худайназар-царевичу от бабки поминка — полотенцю да ширинка, Кочюму-царевичу от матери поминка — ширинка, Гевкелю-ж-царю от невестки от Алтын-ханыма поминка — соболь, брату Едигермагмет-царевичу от сестры поминка—перстень золот, Едигер-царевичеве бабке да матери поминка — по персню да по мошонке, от Алтын-ханыма Ишиму-царевичю поминка — ширинка, от матери от Алтын-ханыма сыну царевичу Кочюму поминка — ширинка, от тетки от Алтын-ханыма племяннику ен царевичеву сыну поминка — соболь, от тетки от Алтын-ханыма Татлы-ханыму поминка — перстень да мошонка, от тетки ж племяннице Ак-ханыму поминка — перстеню, от сестры Акханыму поминка — перстень да мошонка, невестке Тевкелеве царева жене поминка — мошонка.

ЦГАДА, ф. 122. 1595 г., оп. 1, д. 2, лл. 45-48 Отпуск.

№ 10

[1595 г. не позднее октября]. — Доклад переводчика Вельямина Степанова царю Федору Ивановичу о поездке его к хану Тевеккелю.

Государю царю и великому князю Федору Ивановичу всея Руси холоп твой Вельяминко Степанов челом бьет.

До Казатцкой, государь, орды до Тевкеля-царя дошел я, холоп твой, с послом и с служилыми тотары и с стрельцы, дал бог, здорово. А шел, государь, я из Казани на Яицкие верхи да на Иргиз, да мимо Шибанскую землю бухарского царя городы, а ногайские, государь, улусы обои Больших ногаи и Шти братьев отошел и шел, государь, я от Казани до Пегих гор девять недель; а шел, государь, и день и ночь и лошади, государь, многие померли з безводицы и с нужи и немногие дошли до Казатцкой орды и рухлядишка, государь, свои пометали на дороге. А твое государево жалованье, поминки к Тевкелю царю, панцыри и сукна до Казатцкой орды довез, дал бог, здорово. И пришел я, холоп твой, в Казатцкую орду мая в 30 день. А царь государь Тевкель...⁴¹ посольстве был и грамоту твою государеву подал и речь говорил по твоему, государь, наказу. И Тевкель-царь твоему...⁴² жалованью добре обрадовался и на твоем государеве жалованье челом бил и меня, холопа твоего, чтил и корм присылал доволен и держал меня, холопа твоего, у себя полпяты недели и отпустил, государь, меня, холопа твоего, июля в 30 день. А послал к тебе, государю, сына свое Мурата-царевича да посла своего Кул-мамента, которой был у тебя, государя, наперед сего да с послом, государь, брат его да людей его три человеки.

И назад шел я, холоп твой, с царевичем и с послом на Большую гору и нужда, государь, была великая, з безводитцы лошади померли и сами, государь, добре были томны мало не померли з безводитцы, с голоду ели, государь, траву и кобыля...⁴³ и вышел, государь, на Самару с царевичем и с послом и с служилыми тотары и с стрельцы, дал бог, здорово сентября в 29 день.

Да на твое государево имя едет тезик — шибанец Халветь Дервишев. Да послан был со мною, холопом твоим, с Москвы кызылбашского шаха человек Дервишмамента в Казатцкую орду. И тот-де, государь, казатцкого царя посол Кулмамента говорил, что Тевкель царь велит тово Дервишмамента отпустить в Кызылбаш из своей земли. И, царь, государь, Тевкель того шахова человека из свои земли в Кызылбаш не отпустил, а отпустил, государь, ево назад со мной, холопом твоим, и я, холоп твой, того шахова человека без твоего, государева, указу в Сомарском городе покинуть не смел, а едет, государь, вместе со мною, холопом твоим.

Да как был я, холоп твой, в Казатцкой орде, и выбежал. ко мне, холопу твоему, ис Ташкенди полоняник, а сказался, государь, сын боярской дедиловец Илейка Меньшиков сын Бохин. А был, государь, в полону в Больших ногаех у Шти братьев, а из ногай, государь, продан в Ташкендь. И за ним, государь, пригнался тот тотарин, у кого он, Илейка, был, Баки, родом Тюркмень, и я, холоп твой, того сына боярского откупил, а дал за него четырнатцать рублей.

⁴¹ Далее стерто 10 букв.

⁴² Далее утрачено 5 букв.

⁴³ Далее 7-8 букв утрачены.

И приехал я, холоп твой, с царевичем и с послом в Тетюши октября в 1 день, а ис Тетюш, государь, пошел октября в 3 день. А казанских, , государь, стрельцов, которые были посланы со мною, холопом твоим, в Казатцкую орду, отпустил я, холоп твой, ис Тетюш в Казань. А к тебе, государю, послал я, холоп твой, толмачя Гришу Мельникова ис Тетюш октября в 3 день, а имя...⁴⁴ государь, тотаром и роспись поминком послал к тебе, государю.

ЦГАДА, ф. 122. 1595 г., оп. 1. д. 2. лл. 81-84. Отпуск.

№ 11

[1595 г].— Запись со слов переводчика Вельямина Степанова о приеме его ханом Тевеккелем.

И приехав к цареве орде, а у царя стояли шесть шатров, а в царевых шатрах сидели царева ближние люди, а назади шатров стояли избы полотяные, а царь сидел в заднем шатре, а у него не было никого, один при нем был Сутемген князь. И Вельямин ссел с коня, не доезжая маленько переднево шатра, и пришел к цареву шатру и встречал Вельямина царев ближней человек Исмаил-баатыр. И как Вельямин вшел в шатер, а царь сидит, и Вельямин молвил царю великого государю царя и великого князя Федодора Ивановича всеа Русии самодержца и многих государств государя и обладателя...⁴⁵ я тебе б царю против...⁴⁶ слова встать и царь...⁴⁷.

...И Вельямин от государя царя и великого князя Федора Ивановича, всеа Русии самодержца царю поклон правил и грамоту подал, и поминки явил по наказу...⁴⁸.

...А царь о те поры стоял и на государеве жалованье челом бил и Вельямину велел сесть и тут же государеву цареву и великого князя Федора Ивановича всеа Русии грамоту распечятал и говорил-де Вельямину: «Сам-де грамоте не умею, а людем-де своим честь дать не верю, потому что у меня молла мой бухарец и которое-де будет тайное слово и то-де будет у Абдулы царя в ушех. И ты-де грамо...⁴⁹».

...И грамоту б государеву царь велел честь которому своему верному человеку, чтоб бухарские и шибанские люди того не ведали...⁵⁰.

ЦГАДА, ф. 122. 1595 г., оп. 1. д. 2, лл. 91-94.

МАЗМУНЫ

АЛҒЫ

СӨЗ.....3

⁴⁴ Далее две буквы утрачены в результате порчи текста.

⁴⁵ Часть текста испорчена.

⁴⁶ Два слова утрачены.

⁴⁷ Стерто несколько слов.

⁴⁸ Стерто несколько слов.

⁴⁹ Стерто несколько слов.

⁵⁰ Последняя строка утрачена.

